

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ 811.511.122

Қолжазба құқығында

**МҮЛКАМАНОВА АЙГЕРІМ ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ**

**Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс,  
ағылшын тілдері материалдары негізінде)**

8D02304 – Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
Филология ғылымдарының кандидаты,  
профессор Карагулова Б.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD, доцент Ылғын А.  
(Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2026

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                   |            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>                                                                                | <b>3</b>   |
| <b>АНЫҚТАМА.....</b>                                                                                              | <b>4</b>   |
| <b>ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>                                                                                           | <b>7</b>   |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                               | <b>8</b>   |
| <b>1 ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА</b>                                                                 | <b>16</b>  |
| <b>ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>                                                                        | <b></b>    |
| 1.1 Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени және когнитивтік сипаты.....                                                 | 16         |
| 1.2 Фразеологиялық бірліктерді зерттеудегі жаңа бағыттар.....                                                     | 34         |
| 1.3 Фразеологизмдерді зерттеудегі аксиологиялық ұстаным.....                                                      | 51         |
| 1.4 Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени коннотациясы.....                                                   | 65         |
| Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....                                                                                | 87         |
| <b>2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ</b>                                                                             | <b></b>    |
| <b>ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ</b>                                                             | <b></b>    |
| <b>САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....</b>                                                                                  | <b>89</b>  |
| 2.1 Қазақ тілі фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың сипаты.....                                        | 89         |
| 2.2 Орыс тіліндегі фразеологизмдерде этномәдени құндылықтардың көрінісі.....                                      | 109        |
| 2.3 Ағылшын фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың репрезентациясы.....                                  | 124        |
| 2.4 Қазақ, орыс, ағылшын тілдері фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың ортақ және ерекше белгілері..... | 141        |
| Екінші бөлім бойынша тұжырым.....                                                                                 | 167        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                             | <b>170</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                                       | <b>173</b> |

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Аксиология** – адам өміріндегі, қоғам мен мәдениеттегі құндылықтардың мәнін, табиғатын, құрылымын, қызметі мен жүйесін зерттейтін философиялық ілім.

**Антропоөзектілік** – тілді зерттеуде адамды орталық тұлға ретінде қарастыратын лингвистикалық бағыт.

**Архимәдени бірлік** – мәдениеттің іргелі, барлық деңгейінде көрінетін әмбебап мағыналық құрылым.

**Бейнелі сөз тіркестері** – көркем бейне тудыру үшін қолданылатын, ауыспалы мағынаға ие тұрақты сөз орамдары.

**Ғаламның концептуалдық бейнесі** – адамның когнитивтік жүйесінде концептілер мен ұғымдар арқылы құрылатын дүниенің танымдық үлгісі. Бұл модель адамның санасында ұжымдық және жеке тәжірибеге сүйене отырып, құрылымдалады.

**Ғаламның тілдік бейнесі** – тілдік бірліктер арқылы бейнеленетін, ұлт өкілінің дүниені тануы мен түсінуінің тілдік моделі.

**Ғаламның фразеологиялық бейнесі** – фразеологиялық бірліктер арқылы берілетін ұлттық мәдениет пен халықтық көзқарас көрініс табатын дүниетаным моделі.

**Денотат мағына** – сөз не сөз тіркесінің нақты, объективті шындықтағы зат не құбылыспен тікелей байланысын білдіретін мағынасы.

**Дүниетаным** – адам мен қоғамның қоршаған әлемге, өмірге, болмысқа деген көзқарастар жиынтығы.

**Жанама ғалам бейнесі** – ауыспалы, бейнелі, символдық мағына арқылы берілетін дүниетанымдық құрылымдар (мысалы, метафоралар, фразеологизмдер).

**Идиома** – тұтас бірлікте қолданылатын, мағынасы құрамдас бөліктерінің тура мағынасына сай келмейтін тұрақты тіркес.

**Когнитивтік ғалам бейнесі** – адам санасындағы ұғымдар, концептілер мен білімдер жүйесі арқылы бейнеленетін әлем моделі.

**Когнитивтік жүйе** – адам санасында әлем туралы білімді құрылымдайтын танымдық механизм.

**Когниция** – адамның ақпаратты қабылдауы, өңдеуі, сақтап, қолдануы арқылы жүзеге асатын таным үдерісі.

**Концепт** – адамның менталдық кеңістігінде қалыптасатын, тілде репрезентацияланатын, күрделі, мәдени және когнитивтік мәні бар ұғым. Ол зат не құбылыстың бейнесін ғана емес, сонымен қатар оған қатысты эмоция, бағалау, ассоциацияларды қамтиды.

**Концептосфера** – концептілер жүйесі мен өзара байланыстары арқылы қалыптасатын когнитивтік-мәдени кеңістік.

**Концептуалдау** – әлемдегі құбылыстарды ұғымға айналдыру, оларды когнитивтік құрылым ретінде санада қалыптастыру үдерісі.

**Көркем-бейнелі семантикалық өріс** – көркем мәтінде қолданылатын бейнелі сөздердің, троптардың, ассоциациялардың жүйесін құрайтын мағыналық құрылым.

**Лингвомәдениеттану** – тіл, мәдениет және сана арасындағы байланыстарды, тілдегі мәдени ақпаратты, ұлттық дүниетанымды зерттейтін пәнаралық бағыт.

**Мәдени коннотация** – сөз не тіркестің ұлттық-мәдени мәнмәтінмен байланысқан астарлы, қосымша мағынасы.

**Мәдени құндылық** – қоғам мүшелері үшін маңызды, өмірлік бағыт-бағдар мен ұстанымдарды белгілейтін мәдени-әлеуметтік ұғымдар жүйесі.

**Мәнмәтін (контекст)** – тілдік бірліктің (сөз, сөйлем, мәтіннің) мағынасына әсер ететін тілдік және экстралингвистикалық (әлеуметтік, мәдени, психологиялық) факторлар.

**Микроөріс** – семантикалық өрістің ішкі, нақты бір мағыналық тармағын білдіретін шағын құрылым.

**Прецедентті мәтін** – белгілі бір мәдени ортада танымал, тарихи немесе әдеби мәні бар, бұрын белгілі және жиі сілтеме жасалатын мәтін (мысалы, мақал-мәтелдер, классикалық әдеби шығармалар, діни мәтіндер).

**Репрезентация** – таным нысанының тілде не санада бейнеленуі. Лингвистикалық репрезентация – ұғым не концептінің тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, мәтін) арқылы берілуі.

**Салғастырмалы-аксиологиялық талдау әдісі** – әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің фразеологиялық жүйелерін салыстыра зерттеу арқылы олардың құндылықтық мазмұнын, бағалауыш реңкі мен мәдени-ұлттық ерекшелігін анықтауға бағытталған кешенді әдіс.

**Семантикалық өріс** – мағынасы жағынан бір-бірімен байланысты сөздердің жиынтығы, яғни ортақ семаға негізделген сөздер тобы.

**Синтагмалық белгі** – тілдік элементтердің бір-бірімен тізбектеле байланысуын білдіретін құрылымдық қатынас.

**Тілдік қауымдастық** – бір тілді қолданатын, сол тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын әлеуметтік топ.

**Тілдік сана** – адамның тіл арқылы қалыптасатын когнитивтік құрылымы, ол тілдік бірліктерді қабылдап, сақтайды, өңдейді. Тілдік сана – ұлттық сананың бір бөлігі ретінде ұжымдық тәжірибені де қамтиды.

**Тілдік универсалий** – барлық тілге ортақ немесе басым сипатта кездесетін тілдік құбылыстар мен заңдылықтар.

**Тілдің семантикалық кеңістігі** – тілде көрініс табатын мағыналар жүйесі; сөздер мен құрылымдарда шоғырланған мағыналық өріс.

**Фразеологиялық бірлік** – кемінде екі сөзден тұратын, мағынасы тұрақты, тұтас лексикалық мағына беретін тілдік құрылым.

**Этнолингвистика** – тілдік бірліктер (сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, символдар) арқылы ұлттық дүниетаным, мәдени код, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мифологиялық түсініктерді зерттейтін тіл білімінің саласы.

**Этномәдени қауымдастық** – бір тіл мен мәдениетті бөлісетін, ортақ тарихы мен дүниетанымы бар этностық топ.

## ҚЫСҚАРТУЛАР

ФБ – фразеологиялық бірліктер

т.б. – тағы басқалар

т.с.с. – тағы сол сияқты

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының сипаттамасы.** Бүгінгі таңда тіл күрделі де көп қырлы құбылыс ретінде сипатталады. Тіл адамзат мәдениетінің әмбебап кілті ғана емес, жекелеген этностар мәдениетіне де жол ашатын басты құрал ретінде қарастырылады. Адамның ғалам туралы түсінігі тілде, оның ішінде фразеологиялық бірліктерде де көрініс табады. Олар – индивидтің дүниені қабылдау ерекшеліктері мен таным нәтижелерін бейнелейтін мәдени-тілдік құрылымдар. Мәдениет әлемі – құндылықтар әлемі. Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін тануда құндылық ұғымы өте маңызды. Өйткені құндылықтар болмысты аксиологиялық категориялар жүйесінде пайымдауға мүмкіндік береді. Осы мәдениет пен құндылықтар фразеологизмдерде көрініс табады. Фразеологизмдер – көп ақпарат жүктелген тіл бірліктері. Мәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, фразеологизмдердің компоненттері белгілі бір мәдениеттің символдық жүйесінің элементтері болып табылады. Олардың әр компонентінде ұлттың мәдениеті мен ұлттық ерекшелігі туралы кодталған ақпарат жинақталған. Фразеологизмнің когнитивтік «жадында» халық менталитетінің мәдени дәстүрлері сақталады, бұл фразеологияның ғаламды танудың тұрақты үлгісі ретінде қызмет етуіне, қайта жаңғыруына ықпал етеді.

Тіл ұлттың мәдени құндылықтарын, рухани болмысын, тарихи тәжірибесін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Осы бағытта фразеологизмдердің алар орны ерекше. Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне тікелей байланысты болып, этномәдени код ретінде қызмет атқарады. Туыстығы жоқ тілдердің (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің) фразеологиялық жүйесін салғастыра зерттеу әр тілдегі ұлттық құндылықтарды анықтауға, олардың ортақ белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан тіл біліміндегі антропоэлектік бағыт – лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және аксиологиялық лингвистика саласындағы зерттеулердің маңызы зор. Қазіргі қазақ тіл білімінде пәнаралық зерттеулер жанданып келеді: когнитивтік семантика психологиямен, әлеуметтік лингвистикамен, мәдениеттанумен, әдебиеттанумен сабақтастықта қарастырылып келеді. Фразеологизмдерді лингвоаксиологиялық тұрғыда зерттеу - тіл біліміндегі антропоэлектік бағыттың маңызды салаларының бірі. Лингвоаксиология тілдік бірліктерде бейнеленетін құндылықтар жүйесін, бағалауыштық мағыналарды және олардың ұлттық дүниетаныммен байланысын айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда фразеологизмдер – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесі, мәдени коды мен рухани құндылықтарын жинақтап сақтайтын тілдік құбылыс. Фразеологизмдердің семантикалық құрылымында бағалауыштық, эмоциялық және экспрессивтік компоненттердің тоғысуы олардың аксиологиялық әлеуетін арттырады. Тұрақты сөз тіркестері арқылы қоғамда қабылданған моральдық нормалар, мінез-құлық үлгілері,

жақсылық пен жамандық, құпталу мен терістеу сияқты бинарлық оппозициялар тілдік деңгейде бекітіледі. Сондықтан фразеологизмдерді лингвоаксиологиялық тұрғыда талдау тіл мен құндылықтар жүйесінің өзара байланысын тереңірек түсінуге жол ашады.

Фразеологизмдер антропоэзектік бағыттағы парадигмалардың тоғысында зерттеліп, әр тілдің этномәдени материалдары аксиологиялық тұрғыдан сипатталды. Фразеологиялық бірліктер – ғаламның тілдік бейнесінің маңызды фрагменттері әрі салғастырмалы лингвомәдени зерттеулер үшін құнды нысан, өйткені олардың мазмұнын әртүрлі факторлар, алдымен белгілі бір халыққа тән лексика айқындайды. Фразеологизмдерде ғаламның тілдік бейнесі айқын көрініс табады. Олар мәдени ақпаратты сақтаушы ретінде ғаламның тілдік бейнесінің бір фрагментін құрайды. Ғалам бейнесі белгілі бір этнос шеңберінде интерпретацияланған болмыстың көрінісі ретінде сипатталады. Болмыстың кез келген фрагменті сияқты ерекше белгісін қабылдау да осы этностың нақты мәдени ортадағы тәжірибесі негізінде қалыптасқан тұтас ғалам бейнесі арқылы жүзеге асады.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағыттағы зерттеулер қарқынды дамып келеді. Бұл бағыт бойынша тіл этномәдени код ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысы генетикалық, құрылымдық жағынан алшақ лингвомәдениеттегі қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді салғастыра сипаттауға арналған. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде ғаламның фразеологиялық бейнелеріндегі этномәдени құндылықтардың көрінісін салғастыра зерттеу олардың мәдени-ұлттық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің өзектілігі.** Ғылыми зерттеулерде концепт пен оның тілдік репрезентациясы арасындағы қатынас әлі де пікірталас тудырып келеді. Зерттеулерде белгілі бір тілде сөйлейтін адамның санасындағы менталдық құрылымдардың болуы олардың түрліше репрезентациялануымен, нақты коммуникативтік жағдаяттарда белгілі бір тілдік құралдарды таңдап алуына байланысты сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл жүйесі мен концептуалдық құрылымдар арасындағы дәнекерді, яғни менталдық құрылымдар (білім құрылымдары) мен тіл құрылымдарын байланыстыратын буынды анықтаудың маңызы зор. Зерттеу жұмысының өзектілігін осы тұрғыдан негіздеуге болады.

Тіл білімінде адам факторына ерекше мән берілгендіктен, тіл тұтынушының тілді коммуникация құралы ретінде қалай пайдаланатыны зерттеле бастады. Осыған байланысты тілдік бірліктерде адамның өзі ұлттық тұлға ретінде қалай көрініс табатынына да ерекше мән беріліп отыр. Мұндай зерттеулердің түпкі мақсаты – түрлі мәдениеттердің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсететін тілдік құралдарды анықтау. Адамның материалдық және рухани әлемін білдіретін фразеологиялық бірліктерді түрлі тілдердің семантикалық кеңістігінде анықтаудың маңызы зор. Себебі ФБ-ларда (фразеологиялық бірліктерде) адамның танымдық

әрекетінің нәтижесі көрінеді. Концептілердің репрезентациясы адамның коммуникативтік үдерісіндегі когнитивтік әрекеті арқылы жүзеге асады, бұл әрекет тілдік санадағы ақпаратты ұйымдастырудың ортақ ұстанымдарына негізделеді. Фразеология ұлттық тілдік тұлғаны айқын көрсететін сала болғандықтан, оны лингвомәдени және лингвокогнитивтік аспектіде салғастырмалы түрде зерттеудің маңызы зор.

Фразеологизмдерді типологиялық жағынан әртекті материал ретінде негізге ала отырып, салғастыра зерттеу арқылы адамның рухани және материалдық әлемі жөніндегі халықтық танымды қайта қалпына келтіруге болады; қазақ, орыс, ағылшын мәдениеттерінде осы концептілерді түсінудегі айырмашылықтар айқындалады. Салғастырылған тілдерде концептілер фразеологияда тұрақты құрылымдар арқылы беріледі. Адамның рухани және материалдық әлеміне қатысты базалық концептілерді лингвомәдениеттанымдық, лингвоаксиологиялық, этнолингвистикалық тұрғыда талдау арқылы тілдің этностың дүниетанымына әсер ету дәрежесін анықтауға болады.

Халықаралық байланыстардың артуы, мәдениеттер диалогында өзара түсіністікке қол жеткізудің қажеттілігі артуына байланысты зерттеулерде тіл мен мәдениет мәселесі жаңаша аспектіде қарастырыла бастады. Жұмыста адам ғаламды танушы, тілдік мағыналарды қалыптастырушы субъект ретінде қарастырылады. Шет тілдерді оқытуда да этносаралық, мәдениетаралық коммуникацияда әр ұлттың тілі мен мәдениетінің ұлттық ерекшелігі ескеріледі. Тақырыптың өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен тікелей байланысты.

**Зерттеудің мақсаты** – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастыра зерттеу арқылы этномәдени құндылықтардың табиғатын айқындау.

Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- фразеологизмдердегі этномәдени құндылықтардың табиғатын анықтау;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді талдау үшін қолданылатын салғастырмалы-аксиологиялық әдістің тиімділігін негіздеу;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылық өрістерін (соматикалық, зоонимдік, колоративтік, нумеративтік, діни-мифологиялық, рухани т.с.с.) жүйелеп, кодтайтын тілдік механизмдердің ерекшеліктерін көрсету;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерде көрініс тапқан этностың құндылықтар жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырым белгілерін сипаттау;
- қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйелердегі ұлттық-мәдени және аксиологиялық мәндердің когнитивтік репрезентациясын анықтау.

**Зерттеудің нысаны** – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтарды бейнелейтін фразеологизмдер.

**Зерттеу пәні** – фразеологизмдердегі ұлттық құндылық, олардың мәдени-символдық бейнесі және аксиологиялық қызметі.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін** фразеология, лексикология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, тілдік семантика,

этнолингвистика, этимология, лингвоаксиология, тіл тарихы мәселелеріне, сондай-ақ жалпы тіл біліміне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері кұрайды. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, І. Кеңесбаев, К. Аханов, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Ө. Айтбаев, Х. Қожахметова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ғ. Смағұлова, Р. Авакова, Қ. Қалыбаева, С. Сәтенова, А. Тымбол, К.К. Дүйсекова, Қ.Ө. Есенова, т.с.с. отандық зерттеушілермен қатар Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, Р.Г. Ахметьянов, Е.М. Верещагина, В.В. Воробьёв, В.Г. Гак, В. фон Гумбольдт, М.З. Закиев, Н.И. Золотницкий, М.И. Исаев, Ю.Н. Караулов, В.Г. Костомаров, В.А. Маслова, А.А. Потебня, Э. Сепир, Б.А. Серебренников, З.К. Тарланов, В.Н. Телия, С.Г. Тер-Минасова, Е.В. Урысон, Б.А. Успенский, Р.М. Фрумкина, М.Ф. Чернов, Р.А. Юсупов, А.Р. Мухтаруллиная және Cowie A.P., Moon R., Grice S.T., т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізге алынды.

**Зерттеудің дереккөздері** – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі түсіндірме сөздіктер, фразеологиялық сөздіктер, анықтамалықтар, көркем шығармалар, т.б. Зерттеу материалы ретінде адамның материалдық және рухани әлеміне қатысты концептілерді білдіретін қазақ тіліндегі 716 фразеологиялық бірлік; орыс тіліндегі 596 фразеологиялық бірлік; ағылшын тіліндегі 443 фразеологиялық бірлік талданды.

#### **Зерттеу әдістері:**

- фразеологизмдерді әртүрлі тілдердегі этномәдени құндылықтар жүйесі тұрғысынан салғастыра зерттеуге бағытталған салғастырмалы-аксиологиялық талдау;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер арқылы этномәдени құндылықтардың когнитивтік, аксиологиялық мазмұнын анықтауға бағытталған концептуалдық талдау әдісі;
- зерттелетін тілдердегі эквивалентті концептілердің семантикалық белгілеріндегі ұлттық ерекшеліктерді айқындауға бағытталған контрастивтік талдау әдісі;
- этнос санасының категориялық құрылымы фразеологизмдерде қалай репрезентацияланатынын анықтауға бағытталған лингвомәдениеттанымдық талдау әдісі;
- ұлттық құндылықтардың фразеологизмдерде бейнеленетінін анықтауға қатысты болжамдық, сауалнама жүргізу және статистикалық талдау әдістері;
- белгілі бір сөз тіркесінің фразеологизмге жататынын анықтауға мүмкіндік беретін фразеологиялық сәйкестендіру әдісі;
- семаға негізделген тілдік бірліктің мағынасын тұтас қамтуға мүмкіндік беретін компоненттік талдау әдісі;
- сонымен қатар тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Фразеологизмдер ойды бейнелі жеткізумен қатар этномәдени құндылықтарды, ұлттық мәдени кодты сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Фразеологизмдер – этномәдени құндылықтардың жинақталған тілдік-когнитивтік коды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі соматикалық, зоонимдік, колоративтік бейнелер этномәдени құндылықтарды кодтаудың ерекше тәсілдері болып табылады.

2. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық жүйесі адамның, табиғаттың, қоғамның құндылықтық бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аксиологиялық өзегі ортақ болғанмен (адам, еңбек, табиғат, рух, отбасы, бірлік, т.б.), әр ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, табиғат жағдайына, діліне, дініне, т.б. байланысты фразеологиялық жүйесінде ұлттық ерекшеліктері болады. Қазақ фразеологизмдерінде туыстық қатынас, мал шаруашылығы, ар-намыс, рухани құндылықтарға басымдық берілсе, орыс фразеологизмдерінде ұжымшылдық, православиелік дүниетаным, жан, эмоция басты орынға шығады. Ағылшын фразеологизмдерінде даралық (индивидуализм), оңашалану, прагматизм, рационализмге көбірек мән беріледі.

3. Ғаламның фразеологиялық бейнесі ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі ретінде әр халықтың дүниетанымынан хабар беріп, әмбебап және ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Жүргізілген салғастырмалы талдау нәтижесінде жиналған үш тілдегі 1755 фразеологизмдердің 8,2%-ы (144) толық сәйкестікке ие, жартылай сәйкестік 56%-ды (982) көрсетсе, баламасыз ФБ үлесі 35,8% (629) болды. Фразеологиялық бірліктердің жартылай сәйкес және баламасыз түрлерінің сан жағынан басым болуы ұлттық дүниетаным мен мәдени ерекшеліктермен түсіндіріледі. Толық сәйкес фразеологизмдердің анықталуы жалпыадамзатқа тән ортақ құбылыстардың әмбебап сипатынан көрінеді.

4. Зерттеу нәтижелері фразеологизмдер арқылы моральдық, отбасылық, жеке тұлғалық, рухани, материалдық және жалпыадамзаттық құндылықтар көрінетінін анықтады. Сандық талдаулар қазақ халқының адамгершілік, отбасылық құндылықтарға ерекше мән беретінін көрсетті. Оның себебін көшпенді өмір сүру салтымен, мәдени және діни дәстүрмен, отбасының әлеуметтік және эмоционалды тірек екенімен түсіндіруге болады. Орыс халқы үшін моральдық, отбасылық және жеке тұлғалық құндылықтардың басым болуы қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен үйлесімділікке, отбасылық әл-ауқат пен тәрбиеге ұмтылуынан, жеке тұлғаның дамуы мен өсуіне назар аударуынан көрінеді. Ағылшындар үшін жеке тұлғалық, моральдық және жалпыадамзаттық құндылықтар маңызға ие, себебі ағылшындарда адамның жеке тұлғасы мен құқығын қорғау мәдениеті ежелден қалыптасқан, ағылшын мәдениеті жеке тұлғаның дамуы мен моральдық-этикалық нормаларды сақтаудың үлгісіне негізделген.

5. Фразеологизмдерді аксиологиялық тұрғыдан зерттеу ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды ашудың тиімді әдісі болып табылады.

Фразеологизмдер аксиологиялық бағдарды қалыптастырушы құрал ретінде қызмет етеді. Олар қоғамдағы ізгілік, адалдық, еңбекқорлық, әділеттілік сияқты құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіреді.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.** Диссертацияда ұлттық құндылықтардың фразеологизмдерде бейнеленуі туралы зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздері сипатталып, фразеологизмдерді зерттеудегі лингвоаксиологиялық ұстанымға ерекше мән беріледі. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне қатысты фразеологизмдердегі этномәдени құндылықтардың сипатын анықтау барысында фразеологиялық бірліктер тақырыптық топтар аясында талданды. Үш тілге ортақ фразеологизмдерге талдау жасауда әр халыққа ортақ құндылықтар анықталды. Сонымен қатар белгілі бір ұлттың мәдениетімен байланысты өзіндік ерекшеліктерге толы фразеологиялық бірліктер де нақтыланды. Фразеологиялық бірліктердің қолданысы мен ерекшеліктерін анықтау үшін алынған сауалнама нәтижелері зерттеу жұмысында маңызды талдаулар жасауға мүмкіндік берді. Фразеологизмдердегі ұлттық құндылықтар ел тарихымен, ұлт танымы және болмысымен байланыста қарастырылды.

**Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі.**

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтар тұңғыш рет антропоэлектік тұрғыдан қарастырылып, этномәдени құндылықтар алғаш рет кешенді түрде салғастырыла талданды.

- Құндылықты кодтайтын тілдік механизмдердің типологиясы (соматикалық, зоонимдік, колоративтік, нумеративтік, тұрмыстық-мифологиялық) жасалды.

- Фразеологиялық бірліктер ұлттық-мәдени кодты сақтаушы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, құндылықтық бағдарды танытушы, когнитивтік-аксиологиялық категория ретінде сипатталды.

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйелердегі жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар мен белгілі бір ұлтқа тән құндылықтар анықталды.

- Зерттеу барысында фразеологизмдердің аксиологиялық әлеуетін талдаудың теориялық негіздері нақтыланып, тілдік бірліктердің құндылығын айқындау жолдары жүйеленді.

- Қазақ, орыс, ағылшын тілі фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың эстетикалық-аксиологиялық мазмұны ашылып, олардың үш тілдегі эквиваленттік және асимметриялық көріністері айқындалды.

- Өзара сәйкес келетін, жартылай сәйкес келетін және сәйкестігі жоқ фразеологизмдердің этномәдени табиғаты айқындалып, өзге тілде баламасы жоқ фразеологизмдердің ұлттық дүниетанымдағы орны көрсетілді.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Диссертация мазмұнындағы тұжырымдар ғаламның фразеологиялық бейнесі мәселесіне қатысты лингвистикалық және

экстралингвистикалық факторларды айқындауға, осы мәселені шешу барысындағы ортақ және ерекше (жалпыадамзаттық және ұлттық) белгілерді анықтауға бағытталған. Зерттеу жұмысы салғастырылған фразеологиялық бірліктердің әмбебаптығы мен ұлттық ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді одан әрі дамытуға, сондай-ақ лингвомәдени ғалам бейнесінің фрагменттерін сипаттауға жол ашады. Әртүрлі тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу әр халыққа тән құндылықтардың әмбебап және ұлттық ерекше қырларын анықтайды.

Туыстығы жоқ тілдерді салғастыра зерттеу типологиялық деңгейде тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісін тілдік жүйе, тілдік сана, ұлттық дүниетаным сабақтастығында сипаттауға мүмкіндік беріп, салғастырмалы лингвомәдениеттану, когнитивті фразеология теориясын толықтырады. Сонымен бірге зерттеу барысында анықталған және жүйеленген лингвомәдени құндылық бірліктері, оларды жіктеп, салғастыру қағидаттары осы саладағы болашақ ғылыми ізденістер үшін маңызды болады.

**Зерттеудің практикалық маңызы.** Этномәдени құндылықтарды тіл арқылы танытатын фразеологиялық бірліктер – әр ұлттың болмысы мен танымына қатысты ақпараттарды игеруге, салыстыруға, ерекшеліктерді анықтауға және мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға мүмкіндік береді. Лингвомәдени, аксиологиялық, когнитивтік бағыттағы зерттеулер үшін құнды дереккөз болып табылады. Ұлттық құндылықтарды насихаттауда фразеологияны қолданудың жолдарын көрсетеді. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің аялық білімдері арқылы мәдениетаралық коммуникацияның тиімді шарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша ұлттық-бағдарлы оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер мен анықтамалықтар дайындауда, аударма теориясы мен практикасы, лексикография мен мәдениеттану курстарында, салғастырмалы типология және лингвомәдениеттану пәндерінде, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің фразеологиясы, семантикасы мен этимологиясы бойынша дәріс оқуда және практикалық сабақтарда пайдалануға болады.

**Зерттеу апробациясы.** Диссертация жұмысының нәтижелері отандық жоғары оқу орнында, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұйымдастырылған «Жұбанов тағылымы» атты халықаралық дәстүрлі конференцияда «Құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері» тақырыбында (2024), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Филология факультетінде «Ғылым айлығына» орай «Филологиялық ізденіс» атты докторанттардың зерттеу тақырыптары бойынша ғылыми семинарда баяндамалар жасалды (2025).

**Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы.**

Диссертация мазмұны бойынша 6 мақала жарияланды:

*Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:*

1. The Linguocultural feature of Phraseological Units of Kinship Terms (on the materials of Kazakh, Russian, and English languages) // Forum for Linguistic Studies, Vol.7 No.3, 2025, p. 830-842. Процентиль 56%, Q2.

<https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8510>

*ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:*

1. The Image of Kazakh Zoophraseologisms in Translation (on the basis of the novel «Nomads» by I. Esenberlin in Kazakh, Russian and English languages) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. - №3 (74) – Б. 390-403. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.023>

2. The linguocultural feature of phraseologisms// Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. - № 1 – Р. 180-192.

<https://doi.org/10.48081/ZLYV5668>

3. Ұлттық болмыс пен мәдениет көрінісі: сан есімді фразеологизмдер контекстінде) //Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. – 2025. – №2 (77) – Б. 184-207. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.011>

4. Уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдердің мәдени код ретіндегі сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалы негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3(137). – Б. 219-231.

<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.246>

*Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:*

1. Құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері. «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі конференция жинағының материалы, Ақтөбе, 1 қараша, 2024. – Б. 241-244.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу нәтижелері 30 кестеде берілген. Пайдаланылған әдебиеттер саны – 192, диссертация көлемі – 183 бет.

# 1 ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени және когнитивтік сипаты

Фразеологизмдер – көп ақпарат жүктелген тіл бірліктері. Мәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, фразеологизмдердің компоненттері белгілі бір мәдениеттің символдық жүйесінің элементтері болып табылады. Олардың әр компонентінде ұлттың мәдениеті мен ұлттық ерекшелігі туралы кодталған ақпарат жинақталған. Фразеологизмнің когнитивтік «жадында» халық менталитетінің мәдени дәстүрлері сақталады, бұл фразеологияның ғаламды танудың тұрақты үлгісі ретінде қызмет етуіне, қайта жаңғыруына ықпал етеді.

Фразеологизмдердегі ұлттық құндылықтарды сөз етпес бұрын, оның басқа тілдік бірліктерден айырмашылықтарына тоқталайық:

1. Фразеологизмдердің құрылымы өте күрделі, олар бірнеше компоненттен тұрады, олардың бастапқы лексикалық мағыналары сақталмайды.

2. Фразеологизмдер семантикалық жағынан бөлінбейді. Кейде фразеологизмді бір сөзбен беруге болады. Мысалы: көзді ашып-жұмғанша // В мгновение ока // In the blink of an eye – тез; ит арқасы қиянда //за тридевять земель // In the middle of nowhere – алыста, т.с.с.

3. Фразеологизмдердегі сөздердің орындары тұрақты болады. Олар тілде қалай тұрақтанса, сол қалпында қолданылады.

4. Фразеологизмдердің грамматикалық формасы да тұрақты болады: әр компоненті нақты грамматикалық формада қайталанады. Ол форманы өзгертуге болмайды, сәл өзгеріске түссе, мағыналық өзгеріс те болады. Мысалы, жамбасы жерге тимеді, жамбасы тиді, жамбасы жерге тигенше...

5. Фразеологизмдер – адамзаттың жинақтаған білімі мен тәжірибесінің, дәстүрі мен мәдениетінің көрінісі, оларда халықтың рухани-мәдени коды сақталған.

Ал фразеологиялық аталым (номинация) дегеніміз – объективті болмыстың (заттардың, үдерістердің, белгілердің, оқиғалардың, жағдаяттардың және т.б.) құбылыстарын фразеологиялық типтегі тұрақты сөздік кешендермен атау.

Фразеологизмдердің тұрақтылығы туралы айтқанда, сөз тіркесінің тұрақтылығын анықтайтын бірнеше негізгі көрсеткішті ескеру қажет:

– Қолданыс тұрақтылығы – фразеологизмнің бүкіл тілдік қауымдастық тарапынан жүйелі түрде қолданылуы.

– Семантикалық күрделілік – фразеологиялық бірліктің ішкі мағынасы жай сөз тіркесінен әлдеқайда күрделі, көпқабатты құрылымға ие.

– Бөлек рәсімделуі – фразеологизмнің құрамындағы лексемалар басқа лексемалармен синтаксистік байланыс орната алады.

– Айнымалы сөз тіркесінің құрылымдық-мағыналық үлгісі бойынша жасалмайды, яғни фразеологизмдер еркін тіркестер негізінде кездейсоқ пайда болмайды.

Сонымен бірге фразеологизмдер де тіркес болғанмен, еркін тіркестен өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Фразеологиялық тіркестер сөйлеу барысында жасалмайды. Ол сөз сияқты тілдік санада бүтін бірлік ретінде сақталады да коммуникацияда қайта жаңғыртылады;

2. Тұрақты тіркестерде мағыналық тұтастық болады, фразеологизмнің мағынасы құраушы бөліктерінің мағыналарына тәуелсіз болады. Фразеологиялық бірліктің құрауыштары десемантизацияланып, жаңа, өзіндік мәні бар бірлік пайда болады.

3. Құрылымдық тұтастығы сақталады, тіркестегі сөздердің орындарын өзгертуге болмайды;

4. Фразеологизмнің құраушы бөліктері өзара тығыз байланысты болады әрі құрылымы тұрақты болады.

4. Фразеологиялық тіркестің құрамына басқа сөздерді кіргізуге болмайды;

5. Грамматикалық тұтастығы сақталады. Сондықтан сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болады [1, б. 92].

Фразеологизмнің мағыналық құрылымы бірнеше құрамдас бөліктен тұрады:

- фразеологиялық мағына,
- компоненттік құрам,
- грамматикалық құрылым.

«Фразеологизм» ұғымына зерттеушілер әртүрлі анықтама береді. Оның бірыңғай анықтамасының болмауы ішкі және сыртқы тілдік факторларға байланысты. Қазіргі таңда «фразеологизм» термині бірнеше мәнде қолданылып, тілдегі әртекті тіркестерді білдіру үшін қолданылады:

1. Идиомалар – мағынасы толық ауысқан бейнелі тіркестер (ит арқасы қиянда; как сыр в масле; to kick the bucket).

2. Фразеологиялық тізбектер, құрамындағы бір сөздің мағынасы ауысқан (көзі ілінді, көзі жетті; надоесть как горькая редька; green with envy).

3. Сөйлеу штамптары, белгілі бір стиль мен дәуірге тән (өскелең ұрпак; пушечное мясо; at the end of the day).

4. Паремия (мақал-мәтелдер), тура және ауыспалы мағынасы бар тіркестер (әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер; не разбивши яиц, не сделаешь яичницы; the early bird catches the worm).

5. Клише – белгілі бір жағдайларда қолданылатын сөйлеу үлгілері (қош келдіңіз; пуд соли съесть; ladies and gentlemen).

6. Қанатты сөздер – белгілі бір авторға немесе әдеби анонимге тән афористік бейнелі тіркестер (еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; запретный плод сладок; knowledge is power).

Фразеологияға қатысты лингвистикалық терминдердің ішінде ең көп қолданылатын атау «фразеологиялық бірлік» терминін В.В. Виноградов енгізген [2]. Ол – сөйлеу барысында жасалмай, тілде дайын күйінде қолданылатын сөз тіркесі. А.В. Кунин фразеологиялық бірлікті «мағынасы толық не жартылай ауысқан тұрақты сөз тіркесі» деп сипаттаса [3, с. 210], Н.М. Шанский «екі не одан көп сөзден құралған, сөйлемде дайын күйінде қолданылатын, мағынасы, құрамы мен құрылымы тұрақты тілдік бірлік» ретінде қарастырады [4, с. 20]. Ф.И. Буслаев фразеологизмдерді «ата-бабалар кейінгі ұрпаққа қалдырған, қысқа сөйлеммен берілген адамгершілік, заң мен ақылдың сипатын қамтитын бірліктер» дейді [5, с. 37]. В. В. Виноградов [2, с. 218], А. В. Кунин [3, с. 39], І. Кеңесбаев [6] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мақал-мәтелдер фразеологизмнің құрамында қарастырылады. Ал Н.М. Шанский [4, с. 27], А. И. Молотков [7] еңбектерінде мақал-мәтелдер фразеологиядан бөлек қарастырылады.

Фразеологизмдердің негізгі белгілері:

– Мағыналық тұтастық: фразеологизмнің жалпы мағынасы құрамындағы сөздердің мағыналарынан бөлек болады.

– Дайын бірлік: фразеологизмдер сөйлеуде дайын күйінде қолданылады, оларды сөйлеушілер өзгеріссіз пайдаланады.

– Тұрақтылық: фразеологизмдердің құрылымы мен құрамындағы сөздер өзгермейді.

– Тұтастық: фразеологизмнің компоненттері жеке тұрғанда мағына бермейді, оларды бөліп қарастыру мүмкін емес.

– Басқа тілдерге аударылмау: фразеологизмдер басқа тілдерге сөзбе-сөз аударылмайды, олардың мағынасы мен қолданылуы мәдени контекстке байланысты.

В.В. Виноградов фразеологизмдерді семантикалық тұтастығына қарай үш топқа бөледі:

1. фразеологиялық тұтастық: мағынасы бөлінбейтін, компоненттері бірігіп бір мағына беретін тіркестер;

2. фразеологиялық бірліктер: компоненттері мағынасын сақтай отырып, тұтас мағына беретін тіркестер;

3. фразеологиялық тізбек: компоненттерінің бірі еркін мағынада қолданылатын, бірақ белгілі бір мағына беретін тіркестер [2, б. 121].

Сөздер мен фразеологизмдер кеңістікті жіктеп, категориялап қана қоймайды, сонымен қатар оны қайта пайымдайды, жаңа білімді бұған дейін қалыптасқан мәдени-әлеуметтік ақпарат жүйесіне енгізеді, оған этномәдени қауымдастық тарапынан эмоционалды-бағалауыштық қатынас қалыптастырады. Оған мысал ретінде халық ауыз әдебиетіндегі лексикалық бірліктерді, халық әндерін, фразеологизмдер мен афоризмдерді алуға болады. Қарапайым сөздердің интеллектуалдық әлеуеті мол, философиялық тереңдік бар: олар халықтың тәжірибесі мен даналығын, эмоциялық бағасын жинақтап көрсетеді.

Фразеологизмдердің құрамында ұлттық тілге тән атаулар мен құрылымдық элементтер болады. Тіл мен мәдениеттің салалары арасында тікелей корреляция жоқ. Сондықтан фразеологизмдердің мәдени маңызын толық сипаттау үшін олардың мағынасындағы имплицитті мәдени мағыналарды анықтау қажет, бұл тіл мен мәдениет арасындағы делдал рөлін атқаратын байланыстырушы буын болып табылады.

Фразеологизмдер де сөз сияқты тілдің номинативтік бірліктері болып табылады. Алайда олардың мағыналық құрылымында денотативті-сигнификативтік емес, коннотативті, бағалауыш және бейнелі компонент басым. Синтаксистік жағынан сөз тіркесі сияқты болғанмен, фразеологизм бөлшектенбейді, сөйлеу барысында жаңадан құралмайды, дайын күйінде тұтас бірлік ретінде қолданылады. Бұл жағынан алғанда, ол басқа номинативтік бірліктерге ұқсас. Осыған байланысты М. Балақаев бірқатар сөздер мен сөз тіркестерінің құрылысы логикалық тұрғыдан онша үйлесімді болмауы мүмкін екенін ескерте келіп, қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, мақсатты ойымызды дұрыс айтуға жарап жатса, оларды өзгертудің қажеті жоқ екенін айтады. Ғалым мысал ретінде «жұмыс істеп жатыр», «қолын тістеп алды» сияқты тіркестердің құрамындағы сөздер логикалық байланыста тұрмағанын, «күн күркіреді», «шақпақ шақты», «қарным ашты», «жаным ашиды» сияқты тіркестер ескі мифологиялық ұғымға лайық құралғанмен, қазіргі кезде олар басқаша мән алып, ойымызды дәл айтудың бірден-бір дұрыс амалы ретінде қолданылып жатқанын айтады [8, б. 29].

Енді фразеологизмдердің пайда болу жолдарына келетін болсақ, оны бірнеше факторлармен байланысты қарастыруға болады: танымдық фактор (адамның өмірді қабылдау, бағалау ерекшеліктері), тарихи-мәдени фактор (салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенім), тілдік фактор (ауыспалы мағынада фразеологизмдердің пайда болуы, метонимия, метафоралық тәсілдер). Бұл ойымызды төмендегі ғалымның ойымен сабақтастыруға болады. «Мәдени-тарихи тұрғыдан сипаттау арқылы фразеологиялық мағынаның қандай тарихи жағдайда пайда болғанын, оған түрткі болған факторларды айқындауға болады. Сондай-ақ фразеологизмнің тұрпаты мен мағынасының өзгерістерін зерделеуге болады. Көптеген тұрақты тіркестер халықтың тұрмысына, тарихи оқиғаларға, наным-сенімдерге, салт-дәстүрлерге байланысты пайда болған. Мәдени-тарихи сипаттама фразеологизмнің бастапқы бейнелі мағынасымен танысуға, сондай-ақ фразеологиялық бірліктердің мағынасында халықтың тарихы, мәдениеті мен менталитеті қалайша көрініс табатынын айқындауға көмектеседі» [9, с. 79-80].

Мәдениеттануда мәдениетті шынайы болмысының тұтастығы мен толықтығы аясында зерделеу, әр ұлттың мәдениетіне тән жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, түрлі халықтардың мәдени ерекшеліктерін ашу көзделеді. Бөгде мәдениетті тану барысында жаңа білім адамның өз мәдени бейнесі мен бөгде мәдениет бейнесінің арасындағы айырмашылықтарды іздеу, сол

айырмашылықтардың мәнін ұғыну арқылы қалыптасады. Жаңа мәдени білім субъектінің бұрынғы білімінің негізінде түзіледі. Символдық мәні бар нәрсенің барлығы ұлттық мәдениетке жатады.

Фразеологизмнің пайда болып, тілдік жүйеде орнығуында ұлттық-мәдени таптаурындар мен эталондардың маңызы зор. Көптеген фразеологизмдер мифологиялық құрылымдарға байланысты. Алайда қазақ және ағылшын фразеологиясында жалпыадамзаттық мазмұн алдыңғы қатарға шығатын мысалдарда жиі кездеседі. Мысалы, барлық компоненті тура мағынада қолданылатын тұрақты тіркестер фразеоматикалық құрылымдарға жатады: қол қусырып отыру // сидеть сложа руки // sit idle; назар аудару // обратить внимание // pay attention; бақылаудан шығу // потерять контроль // lose control т.с.с. Дәл, бейнелі салыстырулар мен нақты жағдайға байланысты айтылған қанатты сөздер, жиі қолдану нәтижесінде халықтың сөйлеу дағдысына еніп, белгілі бір мағыналық жағдайлармен ұштасады. Мысалы, ағылшын тіліндегі baker's dozen – «шайтанның он үштігі» деген тіркес те тарихи-мәдени мәнге ие. Бұл ертеде наубайшылар 12 нанның орнына 13 нан беретін, соңғысы сатушының табысы болатын дәстүрмен байланысты. Қазіргі тіл білімінде фразеологизмдер зерттеу нысаны ретінде гуманитарлық ғылымдармен байланысы кеңейіп, дәстүрлі нысандарға жаңаша қарауға жол ашып отыр.

Қысқа да нұсқа болу арқылы фразеологизмдер халық тілінің көркемдігін, экспрессиясын, нақтылығын, жинақылығын жеткізеді. Оларға айқындық, бейнелілік тән. Халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі мен бақылауы, фразеологизмдер арқылы өмірлік қағидаларға айналып, қоғамдық заңдылық деңгейіне көтеріледі.

Фразеологиялық тіркестердің жанрлық ерекшелігі олардың құрылымына да ықпал етеді. Қысқа әрі ықшам болғанмен, фразеологиялық бірліктердің (ФБ) мәні терең. Фразеологиялық бірліктердің императивтік сипаты ерекше: онда өнеге, кеңес беру, сендіру, адам бойына белгілі бір қасиеттерді сіңіру, күмән мен танданысты, ризашылықты, түсіндіру мен болжауды, сұрақ қоюды білдіру, т.б. қатар жүреді. Фразеологиялық тіркестер – этностың еңбек, моральдық және эстетикалық тәжірибесі шоғырланған, көркемдік тұрғыдан өңделген даналық тұжырымдары. Олар – халықтың күнделікті тіршіліктен түйген өмірлік философиясы, әлеуметтік өмірдің түрлі жағдайларындағы жеке тұлғаның әрекетін реттейтін құрал. Әрбір этнос еңбек үдерісінде, табиғат құбылыстарын бақылауда, адамдар арасындағы қатынастарда өзіндік тәжірибе мен білім жинақтаған. Осы тәжірибе фразеологияда көрініс тауып, этикет ережелерінің негізгі нормалары да тіркеліп отырған. Фразеологиялық бірліктер өзге халықтың дүниетанымына, ойлау жүйесіне жақындауға, ұлттық мінездің, құндылықтар жүйесінің ерекшелігін түсінуге жол ашады.

Фразеологиялық номинация үдерісі фразеологиялық қайта ұғынуға негізделеді. Бұл адамның болмысты тану тәсілі, реалды немесе қиялдағы

нысандардың ерекшелігін қайта бейнелеу, олардың байланыстарын тану арқылы жүзеге асады. Алайда қазіргі кезде жастар бейнелі ойлаудан ажырап барады, ұлттық кодты түсіне алмағанның салдарынан фразеологизмдерді қабылдай алмайды. Сол себепті профессор З. Ахметжанова: «Қазақ тілінің концептуалды жүйесін білмегендіктен, жастар қазақ халқының салт-дәстүрін ескіліктің сарқыншағы ретінде қабылдап, теріс бағалайды. Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр», – дейді [10, б. 175].

Фразеологизмдердің мағынасы компоненттерінің жеке мағыналарынан құралмайды, олар – ұлттық дүниетанымның көрінісі. Сондықтан фразеологизмдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдаудың маңызы зор. В.Н. Телия фразеологияны мәдениет контекстінде зерттеу барысында үш мәселеге назар аудару керек екенін айтады:

1) фразеологиялық құрамды мәдени-тілдік тұрғыдан жеке бөлік ретінде сипаттау;

2) фразеологизмдердің мәдени семантикасын этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық және контрастивтік бағыттарда зерттеп, сипаттаудың әдістері мен нәтижелеріндегі сәйкестіктер мен айырмашылықтарды нақтылау.

3) фразеологиялық құрамның бірліктерін зерттеу әдістерін әзірлеуге негіз болатын тіл мен мәдениетке ортақ әдіснамалық платформаны айқындау [11, с. 38].

Фразеологизмдер мәдениеттің «тілі» ретінде ұрпақтан ұрпаққа берілетін белгілер ретінде қызмет етеді және халықтың менталитетін жеткізуде маңызды рөл атқарады. Осылардың ішінде ең өзектісі әрі күрделісі – фразеологиялық құрамның мәдени-ұлттық ерекшелігін зерттеу. Бұл орайда үш негізгі ерекшелікті нақтылап алу қажет:

1. фразеологиялық құрамның мәдени-ұлттық ерекшелігі (көпшілікке әртүрлі жолдармен қабылдаған, мәдени бейімделген фразеологизмдер);

2. фразеологизмдердің мәні тіл тұтынушылардың ұжымдық бейсаналық жадында фразеологизмдердің белгілі бір мәдени кодтармен байланысы сақталады, бұл мәдени коннотацияда көрініс табады;

3. фразеологизмдердің тұрақтылық сипатына байланысты лингвомәдени қауымдастықта «мәдени тұрақтылық» ретінде қарастырылады.

Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени коннотациясы олардың семантикасында тарихи және әлеуметтік факторларға негізделген, ұлттық-мәдени элементтерді қамтыған. Бұл бірліктер экспрессивті-эмоционалды компоненттермен қатар, халық өміріндегі терең мазмұнды қосымша мағыналармен байытылған.

Фразеологизмдерде халықтың тарихи-мәдени тәжірибесі, тұрмысы, салт-дәстүрі, наным-сенімі мен құндылық ұстанымдары жинақталып, тілдік формада көрініс табады. Осыған байланысты академик Р. Сыздық тілдің лексикалық құрамының сипатын, жеке лексикалық бірліктердің, әсіресе фразеологизмдердің

сол тілдің өміршеңдігін танытуға қажет материалдардың бірі ретінде тани отырып, қазақ тілін өз бетімен үйренгісі келетіндердің көбі қас қағым сәтте жетіп келді; қарға адым жерге жете алмай отырмын; көмекшім кетіп, қолым кесіліп қалды сияқты қолданыстарды түсіне алмай қалатынын ескертеді. Ғалым тұрақты тіркестер тілдің тек семантикалық-конструктив бірліктер қазынасын сан жағынан молайтып қана қоймай, тілдің икемділігін, эстетикалық мүмкіндігін танытатын құндылықтар екенін, ол құндылықтар сол тілді қолданушы халықтың ұлттық белгілерінің бірі – дүниетанымдық дәрежесін, эстетикалық талғамын көрсететінін айтады [12, б. 59].

Фразеологиялық бірліктердің көбі ертеректе жасалып, мәдениетпен екі деңгейде байланысады: біріншіден, олардың сыртқы формасы – мәдениеттің тілі; екіншіден, сол бейне тілді тұтынушылар тарапынан мәдени құзыретіне сәйкес ұғынылып, интерпретацияланады [13, б. 251]. Осыған байланысты Н. Уәли: «Фразеологизмдер құрамы жағынан тұрақты, тілдегі көнелікті көбірек сақтаған, коммуникацияда тілдік дәстүрге мейлінше берік тілдік бірліктер жүйесіне жатады. Тілдік таңбаның айрықша түрі ретінде фразеологиялық бірліктер сөз субъектісінің когнитивтік-тілдік санасында осы сипатымен ерекшеленетін таңба түрінде өмір сүреді», – дейді [14, б. 118].

Халық тарихының, мәдениетінің тілмен байланысы фразеологиялық бірліктерде айқын көрініс табады. Фразеологизмдер ұлттық болмыс-бітімнің, тұрмыс-тіршіліктің, әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің тілдік-көркем бейнелеу құралдары ретінде халық жадында сақталған. Мысалы, қазақ тілінде тағам атауларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркес көп: би қазы, дөңбек қазы, шере қазы; сықпа құрт, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз, ас қайыру, сүр ет, қақтаған ет, ыстаған ет, жеті күлше т.б. [15, б. 23-69]. Халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты фразеологизмдер барлық тілде де көптеп саналады. Мысалы, қазақ тілінде: алалы жылқы, ақтылы қой; бұйдадалаған тайлақтай, мұрнын тескен түйедей; көгендеген қойдай; ит тұмсығы батпайтын [өтпейтін]; ит пен құсқа жем болды; аға өлсе, іні мұра; орыс тілінде: как белка в колесе; в тесноте, да не в обиде; без труда не вытащишь и рыбку из пруда; готовь сани летом, а телегу зимой; ағылшын тілінде work like a horse (атша жегілу); to earn one's bread and butter (нан мен май; күнкөріс көзі); to keep the pot boiling (күн көруге жетерліктей еңбек ету), to work one's fingers to the bone (бас көтермей жұмыс істеу, жанын салып еңбек ету); come rain or shine (қандай жағдай болмасын); to save for a rainy day (қыстың қамын жазда ойлау); every cloud has a silver lining (әр қиындықтың қайыры бар) т.с.с.

Мәдени мәнге ие сөздер – номинативтік бірліктер – ұлттық дүниетаным призмасы арқылы әлемді танудың ерекше тәсілін білдіреді. Олар көркем мәтін құрылымында басқа тілдік бірліктермен үйлесе отырып, ұлттық реңкті қалыптастырады. Осыған байланысты профессор Ж. Манкеева тіл – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып

келгенде, ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы болғандықтан, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы – тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тану үшін когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары тұрғысынан зерттелуі керектігін айтады [16, б. 12].

Фразеологиялық бірліктердің тақырыптық жіктелуі – тіл иесі ұжымның дүниетанымдық бағыт-бағдарын, мәдени құндылықтарын, когнитивтік модельдерін танытатын маңызды көрсеткіштердің бірі. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді тақырыптық тұрғыдан салғастыра талдау олардың ұқсастығы мен ерекшелігін, сондай-ақ ұлттық тілдік сана мен мәдениет айырмашылықтарын айқындауға жол ашады. Р.Авакованың пайымдауынша, тұрақты тіркестердің елеулі бөлігі адамның дене мүшелері мен қимыл-қозғалысына қатысты соматикалық фразеологизмдерден тұрады. Бұдан бөлек жануарлар әлеміне байланысты зооморфтық тіркестер, өсімдік атауларына қатысты флоралық фразеологизмдер, сондай-ақ табиғат құбылыстарын бейнелейтін оралымдар да тілдік жүйеден кең орын алған [17, б. 255-296].

Фразеологизмдердің келесі тобы өлшем, уақыт пен кеңістік ұғымдарын білдіреді. Сан атауларымен байланысты нумеративтік тіркестер де халық дүниетанымның ерекшелігін анықтайды. Түр-түске және сапалық сипатқа негізделген фразеологизмдер, алғыс-қарғыс мәнді тұрақты тіркестер ұлттық мәдени-рухани болмысты бейнелеуде маңызды қызмет атқарады. Сол сияқты мифологиялық наным-сенімдер мен діни ұғымдардан туындаған фразеологизмдер, тарихи оқиғалар мен белгілі бір тұлғалардың есімімен байланысты тұрақты сөз тіркестері де ерекше қабат құрайды. Үш тілдегі фразеологизмдерде соматизмдер (анатомиялық атаулар), табиғат құбылыстары, флора (өсімдіктер әлемі), жануарлар әлемі (зооморфтық фразеологиялар) әлемі, өлшем, сан, түр-түс және сындық сипат, моральдық бағалау (алғыс/қарғыс), мифтік, діни, тарихи мазмұны ортақ болғанмен, әрқайсысының репрезентациясында өзіндік ерекшеліктер бар. Атап айтқанда, қазақ фразеологизмдерінде киелілік, дуалылық, бата үлгілері, этикалық идеалдар басым болса, орыс фразеологизмдерінде фольклор, тұрмыстық ирония, діни сарын, психологиялық эмоция басым, ал ағылшын фразеологизмдерінде идиомалық құрылым, рационалдық пен әлеуметтік прагматика басым.

Адам анатомиясына (соматизмдерге) және қимыл-қозғалыс әрекеттеріне негізделген фразеологиялық бірліктер тілдік ұжымның дүниетанымдық бейнесін, мәдени-менталдық ерекшелігін, құндылықтар жүйесін бейнелі түрде танытатын маңызды лингвомәдени құралдардың бірі болып табылады. І. Кеңесбаевтың сөздігінен соматикалық фразеологизмдерге талдау жасап, мысал келтірер болсақ, қазақ тіліндегі «аттың басын тарту» тұрақты тіркесі көне көшпелі өмір салтына байланысты қалыптасқан [6, б. 58]. Бұл тіркес тура мағынасында ат үстінде келе жатқан адамның тізгінді тартып, атты тоқтатуы не баяулатуын білдірсе, кейін «белгілі бір әрекетті тоқтату» деген ауыспалы мәнге ие болған. Фразеологизмдерді зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге көмектеседі. Олар арқылы

халықтың ойлау жүйесі, құндылықтары мен дүниетанымы туралы мәлімет алуға болады.

Қазақта уақыт пен кеңістік атауларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер де көп. Уақытқа қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер: күн арқан бойы көтерілді, күн найза бойы көтерілді, күн төбеге көтерілді, күн еңкейе бастады, күн көкжиекке таяды, күн бата, күн ұясына қонды, ай туған шақ, көз байланар шақ, ай толды, таң сыз берді, таң қылаң берді, қызыл іңір, сүт пісірім уақыт, бие сауым уақыт, қас қағым сәт, кірпік қаққанша, көзді ашып-жұмғанша, т.с.с. Кеңістікке қатысты тұрақты тіркестер: ит өлген жер, ит арқасы қиянда, қиян шет, көз ұшында, жердің түбі, төрткүл дүние, таяқ тастам жер, иек асты т.с.с. Байқап отырғанымыздай, уақыт пен кеңістікке қатысты қалыптасқан тіркестердің бәрі де қазақтардың тұрмыс-салтымен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Осыған байланысты М. Балақаев: «Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады», – дейді [8, б. 14].

Қазақ халқының көші-қоны, мәжбүрлі қоныс аударуы, ұлттық этикеттің икемділігі секілді тарихи-мәдени деректер де фразеологизмдерді сипаттауда өте маңызды болады. Қазақ халқының дисперстік орналасуы тарихи-мәдени кеңістікте фразеологиялық бірліктер арқылы айқын көрініс табады. Мәселен, «ит арқасы қиянда», «қиыр шет», «жер түбінде» сияқты тіркестер этностың кеңістіктік дисперсиясын көрсетсе, «ата қоныстан айырылу», «ел-жұрттан жырақ кету» сияқты фразеологизмдер мәжбүрлі қоныс аудару мен көші-қон құбылыстарын бейнелі түрде көрсетеді. Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді деген тіркес ұлттық құндылықты, қонаққа деген (бала болса да) деген құрметті, көші-қонға қатысты жағдайды бейнелейді. Фразеологизмдер көбінесе денотативтік мазмұнмен айқындалады, яғни тілдік бірлік нақты бір ұлттық мәдени реалиямен тікелей байланысты болады. Дегенмен фразеологизмдердің көпшілігінде мәдени ақпарат эмотивті-бағалаушылық бейне арқылы жеткізіледі.

Зерттеуші Н. Уәли байырғы замандағы ақиқат дүниенің денотаттар әлемі ретінде шақпақ шақты, ер жастанып, тоқым төселді; төс айыл, артқы айыл, елді шап, торы басты т.б. тұрмыстық мазмұндағы фразеологизмдерді, жарты көш жер, қозы көш жер, найза суырып, сойыл сілтейтін жер; жердің шетіне дейін т.б. қашықтық өлшемдерді білдіретін халықтық атауларды; Үркер жамбасқа келді, Шолпан маңдайға таянды; күн найза бойы көтерілді; көлеңке бауырға тығылды т.б. уақыт өлшемін білдіретін халықтық атауларды; маңдайды батысқа, төскейді үзеңгіге алды; төскейге бет алды т.б. бағыт-бағдарды білдіретін фразеологиялық бірліктерді; құнын өтеу, сауғаға алу, бәйге тігу, бас бәйге, ат жарыс, жабулы нар, күң бастаған тоғыз, құл бастаған тоғыз, қырық жетіні қырқа матап берген қалыңдық т.б. этнографизмдерді атап, осылардың көмегімен «оқырманға ерте

заманның «есігі» ашылатынын, мұндай таңбалар бір жағынан, тілдік код болса, екінші жағынан, когнитивтік код я болмаса тіл субъектісінің санасындағы ақиқат дүниенің картинасы, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі» болатынын айтады [14, б. 187].

Тілдік таңба кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтар арасында сабақтастық орнатады, мәдени және әлеуметтік тәжірибені сақтап жеткізеді. Бұл функция, әсіресе, лексика мен фразеологияда айқын көрінеді. Қазіргі кезде жеке қолданылмайтын, ұмыт болған көп сөз фразеологиялық бірліктердің құрамында сақталып қалған. Мысалы, шашау шығармады (жібермеді) тіркесі «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «қаға берісте қалдырмады, шетке шашыратпады» түрінде сипатталған [6, б. 562]. Осы тіркестің құрамындағы шашау сөзі жеке қолданылмайды. Сол себепті қазіргі кезде ол сөздің жеке тұрғандағы мағынасы ұмыт болған. 1925 жылы жарық көрген «Қазақша-орысша тілмашта» шашау сөзі «уход из табуна в сторону» деп берілген [18, б. 59]. Бастапқыда қазақтардың мал шаруашылығымен айналысуына, көшпелі тұрмысына байланысты пайда болған еркін тіркес уақыт өте келе қосымша реңк жасап, ауыспалы мәнге ие болған. Алайда қазіргі кезде бұл тіркесті ауыспалы мәнде ғана қолданғандықтан, «шашау» сөзінің мәні күңгірт тартқан. Түсіндірме сөздікте «шашылып-төгіліп, оқшау, жырақ» түрінде үстеу ретінде сипатталған [19, б. 1398]. «Қазақ сөздігінде» «шашау жатты» тіркесінің мағынасы «бөлек, бақылаусыз болды»; «шашау шығармады» тіркесінің мәні «рәсуа етпеді, босқа шашпады; шашыратып алмады»; «шашау шықпады» тіркесі «бөлек кетпеді, топтанып бірге жүрді» түрінде сипатталған [19, б. 1398]. Дұрысында, бұл сөздің заттық мәні фразеологиялық бірліктерде сақталып қалған. Фразеологизмнің пайда болуына «шашау - үйірден шығу» мағынасындағы сөз негіз болған деп айта аламыз. Бұл фразеологиялық тіркесте қазақ халқына тән таным жатқандығы анық. Жылқы малының үйірінен бөлінбеуі, үйір ретінде бірге жүруі, сонда шашау шығармау, үйірінен айырмау – мағынасының шығын шығармау мағынасына ауысқан түрі.

Шыр байлады [бітті], шыр жұқпады сияқты тұрақты тіркестердің құрамындағы «шыр» сөзі де бүгінгі таңда жеке қолданылмайды. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «шыр байлады [бітті] («ет алды, қонданды, семірді»); шыр жұқпады («ет алмады, семірмеді, қон бітпеді») тіркестерінің мәні түсіндірілгенде «шыр» сөзі «1. Нәр, маңыз; 2. Әл, қуат, күш» түрінде сипатталған [19, б. 1402]. Ж. Манкеева ескі түркі жазбаларында шыр сөзі «май» деген мағынада жұмсалғанын айтады [16, б. 108]. «Қазақша-орысша тілмашта» да бұл сөздің мағынасы «жир» деп түсіндірілген [18, б.60]. Көріп отырғанымыздай, көрсетілген фразеологизмнің пайда болуына тіліміздегі «май» мағынасындағы «шыр» сөзі негіз болып отыр.

Бүгінгі таңда «көңілге қаяу салды», «көңілге қаяу түсірді» деген тұрақты тіркестер «көңілді қалдырды, ренжітті» мағынасында қолданылады. Тұрақты тіркестердің құрамындағы «қаяу» сөзі жеке қолданылмағандықтан, мағынасы

түсініксіз. Бұл сөз «Қазақша-орысша тілмашта» «1) печаль, 2) расщелина (о дереве)» түрінде берілген [18, б. 60].

«Сілікпесі шықты» тіркесі сөздіктерде «а) Көп қайнап, езіліп пісті, былжырады; ә) ауыс. Әбден қалжырады, титықтады» түрінде берілген [19, б. 1199]. «Сілікпе» сөзінің жеке тұрғандағы мағынасы белгісіз. Ал «Қазақша-орысша тілмашта» ол сөздің мағынасы «сілікпе – мясо до того разваренное, что отваливается от костей» түрінде берілген [18, б. 71].

Бүгінгі таңда бұл тіркестің ауыспалы мәні ғана қолданылады: Бұның ауыр қолмен айқасып, әбден ит сілікпесі шыққан атты әскері енді мына төмпешке беттей алмай бет-бетіне тырым-тырағай қаша жөнелді [20]. Тазы алға аттай түсіп тұрып қалды. Әбден сілікпесі шыққан екен. Кеудесі қос өкпеден қысып, тілі аузына сыймай барады. Аяғы сырқырап, басы айналып қоя берді. Ақ қар басқан әлем шайқалып, тербетіліп тұрғандай [21]. Мысалы, үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, ағайын-туысқа қайырымдылық жасау, сырттай некені ұстану, құда түсу, қыз ұзату әсіресе, қаншама өзгеріске түсіп сілікпесі шықса да, жеті атасын білу, руын ұмытпау т.б. бүгінгі отбасылық өмірде өзіндік орын алып отырғанын ешкім де терістей алмаса керек. Ру – қазақтың феномені. Бірақ рулық ұғымның саясат сілікпесін шығарып, оны жек көрінішті ете бастады [22].

Көріп отырғанымыздай, шаршап, қалжыраған адамның бейнесі әбден езіліп піскен етпен теңеліп, фразеологиялық тіркес қалыптасып тұр.

Сол сияқты кейінгі сөздіктерде «сазай» сөзінің жеке тұрғандағы мағынасы берілмей, сол сөздің қатысуымен жасалған «сазайын берді» тіркесінің мағынасы «а) Көресіні көрсетті, мықтап жазалады; ә) Әкесін танытты, өкіртті»; «Сазайын тартты», «сазайын алды» тіркестерінің мағынасы «Өз істегені өзіне келді, есесі қайтты» түрінде берілген. «Қазақша-орысша тілмашта» «сазай – заслуженная кара, возмездие» түрінде берілген [18, б. 27].

Қазіргі кезде «ауыз бастырық» тіркесінің мәні («ешкімге айтпау, сыр шашпау үшін берілетін пара») көпшілікке таныс болғанмен, «бастырық» сөзінің жеке тұрғандағы мағынасы түсініксіз. «Қазақша-орысша тілмашта» «длинная палка для укрепления воза сена» түрінде берілген [18, б. 12]. «Бастырық» сөзінің әу бастағы мағынасы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен байланысты болған. Алайда ол сөз қолданыстан шығып, мағынасы ұмытылғанмен, фразеологиялық тіркестің құрамында сақталып қалған. Тұрақты тіркестердің осындай ерекшелігіне байланысты ғалым Ғ. Әнес фразеологизмдердің этномәдени ерекшелігіне айрықша тоқталады. Оның пайымдауынша, халықтың дүниетанымы мен дүниетүйсігі, салт-дәстүрі жеке сөздерден гөрі тұрақты тұрақты тіркестерде әлдеқайда терең сақталған. Сондықтан фразеологизмдер этномәдениеттің қоймасы әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал ретінде қызмет атқарады. Халықтың күнтізбе мен уақыт-кеңістік өлшемдері, дәстүрлі құқықтық және мәдени институттар, сондай-ақ қазіргі өмірде қолданылмаса да, тілде сақталып қалған

мифологиялық және этнографиялық деректер көбіне фразеологиялық бірліктер құрамында ұшырасады [23, б. 10].

Ұлттық-мәдени семантиканың алғашқы әрі айқын деңгейі халықтың географиясына, экономикасына, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты. Бұл тұрғыдан, тұлғалар есімдерінің, ұлттық тағам атауларының, тарихи оқиғаларды меңзейтін ФБ-лар лингвомәдениеттану үшін өте маңызды. Ұлттық-мәдени семантиканың алғашқы деңгейі халықтың географиясы мен тұрмыс салтына негізделген. Мысалы, қазақ тіліндегі «айға қарап адассаң, атыңды Темірқазыққа байла; Жетіқарақшы қозғалса да, Темірқазық орнында қалады» тіркестері халықтың астрономиялық білімінің тереңдігін көрсетеді. Орыс тіліндегі «у чѐрта на куличках, сидеть на краю света»; халықтың географиялық танымынан, кеңістікті сипаттауынан ақпарат береді. Ағылшын тіліндегі «in the back of beyond (алыс жер, қиыр шет), to sail close to the wind (ағысқа қарсы жүзу)» тіркестері теңіз саяхатшыларының тәжірибесінен туындаған. Мұндай фразеологизмдер әр этностың мәдени кодын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі малға қатысты тұрақты тіркестердің көптігі (малдының беті жарық; мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір; мал-жан аман ба?) халықтың малды шаруашылық түрі ғана емес, өмірдің мәні, тіршіліктің негізі ретінде танығанын көрсетеді. Бұл – көшпелі тұрмыс пен этностың дәстүрлі дүниетанымының тілдегі көрінісі, ұлттық мәдени код. Лингвомәдени талдауда тілдік бірліктердің мазмұны, мазмұнның мәдени ерекшеліктермен және басқа экстралингвистикалық факторлармен байланысына ерекше мән беріледі. Мысалы, қазақ тіліндегі «ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» фразеологизмі жалпыадамзаттық мәнге ие. Бұл жердегі «дала» сөзі – көшпелі мәдениеттің коды, яғни этностың қалыптасуындағы көшпелі тайпалардың әсерін ескеруді қажет етеді. Алайда өзге тілдің өкілі бұл мәдени кодты түсінбесе, «дала» сөзінің мәдени мәні жойылып, маңызды мәдени ақпарат жоғалады.

Профессор Н. Уәли ұғым мен концептінің айырмашылығын нақтылай отырып, концепт, ең алдымен, денотат туралы жалпыланған бейнелік түсінік екенін айтады. Мұндай заттық-бейнелік концепт сөздің пайда болуына негіз болады, бірақ ол бастапқы кезеңде этномәдени сипатқа ие бола бермейді. Мысалы, қазанға қатысты алғашқы түсінік оның тұрмыстық ыдыс ретіндегі қызметін сипаттайды. Дегенмен тілдік санада бұл әрі қарай өңделіп, қазақ ұлттық-мәдени концепт деңгейіне көтеріледі. Қазақ дүниетанымында қазан тек тұрмыстық зат емес, отбасы мен қауымдастықты біріктіретін, бірліктің символына айналған қасиетті мүлік ретінде танылады. «Қазаны бүтін», «қара қазан», «қазаны сыну» сияқты фразеологизмдер осы ұжымдық мәдени семантиканың көрінісі болып табылады. Демек, ұлттық-мәдени концептілер этномәдениеттің іргелі тірек элементтері концепт-кеңістікке енетіндігін айтады [14, б. 44].

Халықтың немесе оның әлеуметтік топтарының менталитетінде сақталған мәдени бағдарлар тіл арқылы жаңғырып, репродукцияланады. Тілдің мәдени

трансляция қызметі белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа тән дүниетанымды қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Кейбір фразеологизмдер өзара қарама-қарсы мәнде болып, бір-бірін жоққа шығарады. Мысалы, «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген мақал мен «көп сөйлеген адам көп қателеседі», «аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» сияқты мақал-мәтелдердің мәндері бір-біріне қайшы. Ондай қарама-қарсы бағалаулар, бір жағынан, адамның әлеуметтік болмысының күрделілігі мен қайшылықтарына байланысты болса, екінші жағынан, бағалаулардың уақыт өте келе өзгеруінен немесе әртүрлі әлеуметтік топтар мен таптардың дүниетаным айырмашылықтарынан туындауы мүмкін. Фразеологиялық бірліктер әртүрлі тарихи жағдайларда пайда болып, түрлі көзқарастарды бейнелейді.

Фразеологиялық бірліктерде өмір сүру нормалары мен мінез-құлық ережелері кейде анық түрде беріледі: жүзі сынық; ашуға булықты, мұрнын шүйірді; танауын таңқитты; глаза бесстыжие; закипеть от гнева; держать нос выше; to lose one's temper (ашуға булығы); to look before you leap (жеті рет өлшеп, бір рет кес); to keep an eye on someone/something (біреуді/бірдеңені қадағалау); to hold one's tongue (үндемеу, сөзін тыйып қалу). Мұндай ерекшелік мақал-мәтелдерде де көрінеді: Мысалы, қазақ тілінде: ашу сақтама, ар сақта; үлкенге құрмет, кішіге ізет (көрсет), қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда т.б.; орыс тілінде: друг познаётся в беде; смелость города берёт; семь раз отмерь, один раз отрежь; ағылшын тілінде: make provision for a rainy day beforehand («қыстың қамын жазда ойла», don't halloo till you are out of wood – («орманнан шықпай тұрып, қуанба», яғни, «қауіп өтпей тұрып қуанба»). Келтірілген мысалдар тілдердің семантикалық ортақтығын, дүниетаным жақындығын көрсетеді. Бұл ойлар кейде жасырын, имплицитті түрде де берілуі мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде: бет моншағы үзілді; бетегеден биік, жусаннан аласа; жыны келді, төбе шашы тік тұрды; орыс тілінде: тише воды, ниже травы; держать себя в руках, волосы дыбом встали; ни рыба ни мясо; медовый на словах, да горький на деле; сорваться с цепи; пустить пыль в глаза; ағылшын тілінде: as meek as a lamb (қозыдай жуас); to keep one's nose clean (абыройын таза ұстау, кінәлі болмау); to have the cheek (nerve) to do something (беті бүлк етпей бір нәрсе істеу); to burn one's fingers (асығыс істен зиян шегу); as cool as a cucumber (салқынқанды, байсалды); to blow one's own trumpet (мақтану); to turn the other cheek (кешірімді болу, кектенбеу), т.с.с.

Салғастырылып отырған тілдерде «өмірдің мәні», «бақыт», «сәттілік», «тағдыр» сияқты ұғымдарға байланысты фразеологиялық бірліктер көп. Мысалы, қазақ тілінде: бақыт құсы; бақыт құсы қонды; бақыттан басы айналды; бақыт кілті; жолы болды; жұлдызы жанды; олжаға кенелді; жолы болмады; барша мұратына жетті; тағдыр тәлкегі; маңдайына (пешенеге) жазылған; жазмыштан озмыш жоқ, болған іске болаттай берік бол т.б.; орыс тілінде: поймать синюю птицу; ключ к счастью; быть на седьмом небе от счастья; везёт как утопленнику; звезда счастья взошла; удача улыбается; роковая случайность; ағылшын тілінде:

one is born (fated, destined, predestined) to be or to do something («тағдырдың жазуы»); be born under a lucky star («жолы болғыш»), be born under an unlucky (evil) star («сәтсіздікке тап болу, жолы болмай қалу»); bless (thank) one's stars (thank one's lucky stars) («тағдырына алғыс айту»); the stars were against it («жұлдызы қарсы болды, сәті түспеді»), т.б.

Профессор Ж. Манкеева: «Мәдениет – адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір тарихи даму дәрежесі. Бірақ ол – адамдардың материалдық және рухани өндіріс саласындағы қызметінде қолы жеткен табыстарының не жай материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы ғана емес. Шын мәнінде, тарихи даму барысында материалдық-қоғамдық жағдайлар мен қатынастардан мәдениеттің тарихи белгілі түрлері мен салалары туып қалыптасады», – дей келіп [16, б. 65], мәдениеттің қалыптасуындағы «ұлттық» рухтың мәнін анықтауда оны тілден бөліп алып қарауға болмайтынын, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетінін, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетінін ескертеді [16, б. 73].

Тіл жүйелері мәдени тәжірибенің мазмұнын түрліше белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар тіл тұтынушыға болмысты түсінудің, қабылдаудың әртүрлі жолдарын ұсынады. Б. Уорф тілді әлемді концептуалдайтын механизм ретінде сипаттайды [24]. Ол – болмысты концептуалдаудағы тілдік метафораның рөлін алғаш ғылыми негізде қарастырған зерттеушілердің бірі. Дж. Лакофф, З. Кёвечеш және басқа да зерттеушілер метафоралық қабат адамның анатомиялық құрылымы, кеңістіктегі орны, физиологиялық реакциялары негізінде қалыптасқанын көрсетті [25]. Көптеген тілдерде (ареалдық, генетикалық және типологиялық тұрғыда алшақ болса да) эмоциялар «адам денесі – эмоциялардың ыдысы» моделімен сипатталады.

Кейбір мәдениеттерде нақты дене мүшесі белгілі бір эмоцияға жауап береді. Бұл параметрлер тілдік-мәдени вариацияларды құрайды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ашу, ыза эмоциялары жоғары температураға, қайнауға қатысты метафоралармен беріледі. Мысалы, қазақ тілінде: қаны қайнады, іші күйіп кетті, іш қазандай қайнайды, ызаға булықты, ішім өртеніп барады, көкірегім күйіп барады; орыс тілінде: кипит кровь, в груди закипело, вскипела ярость, сжалось сердце, в душе закипело; ағылшын тілінде: blood boiled (қаны қайнады), to be hot under the collar (ашулану, ызалану), to be boiling with anger (ашудан қайнап кету), to burn with resentment (ашудың отына күйу), my heart was on fire (жүрегім өртенді) т.б. Қазақ, орыс тілдерінде көкірек (кеуде), іш ашу-ызаның ыдысы ретінде бейнеленсе, ағылшын тілінде «blood», «fire», «collar» сияқты бейнелер эмоцияның қарқынын білдіреді. Үш тілде де ашу, ыза эмоциясын сипаттау үшін жоғары температура негізгі тірек ретінде қолданылған.

Концептілер адамның когнитивтік әрекеті нәтижесінде қалыптасатын мағыналық бөліктермен тығыз байланысты. Ол бөліктер – белгілі бір

лингвомәдени қауымдастықтың сөзбен бейнеленетін нысанға қатысты менталды түсініктерінің көрінісі. Профессор Б. Момынова: «Когнитивтік лингвистикада тіл адамның когнитивтік іс-әрекетінің бір түрі, когницияның құралы саналады. Адам тілдің көмегімен тілдік бірліктер арқылы жинақталған информацияларды кодтайды немесе бейкодтайды (декодирует). Өйткені ойлау құрылымдары өзімен өзі томаға тұйық өмір сүрмейді, белгілі бір формасы бар таңбалар ретінде болмысқа айналады, болмыстанады (материализацияланады). Тілдің осындай екі жақтылығы оны адамның өзге когнитивтік іс-әрекетінен айрықшалаңдырып тұрады», – дейді [26, б. 125-126].

Концептілер әрқашан дамып, түрлі тілдік тәсілдер арқылы өзгеріп отырады. Ұлттық концепт – тілдік санада абстрактілі, бірақ нақты репрезентациясы бар, когнитивті өңдеуден өткен ұғым. Бұл ұғым ұлттық-мәдени белгісі арқылы этностың өз-өзін тануы мен танытуының формасы ретінде сипатталады. Концептілер жиынтығы этностың концептосферасын құрайды. Әр концепт әрі жеке тұлғаның, әрі бүкіл халықтың жалпы концептосферасының бөлігі бола алады.

Адамзаттың концептуалдық ғалам бейнесі үш түрлі:

- барша адамзатқа ортақ әмбебап концептілер;
- белгілі бір ұлтқа тән ұлттық концептілер;
- жеке адамның сана-сезімі мен тәжірибесіне негізделген концептілер.

Бұл концептілер әр тілде түрліше топтасып вербалданады. Олардың мағынасы тілдік, прагматикалық және мәдени факторларға тәуелді болады. Қазақ, орыс, ағылшын тілдік қауымдастықтарын салғастыра зерттеу арқылы тілдік деңгейдегі сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтау арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктер айқындалады. Фразеологизмнің компоненттері мәдени кодтың бірлігі ретінде сипатталады, олар белгілі бір ұлттың мәдениетіне тән кодталған ақпаратты сақтайды. Қазақ тіліндегі көптеген ФБ-ның орыс, ағылшын тілдерінде дәлме-дәл баламасы жоқ. Ондай бірліктердің бейнелі мазмұны ұқсас болғанымен, мазмұндық құрылымы, қолданыс аясы сәйкес келе бермейді. Ол ұлттық-мәдени ерекшеліктерге, тарихи тәжірибеге, дүниетанымға, ұлттық психологияға байланысты. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер арқылы мәдени-ұлттық дүниетанымның негізгі концептілерін когнитивтік-семантикалық тұрғыдан салғастыра зерттеу нәтижесінде тілдік ұжым өкілдерінің концепт таңдау, оны таптаурын ретінде қабылдау жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Мәселен, ағылшын тілінде діни, мифологиялық концептілер жиі кездеседі. Фразеологизмдерге тән бейнелі уәждеме сол тілді тұтынушы халықтың дүниетанымымен тікелей байланысты. Салғастырылған тілдердегі фразеологиялық бірліктердің (ФБ) ұқсастығы қазақ, орыс, ағылшын мәдениеттерін ұстанатын ұлт өкілдерінің ассоциативтік-бейнелі ойлауында ортақтық бар екенін көрсетеді. Әр ұлттың өкілі ғаламды өз тілі арқылы түрліше көреді. Ұлттық тілдің

бірегейлігі тілдік ұжым санасының әлемді бағалауыш-коннотациялық жүйе арқылы қалай танитыны арқылы көрінеді.

О.А. Корнилов «ұлттық дүниетаным» ұғымына қатысты екі негізгі тәсілді айқындайды. Бірінші тәсіл – когнитологиялық, құралдық, мұнда тіл таным, ойлау және коммуникация құралы, семиотикалық код ретінде қарастырылады. Екінші тәсіл мәдени-философиялық деп аталады [27, с. 131]. Бұл тәсіл тұрғысынан әрбір этностық тіл халық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде, ұлттық мәдениеттің өзін өзі тану, өзін өзі ұғыну және өзін білдіру механизмі ретінде қарастырылады. В. фон Гумбольдт тілді ерекше дүниетаным ретінде сипаттап, тілдің ішкі формасын зерттеген [28].

Ұлттық ғаламның тілдік бейнесін зерттеу үшін алдымен философиялық тұрғыдан сараптау қажет. Осыған байланысты Э. Бенвенист: «Лингвистикадағы үдеріс пен нысан қарама-қарсылығының әмбебап күші де, бірыңғай критерийі де, анық мағынасы да жоқ екенін ескеру керек. Себебі үдеріс пен нысан сияқты ұғымдар болмыстың объективті сипатын бейнелемейді. Бұл ұғымдар болмыстың тілдік репрезентациясы нәтижесінде пайда болады, ал бұл репрезентация әр тілде өзіндік ерекшелікке ие. Олар – табиғатқа тән ішкі ерекшеліктер емес, керісінше, кейбір тілдерде пайда болып, табиғатқа проекцияланған категориялар» [29, с. 103]. В.Н. Телия мәдениетті «табиғи, әлеуметтік және рухани өмір жағдайларының құндылықтық мәніне рефлексия жасауда тарихи өзгеріске ұшырайтын адамның өзіндік санасын бейнелейтін ғалам бейнесінің бір бөлігі» ретінде сипаттай келіп: «Мәдениет – адамның өзін өзі тануы мен рефлексиясын бейнелейтін ерекше білім түрі», - деп тұжырымдайды [30, с. 119]. Мәдениетті эстетикалық қиял мен эмоциялық тыйымдар да қатысатын құндылықтық категориялар арқылы сипаттауға болады: мұнда иррационалды компоненттер рационалдыдан басым түседі.

Э. Сепирдің анықтамасы бойынша, мәдениет «қоғам не ойлап, не істесе, соны білдіреді. Ал тіл – ойлау тәсілі» [31, с. 193]. Ұлттың ойлау бейнесіне терең бойлауды, өзге тілдің семантикалық кеңістігін, осы кеңістіктің әртүрлі деңгейлерде бөлшектелу, құрылымдалу жүйесін білуді, яғни ғаламның тілдік бейнесіне енуді қажет етеді. Зерттеуші А.В. Кравченко «тіл адам санасында дүниені бейнелейтін құрал емес, керісінше дүниені тудыратын құрал, яғни ғаламдық бейне адамзаттың қабылдауы мен тілі арасындағы өзара әрекеттің нәтижесі» деп қарастырады [32, с. 7]. Ұлттық ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесінің арақатынасын зерттеген О.А. Корнилов ғаламның тілдік бейнесін «әлемді ұлттық тұрғыда қабылдаудың қалыптасқан, көрініс тапқан тәсілі бейнеленген, ұлт мінезін айқындайтын әрі алдын ала белгілейтін «матрицалар» жүйесінің вербалданған түрі» деп сипаттайды [27, с. 80].

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, ғалам бейнесі тілдің мазмұндық жоспарының белгілі бір жүйеленген формасы ретінде қарастырылуы тиіс. Кез келген ұлттық тіл бірнеше негізгі функцияны: коммуникативтік, ақпараттық,

эмотивтік, және ең бастысы – сол тілдік қауымдастықтың әлем туралы білімін, түсінігін жинақтап, сақтаушы қызметін орындайды. Тілдің әлем туралы білімді сақтау қызметі екі деңгейде: біріншіден, тілдің өз ішінде лексика мен грамматиканың семантикалық жүйелерінде; екіншіден, тілдің көмегімен жазбаша және ауызша түрде жасалатын мәтіндерде жүзеге асады. О.А. Корнилов: «Ғаламның тілдік бейнесі – «сөздерде бекітілген, әлеуметтік жолмен мирасқа қалатын (яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін) ұлттық ғалам бейнесінің «көшірмесі». Ол – осы мәдениет өкілдерінің санасында ұлттық ғалам бейнесін тұрақты күйде қайта жаңғыртатын негізгі фактор» деп түсіндіреді [27, с. 80-81]. Зерттеушілер С. Райнрайт [33] пен С. Пинкер [34] әртүрлі халықтардың дүниетанымындағы айырмашылықтар сөздердің мағынасы арқылы көрінетінін, семантикалық кеңістікте коннотацияның орны ерекше болатынын, өйткені ол тілде орныққан, тұрақты ассоциациялармен тығыз байланысты екенін айтады [34, р. 56]. Бұл ассоциациялар тілдік қауымдастықтың ұжымдық санасында болмыс нысандарымен байланысты қалыптасады. Коннотация – сөздің негізгі мағынасына жүктелетін қосымша семантикалық және стильдік реңктер, олар мәдени ұғымдар мен дәстүрлерді бейнелейді.

В.Н. Телия фразеологизмдер ұлттық тілдерде сөйлеуші ұжымның күнделікті-эмпирикалық, тарихи немесе рухани тәжірибесі негізінде қалыптасатынын, әрқашан мәдениетпен байланысты болатынын айтады [30, с. 84]. Себебі номинацияның субъектісі де, сөйлеу субъектісі де – ұлттық мәдениеттің субъектісі болады. Сөздің символдық және эталондық мәні де ұлттық ғаламның қарапайым бейнесін сипаттауда маңызды орын алады. Осыған байланысты В.А. Маслова: «Эталон – әлемді бейнелі түрде өлшеудің тәсілі», «ол – заттардың, құбылыстардың қасиеттерін өлшейтін мәндік құрылым», – дейді [35, с. 44]. Мысалы, үш тілде де тас – қатігездіктің эталоны. Соған сәйкес тас жүрек, тас бауыр / каменное сердце / stone-hearted / heart of stone сияқты фразеологизмдер қалыптасқан.

Орыс не ағылшын ұлтының өкілдері қазақтардың тілдік санасы үшін сүлік бейнесінің сұлулық эталоны ретінде қабылданатынын түсіне алмайды. Қазіргі кезде қазақ жастары да бұл сөздің мәнін түсіне бермейді. «Қазақ сөздігінде» ол сөздің мағынасы төмендегідей берілген: СҮЛІК зоол. Түсі қара, денесі жұмыр, теңіздерде, тұщы суларда және топырақта тіршілік ететін қан сорғыш құрт. 2. ауыс. Біреудің еңбегін қанаушы, арамтамақ [19, б. 1182].

Бұл сөздің қатысуымен жасалған тіркестерде де сүлік сөзі қан соратын құртпен байланыстырылған:

«Сүлік қара. а) Жылтыр қара. ә) Жіңішке, жұмыр, қара түсті жылқы.

Сүлік салды. Ауырған жерге медициналық сүлік жіберіп, арам қанды сорғызды.

Сүлік салып емдеу. мед. Адам денесіндегі арам қанды медициналық сүлік қойып емдеу.

Сүлік сорғандай [бозарды]. Өңі қуарды, қаны қашты» [19, б. 1182].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «сүліктей» сөзі «таза; асыл; әсем, көркем» деген мағынаны да білдірген. Бұл сөз осы мәнде Күлтегін ескерткішінде («Сілік қыз оғлуң күң болты»), Махмұт Қашқаридың сөздігінде де кездеседі. Қазақ жазушыларының шығармаларында да сүлік сөзі осы мәнде кездеседі: Сүліктей сұлу күрең сауырында күлің-күлің күн нұры ойнап, билей басады [36, б. 82]. Жаңағы қалмақ мергені де сүліктей сұлу сәйгүлікті қолға түсіргісі келіп, дәл қасына таяғанша күтіп отыра беріпті [37, б. 195]. Бастарында желкелігі жауырынына дейін жауып тұрған, сыртын сары тай жарғақпен қаптаған жалбағай түлкі бөрік, үстерінде ішін қасқыр терісімен астарлап, өңірін көк мауытпен әдіптеп, сыртын қынаға бояған қой терісімен қаптаған қызыл тон, аяқтарында қонышы қара санға жететін қайқы бас саптама етік, аттарына сыртын былғарымен сырып киіз жабу жапқан, ерлерінің басы қаздың мойынындай қайқиып кеткен өңшең сүлік сұлу торы ала ат мінген әлгі жат жерліктер алыстан келе жатса керек [36, б. 181].

«Сүлік» сөзі қазақ тілінде жағымды мәнде де (сұлулықтың, жылтырлықтың, қаралықтың эстетикалық символы), жағымсыз мәнде де (біреудің еңбегін қанаушы, арамтамақ), бейтарап мәнде де (қансорғыш жәндік) қолданылады. Орыс тілінде «пиявка» сөзі тура мағынасында қан сорғыш жәндікті білдіреді де, ауыспалы мағынасында «біреудің еңбегін, байлығын, күшін сорып, пайда көруші, жабысып алған адам» деген мағынада қолданылады. Бұл сөздің қатысуымен *прицепился как пиявка* (сүліктей жабысты), *отвязаться как от пиявки* (сүліктен құтылғандай), *пьёт кровь как пиявка* (сүліктей қан сорды) сияқты фразеологизмдер жасалған. Тұрақты тіркестерде «пиявка» көбінесе арамтамақ, тонаушы, мазаны алушы адамды бейнелейді.

Ағылшын тілінде «leech» сөзі тура мағынасында «қан сорғыш құрт» дегенді білдіреді (медицинада қолданылатындықтан, «medical leech» деп те аталады). Ауыспалы мағынасы ол сөз «арамтамақ, біреуге масыл, жабысып алып пайда көруші» деген мағынада қолданылады. Бұл сөздің қатысуымен *to cling like a leech* (сүліктей жабысты), *a leech on society* (қоғамның сүлігі, пайдасыз, арамтамақ адам), *to leech off someone* (біреуден масылдықпен пайда табу) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Ағылшын тілінде де «leech» сөзі көбіне «пайдакүнем, арамтамақ» деген мағынада қолданылады.

Байқағанымыздай, үш тілде де сүлікке қатысты «арамтамақ, пайдакүнем» ұғымындағы ауыспалы мағынадағы қолданыс бар. Орыс тілінде де, ағылшын тілінде де «сүлік» («пиявка», «leech») сұлулықтың нышаны ретінде қолданылмайды. «Сүлік» сөзінің эстетикалық-символдық бейнеде қолданылуы, сүліктей сұлу, сүліктей (сүлік) қара сияқты фразеологизмдердің түзілуі – қазақ мәдениетіне, қазақы дүниетанымға ғана тән ерекшелік, ұлттық-эстетикалық дүниетанымға тән құбылыс.

Қазіргі лингвистика, яғни тіл туралы ғылым, гуманитарлық білімнің алдыңғы шебіндегі әдіснамалық бағыттардың біріне айналып отыр. Соның нәтижесінде

мәдениетті тіл арқылы зерттеушілер қатары күн санап көбейіп келеді. Адамның танымдық әрекеті тілде вербалданған білім арқылы жүзеге асады: адам жаңа нәрселер мен таныс нәрселердің жаңа қырларын бұрыннан бар білімінің негізінде ғана анықтай алады.

Ғаламның тілдік бейнесінде жеке адам мен нақты қауымдастық үшін аса маңызды ақпараттық блоктар бейнеленеді. Олар адамның қоршаған ортаны қабылдауын, болмыстың жекелеген фрагменттерін қалайша бөліп-жарып құрылымдайтынын анықтайды. Әртүрлі мәдениеттер әртүрлі кодтарға, ұлттық тілге сүйенеді. Сондықтан ұлттық ғаламның тілдік бейнесіне нақты тіл материалы негізінде жүгіну қажет.

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты әлеуметтік феномендер ретінде лингвомәдениеттанымның нысанына айналады. Тіл мен мәдениеттің коррелятивтік байланыстары көпқырлы әрі орнықты сипатта болады. Лингвомәдени зерттеулер екі бағытта жүзеге асырылады: тілден мәдениетке, мәдениеттен тілге. Ұлттық ерекшелігі бар сөздер тілдік ұжымның өмір салтын ғана емес, сонымен қатар ойлау жүйесін де бейнелейді. Әртүрлі тілдердің семантикалық жүйелерінде тілдік-мәдени қауымдастық өкілдерінің санасында қалыптасқан ұғымдық жүйелер болады. Ұғымдық жүйелердің қалыптасуына әмбебап, жалпыадамзаттық факторлар ықпал етеді. Ол факторларға материалдық әлем мен адам өмірінің негізгі шарттарының біртұтастығы, адамдар әрекетінің ортақ бағыты, болмысты қабылдаудың жалпы механизмдері жатады. Алайда әрбір этномәдени қауымдастықтың өзіне ғана тән, өзге мәдениеттерде толық не ішінара баламасы жоқ ерекше мәдени, тұрмыстық және табиғи ортаға қатысты реалийлер болады. Мұндай реалийлер тілде мәдени реңкі бар тілдік атаулар арқылы көрініс тауып, өркениеттіліктің ерекше белгілері ретінде сипатталады.

## **1.2 Фразеологиялық бірліктерді зерттеудегі жаңа бағыттар**

Фразеологияны жеке пән ретінде қарастыру қажеттігін алғаш рет Е.Д. Поливанов айтқан [38]. Ғалым фразеологияны лексика мен синтаксистің арасында орналасқан, тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін сала ретінде сипаттайды. Кейін бұл идеяны В.В. Виноградов, Б.А. Ларин және басқа да ғалымдар дамытты.

Қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестердің қолданысы А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанов т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Қ. Кемеңгерұлы «Қазақша-орысша тілмаш», «Жаурапалықтарға арналған оқу құралы» атты еңбектерінде тұрақты тіркестердің мәнін мақалалық тілмаш ретінде жеке береді [39]. XX ғасырдың II жартысында қазақ тіл білімінде идиоматика мәселесін зерттеуде екі негізгі теориялық бағыт айқындалды: біріншісі – дәстүрлі-қолданбалы бағыт, ол теориялық зерттеулермен қатар лексикографиялық жұмысқа қатысты болды, екіншісі идиоматиканы лексикология тұрғысынан қарастырып, фразеологиялық бірлік сөйлемнің мүшесі ретінде қызмет

ететін, ұғымды білдіретін, жеке сөзге тең келетін тұрақты құрылым ретінде сипатталды.

Қазіргі тіл білімінде фразеологизмдер түрлі қырынан зерттеліп келді. Бұл қатарда А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртене, Ш. Балли, Н.Н. Амосова, И.А. Федосов, Ю.А. Гвоздарев, В.П. Жуков, Н.М. Шанский, т.б. ғалымдарды атауға болады. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, І. Кеңесбаев, М. Әлімбаев, Б. Адамбаев, К. Аханов, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Ә. Айтбаев, Н. Уәли, Г. Смағұлова, С. Сәтенова, т.с.с. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болды.

Фразеологизмдердің ерекшелігін сөз еткен І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» [40, б. 42-50], «О некоторых фразеологизмах в казахском языке» [41, с. 6-27] т.б. мақалалары қазақ тіл білімінде осы салаға арналған зерттеулердің жандануына негіз болды. Соның нәтижесінде Х. Қожахметованың «Ғ. Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар» деген кандидаттық диссертациясы [42], аудармадағы фразеологиялық құбылыс туралы Ә. Айтбаевтың «М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» атты кандидаттық диссертациясы [43] қорғалды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді жинақтап, жүйелеудің нәтижесінде 1977 жылы І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі [6] жарық көрді. Онда 11 мыңға жуық фразеологиялық тіркес қамтылған.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрылымдық мағыналық ерекшеліктері зерттеу нәтижесінде С. Сәтенова «Қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» атты [44] еңбегін жариялады. Фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты еңбегі [45] жарияланды. Сондай-ақ Р. Авакованың «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» [46], А. Нұрмахановтың «Түркі фразеологиясы» [47], қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша Г. Сағидолдақызының «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны» [48], Қ. Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы» [49], А. Байтелиевтің «Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғаты мен контексте қолданысы» [50], Б. Ақбердиеваның «Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар» [51], т.с.с. еңбектер жарық көрді.

Бүгінгі таңда фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөліне бастады. Когнитивтік фразеологияны дербес сала ретінде зерттеп жүрген профессор Г. Смағұлова: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады», – деп [52, б. 48], қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дискурстық сипатын тілдік тұлға,

лингвоэкология мәселелерімен байланыстырады. Ғалым «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» [52, б. 210], «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» [45, б. 12] атты еңбектерінде тұрақты тіркестерді антропоэзектік тұрғыдан зерттеп, лингвоконцептология, этнолингвистика, ұлттық таным тұрғысынан талдайды; тұрақты сөз тіркестердің когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерін көрсетеді [52, б. 44-57].

Сонымен бірге А. Тымболова «Тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер» [53], Ә. Хазимова «Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері» [54], Г. Айтжанова «Қазақ тіліндегі фразеологиялық калькалар» [55], Ж. Дәркембаева «Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар» [56], К. Сарышева «Эмоцияны білдіретін фразеологизмдер» [57], Г. Сырлыбаева «Қарсы мәнді білдіретін фразеологизмдердің парадигмалары» [58], Ж. Әбдірахманова «Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер» [59], А. Смаилов «Тұрақты тіркестердегі «әйел» концептісінің лингвомәдени негізі» [60], Б. Нағасбекова «Қазақ фразеологизмдерінің көпмағыналылығы» [61], т.с.с. диссертация қорғады. Сонымен қатар контрастивті фразеология мен лингвомәдениеттанудың өзекті бағыты ретінде туыстығы жоқ тілдерді салғастыра зерттеген ғалымдар да бар. Мысалы, А. Ислам қазақ, ағылшын фразеологизмдерін когнитивтік тұрғыда салғастыра зерттесе [62], Ф. Артыкбаева, М. Шойманова, Т. Мадилова қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің лингвомәдени аспектілерін салғастыра зерттеген [63]. Қ. Сарбасова қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді құрылымдық-семантикалық аспектіде талдаса [64], С. Сәтенова қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің ұлттық-мәдени уәжділігін зерделеген [44, б. 19].

Орыс тіл білімінде түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологиясын белсенді зерттеу 1950 жылдардан басталып, С.С. Майзель [65], Л.Н. Долганов [66], Р.А. Аганин [67], В.Е. Полякова [68], Э.В. Мамулия [69] еңбектерімен жалғасын тапты. Бұл дәстүр 1990-жылдары түрік фразеологиясын басқа тілдермен салғастыра зерттеу бағытымен жалғасты. Түрік және ағылшын тілдерінің грамматикалық және семантикалық аспектілерін семантикалық немесе құрылымдық белгілер негізінде салғастырмалы талдауға арналған зерттеулер Д.М. Марданова [70], Г.Х. Алеева [71], З.Х. Нуризянова [72], Г.М. Сафина [73], Р.Р. Гарипова [74] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Бұл зерттеулердің көбі ағылшын немесе басқа тілдердің тұрғысынан жүргізілген.

Сонымен қатар В.Н. Телия ағылшын, орыс, француз тілдеріндегі материалдарды салғастыра талдаудың нәтижесінде фразеологияны когнитивтік және мәдениетаралық тұрғыда зерттеген [30, с. 12]. В.И. Карасик [75], Г. Г. Слышкин [76] сияқты ғалымдар фразеологияны мәдениетаралық коммуникация контекстінде зерттеген. Ч. Балли (Charles Bally) француз, неміс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастыра талдаған [77]. А.П. Коуи (A. P. Cowie) де ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді басқа тілдермен салғастыра

зерттеп, сөздік құрастырған [78]. Сондай-ақ Ф. Дж. Хаусманн (F. J. Hausmann) да бірнеше тілді салғастыра зерттеу нәтижесінде көптілді фразеологиялық сөздіктер құрастырған [79]. Р. Мун (Rosamund Moon) ағылшын фразеологизмдерін корпус лингвистикасы негізінде басқа тілдермен салғастыра зерттеген [80]. К. Филлмор (Charles Fillmore) когнитивтік фрейм теориясын негізге ала отырып, идиомаларды әр тілдің мәдени сценарийімен сабақтастырған [81].

Қазіргі уақытта фразеология тіл білімінің маңызды саласы ретінде қарастырылады. Ол тілдің құрылымын, мағынасын, қолданылуын және мәдени контекстін зерттейді. Фразеологизмдерді зерттеу арқылы тілдің байлығы мен тереңдігін түсінуге болады. Бүгінде түрік фразеологиясын жүйелі-құрылымдық парадигматика тұрғысынан зерттеу мәселелері өзектілігін сақтап отыр, себебі сөздердің тұрақты тіркеске бірігу заңдылықтары мен олардың мағыналары, жүйелік байланыстары және сөйлеудегі қызметі әрбір тілге тән ерекше белгілерді көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің ұлттық ерекшеліктері А.А. Шахматов, В.В. Виноградов, Е.М. Верещагин, А.И. Федоров, А.Н. Баранов, Д.О. Добровольский, В.Г. Костомаров, А.М. Мелерович, В.М. Мокиенко, А.Д. Райхштейн, В.Н. Телия, Т.З. Черданцева және басқа да лингвистердің еңбектерінде зерттелген.

Ал ағылшын тіліндегі фразеологизмдер туралы көлемді еңбек ретінде А.В. Куниннің «Курс фразеологии современного английского языка» еңбегін атап көрсетуге болады [82]. Ғалым ағылшын фразеологиясын өзіне тән заңдылықтарымен бірге жүйелі құбылыс ретінде қарастырады, фразеологиялық бірліктердің тұрақтылығын, олардың семантикалық құрылымын және қазіргі ағылшын тілінің фразеологиялық бірліктерінің шығу тарихына аса назар аударады. Сонымен қатар осы салада көптеген еңбек жариялап, алғаш фразеологизм саласында симпозиум ұйымдастырған А.П. Коуи [78, р. 28], Р. Мун [80, р. 42], Дж. Синклер [83] сияқты ғалымдар фразеологиялық сөздіктері мен еңбектері арқылы фразеология саласында өз ізін қалдырды. Белгілі лингвист Стефан Т. Гристің зерттеуінде фразеологиялық бірліктер белгілі аспектілер (фразеологизмдегі бірліктердің саны, сипаты, олардың лексикалық және синтаксистік өзгермелілігі) негізінде «фразеологизм» терминіне анықтамалар беріледі [84]. В. Филлмор [85] мен Питерс [86] еңбектерінде фразеологизмдер семантикалық және синтаксистік аспектілерде қарастырылып, формалды семантика мен сөйлем мағынасының құрылымы тұрғысынан талданды. Зерттеушілер фразеологизмдерді сөйлемнің семантикалық репрезентациясына әсер ететін құрылым ретінде сипаттайды.

Тілді антропоөзектік тұрғыдан сипаттауда В. фон Гумбольдт [28, с. 13] пен Л. Вайсгербердің [87] ілімі, Э. Сепир [31, с. 7] мен Б. Уорфтың [88] лингвистикалық салғастырмалылық гипотезасы, сондай-ақ дүниетаным, концепт, мәдени код сияқты ұғымдарды зерттеуге бағытталған неогумбольдшілдік, мәдени-антропологиялық бағыттар басшылыққа алынады. Антропоөзектік ұстанымды

алғаш сипаттаған В. фон Гумбольдт: «Тілді адамның қабілеті ретінде қарастыру қажет, өйткені тілді саналы түрде ойлап табылған, адам ақылының туындысы ретінде түсіндіру мүмкін емес... Тіл адамға берілген қабілет болмаса, оны ойлап табу мүмкін болмас еді», – дейді [28, с. 313].

Қазіргі лингвистикада тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуде бірнеше бағыт қалыптастқан:

- Н.И. Толстойдың этнолингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулері;
- А.К. Бабурин, Я.В. Чесноков, П.М. Кожин, В.В. Воробьев жүргізген этнографиялық зерттеулер;
- Н.Д. Арутюнова, Ю.Д. Апресян, В.В. Иванов, Е.А. Земская, В.Н. Телия, В.Н. Топоров, А.Д. Шмелев және т.б. ғалымдардың ғаламның тілдік бейнесі мәселелерін зерттеу еңбектері.

Фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, ұлттық ойлау жүйесін, мәдени кодын бейнелейді. Сондықтан бүгінгі таңда фразеологизмдер антропоэзектік, когнитивтік, лингвомәдени бағытта қарастырылып келеді. Фразеологизмдер танымдық бірліктер болғандықтан, адамның эмоциясын, бағалауын, тәжірибесін, өмір салтын жеткізе алады. Осыған байланысты фразеологизмдерді лингвомәдени тұрғыдан салғастыра зерттеу әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін тануға, өзара түсіністікке жол ашады.

Лингвомәдениеттану (лат. *lingua* – тіл, *cultura* – мәдениет, *logos* – ілім) – тіл мен мәдениеттің қызмет ету үдерісіндегі өзара байланысын зерттейтін тіл білімінің саласы. Лингвомәдениеттану ұлттық тілді сол қалпында зерттеу арқылы онда бейнеленетін материалдық және рухани мәдениетті зерделейді. Лингвомәдениеттану пәні – тіл мен мәдениеттің синхронды байланысы, яғни олардың қазіргі кезеңдегі не белгілі бір синхронды даму фазаларындағы өзара әсері. Бұл байланыс ұлттық және жалпыадамзаттық өлшемдер шеңберінде қарастырылады. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеті; болмыстың құбылыстары мен үдерістері, мәдени ақпаратты тасымалдаушы ретіндегі тілдің қызметі, сол тіл арқылы мәдениет жасаушы адамның қызметі. Зерттеу пәні – ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөліктері ретінде көрінетін материалдық және рухани мәдениет; адам санасының тіл арқылы бекітілген нәтижелері, олар аңыз, миф, фольклор, діни дискурс, көркем мәтін, фразеологизм, метафора, символ, паремияларда көрініс табады [35, с. 35-36].

Лингвомәдениеттанудың басты мақсаты – тіл бірліктері арқылы мәдениетті бейнелеу, сақтап, жеткізу тәсілдерін зерттеу. Адамды зерттеу өзегіне қоятын антропоэзектік тәсіл негізінде лингвомәдениеттану түрлі ұлт өкілдерінің ойлау, мәдени және психологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Соның негізінде олардың мәдени құндылықтары мен материалдық әрі рухани әлеміне қатысты концептілердің ерекшеліктері айқындалады.

Лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің орталығында адам және оның тілдік номинациясы тұрады. Осыған байланысты, тілдік бірліктердің мәдени ақпарат

тасымалдаушы ретіндегі қызметі де қарастырылады. Мұндай номинациялардың ішінде фразеологиялық бірліктер маңызды орын алады. Себебі олар халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен, ойлауымен, өзіндік ерекшеліктерімен байланысты [35, с. 48]. В.Н. Телия фразеологиялық жүйені «лингвомәдени қауымдастықтың өзін өзі тануына көмектесетін айнаға» ұқсатады [30, с. 26].

Тіл мен мәдениеттің бір-бірімен сабақтастығының лингвистикада маңызы зор. Аталған екі құбылыстың тоғысуы арқылы пайда болатын тілдік бірліктер сол ұлттың тарихы, мәдениеті, халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелеумен бірге сол халықтың сөздік қорының байлығын да көрсетеді. Ал мәдениеттің мәні тілдің ішкі құрылымында бейнеленеді. Сонымен бірге тіл қарым-қатынас және ойлау құралы ғана емес, мәдениетті сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін кумулятивтік қызмет те атқарады.

В.В. Воробьев тіл мен әдебиеттің байланысы туралы «тілдің ғаламдық бейнесі белгілі бір ұлттық тілде баяндалған мәдениет туралы білім жүйесі» дейді [89].

Лингвомәдениеттанудың ерекшеліктері:

1. Ол – синтездік сипаттағы, мәдениет пен филология (лингвистика) аралығындағы ғылым.

2. Негізгі нысаны – мәдениет пен тілдің өзара әрекеттесуі, оны өзара бірлікте зерттейді.

3. Зерттеу пәні – ұлттық болмыстың тілдік коммуникациядағы көрінісі, мәдени құндылықтар негізінде қалыптасатын ұлттық ғалам бейнесі.

4. Лингвомәдениеттану қазіргі қоғамды, мәдени құндылықтар жүйесін айқындауға бағытталған.

5. Мәдениетті толыққанды сипаттау үшін лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің диалектикалық өзара ықпалын, олардың тарихи дамуын, заманауи мәдени таным жүйесін қалыптастыратын ұғымдарды нақтылайды [90, с. 172].

XIX ғасырдың соңында тіл/қоғам/мәдениет/тұлға арасындағы байланыс сияқты макролингвистикалық мәселелер В. фон Гумбольдт пен А.А. Потебня еңбектерінде сөз болды. Лингвомәдениеттанудың ғылыми негіздері А.А. Потебня, М.М. Покровский, Г.В. Степанов, Д.С. Лихачев, Ю.М. Лотман, В.Н. Телия, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Т.З. Черданцева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қаланған. Қазақ тіл білімінде Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Әуезов т.б. ғалымдар тіл мен мәдениеттің өзара байланысына ерекше мән берген. Алайда кейін тіл білімінде структурализм үстемдік етуіне байланысты тіл / қоғам / мәдениет / тұлға арасындағы байланысты зерттеуге бағытталған еңбектер ығыстырылып қалды. Структурализм тілді «өзі үшін» зерттеумен шектелген еді. Алайда өткен ғасырдың соңына қарай гуманитарлық білім парадигмасының өзгеруіне байланысты пәнаралық синтездерге негізделген, этнопсихология,

психолингвистика, когнитивтік психология, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, т.б. ғылым салалары пайда болды.

Қазіргі кезеңде бұл ғылым тіл мен мәдениеттің өзара әрекетін жекелеген ғылым салаларының әдіснамалық негізінде, яғни мәдениеттанушылар мен лингвистердің арнайы түсініктері негізінде зерттейді. Бұл салаларда интеграциялық үдерістер мен симбиоз жалғасып, олардың ішінен этнопсихолингвистика, этносемантика және этнофразеология сияқты дербес бағыттар қалыптасты. Бұл тұрғыда Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Е. Жұбанов, М. Копыленко, Н. Уәли, Г. Смағұлова, Р. Шойбеков, Е. Керімбаев, Қ. Рысберген, С. Сәтенова, Р. Иманалиева, А. Мұқатаева, Қ. Ғабитханұлы, Қ. Аронов, Ұ. Ержанова, С. Исақова, А. Жылқыбаева, Б. Қарағұлова, Б. Ақбердиева, О. Жұбаева, А. Әмірбекова, Т. Жаубасова, А. Оқа, Ә. Алмауытова және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атауға болады.

«Тіл» мен «мәдениет» өзара иерархиялық қатынаста тұрады. Бұл қатынас жалпымәдени сипаттағы сипаттамаларға – салғастырмалы-мәдени және ұлттық-мәдени ерекшеліктерге сүйенеді. Қазақстанда салғастырмалы лингвомәдениеттанудың негізін салған профессор З. Ахметжанова «Лингвомәдениеттану – этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп, келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да, жарқырата алатын, этнолингвистика пәнімен ағайындас, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән», – деп тұжырымдайды [10, б. 175].

Зерттеуші В.В. Воробьев лингвомәдениеттанудың бірнеше бағыты бар екенін айтады [89, с. 76]. Лингвомәдениеттанудың негізгі бағыттарының ұстанымдары:

- мәдениетті антропоэлектік тұрғыда түсіну;
- адамды тілдік тұлға ретінде сипаттау;
- тілді мәдени құндылықтардың бейнелену жүйесі ретінде сипаттау;
- тіл мен мәдениеттің синхронды өзара әрекетін сипаттау;
- мәдениетті тіл дамуының жоғарғы деңгейі ретінде сипаттау;
- дүниені тілдік бейнелеудегі ұлттық ерекшелік ретінде сипаттау және т.б.

Лингвомәдени жағдаят туралы Т.М. Дридзе, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, В.М. Шаклеин, В.А. Маслова сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. Бүгінде лингвомәдениеттану саласында бірнеше ғылыми мектеп қалыптасқан. В.А. Маслова лингвомәдениеттанудың төрт мектебін көрсетеді:

1. Ю.С. Степанов мектебі (мәдени константаларды диахрониялық аспектіде сипаттайды, мәтіндерді белсенді тіл иесі емес, сырттай бақылаушы тұрғысынан түсіндіреді);

2. Н.Д. Арутюнова мектебі (мәдени концептілерді әртүрлі дәуір мен мәдениеттің мәтіндері негізінде зерттейді);

3. В.Н. Телия мектебі (тіл иесінің рефлексиясы, сөйлеу-ойлау үдерістері арқылы фразеологизмдерді лингвомәдени талдаудан өткізеді);

4. В.М. Шаклеин мен В.В. Воробьевтың мектебі (В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин тұжырымдаған лингвоелтанымдық бағытты дамытатын салғастырмалы лингвомәдениеттану мектебі) [35, с. 30].

В.А. Маслова мәдениетті зерттеуде мәдениеттің тілдік концептілердің қалыптасуына әсері, «мәдени мәндер» тілдік таңбаның қай бөлігіне бекітілетіні, мәндер сөйлеуші мен тыңдаушы тарапынан қаншалық ұғынықты болатыны, олардың сөйлеу стратегияларына қалай ықпал ететіні, тілдік тұлғаның мәдени-тілдік құзыреті, яғни сөйлеу, тыңдау қабілетімен қатар мәдени бағдарларды да меңгеру деңгейі қарастырылатынын айтады [35, с. 31].

Лингвомәдениеттану ұлттық-мәдени негізді анықтайды. Ол тілдік бірліктің мағынасы, ұлттық не жалпыадамзаттық мәдени концептілермен (кодтармен, бағдарлармен) байланысы негізінде сипатталады. Тілдік бірліктерде кодталған мәдени ақпарат бір ұлттың шеңберімен шектеліп қалмай, ұлтаралық, әмбебап сипат алады. Осыған байланысты В.Н. Телия: «Лингвомәдениеттану – тілдегі адамдық, дәлірек айтқанда, мәдени факторға және адамдағы тілдік факторға бағытталған», – дей келіп, оны антропологиялық бағыттағы ғылым саласына жатқызып, негізгі нысаны мәдениет феномені болатынын ескертеді. Лингвомәдениеттану антропоэзектік парадигмаға тән болғандықтан, «тілдегі мәдени фактор мен адамдағы тілдік факторды» зерттейді [30, с. 222].

Фразеологизмдерді мәдениет контекстінде қарастыру үшін зерттеу бағыттарын айқындау қажет. Қазіргі таңда бұл бағытта үш негізгі бағдар байқалады:

а) Этнолингвистикалық бағдар – фразеологизмдердің қалыптасуындағы мәдени қабаттарды тарихи-реконструктивтік тұрғыда анықтауға бағытталады;

ә) Лингвомәдениеттанымдық талдау – халықтың қазіргі мәдени өзіндік санасын бейнелеу қабілетін, яғни оның менталитетінің негізін фразеологиялық белгілер арқылы сипаттауды мақсат етіп, бейнелеудің әртүрлі дискурстардағы қолданысын зерттейді;

б) Контрастивтік бағыттың басты мақсаты – белгілі бір тілдің фразеологизмдеріне тән этникалық немесе ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындау, қарапайым ғалам бейнесіндегі ерекшеліктерін ашып көрсету.

Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстардың этномәдени ерекшеліктері лингвомәдениеттану саласында ғана емес, басқа салаларда да, атап айтқанда:

– этнолингвистика (Н.И. Толстой, В.Н. Топоров, В.В. Иванов),

– лингвоелтаным (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Г.Д. Томахин),

– этнопсихолінгвистика (Ю.А. Сорокин),  
– әлеуметтік лингвистика (Н.Б. Мечковская) сияқты салаларда да зерттеліп келеді.

XX ғасырда тіл мен мәдениет арасындағы байланыс негізгі ғылыми мәселелердің біріне айналып, этнолінгвистика атты тұтас бағыт қалыптасты. Ә. Қайдар этнолінгвистика саласын этнос пен оның тілінің сабақтастығынан туындаған ғылым саласы ретінде сипаттап, «этнос» сөзін: «Өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы», – деп сипаттайды [13, б. 10].

Этнолінгвистика мен лингвомәдениеттанудың мақсаттары ұқсас: олар тіл мен рухани мәдениет, тіл мен халық менталитеті, тіл мен халық шығармашылығы арасындағы байланыстарды зерттейді [90, с. 182]. Олардың зерттеу әдістері бір болғанымен, этнолінгвистиканың мақсаты – тілдік деректер негізінде белгілі бір этностың этникалық аймағы мен материалдық және рухани мәдениетін реконструкциялау. Осыған байланысты этнолінгвистер тілдің тарихи мәні бар материалдық-мәдени кешендермен байланысты лексикалық элементтеріне ғана назар аударады [35, с. 10]. Мысалы, қазақ тіліндегі «мал тапқанға бақ қонады», «аттың жалында, түйенің қомында» деген фразеологизмдер көне көшпелі өмірдің шынайы көрінісінен хабар береді. Орыс тіліндегі «ақылсыз» мәнінде қолданылатын «без царя в голове» тіркесі – мемлекеттілік, саяси-әлеуметтік құрылымға қатысты мәдени код. Ағылшын тіліндегі «to bring home the bacon» (нәпақа табу) тіркесі – ауыл шаруашылық, тұрмыстық мәдениеттің бейнесі. Сол сияқты барлық тілде де «алыс, шалғай» деген мәнде жұмсалатын «ит арқасы қиянда», «у чёрта на куличках», «in the back of beyond» тіркестері де әр халықтың мәдени кодына сай түрліше образдармен бейнеленген. Этнолінгвистика тіл мен мәдениетті ғана байланыстырып қоймайды, сонымен қатар тарих, археология, антропология, этнография, психология сияқты ғылымдармен де тоғысады. Осы тұрғыдан алғанда, тұрақты тіркестерді этнографиялық мәліметтермен салыстыра талдау – этностың көне дүниетанымын қайта құруға мүмкіндік береді.

Этнолінгвистиканың зерттеу нысаны белгілі бір этностың ерекшеліктері болса, әлеуметтік лингвистика көбінесе осы этностың әлеуметтік құрылымын, әртүрлі әлеуметтік және жас ерекшелігіне сай топтарды тек қазіргі заман деректері негізінде зерттейді. Лингвомәдениеттану этнолінгвистика мен әлеуметтік лингвистикаға қарағанда жалпылама сипаттағы ғылым болып табылады, себебі ол тілдік деректерді тек бүгінгі күнмен шектемей, тарихи тұрғыда рухани мәдениеттің призмасы арқылы зерттейді. Алайда лингвомәдениеттанушылар қазіргі кезеңдегі немесе нақты бір кезеңдегі тіл мен мәдениеттің өзара

әрекеттесуін зерттейді. Ал этностық формалар этностың мәдени мұрагерлігі мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығын дәлелдейтін фактор ретінде қарастырылады [62, б. 271].

Этнолингвистика лингвомәдениеттанудан материалы мен мақсатына қарай ерекшеленеді. Ол халықтық таптаурынды, фольклорлық немесе этностық ғалам бейнесін айқындауды ғана мақсат етпейді. Оның мақсаты – күнделікті сөйлеу барысында көрініс табатын, әртүрлі дискурстарда (әдеби, философиялық, діни, фольклорлық), бейвербалды мәдени мәтіндерде де негізі бар, жалпыға ортақ және нақты бір ұлтқа тән дүниетанымдық үлгілерді сипаттау. Этнолингвистикада бірнеше тілді салғастыра зерттегенде ұлттық дискурста көрініс тапқан сөйлеу жағдаяттары мен оқиғалар жиынтығы назарға алынады, зерттеу пәні осы ұлттық дискурстың құрылымы мен факторлары болады [91, с. 170]. Екі ғылымда да фразеологияға, символдарға, сөйлеу таптаурындарына ерекше назар аударылады. Екі салада да тілдік деректер тілдік тұлға, ойлау ерекшелігі мен сана құрылымымен сабақтастықта қарастырылады. С. Исаевтың пайымдауынша, тіл – адамдар үшін қоғамдағы маңызды қатынас құралы, сол себепті ол бір жағынан, ойлаумен, ал екінші жағынан ойлау арқылы санамен тығыз байланыста, әрі қоғамда өзіндік қызметтері бар. Ойды жарыққа шығарушы әрі жетілдіруші тіл болып табылатындықтан, тілдің негізгі единицалары ойлаудың категорияларымен сәйкес келеді [92, б. 4].

Фразеологизмдер ғаламның тілдік бейнесін, халықтың ділін танытып, ұлттық мәдени кодын сақтайтын когнитивтік құралдар болып табылады. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, фразеологизмдер концепт репрезентациясы арқылы көрініс табады. «Концепт» терминінің орнығуына байланысты зерттеудің жаңа формасы – концептуалдық талдау пайда болды. Мұнда талдау нысаны ретінде концепт алынады. «Концептуалдық талдау» термині әрі концептілерді талдау, әрі зерттеу бірлігі ретінде концептіні негізге алатын талдау дегенді білдіреді. Концептуалдық талдау ғылыми бағыттың интегративтік табиғатымен, тілді құрылымдық тұрғыда сипаттаудан антропоэзектік сипаттағы тілдік бейнелеу тәсіліне көшуге негізделген. Мұнда В.Н. Телия ұсынған «фразеологиялық тілдің» лингвомәдени талдау әдісі қолданылып келеді [11, б. 153], сондай-ақ В.М. Шаклеиннің [93] тарихи-ретроспективтік ахуалды зерттеу әдісі қолданылады.

В.Н. Телия ұсынған мәдени концептілерді концептуалды-идеографиялық талдау бірнеше кезеңді қамтиды:

1. этнос мәдени концептіні белгілеу үшін пайдаланатын барлық тілдік бірлікті (лексикалық, фразеологиялық және т.б.) анықтау;
2. концептіні параметрлерге бөліп сипаттау;
3. концептуалдық қаңқаны құрып, оған концепт атауларының тәсілдерін салу;
4. әрбір параметрден таксономиялық торларды анықтап, базалық метафораны этностың мәдени таптаурындармен сәйкестендіру [11, б. 260-262].

Бүгінгі таңда мәдени концептілерді сипаттауға арналған әдістер алуан түрлі. Ол әдістердің атаулары зерттеліп отырған тілдік материалға, енді біреулері жүргізілетін талдаудың негізгі аспектілеріне негізделген. Осыған байланысты Р.Р. Замалетдинов: «Концептуалдық талдау компоненттік талдауға сүйенуі мүмкін, өйткені семантикалық белгілер комбинациясын анықтау зерттелетін концептуалдық бірліктердің мазмұндық көлемін ашуға, оларды тілдің мағыналық континуумындағы орны арқылы сипаттауға, басқа концептілердің қатарында тануға мүмкіндік береді» [94, с. 125].

Зерттеуші Р.М. Фрумкина бұл бағыттағы зерттеулерді жүйелеп, концептуалдық талдаудың үш түрін көрсетті: «Біріншіден, концептуалдық талдаудың нысаны ретінде білім, пікір, ұқсастық, сену сияқты сөздермен берілетін күрделі менталдық құрылымдар қарастырылады. Бастапқы материал ретінде түрлі мәтін үзінділері, соның ішінде философиялық мәтіндер алынады, ал мағыналар автордың танымына сәйкес интерпретацияланады. Екіншіден, зерттеудің бастапқы материалы ретінде түрлі мәтіндерден алынған диагностикалық контекстер алынады; концептуалдық талдау қалыптасқан лингвистикалық дәстүрлер негізінде жүзеге асырылады, алайда бұл талдаудың ерекшелігі тілдік фактілердің лингвистикадан өзгеше категориялармен қарастырылуында; мұнда ең бастысы – мағынаны интерпретациялау. Үшіншіден, кез келген тілдік материал зерттеу нысаны бола алады: нақты лексиканы да, предикативті элементтерді де, модальдылықты білдіру тәсілдерін де, метафора секілді құбылыстарды да сипаттауға болады. Бұл жағдайда зерттеушінің ішкі бақылауына (интроспекцияға) негізделген талдау негізгі әдіс ретінде қолданылады» [95, с. 82].

Концептуалдық талдауда лексемаларды сипаттауда сөздіктегі дефиницияларды талдау әдісі де қолданылады. Себебі адамның когнитивтік әрекетінің нәтижелері сөзде және оның түсіндірмесінде айқын көрініс табады. К. Садирова тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуде коммуникацияға қатысушылардың тілдік білімдерін қалай пайдаланатыны ғана емес, сонымен қатар олардың әлем туралы білімдері, әлеуметтік мәнмәтіндегі айтылым, жадта сақталуы ақпаратты ала білу, дискурсты жоспарлау және басқару ерекшеліктері де көрінетінін айтады [96].

Лексикалық семантика мен концептуалдық талдауды салыстыра отырып, зерттеушілер олардың мақсаттары ұқсас болғанымен, белгілі бір деңгейде қарама-қарсы бағытта екенін көрсетеді: бірінде тілдік форма – лексемадан семантикалық мазмұнға қарай бағытталса, екіншісінде «мағына бірлігі – ұғым, бейне, концептіден» оны білдіретін тілдік формаларға қарай ойысады [90, с. 292]. Н.И. Толстойдың тұжырымдамасында тіл «табиғи» мәдени субстрат ретінде қарастырылады: ол мәдениеттің барлық құрылымын қамтып, «дүниені менталдық тұрғыдан реттеу құралы» және «этникалық дүниетанымды бекіту тетігі» ретінде қызмет етеді. Онда тіл мен мәдениеттің бейвербалды көріністері (сөз бен зат, әрекет, бейне немесе рәсім) өзара тәуелді екені негізге алынады. «Тіл мәдени

шындықты бейнелеумен қатар тілдік емес мәдени кодтарды да қалыптастырады; тілдің эволюциялық механизмдерін зерттеу тілді қоршаған факторларды да анықтауды талап етеді. Нақты заттың символдық мәнге ие болуы нәтижесінде ол бұрынғыдай табиғи тілдегі белгілейтін зат ретінде емес, белгіге мәдениет тіліне айналады, ал оны білдіретін сөз екінші реттік, символдық семантикаға ие болып, «екі есе таңбаға» айналады».

В.Н. Телия концептуалды мазмұнды білдірудің ең өнімді құралдарының бірі – табиғи тіл екенін ескерте келіп, тіл білімі, мәдениеттану және тіл философиясында фразеологиялық құрам (яғни, сөйлеуде дайын күйінде қолданылатын тұрақты тіркестерді) тіл арқылы жүзеге асырылатын концептілердің «мәдени тілі» ретінде қарастырады [30, с. 201]. Фразеологизмдер арқылы әлемді қабылдаудың ерекшеліктері көрінеді. Тілді мәдениет контекстінде зерттеу фразеологиялық бірліктердің құрамында мәдени маңызы бар мағыналарды анықтап, сипаттауға мүмкіндік береді. Фразеологизмдер халықтың мәдени өзіндік санасын білдіріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар осы әртүрлі семиотикалық жүйелердің үздіксіз диалогында қалыптасады.

Адамның ғалам туралы түсінігі фразеологиялық бірліктерде көрініс табады. Олар – индивидтің дүниені қабылдау ерекшеліктері мен таным нәтижелерін бейнелейтін мәдени-тілдік құрылымдар. Ғаламның тілдік бейнесі теориясының негізін қалаған неміс ғалымы Лео Вайсгербер бұл тұжырымдаманы Вильгельм фон Гумбольдттың «Тілдің ішкі формасы» туралы іліміне сүйене отырып дамытты [87, с. 106]. Вайсгербер «ғаламның тілдік бейнесі» ұғымын алғаш ғылыми тұрғыда негіздей келе: «Белгілі бір тілдің сөздік қоры – тілдік қауымдастықтың иелігіндегі ұғымдық-ойлау құралдарының жиынтығы. Әрбір тіл иесі бұл сөздікті меңгерген сайын бүкіл қауым осы ойлау құралдарына ие болады. Сондықтан ана тілі өз ұғымдарында белгілі бір ғалам бейнесін қамтып, оны өзгелерге жеткізеді» [87, с. 107]. Эрнст Кассирер «Символдық формалар философиясы» атты еңбегінде ғылыми ғалам бейнесін зерттеуде тілдің шектеулігінен арылу қажеттігін атап өткен еді. Ол тіл мен мифті бір деңгейде қарастырып: «Философиялық таным тіл мен мифтің құрсауынан босап шығуы тиіс... Бұлардан арылмайынша, таза ой кеңістігіне ұмтылу мүмкін емес», – деп жазды [97, с. 127].

Ғаламның тілдік бейнесі ұғымы өзара байланысты, бірақ бөлек екі идеяны қамтиды:

1. тіл ұсынатын ғалам бейнесі ғылыми көзқарастан өзгеше («ғаламның қарапайым бейнесі»);

2. әр тіл шындықты өзгелерден өзгеше «бейнелейтін» өзіндік бейне түзеді.

Ғаламның тілдік бейнесін зерттеу екі бағытта жүргізіледі:

1. Белгілі бір тілдің лексикасын жүйелі семантикалық талдау негізінде онда бейнеленген ұғымдар жүйесі қалпына келтіріледі. Онда жүйенің қарапайым, яғни ғылыми емес дүниетанымды бейнелеуіне мән беріледі.

2. Тілге тән, яғни ерекше концептілер зерттеледі. Мұндай концептілер екі түрлі: а) олар сол мәдениет үшін өзекті (мәдениетті түсінудің «кілті» ретінде қызмет етеді); ә) бұл концептілерге басқа тілдерде дәл балама табу қиын: баламасы жоқ не болса да, сөздің ұлттық-ерекше семантикалық компонентін бере алмайды. Мысалы, қазақ тіліндегі құт, береке, құтты болсын, қайырлы болсын, т.с.с. лексемалар.

Э. Сепир адам дүниені тілдік дағдылары арқылы көретінін ескерте келіп: «Адамзат тәжірибесінің бүкіл жиынтығы тілде әбден сіңісіп кеткен, сондықтан болмыс та өзі сөзбен өрілген әлем ретінде қабылданады. Тіл тәжірибені жинақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, жеке адамды жалпы қабылданған дүниетаныммен байланыстырады. Көп жағдайда біз шындық пен оны белгілейтін тілдік символдарды ажырата алмаймыз... Заттар, қасиеттер мен құбылыстар көбіне олардың атауына сай қабылданады» [31, с. 227]. Ғалам бейнесі мәселесіне арналған еңбектердің ішінде О.А. Корниловтың «Ұлттық менталитеттерден туындайтын ғаламның тілдік бейнелері» атты монографиялық зерттеуін атауға болады [27, с. 135]. Бұл еңбекте әртүрлі этностардың дүниеге деген «көзқарастары» ғылыми білімнің инвариантымен салыстырылады. Сондай-ақ белгілі бір ұлттың тіршілік ортасына, адам санасының құрылымына тәуелді сыртқы әлемді вербалданған интерпретациялау нәтижелерінің сипаты туралы сөз болады.

Ғалам бейнесі когнитивтік мазмұнды, яғни адамдардың қоршаған әлемді тану тәсілдері туралы білімді анықтайды. Алайда белгілі бір халықтарға тән ғалам бейнелерін сипаттайтын зерттеушілер көбінесе халықтардың әлемді қалай танығанын емес, осы танымның нәтижелерін зерттейді. Бұл нәтижелер мәдениет жүйесінде тіл бірліктері арқылы көрсетілген. Солай бола тұра, ғаламның тілдік бейнесін зерттеу нақты бір мәдениетті шынайы түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы белгілі бір этностың когнитивтік ұстанымдары, философиялық көзқарастары, этикалық және эстетикалық нормалары, діни және «ғылыми» сенімдері тәрізді мәдени-мазмұндық құрылымдарды тануға болады.

Ғалам бейнесі – адамның түйсік, қабылдау, елестету, ойлау үдерістері негізінде қалыптасқан, тұтас әрі ғаламдық сипаттағы дүниетаным моделі. Ол адамның мінез-құлқын, құндылықтар жүйесін, дүниетанымын қалыптастыратын мәдени маңызы бар ұғымдарды ұйымдастырып, қорытуға ықпал етеді. Когнитивтік үдеріс адамның жеке санасында дүниені тану мен бейнелеуінің тетігі ретінде «ғалам бейнесін» құрумен тікелей байланысты. Бұл бейне ұлттық менталитет, көзқарастар жүйесі және әлеуметтік белгіленген басымдықтар арқылы объективті шындықты бейнелейді. Ғалам бейнесі дүниетаныммен тығыз байланысты, яғни ол – табиғи және қоғамдық болмыстың біртұтас концептілік формасы. Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А.П. Бабушкин, Ю.М. Лотман, Г.В. Колшанский еңбектерінде ғалам бейнесі құрылымдық ұйымдасуы мен

функционалдық сипаты бар, белгілі бір заңдылықтармен дамитын идеалды когнитивтік құрылым ретінде сипатталады.

«Ғалам бейнесі» терминінің лингвистикаға енуі тіл арқылы адамды тану мәселесіне бет бұрумен, яғни тілді адам болмысының ең маңызды феномені ретінде қарастырумен тікелей байланысты. Тіл мен адамның байланысын сипаттауда адам тілдің бейнелейтін ғалам бейнесінің орталық тұлғасына айналады. Соңғы онжылдықтарда жүргізілген зерттеулер тілдің антропоэзектік қағидаға негізделетінін дәлелдейді: тіл белгілі бір заттың көлемін, пішінін, температурасын, кеңістіктегі орнын, қызметін және басқа да ерекшеліктерін сипаттауда адамның өзін тірек нүктесі ретінде қарастырады. Ғалам бейнесіне бейнелеуші субъект, бейнеленетін нысан мен бейнелеу нәтижесі енеді. Мұндағы субъект – адам, белгілі бір әлеуметтік не аймақтық топ не ұлт. Нысан – бүкіл қоршаған болмыс. Нәтиже – танымдық әрекеттің жемісі ретінде қалыптасып, белгілі бір ұғым, бейне, идея, ассоциация, символ, т.б. түрінде санада сақталған білім жиынтығы. Адам қоршаған ортаны өз танымына икемдегенмен, өзі де сол орта әсерінен тыс қала алмайды. Қоршаған ортаның белгілері, адамның өз қолымен тудырған идеялары өзіне қайта әсер етеді. А. Гуревич адамның мінез-құлқында «ғалам бейнесі» көрініс табатынын ескерте келіп, ол бейнеге жеке тұлғаның қоғаммен өзара байланысы, еркіндік, ар-ұждан, жақсылық пен жамандық, құқық пен еңбек, отбасы, тарих пен уақыт, жаңа мен көненің арақатынасы секілді ұғымдар кіретінін айтады. Бұл бейне ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріліп, қоғамдық тәжірибе барысында үнемі өзгеріп отырады [98, с. 24].

Адам өз санасында ғалам бейнесін қалыптастырғанда, ең алдымен, сезімдік тәжірибесіне сүйенеді, яғни сыртқы дүниені танудағы бастапқы дереккөзі – түйсік пен қабылдау. Сондықтан адам санасы білім жиынтығы ғана емес, сонымен қатар эмоциялық қабылдау, уайым, күйзеліс, таңдану сияқты «эмоционалды тәжірибені» де қамтиды [99, с. 124]. Ғаламның бейнесі, яғни мәдени-әлеуметтік кеңістік ретіндегі бейнесі тілде айнадағыдай көрініс таппайды, керісінше, ол тілді де, оның иесінің санасын да қалыптастырады. Тілдің өзі де мәдени-әлеуметтік ғалам бейнесін модельдеп, адам әлемін объективті шындықтың бейнесі түрінде білдіреді, яғни таным нәтижесінде қалыптасқан сананың өмір сүру формасы ретінде қызмет етеді. Тіл – әлемді тілдік санада модельдеудің құралы.

Б.А. Серебренников пен Ю.Н. Караулов «тілдік сана» ұғымын белгілі бір этностық қауымның мәдениеті мен қоғамдық өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін, оның психикалық болмысы мен тіліндегі ерекше белгілерінен көрінетін құбылыс ретінде сипаттайды. Тілдік санада ұлттық-субъективті ғалам бейнесі түзіліп, халықтық, таптаурынды түсініктер мен қабылдаулар көрініс табады. Осыған байланысты Л.Ю. Буянова: «Концептінің әрбір нақты семантикалық-психологиялық және эмоциялық-эстетикалық жүзеге асырылуы тұлғаның тілдік санасының ерекшеліктерімен анықталады», – дейді [100, с. 14].

Тілдік сана мен мәдени құндылықтар тілде күнделікті ғалам бейнесінің менталды модельдері түрінде көрініс тауып, орнығады. Осылайша, мәдени дәстүрлер контексіне сүйенген тілде ұлттық дүниетаным мен әлемді түсіну нысанға айналып, заттық сипат алады. В.Н. Телия: «Ғаламның тілдік бейнесі – қоршаған орта туралы белгілі бір халықтың танымдық әрекет нәтижесінде жинақтаған білімін білдіретін бейнелер, ұғымдар, эталондар, таптаурындар мен символдар жүйесі. Бұл білім қоғамдағы нормалар мен ұстанымдарға сәйкес бағаланып, тілдік бірліктердің мағынасында орнығады», – дейді [30, с. 214-237]. Р.Х. Хайруллина ғаламның тілдік бейнесін «әртүрлі тілдік құралдар арқылы берілетін, жүйелі түрде ұйымдастырылған, әлеуметтік маңызы бар белгілер моделі» ретінде сипаттайды [101, с. 5].

Ғаламның тілдік бейнесін талдау жасау барысында төмендегідей мәселелерді анықтауға көңіл бөлінді: а) тіл арқылы бейнеленетін «шындықты жіктеу» сипаттамасы (лексика-семантикалық, лексика-фразеологиялық, құрылымдық-синтаксистік парадигмалар мен өрістер); ә) тілдік бірліктер мағынасының ұлттық ерекшеліктерін сипаттау (бір мағынаға ие ұғымдардың әртүрлі тілдерде семантикалық айырмашылықтарын анықтау); б) тіл жүйесіндегі баламасы жоқ бірліктерді анықтау; в) бір тілге ғана тән реалия бірліктерді табу. Тілдегі жүйелік қатынастарды зерттеп, ұлттық семантикалық кеңістікті зерделеу – кейінгі ғаламның тілдік бейнесін модельдеу болып табылады. Бұл орайда ғаламның тілдік бейнесін анықтауда тілдерді салғастыра зерттеудің маңызы зор. Ғаламның тілдік бейнесін когнитивтік тұрғыдан интерпретациялау, ұлттық семантикалық кеңістікті сипаттау арқылы когнитивтік ғалам бейнесіне ұлттық концептосфераға өту мүмкіндігі туындайды. Ғаламның тілдік бейнесін зерттеу сипаттамалық жүйелі лингвистика аясында қалуы мүмкін, ал оның нәтижелерін когнитивтік тұрғыдан түсіндіру халықтың концептосферасын зерделеудің құралы бола алады. Ғаламның тілдік бейнесі концептосфераны жартылай ғана бейнелейді, оны фрагментарлы түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда концептосфераға тіл арқылы жету ең тиімді жол болып табылады. Демек, когнитивтік ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі арасындағы байланыс бастапқы және кейінгі деңгейлердің, менталдық құбылыстың, оның тілдік көрінісінің, сана мазмұны мен зерттеуші үшін қажет болатын тілдік құралдың байланысы ретінде қарастырылады.

Тіл – ғылымның, тарих пен мәдениеттің қоймасы. Әрбір халық тіл арқылы өзінше ғалам бейнесін жасайды, бұл, әсіресе, номинация, предикация, атрибуция тәсілдерінен байқалады. Тілдік үдерістерге антропоэзектік тәсіл ұлттық тілдік механизмдердің ерекшеліктерін, адамның тілге әсерін, тілдің адам мен мәдениетке ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, мұндай зерттеулер халықтың менталитетін тіл арқылы зерттеуге жол ашады. Бұл жөнінде XIX ғасырда-ақ Ф.Ф. Фортунатов, Г. Шухардт, кейінірек А.А. Шахматов, К. Фосслер, А. Мартине, В. Матезиус, Б.А. Серебренников сынды ғалымдар ой толғаған болатын. Ғалымдардың зерттеулерінде халық тарихындағы түрлі құбылыстар оның

жадында сақталып, тілде көрініс табатыны айқын көрсетілген. Тіл халықтың «тірі куәгері» ретінде қызмет етеді [102, с. 31].

Фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу арқылы халықтың дүниетанымын анықтауға, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді салыстыруға, тілдік тұлғаның менталдық картасын құрастыруға болады. Концептосфера, тілдің семантикалық кеңістігі, концепт, концептуализация ақпаратты тілдік таңбалар арқылы меңгеріп, өңдеу үдерісін ғылыми тұрғыда сипаттауға мүмкіндік береді. Ғаламның тілдік бейнесінің құрылымы екі деңгейден тұрады: бірінші деңгей – тілдік таңбалар немесе концептілер құрамында жалпыадамзаттық, әмбебап мазмұнды анықтау, ал екінші деңгей – тілдің этномәдени қауымдастықтың әлемді тану тәжірибесін орнықтыратын құрал ретінде ұлттық-ерекше сипаттарын сипаттау. Ғаламның тілдік бейнесі, бір жағынан, тілдік универсалийлерді бейнелейтін тілдік құралдар арқылы қалыптасса, екінші жағынан, белгілі бір халықтың дүниетанымын қалыптастыратын тілдік құралдар арқылы жасалады. Жалпыға ортақ бірыңғай ғалам бейнесі жоқ, түрлі халықтардың тілдерінде көрініс тапқан ұлттық әлем бейнелері бар. Олардың ерекшеліктері әртүрлі халықтардың дүниетанымдарын салғастыру арқылы ғана айқындалады.

Лингвоелтаным мен лингвомәдениеттанудың негізгі айырмашылығы олардың зерттеу нысанында. Лингвоелтанымдық зерттеулерде мәдени ақпарат қамтылған лексикалық бірліктер зерттеледі. Лингвомәдениеттану мен лингвоелтанымның негізгі айырмашылығы зерттеу материалы мен мәдени ақпаратты түсіндіру тәсіліне байланысты. Лингвоелтанымдық зерттеулердің нысаны – тілдік бірліктер, ал лингвомәдениеттануда концепт, мәдени коннотация, лингвомәдени бірлік сияқты ұғымдар негізгі болып табылады. Лингвоелтанымда «аялық білім» ұғымы қолданылады. Бұл – тілдік таңбада көрініс тапқан тілден тыс, мәдени тұрғыда маңызды ақпарат. Тіл бірліктері аялық білім арқылы мәдени фактілермен байланысады. Осыған орай лингвоелтаным кеңістіктегі не белгілі бір уақыт аралығындағы нақты мәдени прототипке ие тілдік бірліктерді зерттейді.

Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров фразеологизмдердің елтанымдық құндылығы үш құрамдас бөліктен тұратынын айтады:

1. Фразеологизмдер ұлттық мәдениетті тұтас, кешенді түрде, өздерінің идиомалық мағыналары арқылы бейнелейді.

2. Олар ұлттық мәдениетті құрамдас бөліктері арқылы, яғни құрамындағы жеке бірліктер арқылы бейнелей алады.

3. Фразеологизмдер ұлттық мәдениетті өздерінің прототиптері арқылы көрсетеді, өйткені олардың бастапқы еркін тіркестері белгілі бір әдет-ғұрыпты, дәстүрді, тұрмыстық бөлшектерді, мәдени деректерді, тарихи оқиғаларды сипаттаған [103, с. 85].

Лингвоелтанымдық бағыттағы концепциялар мен сөздіктердің мақсаты – мәдени мәні бар реалийлерді білдіретін фразеологиялық бірліктерді анықтап, сипаттау. Бұл – материалдық және әлеуметтік өмірге, тарихи оқиғаларға қатысты,

ұлттық сипаттағы тілдік бірліктер. Осыған байланысты Ж. Манкеева тіл арқылы ұлттық мәдениетті танудың теориялық негіздері тарихи лексикология, тарихи морфология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және елтану ғылымдарымен байланысты екенін атап көрсетеді [16, б. 10]. Ғалымның пікірінше, бұл бағыт тек ғылыми тұрғыдан емес, практикалық жағынан да құнды, себебі сөздіктерді жетілдіру, этнографиялық материалдарды түсіндіру мен жүйелеу, елтанымдық қызметті дамыту, қазақ тілін оқыту ісіне септігін тигізеді. Осылайша, тілдің танымдық мазмұны айқындалып қана қоймай, мемлекеттік мәртебеге сәйкес оның коммуникативтік әлеуеті де кеңінен ашылады.

Бүгінгі таңда тіл мен мәдениеттің арақатынасын зерттеуде фразеологиялық жүйенің этномәдени құндылығын айқындау ерекше маңызды болып отыр. Осыған байланысты жұмыста салғастырмалы-аксиологиялық талдау әдісі зерттеудің негізгі әдіснамалық бағыты ретінде алынды. Салғастырмалы-аксиологиялық талдау – тілдік бірліктердің (фразеологизм, идиома, мақал-мәтелдердің) ұлттық және мәдени бағалау реңктерін салғастырмалы түрде талдауға бағытталған кешенді әдіс. Бұл тәсіл аксиология (құндылықтар туралы ілім) мен салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістерін біріктіре отырып, әртүрлі тілдердегі фразеологиялық бірліктердің рухани, моральдық, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қалай бейнелейтінін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістің теориялық негізі В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, В.Н. Телия, В. Карасик, Г. Слышкин, В. Маслова, А. Вежбицкая еңбектерінде айқындалған аксиологиялық және мәдени-танымдық қағидаларды басшылыққа алады. Соның негізінде тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге мәдени код пен құндылықтар жүйесін сақтаушы ретінде сипатталады.

Фразеологиялық бірліктердің мазмұнын зерттеуде салғастырмалы-аксиологиялық талдау әдісі бірнеше бағытта іске асады: фразеологизмдердің құрамындағы семантикалық элементтер арқылы этностың мәдени бағалау жүйесі анықталады; фразеологизмдердің астарындағы мәдени концептілер мен символдар айқындалады; фразеологизмдердің позитивті, негативті, бейтарап реңктері анықталып, мәдени негіздері салғастырылады, т.б. Бұл әдіс фразеологиялық бірліктердің этномәдени және когнитивтік табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, себебі ол фразеологизмдерді тілдік таңба ретінде емес, құндылықтық сана мен мәдени тәжірибенің көрінісі ретінде қарастырады. Мысалы, «жүрегі таза», «доброе сердце», «kind-hearted» фразеологизмдері үш тілде де моральдық-этикалық құндылық ретінде қабылданады, алайда олардың мәдени-танымдық реңкі әр халықтың рухани тәжірибесіне сай өзгеше көрінеді: қазақ мәдениетінде «жүрек» ұғымы имандылық пен адамгершіліктің бастауы ретінде, орыс мәдениетінде мейірім мен рухани нәзіктіктің белгісі ретінде, ағылшын тілінде тұлғалық ізгі ниеттің белгісі ретінде ұғынылады. Сондай-ақ «түлкі бұлаң», «лиса хитрая», «as sly as a fox» фразеологизмдері айлакерлік пен екіжүзділікті сипаттай отырып, барлық мәдениетте теріс бағалауыштық коннотация туғызады. Мұндай

салғастырулар арқылы фразеологизмдердің аксиологиялық мазмұнының ұлттық және әмбебап сипаттары анықталады. Салғастырмалы-аксиологиялық талдау әдісі фразеологизмдердің этномәдени құндылықтарды жіктеуге, ұлттық дүниетанымның когнитивтік моделін айқындауға мүмкіндік берді. Сол арқылы фразеологиялық бірліктердің астарындағы мәдени кодты ашып, құндылықтар иерархиясы айқындалады, фразеологизмдердің когнитивтік және аксиологиялық қызметі көрінеді.

Сонымен тілде жеке сөздермен қатар тұтас сөз тіркестері, фразеологиялық кешендердің болуы – тілдің ерекше лингвистикалық феномені, олардың шығу тегі, этимологиясы аса құнды зерттеу нысаны болып табылады. Фразеологиялық бірліктер көне замандарда пайда болғанымен, олар қазіргі күнге дейін өміршеңдігін жоғалтпаған, күнделікті өміріміз бен тіліміздің ажырамас бөлігіне айналған мәдени құндылық болып табылады. Құндылықтар позитив және негатив, салыстырмалы және абсолют, объективті және субъективті болып бөлінеді. Құндылық – мәдениет пен қоғам үшін маңызды, тұрақты ұстаным, идеал немесе норма. Ол когнитивтік-аксиологиялық деңгейде қалыптасады. Бағалау мәдени-ұлттық құндылықтарға негізделеді. Бағалау – адам не қоғамның белгілі бір нысан, құбылысты не іс-әрекетті қандай да бір өлшем бойынша сипаттап, соған қатысты субъективті не ұжымдық қатынасын білдіруі. Ол тілдік деңгейде фразеологизм, метафора, бағалауыш лексика арқылы көрінеді. Фразеологизмдер арқылы ұрпақтар арасындағы бейвербалды диалог жүзеге асады: біз арғы бабаларымыздың серігі әрі пікірлесі бола отырып, оларды өз замандасымыз ретінде сезінеміз. Сонымен қатар, фразеологизмдер өзге халықтың ойлау бейнесіне бойлай еніп, олардың дүниетанымын, мінезін, ұлттық болмысын түсінуге мүмкіндік береді.

### **1.3 Фразеологизмдерді зерттеудегі аксиологиялық ұстаным**

Мәдениет әлемі – құндылықтар әлемі. Мәдениеттің өзіндік ерекшелігін тануда құндылық ұғымы өте маңызды. Өйткені құндылықтар болмысқа аксиологиялық өлшем енгізіп, адам өмірін мәнді етеді. Адамның қажеттіліктері, қабылдауы, қызметі бағалаулардың әртүрлілігіне себеп болады: кейбір нысандардың құндылығы жоғары, кейбірінің төмен, енді бірінде мүлде болмауы мүмкін. Философия, логика, этика, тіл білімінде бағалаудың гедонистік, утилитарлық, деонтикалық, дезидеративті, параметрлік, нормативті, шындыққа сәйкес келетін және т.б. түрлері болатыны туралы айтылады.

Тіл біліміндегі «бағалау» семантикалық категориясы мен логикадағы «баға» ұғымы өзара сәйкес келеді. Логика мен тілдегі бағалау категориясының көрінісін салыстыра зерттегенде екеуінің байланысы байқалады. Ол тіл жүйесінің бірнеше деңгейлерін қамтиды. Е.М. Вольф бағалау категориясының төмендегідей ерекшеліктерін анықтайды: модальділік, экспрессивтілік, эмоционалдылық,

прагматикалық әлеуеті [104, с. 42]. Адамның логикасы мен эмоциялы ойы бірдей болмайтынын негізге ала отырып, Н.Н. Амосова кез келген ақпарат мида зияткерлік және эмоционалды бағдарлама арқылы реттелетінін ескертеді [105, б. 114]. Н.Л. Лукьянова, Ш. Балли, Е.М. Вольф, И.Н. Худяков, И.Л. Муханов, В.И. Болотов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде эмоция мен бағалау өзара байланысты екені сөз болады. Эмоция мен бағалау үнемі қатар қолданылғандықтан, «эмотивті-бағалауыштық» қос сөзі қалыптасты.

Бағалау актісі объект-субъектілік сипатқа ие болғандықтан, ол екі құрамдас бөліктен тұрады: біріншісі – рационалды (қаншалықты негізделгендігі), екіншісі – эмоциялық (бағаланып отырған нысанға байланысты сезімдер). Бұл компоненттер фразеологияда нақты көрініс табады. Бағалаудың объективтілігі оның бағаланатын нысанның ерекшеліктерін көрсетуімен, тілдік ұжымның қажеттіліктерімен байланысты. Ал субъективті жағы жеке тұлғаның мақсатымен байланысты. Фразеологиялық бірліктердегі бағалау әртүрлі болады:

1. Этикалық бағалау – ең алдымен халықтық дәстүрлі моральмен байланысты. Салғастырылып отырған тілдерде мағыналық ұқсастық байқалады. Мысалы, қазақ тілінде жүрегі таза, ақ ниетті, ақ пейіл; орыс тілінде: чистая душа, от чистого сердца; ағылшын тілінде: a pure heart, with all one's heart, a good soul (таза жүрек, кең пейілді, жаны жайсаң). Үш тілде де жүрек / душа / heart концептісі ізгілік пен адалдықтың өлшемі ретінде қолданылады.

2. Эстетикалық бағалау – белгілі бір этностың сұлулыққа деген күнделікті танымына, сыртқы пішінді бағалауға негізделген. Мысалы, қазақ тілінде: құралай көз, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; орыс тілінде: красавица писаная, глаза как звёзды; ағылшын тілінде: as pretty as a picture (суреттегідей сұлу), eyes like stars (көзі жұлдыздай). Үш тілде де қыздың сұлулығы табиғат пен аспан денелерімен (ай, күн, жұлдыз) салыстырылған. Сол сияқты қазақ тіліндегі қиылған қас, құндыздай құлпырып тұр; орыс тіліндегі тонкая талия, стройная как берёзка; ағылшын тіліндегі to cut a fine figure (сымбатты), slim as a willow (тал шыбықтай) фразеологизмдерінде ұлттық символдар түрліше көрініс тапқан: қазақ тілінде аң-құс бейнесі, орыс тілінде қайың, ағылшын тілінде тал фигуралық үйлесім арқылы көрініс тапқан.

3. Функционалдық бағалау объектінің өзінің мақсатына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асады. Ол көбінесе пайдалы/пайдасыз, қолайлы/қолайсыз, тиімді/тиімсіз сияқты оппозициялары арқылы көрінеді. Мысалы, қазақ тілінде: қолынан іс келеді, сегіз қырлы, бір сырлы; орыс тілінде: золотые руки, деловой человек, ағылшын тілінде: a safe pair of hands (қолы шебер), fit for purpose (талапқа сай). Үш тілде де адам ісінің нәтижелілігі қолдың бейнесі арқылы, практикалық мақсатқа сәйкес келуі арқылы сипатталады.

Дәстүрлі халықтық сана бағалау түрлерін ажыратпайды. Сондықтан фразеологизмдерде бағалаудың синкретизмі, яғни кешенді сипаты байқалады. Мысалы: «жаны сұлудың тәні сұлу», «сұлулық адамның жүзінде емес, жүрегінде

болады», т.б. мақал-мәтелдерде эстетикалық бағалау этикалық мазмұнмен астарласқан. Бағалау категориясын анықтау үшін бағаның құрылымы – субъект, зат, мінез, модальдік белгі, аксиологиялық предикат негізге алынады. В.И. Карасик аталған белгілермен қатар бағалау шкаласы, бағалау таптаурыны, бағалау модустары, бағалау уәждемесі сияқты компоненттерді де атайды [75, с. 231]. Р.З. Мурясов сигнификаттың айқын бола бермейтінін, бағалау белгілерінің импликациясына байланысты айтылымның өзге де компоненттерін ескеру қажет екенін ескерте келіп, бағалау категориясын құрылымына қарай жіктеп, сипаттау дұрыс нәтиже бермейтінін айтады [106, с. 87]. С.О. Малевинский параметрлік бағалау, стандартты бағалау, нормативті бағалау, утилитарлық бағалау, өзіндік бағалау, қажет бағалау сияқты бағалау түрлерін көрсетеді [107, с. 49]. Н.М. Разинкина бағалау ашық, жасырын түрде берілетінін айтады [108, с. 80-91]. Зерттеушілер бағалауды түрліше жіктегендіктен, философия, логика, этика, тіл білімінде ортақ пікір жоқ. Ортақ пікірдің болмауы «баға» сөзінің көпмағыналы сипатына байланысты.

XIX-XX ғасырларда Эдмунд Гуссерль [109], Мартин Хайдеггер [110], Жан-Поль Сартр [111], Альбер Камю [112], т.б. зерттеушілер бағалауды «көпшіліктің затты бірдей бағалауы» ретінде сипаттайды. Г. Лотце бағалауды жеке категория ретінде қарастыра отырып, заттың сапасы адамдардың бағалауына байланысты екенін айтады [113]. Ф. Ницше бағалауды «көпшіліктің ортақ шешімі, бір ауыздан мақұлдауы» ретінде түсініп, «құндылықтарға қайта баға беру» деген ұғымды енгізді [114, б. 90].

«Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» құндылық былайша сипатталған: «Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. ...Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. ...Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді» [115, б. 124].

Зерттеуші Ә. Әбсаттар аксиологиялық жүйенің ерекшеліктерін былай көрсетеді: терең мәнділік (құндылықтардың архетиппен байланыстылығы), сатылай байланыс, құбылмалылық (құндылықтардың уақыт ағымына қарай өзгеріске ұшырауы), даралық және әлеуметтілік (қоғам мен адамның байланысы) [116, б. 48].

Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметін арнайы зерттеген М. Бисенбаева әр мәдениет өзіне тән құндылықтар жүйесінен тұратынын ескерте келіп, құндылықты былайша сипаттайды: «Құндылық – адами мәдениет көрсеткіші, мәдениеттің адам болмысындағы әртүрлі формаларына көзқарасын танытушы. Құндылықты адамның өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, өткеннің өнегелі тұжырымдарына, отбасы, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, адам өмірінің мән-мағынасына деген бағалау мәнді қатынас-көзқарасы деп пайымдауға болады. Құндылықты сезіну жақсылық, әсемдік, әділеттілік тәрізді

құрылымнан тұратын адамның материалдық және рухани қажеттілігін өтеу үдерісіндегі жағымды бағалауға ие сәттері. Өйткені құндылықтар шынайы өмірді жүйелеп реттейді, байыпты бағалауға негіз болады, адамзаттың өмір-тіршілігіне мән-маңыз қосады. Белгілі бір құндылық көрінісі әр мәдениетте өзінше түзілетіні, өзіндік мәнге ие болатыны белгілі» [117, б. 12].

Н.Ю. Тразанова мәдениеттің құндылықтық мәнін салт-дәстүрдің семиотикасымен байланыстырады. Зерттеуші аксиологемаларды өз ішінен жіктеп, жай (сөз, графикалық таңба, пиктограмма, материалдық символ) немесе күрделі (тұрақты тіркес, фразеологизм, бағалауыштық пікір ретіндегі норма-регламентация, норма-бағдар, мақал-мәтел, мәтін) түрде келетін ұжымдық этнотүйсікте ұғымдық өрістің құндылықтық-регулятивтік тұрғысын көрсететін константа ретінде жіктейді. Ғалым аксиологемалар құндылық мазмұнын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратынын, ұлттық мәдениеттердің рухани құндылықтарын білдіретінін айтады [118, с. 10].

Аристотель «Үлкен этика» атты еңбегінде Пифагор, Сократ, Платондардың құндылық туралы айтқан тұжырымдарына қатысты пікірін білдіре отырып, игілік пен құндылықтың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көрсетеді [119]. Ғұлама игіліктердің бәрі бірдей құнды бола бермейтінін, олардың кейбіреуі мақтаулы заттарға, енді бірі мүмкіндіктерге қатысты болатынын ескерте келіп, құндылықты Құдай тарапынан берілетін ең қадірлі игілік ретінде сипаттайды (мысалы, жан, ақыл) [119, б. 25].

Құндылық Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, сондай-ақ Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектерінде сөз болды. Кейінгі ғалымдардан С. Нұрмұратов, Р. Қадыржанов, Ә. Нысанбаев; А. Гуревич, О. Дробницкий, А. Ивин, М. Киссель, Г. Киабе, С. Кочеров, Н. Розов, В. Тугаринов, М. Шелер, Р. Лотце, R. Perry, W. Thomas, F. Znanieski, т.б. еңбектерінде философиялық, әлеуметтік танымдық қырынан; Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, Р. Рахметова, Н. Ілиясова, А. Рауандина, С. Сәдуақасова, А. Алтынбеков сияқты зерттеушілер педагогикалық, психологиялық қырынан; Р. Сыздық, З. Ахметжанова, Н. Уәли, Э. Сүлейменова, М. Мұсатаева, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Салқынбай, Б. Момынова, Ж. Ибраева, Қ. Есенова, Г. Мұратова, А. Түсіпбекова, А. Қожахметова, Е. Бабаева, Л. Голованевский, В.И. Карасик, М.Ю. Кочкин, Е.С. Миронец, Т.А. Светоносова, Г.Г. Слышкин, В.А. Марьянчик, О.С. Синепупова т.с.с. зерттеуші, ғалымдардың еңбектерінде лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеушілер құндылықты философияда аксиологиялық негіз; әлеуметтануда әлеуметтік бағдар; психологияда тұлғалық бағдар; лингвистикада тілдік-мәдени код ретінде сипаттайды.

Адам мәдениет әлеміне ену барысында осы мәдениетке тән көптеген «тілдерді», материалдық та, рухани да мәдениетке тән кодтарды меңгереді. Тіл — халықтың даралығын, ұлттық дүниетанымын, ұлттық мәдениетін бейнелейтін

құрал. Осыған байланысты В. фон Гумбольдт: «Әлемдегі тілдерді зерттеу адамзаттың ойлау мен сезіну тарихын зерттеумен тең. Ол жер жүзіндегі барлық халықты, барлық мәдени даму сатыны қамтуы тиіс. Бұл – адамзат туралы ілім», – дей келіп [28, с. 348], тілді жан-жақты сипаттайды:

1. Тіл – үздіксіз шығармашылық үдеріс, ол – халық рухының көрінісі, ұлттық мәдениеттің тілде бейнеленіп, ұрпақтан ұрпаққа берілу формасы.

2. Тіл – болмысты танытатын басты құрал, ол нақты «ғалам бейнесін» қалыптастырады, ол тіл арқылы жүзеге асатын дүниені бейнелеудің ұлттық тәсіліне байланысты.

3. Халық – тірі ағза сияқты, тіл – ұлттық мәдениет бейнеленетін форма. Адам мәдениеттің байлығына тіл арқылы қол жеткізе алады. Тілдің дыбыстық (немесе графикалық) бірліктер жүйесі арқылы болмыс ұлттық тұрғыда сегменттеледі. Адам болмысты тіл арқылы бөлшектей отырып, өзіндік мәдени-когнитивтік «ғалам бейнесін» қалыптастырады [28, с. 350].

«Ғаламның тілдік бейнесі» мен «аралық (тілдік) әлем» ұғымдары В. фон Гумбольдттың «ішкі форма» туралы іліміне негізделген. Бір жағынан, бұл – белгілі бір ұлттық мәдениеттің бейнеленуі, екінші жағынан, әртүрлі ұлттық тілдерде көрініс тапқан мәдениеттердің салғастырмалы интерференциясы. Адам (ұлттық тұлға) - тіл - мәдениет (материалдық және рухани құндылықтар жүйесі) арасындағы органикалық байланыс, осы үш ұғымның мазмұнын ашудың негізі әрі моделі болып табылады.

Тілдердің тілден тыс болмысты түрліше концептуалдайтынын мысалдар арқылы көрсету үшін лексикалық жүйелердегі туыстық атаулар немесе әлеуметтік қатынастарды білдіретін терминдерді алуға болады. Мысалы, орыс тіліндегі брат, сестра сөздері, ағылшын тілінде brother, sister сөздері қолданылса, қазақ тілінде олардың орнына бірнеше атау қолданылады: апа, әпке, әпше, тәте, сінлі, аға, іні, бауыр, т.б. Орыс, ағылшын тілдерімен салғастырғанда қазақ тілінде ғаламның концептуалдануы ұсақталған ұғымдық классификацияға негізделген. Жеті ата, жеті ұрпақ ұғымы да дәл осындай. Осыған байланысты Ж. Кадина когнитивтік аядағы мәдени-менталдық мән 1) антропоэзектік фактор; 2) далалық білім; 3) ұлттық ойлау жүйесінің өзгешелігі арқылы түзілетінін ескерте келіп: «Ментальді мазмұн халықтың ұлттық ойлау тәсілімен байланысты. Ал ұлттық ойлау тәсілінің ерекшелігі – әр халықтың танымдық үдерісінде қалыптасқан модельдері арқылы ортаны қабылдау, олардың заттары туралы ұғым құру (концептуализация), сол ұғымдарды топтастыру (категоризация) үдерістерінің нәтижесі», – дейді [120, б. 10-11].

Э. Сепир [31] мен Б. Уорф [88] еңбектерінде тұжырымдалған лингвистикалық салғастырмалылық болжам бойынша, тіл құрылымының этносқа тән ерекшеліктері адамның қабылдау және ойлау үдерістеріне ықпал етеді. Белгілі бір тілдің лексикалық байланыстары мен грамматикалық құрылымдары адамның сана деңгейінен тыс әсер етіп, тілдік тұлғада нақты ғалам бейнесін қалыптастырады.

Бұл дүниетанымдық схема ретінде адамның жеке тәжірибесін жүйелеуге негіз болады. Тілдің грамматикалық жүйесі қоршаған болмысты элементтерге бөлудің өзіндік тәсілін тануға негіз болады. Адамның ойлау жүйесіндегі ұғымдар жиынтығы тұтынатын тіліне байланысты қалыптасады. Лингвистикалық салғастырмалылықтың ғылыми негізі этнолингвистиканың негізін салған антрополог Франц Боас, Эдвард Сепир мен Бенджамин Уорфтың еңбектері арқылы қалыптасты. Б. Уорф тұжырымдаған болжам лингвистика тарихында «Сепир-Уорф гипотезасы» деген атаумен қалыптасты.

Ф. Боас В. фон Гумбольдттің ұстанымдарын басшылыққа алады. Алайда Гумбольдттің «Тіл – сол тілді тұтынатын қауымның мәдени ұстанымдары бейнеленген жүйе» деген ұстанымына [28, с. 254] қарсы шығып, Ф. Боас: «Тіл жүйесінде бекітілген ғалам бейнесіндегі айырмашылықтар – сол тілді тұтынушы халықтардың даму деңгейін білдірмейді», – дейді [121, с. 34]. Боас пен шәкірттерінің лингвистикалық релятивизмі биологиялық теңдік қағидасына, яғни «барлық халықтың тілдік және ойлау қабілеті тең» деген идеяға негізделді. Э. Сепирдің еңбектерінде тіл мәдени тәжірибені жүйелейтін құрал ретінде сипатталады [31, с. 52]. Ғалым тілді иерархиялық байланыстағы жүйелі құрылым ретінде қарастырады. Дыбыс жүйесі, грамматика, лексика – бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Әр тілдің жүйесі өз заңдылығына бағына отырып құрылады, сондықтан бір тілдің жүйесін екінші тілге сол күйінде көшіру мүмкін емес.

Этностың дүниетанымдық ерекшелігін анықтауда құндылықтар жүйесі бірнеше ғылымның нысанына айналып отыр. Құндылық теориясы алдымен философияда зерттелген. Бұл бекер емес. Себебі «ұлттық философия – рухани құндылықтарды жинақтайтын, ұлттың табиғи болмысы мен тарихи жадын, мәдени мұрасын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа аманат ететін білімдер жүйесі. Осы білімдер жүйесіндегі ең маңызды категориялар ретінде бағаланатын ұғымдардың бірі – тіл. Өйткені тіл – ұлт тұтастығының, бірегейлігінің белгісі. Тарихи сананы сақтаудың кепілі болған тіл – адамзаттың қарым-қатынас құралы ғана емес, адами жаратылыстың ерекше белгісі, адам мен қоғам дамуының, тұлғалық қалыптасудың басты тетігі» [84, р. 32].

В. Виндельбанд, Г. Риккерт құндылықтарды аксиология ғылымының өзегі ретінде негіздесе, Н. Гартман құндылықтарды рухани, эстетикалық, моральдық құндылықтарға жіктейді. М. Шелер, И. Кант құндылықтарды антропоэзектік тұрғыдан сипаттап, адамгершілік құндылықтарды философияның өзегі ретінде қарастырады. Ф. Ницше құндылықтарды қайта бағалау идеясын енгізген. Әлеуметтану мен мәдениеттануда К. Клакхон, Ф. Стробек мәдениетаралық құндылықтар теориясын дамытқан. Э. Дюркгейм әлеуметтік құндылықтарды қоғамдағы «ұжымдық сана» негізінде сипаттаған. М. Вебер мәдени құндылықтар мен әлеуметтік іс-әрекеттің байланысын көрсеткен. Психологияда А. Маслоу құндылықтарды өз-өзін тануға, рухани құндылықтарды айқындауға жол ашатын қажеттілік ретінде сипаттайды. Г. Оллпорт тұлғаға тән құндылықтарды көрсетеді

[122]. В.П. Тугаринов құндылықтарды материалдық/рухани, жалпыадамзаттық/топтық/жеке, оң/теріс түрінде жіктесе [123], А.Г. Здравомыслов әлеуметтік философияда құндылықтарды объективті/субъективті, ресми/бейресми, шынайы/декларативті түрінде жіктейді [124]. Н.И. Лапин құндылықтарды әлеуметтік аксиология бағытында сипаттай келіп, жекелік, ұжымдық, жалпыадамзаттық және бірінші, екінші дәрежелі деп бөледі [125]. М. Шелер құндылықтар иерархиясы сезімдік → өмірлік → рухани → қасиетті түрінде көрсетеді [126].

«Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары» атты ұжымдық еңбекте жалпыадамзаттық құндылықтар «барлық мәдениет пен замандағы адамдар үшін абсолютті стандарт болып саналатын іргелі, жалпыадамзаттық бағдарлар мен нормалар, моральдық құндылықтар» ретінде сипатталып, олар өз ішінен биопсихологиялық және рухани реттілікте болатыны айтылады [127]. Құндылықтарды рухани мәдениет түрлеріне қарай төмендегідей бөлуге болады: адамгершілік, эстетикалық, діни, ғылыми, саяси, құқықтық т.б.

Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтарды арнайы зерттеген Н. Худайбергенов құндылықтардың қайнар көзі ретінде таным, сенім, әрекетті атай келіп, олар статикалық та, динамикалық та болатынын ескертеді [128]. Зерттеуші: «Құндылықтар – адам өмірінің мәні болып саналатын стандарттар, жоғарғы мінез-құлық пен өмірлік сенім-түсініктердің жиынтығы. Әр адам дүние есігін ашқан сәттен белгілі бір әлеуметтік ортаның мүшесі болады. Ал ол оған дейін қалыптасып үлгерген құндылықтар жүйесінің ішінде өмір сүреді де бейсаналы түрде ерте жастан оны өз бойына сіңіреді. Ол отбасынан, жақын ортадан, жазба және визуалды материалдардан еліктеу не үлгі алу арқылы қалыптасады. Құндылықтар адамнан адамға, қоғамнан қоғамға, мәдениеттен мәдениетке ауысуы мүмкін. Осы арқылы құндылықтар қоғамдық этика мен әрекеттер жүйесінің анықтаушысы болып, қоғамды танудың негізі болады. Құндылықтардың қоғаммен қатынасы күрделі жүйені құрайды; адамдар арасындағы ненің тыйым салынғанын, ненің мақтаулы, ненің қылмысқа әкеп соғатынын да белгілейді», – дей келіп, құндылықтарды ұлттың өзіне тән даралығын айқындап, болашағын бағдарлауға негіз болатын ел мәдениетінің күретамыры, ұлттық кодты жаңғыртушы ретінде сипаттайды [128, б. 85].

Тіл білімінде құндылықтар мәселесі ұлттық-мәдени мазмұнмен байланыстырылады. Тілдік тұлға теориясының негізін қалаған Ю.Н. Караулов ұлттық құндылықтардың тіл арқылы берілуін сөз етсе [129], А. Вежбицкая универсалды құндылықтарды табиғи семантикалық метатіл теориясы тұрғысынан сипаттайды [130]. Ал В.Н. Телия фразеологиядағы мәдени құндылықтарды «тіл – мәдени код» байланысы тұрғысынан сөз етеді [11, с. 35]. Тіл қарым-қатынас, таным құралы ғана емес, ұлт мәдениетінің коды ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, Ф. Боас, Э. Сепир, Л. Вайсгербер,

Б.Л. Уорф, Н.И. Толстой және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде негізделіп, кейін Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, Н.Д. Гальскова, Д.В. Ермилова, Г.В. Колшанский, В.А. Маслова, З.К. Тарланов, В.Н. Телия және т.б. еңбектерінде жалғасын тапты. Мәдениет фактілері туралы ақпаратты таңбалар жүйесіне біріктірілген семиотикалық жүйелер жеткізе алады. Мәдени код – адамның материалдық және рухани әрекетінің нысанына енгізілген таңбалар (символдар), мағыналар жиынтығы. Мәдени кодтар мәдениетке қызмет етеді, табиғи тіл мен өзге де таңбалық жүйелер арқылы мәдениет алаңын мағына мен құндылықтарды ашық күйде сақтай отырып, адамға табиғатты, әлеуметтік ортаны игеруге мүмкіндік береді, сол арқылы адамның еркіндігін де, мәдениеттің мүмкіндігін де кеңейтеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, мәдениет жекелеген идея мен заттардың жиынтығы ретінде ғана емес, адамның әлемі ретінде қарастырылады. Адамның мәдениет кеңістігінде тіршілік етеді. Сондықтан мәдениет мәселесі адам мәселесімен тығыз байланысты. Сонымен қатар мәдениет адамның дамуы, шығармашылық әлеуетінің, қарым-қатынас пен таным формаларының жетілуінен құралады. Зерттеушілер мәдениеттің бірнеше қызметін көрсетеді: антропологиялық, ақпараттық, гносеологиялық (танымдық), коммуникативтік, реттеушілік, құндылықтық (аксиологиялық), таңбалық (сигнификативтік), праксиологиялық. Мәдениеттің қызметі мен даму заңдылықтары ретінде атадан балаға берілуін, өзіндік ерекшелігін, ұлттық пен жалпыадамзаттықтың үйлесімін атауға болады.

Лингвомәдениеттаным мәдениетаралық коммуникацияның теориялық және қолданбалы аспектілерімен тығыз байланысты. Коммуниканттардың мәдени айырмашылығы елеулі болған сайын сөздердің, іс-әрекеттердің, символдардың түсіндірілуіндегі айырмашылықтар да айқын көрінеді. Лингвомәдениеттануда психологиялық зерттеулер де ескеріледі. Қазіргі кезде мәдениеттің адам психологиясына әсер ететіні туралы зерттеулер көп. Нәрестеге айтылатын тілектер де әр ұлтта ерекше болады. Тіпті қазақтарда дүниеге ұл келсе, ат байлар келді, қыз бала келсе, қырық жеті (дүниеге қыз бала келгенде астарлап, оған берілетін қалың малды тұспалдап айтқан), немесе кесте тігер келді, т.с.с. емеуріндер айтылады.

Халықты тілі арқылы тану үшін тіл деректері арқылы (лексика, фразеология, сөйлеу этикеті, ым-ишара, мәтін т.б.) мәдени фактілерді де анықтау қажет. Тіл болмысты бейнелеп қана қоймайды, ол болмысты интерпретациялайды. Мәдениет тілдегі ғалам бейнесімен тығыз байланысты болғандықтан, мәдениет туралы ақпарат тілдік номинациялардың құрылымынан көрінеді. Сондықтан мәдениетті танудың ең тиімді жолдарының бірі негізгі концептілерді сипаттау болып табылады.

Халық мәдениетінің ерекшеліктері оның тілінде бейнеленеді, тіл – өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас сипаты бар күрделі құбылыс. Себебі әр тіл әлем мен адамды әртүрлі деңгейде көрсетеді. Ә. Қайдар кез келген тілдің үш түрлі қызмет

атқаратынын ескертеді: 1) коммуникативтік қызмет (қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі); 2) эстетикалық қызметі (көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын қызметі); 3) аккумулятивтік қызмет (тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті). Осыған байланысты ғалым ұлттың тарихы мен этнографиялық байлығын тілден іздеу керектігін айтады [13, б. 19].

Сондықтан да тіл, мәдениет және сөйлеу арасындағы өзара байланыс мәселесі лингвомәдениеттану мен когнитивистика салаларындағы зерттеулерде маңызды орын алады. Соңғы жылдары тіл білімінде интегративті (лингвистикалық, мәдениеттанулық, семиотикалық) талдау негізінде тілдік концептілер арқылы ғаламның тілдік бейнесін қалпына келтіруге арналған зерттеулер жанданып келеді. Соған сәйкес фразеологизмдердің мәдени-концептуалдық ерекшеліктері, олардың этнос, халық, ұлт мәдениетінің өзіндік санасын қалыптастырып, жаңғыртудағы рөлі зерттелуде.

Тіл қазіргі ұлттық менталитетті білдіріп қана қоймайды, сондай-ақ ол көне замандағы адамның әлемге, қоғамға, өз-өзіне деген көзқарасын танып-білудің жолы болып табылады. Бұл жөнінде А. Ислам: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі ой арқылы жүзеге асса, тіл ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл – жалпыға ортақ таным, өйткені табиғаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені де мәлім. Қандай да тіл өзіндік тілдік құрылымы және тілдік үлгілері жағынан әртүрлі болғанымен, тілдік болмысты түсінуге келген ортақ танымдық дүниелерден тұрады», – дейді [62, б. 13].

Мәдениет семиотикалық жүйе ретінде материалдық артефактілер мен менталдық құрылымдардың жиынтығынан тұрады. Мәдени құндылықтардың ішінде тұрмыспен байланысты сала ерекше орын алады. Мәдени құндылықтар – тарихи феномен. Белгілі бір құндылықтардың пайда болуына адамның практикалық қызметі себеп болды. Адам өміріндегі маңызы мен ұйымдасу ерекшелігіне байланысты кейбір іс-әрекет түрлері бастапқы мағыналық құрылымдардың негізін құраған. Мысалы, нан ежелден халықтар үшін ерекше қадірленген, қасиетті тағам болған: қазақ тілінде нан, орыс тілінде хлеб, ағылшын тілінде bread. Нан диқанның ауыр еңбегінің жемісі, әрі тіршіліктің тірегі ретінде символдық мәнге ие болған. Мысал ретінде ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді алуға болады: daily bread (күнделікті нәпақа), eat the bread of affliction (қайғыны бастан кешіру); have one's bread buttered on both sides (жайлы өмір сүру, дәулетті болу).

Қазақ тілінде нан – еңбектің жемісі, ризықтың символы, тоқтық пен береке ретінде сипатталады, танылады: нан – өмірдің өзегі; нан тәтті, еңбек одан да тәтті;

нанды баспа, қасиеті кетеді; нан бар жерде ән бар; нан – адалдың асы; еңбегіне қарай – нан, еңбексіз ішкен нан – арам; маңдай термен келген нан тәтті, терлеп тапқан нан – тәтті; нанды тастаған – ырысын тастаған; нан киелі; нанды қадірле – игілік келеді; нан – тоқшылықтың белгісі; берекелі дастарқанның басы – нан. Нан сөзінің қатысуымен тілімізде «нан табу», «нан, суын айыру» (күнкөрістің қамын жеу), «нанды адалынан жеу» (адал еңбекпен өмір сүру), «қара нанды талшық етті» (қара нан жеп күн көрді, соны місе тұтты), «кеудесіне нан піскен» (дандайсыған, кеудесін керген), т.б. тұрақты тіркестер қалыптасқан.

Орыс тілінде: хлеб – всему голова; где хлеб, там и мир; без хлеба – и мед не в радость; хлеб зарабатывать – не воды пить; хлеб – не в небе: сам не придёт; хлеб на стол – и стол престол, а хлеба ни куска – и стол доска; крошка хлеба на полу – великая потеря; не роняй хлеб – в нём божья милость; хлеба к обеду береги с обеда; на хлеб соль не скупись; с хлебом и вода сладка; хлеб – батюшка, вода – матушка; хлеб в дорогу – голова с плеч не пойдёт.

Ағылшын тілінде: bread and butter (нан мен май; күнкөріс көзі); to earn one's bread (and butter) (нан табу, кәсібімен күн көру); to know which side one's bread is buttered on (өз пайдасын көздеу); the best thing since sliced bread (ерекше жетістік); to take the bread out of someone's mouth (нан табушы, асыраушы); daily bread (күнкөріс қамы); cast your bread upon the waters (жақсылықтың қайтымы бар); to break bread with someone (достасу); to butter one's bread (өз пайдасын көздеу); half a loaf is better than none (жоқтан бар, барға қанағат); man cannot live by bread alone (адамға рухани азық та керек); to butter no parsnips (butter no bread) (сөзбен емес, іспен дәлелде) т.с.с.

Үш тілде де нан тағамның түрі ғана емес, өмірдің мәнін, еңбек, тұрмыс, әділет, рухани құндылықты, әлеуметтік қатынасты білдіретін күрделі лингвомәдени код болып табылады. Барлық тілде де нан сөзі қатысқан тұрақты тіркестер береке мен бірліктің символы ретінде қолданылған, фразеологизмдер саны да жуықтас.

Адам ана тілін меңгеріп, сонымен бірге өз халқының мәдениетін бойына сіңіргенде ғана толыққанды тұлға ретінде қалыптасады. Халық мәдениетінің нәзік қырлары оның тілінде көрініс табады. Тіл – әлем мен адамды өзінше бейнелейтін ерекше жүйе. Тіл – халықтың жадын, тарихын, мәдениетін, танымдық тәжірибесін, дүниетанымы мен психологиясын бойына жинақтаған рухани код. Демек, тіл – мәдениеттің формасы ретінде ұлттық болмыстың тарихи тұрғыдан қалыптасқан өмір салтын бейнелейтін күрделі құбылыс. Осыған байланысты академик Ә. Қайдар халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыратынын ескерте келіп, әртүрлі зат, құбылыстың сыр-сипаты, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтар – бәрі де кейінгі буынға тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы жететінін айтады [131, б. 18].

Өткен замандардың жаңғырығы ғасырлардан ғасырларға ұласып, бүгінгі таңда фразеологизмдерде, метафораларда, мәдени символдарда сақталған. Фразеологияда тілдік таным айқын көрініс табады. Сондықтан көптеген авторлар идиомаларды тілдің мәдени белгіленген, ұлтқа тән ерекше бірліктері ретінде қарастырады [132, с. 37]. Ғалам бейнесі, тілдік таным, концептуалдық таным сияқты лингвистикалық категориялардың көмегімен фразеологиялық таным мен оның мәдени тұрғыдан маңызды фрагменттерін анықтауға болады.

Тілдік материал – ғалам туралы ақпараттың ең ауқымды, ең негізгі көзі. Тіл – мәдениеттің трансляция құралы. Сол себепті Е.Ф. Тарасов: «Мәдениеттің ең маңызды функциясы – адам қабілеттерін биологиялық емес жолмен бір адамнан екінші адамға жеткізу. Табиғи тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Бірақ ол рөлді ұғыну үшін тілдің мәдениеттегі орнын, сондай-ақ мәдениеттің қоғам өміріндегі рөлін түсіну қажет. Бұл сұраққа жауап беру арқылы біз тілдің мәдени трансляция құралы ретіндегі қызметін түсіндіре аламыз» [133, с. 34]. Зерттеуші Г. Ерсұлтанова эксперимент нәтижелерін талдай келіп: «Қоғам дамуына қарай, қоғамдағы өзгерістерге байланысты ұрпақтар арасындағы сабақтастық біртіндеп үзілетінін, әсіресе идеологияға қатысты дүниелер өткінші екенін байқаймыз. Ал имандылық, адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, т.с.с. мәңгілік құндылықтар ешқашан мәнін жоймайды», – деп қорытады [134, б. 91]. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологиялық бірліктер құндылықтарды зерттеуге арналған аса бай, фактілік материал болады. Осыған байланысты Абай сөзінің лингвопоэтикасын зерттеген А. Салқынбай: «Мәтінді (лебізді) жазушы, айтушы, тыңдаушы, оқушы, бағалаушы, оның кейіпкерлері – бәрі Адам. Адам баласының маңдайына жазылған сөйлеу қасиеті бар, Шаһкәрім данышпан айтқандай «Алладан шыққан бу» бұл. Мәтінді жазатын – адам, адам туралы жазылады, адам үшін жазылады, адамның дүниетанымы, болмысы, сезімі айнадай мөлдіреп сөзбен сурет салынады, суреткерлік шеберлікпен сөз патшалығында көркем құндылық жасалады. Ол да адам үшін, адамның мәдени-рухани игілігі үшін. Мәтінді оқитын, түсінетін, қабылдайтын, тұжырым жасайтын да – адам [135, б. 237], – дейді.

Құндылықтар жүйесін кешенді түрде сипаттау үшін ұлттық тіл мен ойлау жүйесінің ортақтығы, мәдениеттің ерекшеліктері ескерілуі қажет. Ұлттық дүниетанымның өзіндік сипаты басқа халықтардың дүниетанымымен салыстыру арқылы айқындалады. Фразеологизмдердің мәдени-тілдік сипаттары ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін көрсетеді. Фразеологизмдер концептінің вербалдану тәсілдерін жекелеген сөз деңгейінен сөйлемге дейін кеңейтіп қарастыруға мүмкіндік береді. Екінші реттік номинацияның ерекше бірліктері ретінде фразеологизмдер әлем мен адам туралы білімдердің когнитивтік өңделуінің репрезентациясы ретінде қызмет етеді. Олар – әлемді концептуализациялау мен категориялаудың тілдік көрінісі. Фразеологизмдер этностың жинақтаған тәжірибесі мен бағалау жүйесін ықшам

күйде көрсетіп қана қоймайды, ассоциативтік байланыстар жүйесінің өрбуін зерттеуге де мүмкіндік береді. Бұл байланыстар этностың әлемді қабылдау тәсілінің негізінде жатыр. Фразеологизмдерде тек сол этносқа тән, өмірлік тәжірибеде танылған, маңызды саналатын концептілер ғана көрініс табады.

Концепт – логикалық жағынан құрылымдалған өзек, әлеуметтік-мәдени, лингвомәдени қабаттармен ерекшеленетін көпқабатты, интегративті құрылым.

Жалпы тіл білімінде концепт мәселесі С.А. Аскольдов, Д.С. Лихачев, В.В. Колесов, В.Н. Телия, Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, С.Г. Воркачёв, Е. Гоффман, Р. Джакендофф, В.И. Карасик, В.А. Маслова, Е. Нида, З.Д. Попова, Г.Г. Слышкин, Ю.С. Степанов, И.А. Стернин, Ч.Дж. Филмор, Р.М. Фрумкина және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды. Қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, М.М. Копыленко, З. Ахметжанова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Қ. Жаманбаева, Б. Момынова, Э. Оразалиева, А. Ислам, Қ. Рысберген, О. Жұбаева, А. Әмірбекова, Г. Ерсұлтанова, Ә. Әбсаттар, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Концепт мәселесіне арналған еңбектердің көптігіне қарамастан, «концепт» атауының мәні түрліше сипатталып жүр. В.А. Маслова оны концепт құрылымының күрделілігімен, көпқырлылығымен байланыстырады [35, с. 43]. Концепт ойдың ғана нәтижесі емес, ол эмоционалды, бағалаушылық, ассоциативтік, ұлттық бейне мен коннотациялық элементтер арқылы адамның сезімімен қатар қабылданады. Ғалым концептінің түріне қарай сипаттау әдістемесі де өзгеретінін ескерте келіп: «Білімді бейнелеудің әртүрлі құрылымдық түрлері бар: схема, фрейм не сценарий, бейне не ой образы, скрипт және т.б. Олардың бәрі де жадыда сақталады, стандартты жағдайларды танып, когнитивтік тұрғыдан өңдеуге болады», – дейді [35, с. 44].

Профессор Б. Қалиев мәдени концепт болудың шарттарын көрсетеді:

1. Концепт ауқымды, үлкен ұғымдарға негізделеді.
2. Концептінің тақырыбы және оны құрайтын құрайтын тілдік бірліктер болады.
3. Концептіні құрайтын тілдік бірліктер саны көп болуы тиіс.
4. Концепт құрайтын тілдік бірліктердің мағыналары бір-біріне жақын әрі бір-бірімен байланысып жатуға тиіс.
5. Концептіде ұлт мәдениетінің ерекшеліктері көрініс табуы тиіс [136, б. 109].

Зерттеуші А. Әмірбекова концептіні адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді таратып, сақтайтын, өңдейтін негізгі бірлік; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы ретінде сипаттай келіп, ол (концепт) дүниенің құндылықтарын танытатынын; санадағы дүниенің мәнін бейнелейтінін; тіл арқылы объективтенетінін; субъектінің білім деңгейін танытатынын; ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсететінін; ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажырататынын; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайтынын айтады [137, б. 20].

Зерттеу жұмысында концепт лингвокогнитивтік концепт ретінде қарастырылады. Бұл орайда бұл атаудың «Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігіндегі» «концепт – адамның жадында, менталдық лексиконында, концептуалдық жүйесінде, ми тілі (*lingua mentalis*) деңгейінде сақталған, ғалам бейнесін психикалық тұрғыдан бейнелейтін мазмұндық-оперативтік бірлік» деген анықтаманы негізге алдық [138, с. 90]. Кез келген концептінің базалық қабаты болады. Концептінің өзегін оны атайтын тірек сөздің семантикасы дәл бейнелейді. Профессор Г. Смағұлова концептінің бейнелілігін заттар мен құбылыс, оқиғалардың сипаттарын көру, есту, сипау, иіс, дәм арқылы тәжірибелік біліміміздің дара қасиеттерімен біздің жадымызда сақталуы ретінде нақтылай отырып, олар түрлі бейнелер, олардың түрлі қасиеттері арқылы танылатынын әрі фреймдік құрылым түзуге негіз болатынын айтады. Ғалым дүние суретін қалыптау үшін түрлі бейнелер концептілік құрылым түзетінін, олар фразеологизмдерде сипаттау арқылы жүзеге асатынын ескерте келіп: «Адамға қатысты: ер – еркек кіндікті (ұл, ер адам), ердің ері, егеудің сынығы (тектінің ұрпағы, жақсының көзі); әйел – бес биенің сабасындай (толық, етжеңді әйел), жігіт – қыз мінезді жігіт (момын, сыпайы жігіт), қыз – қырық жеті (дүниеге қыз бала келгенде астарлап, оған берілетін қалың малды тұспалдап айтқан), қыздың жиған жүгіндей (қыздың қолынан шыққандай ұқыпты, сәнді), бала – ернінен емшек сүті кетпеген (буыны қатпаған әлі жас) бейнелер арқылы санада қалыптасқан ұғымның өзіндік ерекшеліктерін фразеологизмдермен сипаттайды, бағалайды», – дейді [45, б. 51-52].

Концепт мазмұнын толықтыру үшін сол кілт сөздің синонимдері мен антонимдерін, лексикалық тіркесімдігін талдау қажет. Концепт ядродан ғана емес, сонымен бірге кеңейтілген интерпретациялық бөлік перифериясынан да тұрады. Базалық бейнені психолингвистикалық эксперимент арқылы айқындауға болады. Ал концептінің перифериясы мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, канатты сөздерде, астарлы әңгімелерде, кейде тіпті ірі ғылыми мәтіндерде көрініс табатын әртүрлі анықтамалар мен түсіндірмелерден құралады. Концептіні сипаттауда «фрейм» термині қолданылады. Фрейм – білімді ұйымдастыру формасы, ойлау құрылымын модельдеу тәсілі. Фрейм белгілі бір шындық фрагментін сипаттауға қажет ақпаратты қамтитын бөліктерден құралады. Н. Уәли фреймдер екі түрлі жолмен вербалданатынын (біріншісі – фреймдердің фразеологиялық бірліктер арқылы (вербалдануы) объективтенуі; екіншісі – фреймдердің метафоралық тәсілдермен вербалдануы) ескерте келіп, фреймдерді таңбалаудың екі типіне де (фразеологиялық және метафоралық) базалық сөз-концептінің арғы жағында тұрған ойбейне (мыслительный образ) негіз болатынын, соның нәтижесінде фреймдік құрылым а) таптаурындық жағдаятты сақтаудың, құрылымға салудың құралы; ә) адам санасындағы тілдік және тілдік емес білімдерді біріктірудің, олардың бір-біріне иек арта өмір сүруінің құралы болатынын айтады [14, б. 48].

Тіл – этникалық мәдениеттің негізгі көрінісі ғана емес, сонымен қатар ол – ұлттың рухани мәдениетін танудың да құралы. Тілдік санада ғалам бейнесі

болмыстың адам үшін маңызды жақтарын менталдық құрылым ретінде сипаттайтын жүйелі динамикалық модель бейнеленеді. Ұлттық тілдік санада осы ғаламның тілдік бейнесі көрініс табады. Соның негізінде ұлт руханиятының мәдени-ерекше сипаты айқындалады. Осыған байланысты А. Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау», – дейді [139, б. 343].

Әр халықтың қоғамдық, тарихи, географиялық және этнопсихологиялық ерекшеліктеріне байланысты ғалам бейнесі ұлттық-мәдени сипатта болады. Бұл ғаламды қабылдаудағы жалпыадамзаттық ұқсастықтармен қатар ұлттық айырмашылықтарға байланысты. Осыған байланысты О. Жұбаева: «Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тарихи даму барысында танымның екі түрі – сезімдік және логикалық таным қалыптасқан. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, логикалық таным ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған», – дейді [140, б. 27].

Халықтардың дүниетанымын олардың тілі арқылы сипаттау В. фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алады. Ғалымның идеялары А.А. Потебня, А. Мейе, Ж. Вандриес, Э. Бенвенист еңбектерінде жалғасын тапты. Профессор Ж. Манкеева қазіргі жаһандану кезеңінде әлемдік өркениет кеңістігінде тіл біліміндегі зерттеулердің кешенді әрі интеграциялық бағытта дамуы тіл мен мәдениет арасындағы байланысты және сабақтастықты анықтайды дей келе, «осы бағытты зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан, нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады», – дейді [16, б. 12].

Ғаламның тілдік бейнесіне қатысты ұғымдар Ю.Д. Апресянның еңбектерінде жан-жақты сипатталған [141]. Зерттеуші әр тіл белгілі бір дүниетаным моделін, әлемді қабылдаудың өзіндік тәсілін бейнелейтінін айтады. Тілде көрініс тапқан мағыналар біртұтас дүниетанымдық жүйені ұжымдық философияны құрайды. Ол сол тілді меңгерген адамдардың бәріне міндетті норма саналады. Белгілі бір тілге тән дүниені қабылдау тәсілі ұлттық сипатқа ие болады. Осылайша, әртүрлі тілдің өкілдері ғаламды түрліше қабылдайды, әрқайсысы өз тілінің призмасы арқылы көреді.

Ғаламның тілдік бейнесі көбіне қарапайым сипатта болады. Ол ғаламның ғылыми бейнесінен ерекшеленеді. Тілде көрініс тапқан қарапайым түсініктер

құрылымы жағынан күрделі, кейде ғылыми танымнан да қызығырақ болады [141, с. 14]. Белгілі бір халықтың ұлттық ғалам бейнесі сол халықтың болмысқа қатысты ұжымдық көзқарасынан, пайымдарынан, фразеологиялық бірліктерінен көрінеді. «Ғаламның тілдік бейнесі» ұғымы бір-бірімен байланысты идеялардан тұрады:

1. Тіл ұсынатын ғалам бейнесі ғылыми бейнеден өзгеше (бұл мағынада «ғаламның қарапайым бейнесі» термині де қолданылады);

2. Әр тіл ғаламды өзінше бейнелейді, яғни дүниетанымды өзгеше сипаттайды.

Тілдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі объективті шындықтың әр тілде әртүрлі сегменттелуінен туындайды. Бұл ерекшелік экстралингвистикалық та, интралингвистикалық та сипаттарға байланысты болуы мүмкін және ол тілдік қабілеттердің, сөйлеу дағдылары мен дайындықтардың күрделі, көпқабатты, құрылымдық жүйесін білдіреді. Профессор Г. Смағұлова: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім-болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да өз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады», – дейді [142, б. 14].

Фразеологизмдерді зерттеудегі аксиологиялық ұстаным тұрақты тіркестердің көркемдік бірлік қана емес, сонымен қатар халықтың рухани-мәдени құндылықтарын бейнелейтін әмбебап құрал екенін де көрсетеді. Белгілі бір ұлтқа тән моральдық-этикалық, эстетикалық, функционалдық өлшемдерді танытатын бағалауыштық мән фразеологиялық қордың ажырамас бөлігі болып табылады. Себебі бағалау фразеологизмдердің ішкі семантикалық өзегін құрайды. Бағалаудың нәтижесінде ізгілік / зұлымдық, адалдық / сатқындық, батылдық / қорқақтық, сұлулық / ұсқынсыз, пайдалы / зиян сияқты құндылықтық мәндер қалыптасады. Бағалау – фразеологизмдердегі субъективті мән болса, құндылық – мәдениет пен дәстүр деңгейінде ғасырлар бойы орныққан, бағалау нәтижесінде тұрақталған категория. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін салғастыра зерттеу нәтижесінде халықтардың дүниетанымындағы ортақ, әмбебап құндылықтар мен белгілі бір ұлтқа тән ерекшеліктерді анықтауға болады. Фразеологизмдерді аксиологиялық тұрғыдан зерттеу тұрақты тіркестердің когнитивтік, мәдени және бағалауыш қызметін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

#### **1.4 Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени коннотациясы**

Этномәдени құндылық – белгілі бір ұлттың тілі, ділі, дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, тарихы, діні арқылы қалыптасқан рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы. Этномәдени құндылық халықтың ұлттық болмысын, әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін, мәдени кодын бейнелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Н. Худайбергенов этномәдени (ұлттық) құндылықтарды «жалпыдамдық құндылықтардың мәдени-географиялық кеңістіктегі ерекшелігі» ретінде сипаттай келіп, соның негізінде ұлттың дәстүр-салты, өзіне тән бірегейлігі

туындайтынын айтады [128, б. 23]. Зерттеуші жалпыадамзаттық құндылықтарды жеті топқа жіктейді: эстетикалық, этикалық, экономикалық, діни, саяси, әлеуметтік және танымдық құндылықтар. Ал Г. Оспанова оны 6-ға жіктейді: діни, адамгершілік (моральдік), мәдени, материалдық, әлеуметтік, саяси [143, б. 64].

Этномәдени құндылықтар өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады:

1. Материалдық құндылықтар: дәстүрлі тұрмыс заттары (киіз үй, ыдыс-аяқ, киім үлгілері), қолөнер бұйымдары (зергерлік әшекейлер, кілемдер), ұлттық тағамдар;
2. Рухани құндылықтар: тіл, дін, наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, фольклор, музыка, адамгершілік ұстанымдары;
3. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар: туыстық қатынас жүйесі, отбасылық және қоғамдық дәстүр, әлеуметтік рөлдер болып бөлінеді.

М. Бисенбаева құндылықтардың адами, ұлттық, таптық, топтық, отбасылық, жеке-дара индивидке қатысты болатынын, олардың ішінде ұлттық құндылық жеке этностың, оның жеке мүшесінің өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды орын алатынын айта келіп: «Жалпы адамзаттық құндылықтарға қарағанда, ұлттық құндылық мәдениеттің ұлт санасында мейлінше нақтыланған және материалданған ұғымдар бөлігі болып табылады... Қазақ халқы үшін басты құндылық: Тәуелсіздік, Тыныштық, Ел-Жұрт, Атамекен, Теңдік, Денсаулық, Отбасы, Ұлттық салт-дәстүр, Ұлттық мәдениет, Болашаққа сенім, Білім т.б. Басқаша айтқанда, ұлттық құндылыққа жалпы адами мәдениет пен этномәдениеттің айрықша белгісі, ерекшелігі болып табылатынның бәрі енеді», – дейді [117, б. 124].

Этномәдени құндылықтар – жалпыадамзаттық құндылықтардың ұлттық ерекшелікке ие түрі. Ол фразеологизм, мақал-мәтел, символдарда көрініс табады. Н.Ф. Алефриенко тілде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды сөз ете келіп, орыс халқы үшін Кремль, Пушкин, Толстой т.б., француздар үшін Лувр, Версаль, Эйфель мұнарасы т.б. құндылықтың вербалданған көрінісі болатынын айтады [144, б. 9].

Л. Данилова тұлғаның этномәдени құндылықтарды игеруі микро-, мезо- және макродеңгейлер арқылы жүзеге асатынын ескерте келіп: «Бала микродеңгейде өзінің микросоциумындағы – отбасы аясындағы этномәдени құндылықтарды игеру арқылы өз халқының этникалық мәдениетіне жақындайды. Мезодеңгейде белгілі бір өңірдегі әртүрлі этностық қауымдардың құндылықтарын игереді. Осы деңгейде этникалық топтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері айқындалып, басқа халықтардың мәдениетіне деген құндылық қатынасы қалыптасады. Макродеңгейде жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереді», – дейді [145, с. 15].

Этномәдени құндылықтар бірнеше ғылым саласының (тіл білімі, тарих, әдебиет, этнография, археология, өнертану, мәдениеттану т.б.) нысанына айналған. Қазақ тіліндегі этномәдени құндылықтарды зерттеген ғалымдардың қатарында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев,

Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Х. Арғынбаев К. Байпақов, К. Ақышев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, А. Сейдімбеков, Ә. Жәнібеков, С. Қасиманов, М. Балақаев, М.М. Копыленко, З. Ахметжанова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Т. Байжанов, Қ. Ахметжанов, Р. Шойбеков, А. Жылқыбаева, Б. Дина, Ш. Қарсыбекова, С. Жанпейісова, А. Оқа, Ә. Алмауытова т.б. атауға болады.

Қазақ тілінде мал шаруашылығына қатысты фразеологиялық тіркестер көп. Мысалы: қой аузынан шөп алмас, ат басындай алтын, камшының сабындай қысқа өмір, ақ түйенің қарны жарылды, аттай тулады, жылқы мінезді, жон терісін сыдыру, қарақшылы түйедей, ат жақты, бота көз, бие сауым, құрық бойы, тай қазан, т.б. Көп ғасырлық тәжірибесінің нәтижесінде халықтың дүниетанымы бейнеленген тұрақты тіркестерінде мал атаулары метафора, эпитет, теңеу ретінде қолданылған. Этнопедагогикалық дағды, құқықтық-әлеуметтік норма, әкімшілік бөлініс, басқару жүйесі, билік жүргізу, лауазымдық дәреже т.б. атауларының ішінде де қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрпы негіз болған тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы: ақ сарбас, үкі тағу, ала жіпті аттамау, бақал қыдырту, құйрық тую, қорықтық құю, қол ұстатар, қырық жеті, құйрық бауыр жесу, тасаттық беру, тұсау кесу, боз қасқа атау, жарыс қазан, хан көтеру, қара шығын, үш тоғыз, ат құйрығын кесу, шаш сипар, т.б.

Ғаламның тілдік бейнесіндегі мәдени концептілер халықтың рухани өміріндегі этностық ерекшеліктердің көзі ретінде танылуына байланысты зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Сол себепті тілдерді салғастырмалы түрде зерттеудің маңызы зор. Тіл арқылы менталитет пен ойлау жүйесінің ерекшеліктері көрінеді. Белгілі бір тілде сөйлейтін адам қоршаған әлемді тіл арқылы фрагменттерге бөліп, оны мәдени концептілер арқылы белгілейді. Осыған байланысты адамның тілдік санасы, эмоциялық күйі, интеллектісі, өзіне бағытталған рефлексиясы, өз-өзін тануы да маңызды. К.Балабекова концептіні «рухани құндылықтарға, этномәдени құрылымдарға бағытталған білік-танымның бірліктері, белгілі бір лингвомәдени кеңістік өкілдерінің ұлттық діліне тән белгілерді жаңғырту тәсілі» ретінде сипаттай келіп: «Ұлттық санадағы тірек ұғымдар концепт тақырыбына негіз болады және қолданылу жиілігі жоғары болады. Концептілер халықтың ұлттық сипаты мен сөйлеу дағдысына негіз болатын құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Ғылыми және көркем әдебиеттерге, паремиологиялық қорға талдау жасау түрлі концептілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді», – дейді [146, б. 67].

Тіл жинақтаушы (кумулятивтік) ғана емес, сонымен бірге трансляциялық (жеткізуші) қызмет атқарады. Тіл бірліктерінде мәдени кодтар мен концептілер бекітілген. Сол арқылы тіл оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы ретінде де қызмет етеді. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісін арнайы зерттеген Г. Оспанова жеке тұлғаның бойындағы құндылық негіздері әрдайым оның түп-тегімен, ата-бабаларының қастерлі ұстанымдарымен

байланысты болатынын, ол дәстүр, ұлттық мінез-құлық, адамның өмір дағдысында, ортамен, жеке тұлғамен қарым-қатынас ұстанымдарынан айқын көрінетінін ескерте келіп: «Адам баласы қашан да рухани құндылықтарды ұстануға, дәріптеуге, соған қарайлап отыруға, санасуға бейім және ынтық. Адам баласының тіршіліктен мән іздеуінде, құндылықтар құндағына бөленіп ғұмыр кешу құштарлығында жас мөлшеріне, өмір кезеңдеріне, жағдайға байланысты ұстанымдары болады. Яғни, этномәдени құндылықтар тұғыры белгілі бір этнос өкілінің жеке бас өмір ұстанымдарын түзіп, қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі болып табылады», – дейді [143, б. 12].

Қазақ мәдениетінде «дастарқан» қонақжайлықты, береке, туыстық бірлікті білдіреді. Қазақ тілінде «дастарқан» сөзіне қатысты тұрақты тіркестер көп. Мысалы: дастарқаны кең, мол, бай, берекелі; дастарқан жайды; дастарқаны жиналмады/жиылмады; дастарқанға шақырды, дастарқаннан дәм татты; дастарқан басы; дастарқан басындағы әңгіме, дастарқанға бата берді; дастарқанын аттамады т.б. «Дастарқан» сөзі тұрмыстық бұйымды ғана білдірмейді, ол қазақтың қонақжайлық дәстүрін, ынтымақ-бірлігін, ырыс-берекесін де білдіреді. Қазақ үшін «дастарқан» сөзінің символдық мәні бар. Қазақ дастарқанды қастерлі санайды, оны береке-бірліктің нышаны деп есептейді. Сондықтан дастарқаннан аттауға болмайды. Сонымен қатар бұл тіркес дүниетаныммен, дәстүрмен сабақтастық тапқан. Ас жеу барысында кездейсоқ келген адам дастарқандағы дәмнен ауыз тиюге тиіс. Олай етпесе, бұл әдепсіздік, құрметсіздік саналады. «Дастарқанды аттамады» тіркесі «әдеп сақтады, үй иесіне, үлкендерге құрмет, асқа тағзым етті» дегенді білдіреді. Дастарқан аттамау – көргенділіктің, дұрыс тәрбиенің де белгісі. «Дастарқан» сөзі қатысқан тұрақты тіркестердің тура және ауыспалы мағыналарын талдау арқылы қазақ халқының дүниетанымын, тұрмыс салтын, аксиологиялық құндылықтарын көруге болады. Ұлттық мәдениеттер мінез-құлық үлгілері мен оларға қатысты ережелерді қалыптастыратын, дәстүрлерге жан бітіретін нормативтік сипаттағы символдарды түзген. Бұл символдар халықтық сананың тәрбие мен адамгершілік өлшемдерін бекітетін тұрақты формалары ретінде қызмет етеді.

Этномәдени құндылықтар – халықтың дүниетанымын, ойлау жүйесін, болмысын танытатын мәдени-рухани код. Бекен Қайратұлы өзінің байырғы құндылығынан айырылған халықтың руханияты мәдени геданизмге ұшырайтынын ескерте келіп: «Қандай бір халық заманға сай өсіп-өркендеп, әлем қауымдастығы алдында өзінің ұлттық бет-бейнесін сақтап қалу үшін сан ғасырдан бері үзілмей келе жатқан байырғы құндылықтары: салты мен дәстүрі, тілі мен діні, ешкімге ұқсамайтын тұрмыстық һәм рухани қарым-қатынас ерекшеліктері үлкен рөл атқарады. Төтесін айтқанда, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай алмаған ұлттың болашағы бұлыңғыр», – дейді [147].

Салғастырылып отырған тілдердегі этномәдени құндылықтарды былайша жіктеуге болады:

## Кесте 1 – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі этномәдени құндылықтар

| Құндылық түрі                  | Қазақ мәдениеті                                                                          | Орыс мәдениеті                                                                                                     | Ағылшын мәдениеті                                           |
|--------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| Материалдық құндылықтар        | Киіз үй, қымыз, домбыра, ұлттық киім                                                     | Самовар, балалайка, матрешка, щи, борщ                                                                             | Afternoon tea, cottage, roast beef, Big Ben (мәдени символ) |
| Рухани құндылықтар             | «Жеті ата» дәстүрі, батырлық жырлар (Қобыланды, Алпамыс), шешендік сөздер, қонақжайлылық | православие, икона, классика литературы (Толстой, Достоевский), пословицы (Без труда не вытащишь и рыбку из пруда) | Protestant ethics, Shakespeare, Bible values                |
| Әлеуметтік құндылықтар         | Туыстық жүйе (ата, ене, құда, нағашы), үлкенді сыйлау, салт-дәстүр (тұсаукесер, беташар) | «Родина», «матушка-земля», отбасылық және қауымдық дәстүрлер                                                       | Individualism, fair play, democracy, privacy, family values |
| Моральдық-этикалық құндылықтар | «Обал», «сауап», «ұят», «намыс» ұғымдары                                                 | «Совість», «грех», «честь», «долг»                                                                                 | Honour, dignity, responsibility, justice                    |
| Символдық құндылықтар          | Бүркіт (еркіндік), жылқы (тұлпар-сенім, еркіндік), киіз үй (шаңырақ-отбасы)              | Медведь (күш билік), береза (Ресей символы), матрешка (отбасы, дәстүр)                                             | Lion (батылдық), rose (ұлттық символ), oak (беріктік)       |

1- кестеден байқап отырғанымыздай, қазақ мәдениетінде туыстық қатынасқа, салт-дәстүрге, рухани құндылықтарға басымдық берілсе, орыс мәдениетінде ұжымшылдық, дін (православие), «ұят» концептісі басты орынға шығады. Ал ағылшын мәдениетінде даралық (индивидуализм), оңашалану, ұлттық символдарға көбірек мән беріледі.

Фразеологизмдер салғастырылып отырған тілдерде де позитивті де, негативті де мәнде қолданылады. Бұл бағалау фразеологиялық бірліктерде жақсы-жаман қарама-қарсылығымен ғана шектелмейді. Қоршаған шындықтың күрделілігі мен көпқырлылығы, адамның танымдық деңгейі, тәжірибе, өмірдің көпсатылығы тілде градуалды (сатылы) бағалау жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп, бұл фразеологиялық қордан да көрініс табады. Қазақ, орыс, ағылшын халықтарының педагогикалық, отбасылық, адамгершілік құндылықтары туыстық атауларынан, дәстүрлі сөйлеу формаларынан, фразеологиялық тіркестерінен айқын көрінеді. Сондықтан тұрақты тіркестерді мәдени ақпаратты тасымалдаушы ретінде сипаттауға болады.

Этномәдени құндылықтардың үш тілдің тұрақты тіркестерінде берілуін былайша кестеге түсіруге болады:

## Кесте 2 – Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі


| Құндылық түрі                         | Қазақ тіліндегі<br>фразеологизмдер                                                          | Орыс тіліндегі<br>фразеологизмдер                                                           | Ағылшын тіліндегі<br>фразеологизмдер                                                                                    |
|---------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Материалдық<br>құндылықтар            | «Ер қанаты – ат»,<br>«Мал – жан аманат»,<br>«Жылқы – қазақтың<br>қанаты»                    | «Без хлеба нет обеда»,<br>«Сытое брюхо к учению<br>глухо»                                   | «Bread and butter» (күнкөріс<br>көзі), «Don't put all your<br>eggs in one basket»<br>(мүмкіндікті шектеме)              |
| Рухани<br>құндылықтар                 | «Жеті атасын<br>білмеген – жетесіз»,<br>«Атаның баласы<br>болма, адамның<br>баласы бол»     | «Взялся за гуж, не<br>говори, что не дюж»,<br>«Что посеешь, то и<br>пожнёшь»                | «As you sow, so shall you<br>reap» (Не ексең, соны<br>орасын), «Knowledge is<br>power» (Білім – сарқылмас<br>казына)    |
| Әлеуметтік<br>құндылықтар             | «Қонақ келсе – құт»,<br>«Ата көрген оқ<br>жонар, ана көрген<br>тон пішер»                   | «Свет не без добрых<br>людей», «Не в службу, а в<br>дружбу»                                 | «East or West, home is best»<br>(Өз үйіңе жер жетпейді), «It<br>takes a village to raise a<br>child» (Баланы – бастан). |
| Моральдық-<br>этикалық<br>құндылықтар | «Ұят болады»,<br>«Намыс – ердің<br>қайрағы», «Обал<br>болады»                               | «Совесть не продаётся»,<br>«Честь дороже жизни»                                             | «Honesty is the best policy»<br>(Адалдық – адамдық<br>белгісі), «Keep your word»<br>(Уәдеге берік бол).                 |
| Символдық<br>құндылықтар              | «Шаңырағы биік<br>болсын» (шаңырақ –<br>отбасы), «Тұлпардың<br>тұяғы» (жылқы –<br>еркіндік) | «Медведь на ухо<br>наступил» (аю – мәдени<br>символ, надандық),<br>«Берёзка – Родины краса» | «The lion's share» (Үлкен<br>олжаға кенелу), «English<br>rose» (сұлу, көркем әйел)                                      |

Фразеологиялық бірліктер – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесінің, тұрмыстық дәстүрлерінің, адамгершілік ұстанымдары мен танымдық болмысын жинақтаушы тілдік құрылымдар. Фразеологизм адамдардың дүниетанымын, моралін, этикасы мен наным-сенімін бейнелейді, тұрақты тіркестер арқылы тұрмыс пен руханияттың тұтастығы сақталады.

Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісінде қазақ мәдениетінде мал шаруашылығы, жеті ата, қонақжайлылық, намыс/ұят, шаңырақ басты орынға шықса, орыс мәдениетінде ар-ұят, отан, дін, ұжымшылдық басты ұстаным ретінде көрінеді. Ағылшын мәдениетінде жеке-даралық, әділдік, адалдық, дербестік негізгі орын алады. Қазақ мәдениетінде жылқы мен мал шаруашылығы басты материалдық құндылық ретінде көрінуі қазақтардың тұрмыс-салтымен, шаруашылықтың негізі болған жылқының маңызды болуына байланысты. Ал орыс мақал-мәтелдерінде егін шаруашылығына ерекше мән берілген, ағылшын мәдениетінде тұрмыстық тіршілікті сипаттайтын фразеологизмдер («bread and butter» (күнкөріс көзі) күнделікті өмірдің материалдық негізін білдіреді. Сонымен қатар қазақ дүниетанымында рухани құндылықтар туыстық қатынастарға негізделіп, генеалогиялық жадыны сақтауға бағытталған. Орыс мәдениетінде рухани құндылық еңбек пен әділеттілік арқылы көрінсе, ағылшын тілінде білім мен тәжірибеге негізделген. Қазақ мәдениетінде шаңырақ, киіз үй, тұлпар этномәдени символ ретінде қолданылса, орыс мәдениетінде аю мен қайың, ағылшын мәдениетінде арыстан, раушан гүлі және емен ағашы ұлттық символ

ретінде қолданылады. Үш тілге де тән, ортақ құндылықтарға отбасы, адамгершілік, моральдық-этикалық ұстаным, білім жатады.

Салғастырылып отырған тілдердегі фразеологизмдердегі этномәдени құндылықтардың ұқсастығы мен айырмашылығын былайша көрсетуге де болады:



Сурет 1 – Қазақ, орыс, ағылшын мәдениетінің өзегін құрайтын құндылықтар

Ағылшын, орыс тілдеріндегі фразеологизмдер де көне дәуірде қалыптасқан. Олар шіркеу дәстүрінен, халық ауыз әдебиетінен, тұрмыстан, сондай-ақ өзге тілдерден калькалау арқылы қалыптасқан. Орыс тіліндегі бить челом, нести крест сияқты фразеологизмдер ежелгі Ресейдегі патшаға тағзым ету рәсімінен, діни-ғұрыптық мәннен туындаған. Ежелгі Русь дәуірінен келе жатқан фразеологизмдер шіркеу тіліне (суета сует, камень преткновения, воздать должное), халық ауыз әдебиетіне (бить баклуши, спустя рукава, тянуть лямку), тұрмыстық дәстүрлерге байланысты, латын, грек, француз тілдерінен калькалау арқылы (ахиллесова пята, дамоклов меч, сизифов труд) қалыптасқан.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің жариялануы мен интерпретациясы көне дәуірден бастау алады. Бұл тілдегі фразеологизмдердің шығу тегі алуан түрлі. А.В. Куниннің жіктемесі бойынша, ағылшын фразеологизмдері екі топқа бөлінеді: ағылшындардың төл фразеологизмдері және кірме фразеологизмдер [3, с. 120]. Төл фразеологиялық бірліктердің бірқатары халықтық қолданыстан шыққан тұрақты тіркестер. Мысалы: bite off more than one can chew («әлін білмеген әлек»); in for a penny, in for a pound – «бастаған ісінді аяқта» (қазақ тіліндегі баламасы: «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап») [148]. Мұндай фразеологизмдер тарихи оқиғалармен, халық аңыз-әпсаналарымен, ырым-сенім, ғалымдар мен жазушылардың есімдерімен, патшалармен байланысты

болып келеді. Терминологиялық негіздегі фразеологизмдер: *spick and span* («сәнді, тап-таза, жаңа»); *come up to the scratch* («талапқа сай болу»). Бұл тіркестер кәсіби салада қалыптасқан: олардың құрамында терминдер, бейресми сөздер, кәсіби сөздер кездеседі.

Қазақ тілінде фразеологиялық бірліктердің бірқатары Қожанасыр туралы шығармалардан енген. Мысалы: «алма пісіп, аузыма түсуі керек», яғни «дайын асқа тік қасық болу», еш әрекетсіз пайда күту. Қазақ халқының фразеологиялық жүйесін жасауда көне дәуірлерде ру-тайпа көсемдері мен ақын-жыраулардың шығармаларының орны ерекше. Кейбір ФБ-нің қалыптасуы нақты тарихи жағдайлармен байланысты.

Ағылшын фразеологиясы көркем шығармалардағы қолданыстар арқылы да толығып отырады. В. Шекспирдің шығармаларынан *the green-eyed monster* («Отелло») – «қызғаныш деген – жасыл көзді жын»; *midsummer madness* («Он екінші түн») – «нағыз ессіздік» сияқты тұрақты тіркестер енген. Сондай-ақ Джеффри Чосер, Джон Мильтон, Джонатан Свифт, Александр Поп, Чарльз Диккенс, Вальтер Скотт сынды қаламгерлердің шығармалары негізінде де фразеологиялар қатары толығып отырады. Мысалы, Чосердің шығармаларындағы тұрақты тіркес: *He needs a long spoon that sips with the devil* тіркесі «Жаман адаммен аралассаң, сақ бол» дегенді білдіреді. Ағылшын тіліндегі көптеген танымал фразеологизмдер жазушылардың, саясаткерлердің, өнер қайраткерлерінің сөз қолданыстары арқылы кең таралды.

Ағылшын тіліндегі кірме фразеологизмдердің көпшілігі «Інжілден» («Библия») алынса, қазақ тілінде «Құраннан» алынған. А.В. Кунин «Библия» ғасырлар бойы Англияда ең жиі оқылып, кеңінен дәйексөз келтірілген кітаптардың бірі болғанын айтады [3, с. 274]. «Библиядан» енген көптеген идиомалық құрылымдар, сөз тіркестері тікелей көне еврей және грек идиомаларын аудару арқылы ағылшын тіліне енген.

Қалмақтардың этномәдени құндылықтарын зерттеген Ц. Бадмаева да этномәдени құндылықтар этностың «тіршілік мәдениеті» контекстінде басты рөл атқаратынын айта келіп: «Этномәдени құндылықтар құрамына діни дүниетаным мен культ, этикалық көзқарастар мен әдеп жүйесі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, өнердің өзіндік жанрлары, сәулет өнері, денсаулық сақтау жүйесі, тұрғын үй салты, тұлғааралық қарым-қатынас формалары енеді. Сабақтастықтың арқасында негізгі мәдени құндылықтардың берілуі мен игерілуі, олардың дамуы мен әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып түрленуі қамтамасыз етіледі. Этникалық мәдениеттің мәнін айқындайтын өзекті ядросын халықтың тарихи дамуы барысында жетекші әрі дамытушы рөл атқарған дәстүрлі, тарихи қалыптасқан идеялар құрайды», – дейді [149, с. 9].

Қазақ тіліндегі бірқатар фразеологиялық тіркестер «Құран» аяттарының, пайғамбар хадистерінің ықпалымен қалыптасқан. «Отыз күн оразаның бір айты бар, Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар», «Мұсылманшылық әсте-әсте, кәпір

болу бір пәсте», «Отанды сүю иманнан», «Біссімілламен» кескен бармақ ауырмас», т.с.с. мақал-мәтел «Құран» мен хадистердің ықпалымен қалыптасқан [150]. Оны кесте түрінде де көрсетуге болады:

### Кесте 3 – «Құранның» ықпалымен қалыптасқан мақал-мәтелдер

| «Құран» аяттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Мақал-мәтел                                                                                                        |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сендерге Аллаһ тек өзіне ғана бойсұнуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті. Олардың біреуі немесе екеуі бірдей қартайып (қалжырап) қалса «түһ» деуші болмаңдар, зекіп ұрыспандар. Екеуіне де ізетті болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілмен бас иіңдер. «Аллаһым, олар мені бала кезімде қалай мәпелеп өсірсе, Сен де оларға сондай рақымдылық ете гөр!» – деп айт («Исра» сүресінің 23, 24-аяттар) | Анаңа ауыр сөз айтпа, атаңа ауыр жүк артпа!                                                                        |
| Сабыр еткендерге есепсіз сияпат беріледі («Зүмәр» сүресінің 10-аяты)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сабыр түбі – сары алтын.                                                                                           |
| Сендердің малдарыңды да, бала-шағаларың да сынақ ретінде берілді («Тағабун» сүресінің 15-аяты)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес                                                                           |
| Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Құдайсыз курай сынбас; Тағдыр – Тәңір ісі                                                                          |
| Алланың рахымынан күдер үзбендер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Үмітсіз – шайтан; Күніне тоқсан пәле көрсең-дағы, Сонда да күдер үзбе бір Алладан; Тәңір ісінен түңілу – күпірлік. |

Қазақ танымында Алла, Құдай, Тәңір сөздері жарыса қолданылған. «Қазақ сөздігінде» «Алла», «Құдай», «Тәңір» сөздерінің дефинициясы былайша берілген:

АЛЛА зат. діни. Барша жанды-жансыз дүниенің, ғаламның иесі, ешкімнен туылмаған, ешкімді тумаған, құдіретті күш, 18 мың ғаламды, қиямет-қайымды, осы дүние мен о дүниені, күллі әлемді жаратушы, Құдай, адамның табынатын раббысы» түрінде берілген [19, б. 73].

ҚҰДАЙ зат. 1. Бүкіл ғаламды дүниені жаратушы, оның әміршісі, табиғатта тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін діни ұғым; Алла тағала, Тәңір, Жаратушы. 2. ауыс. Айтқанын екі еткізбей істететін адам: ең мықтысы, бастығы; пірі [19, б. 832]

ТӘҢІР зат. діни. 1. Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла Тағала. 2. ауыс. Құдіретті күш иесі, пір [19, б. 1230].

Байқап отырғанымыздай, діни мазмұндағы үш атау қазақ тілінде синоним ретінде қолданылады. Түсініктемелерде Алла сөзінің орнына Құдай сөзі қолданылған. Сол сияқты Құдай сөзінің мәнін түсіндіруде Алла, Тәңір, Жасаған, Жаратқан сөздері қолданылған. «Тәңір» сөзі ислам дініне дейін қолданыста болған атау болса да, сөздік дефиницияларында Алла, Құдай сөздерімен синоним ретінде

қолданылған. Қазақ тілінде «Алла», «Құдай», «Тәңір» сөздері жоғары әлемді бейнелейді.

Қазақ тілінде «Құранның» ықпалымен қалыптасқан фразеологизмдер: Құдай сақтасын, Құдайға шүкір, Құдай қаласа, Алланың жазуы, Алланың қалауы, Құдай біледі, Құдай қосқан жар, қиямет қайым болады, қыл көпір, ажал жетпей жан шықпас, періштедей пәк, шайтанның азғыруы, т.б. Зерттеулер ислам дінінің қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және діни өміріне терең ықпал еткенін көрсетеді. Ислам мұсылман қауымының өмір салтын, білім беру жүйесін, тұрмыс нормаларын реттеуші жүйе ретінде қызмет еткен. Ислам руханият пен ағартушылықтың тірегіне айналды. Сол сияқты христиан діні мен католик дінінің де еуропалық халықтардың мәдениетіне ықпалы зор болды. Қазақ тілінде «Құранның» ықпалымен қалыптасқан фразеологизмдердің мәдени-когнитивтік сипаттамасын былайша көрсетуге болады:

Кесте 4 – «Құранның» ықпалымен қалыптасқан фразеологизмдердің мәдени-когнитивтік сипаттамасы

| Фразеологизм           | Мағынасы                                  | Мәдени-когнитивтік сипаттама                             |
|------------------------|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| Құдай сақтасын         | Қауіптен қорғауды тілеу                   | Құдайдың құдіретіне сену, діни қорғаныш формуласы        |
| Құдайға шүкір          | Ризашылық білдіру                         | Аллаға ризашылық – исламдағы имандылық белгісі           |
| Құдай қаласа           | Бір істің жүзеге асуын Жаратушыға тапсыру | «Ин ша Алла» (إن شاء الله) тіркесінің қазақша баламасы   |
| Құдайдың жазуы         | Тағдыр, алдын ала белгіленген іс          | Исламдағы «тағдыр» түсінігі (қаза мен қадір)             |
| Құдайдың өзі біледі    | Тек Аллаға ғана мәлім                     | Барлық білім мен ақиқат Жаратушының иелігінде            |
| Құдай қосқан жар       | Неке, тағдырластық                        | Исламда неке – Құдаймен байланыстырылған келісім         |
| Қиямет қайым болады    | Дүниенің соңы, ақырзаман                  | Құрандағы «Яум әл-Кияма» – Қиямет күні                   |
| Ажал жетпей жан шықпас | Өлімді Жаратушы белгілейді                | Ажал – құдайлық жазмыш, адамның еркінен тыс              |
| Періштедей пәк         | Күнәсіз, адал                             | Құранда періштелер – күнәсіз, Аллаға бағынышты жаратылыс |
| Шайтанның азғыруы      | Адамды жаман жолға салу                   | Құрандағы Ібілістің азғыру әрекеттері негіз болған       |

Қазақ халқының рухани мәдениеті ислам дінімен, сонымен қатар көне түркілік мифологиямен астасып жатыр. Сондықтан қазақ фразеологиясында Құран аяттары мен хадистерге негізделген, сондай-ақ исламға дейінгі шамандық түсініктермен байланысқан отқа май құю, аруақ шақыру, аруақ атты, ант ұрған, киесі ұру, кесірі тию, жын қону / жын ұру, жел иесі, от иесі, су иесі, Тәңірден тілеу, Тәңірдің жазасы, т.с.с. тұрақты тіркестер бар.

Исламдағы діни образдар қамтылған фразеологизмдер: періштедей пәк, жын-шайтанға еріп кетті, әзәзілге ерді, шайтанның азғыруына түсу, жұмаққа бару, Жаннатты мекен ету, тозаққа түсу, қыл көпір, т.б.

Қазақ тілінде ислам дінінің әсерімен қалыптасқан фразеологизмдерден халықтың терең ілімі, ислам қағидаларын жетік меңгергені байқалады: Алла (Құдай) сақтасын, Алла жар болсын, Алла Тағала панасына алсын, Хақ жолы, құдыреті күшті Алла, Ажал келсе, жаның шығары хақ, Құдайдан үміт үзбеу, үмітсіз шайтан, т.с.с. Қазақ тіліндегі діни-мифологиялық фразеологизмдерде Құдайға тәуелділік, сенім, тылсымнан қорқу және рухани тазару идеясы басым. Исламға дейінгі дүниетаным элементтері – аруақ, кие, жын бейнелері – ислам түсініктерімен қатар қолданылады.

Сонымен қатар мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің хадистермен сабақтастығы да 5-кестеде байқалады [151]:

Кесте 5 – Мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің хадистермен сабақтастығы

| Хадистер                                                                                                                                                                                                                    | Мақал-мәтел                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                                                                                                                                                                                                                           | 2                                                                                                                                                               |
| Алланың атымен басталмаған әрбір маңызды сөз бен іс шолақ.                                                                                                                                                                  | Сөздің басы – бісміллә, бісмілләсіз іс қылма.                                                                                                                   |
| Кім де кім Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болса, жақсы сөз сөйлесін, не үндемесін.                                                                                                                                    | Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық, бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық; Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.                            |
| Тәкаппарлығынан киімінің етегін жерге сүйретіп жүргендерге Алла қиямет күні назарын да салмас.                                                                                                                              | Тәкаппарды Тәңірі сүймес.                                                                                                                                       |
| Білім алу әрбір мұсылман ерге де, мұсылман әйелге де парыз.                                                                                                                                                                 | Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ; Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен, Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады; Ақыл азбайды, білім тозбайды. |
| Өтіріктен сақтан. Себебі өтірік пен иман бір жерде болмайды.                                                                                                                                                                | Өтірікшіде иман жоқ, Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.                                                                                                            |
| Алла Тағала үмбетімнен қате, жаңылыс және мәжбүрлікпен жасағандардың жазасын кешірген.                                                                                                                                      | Жаңылысқанға жаза жоқ, Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ.                                                                                                   |
| Егер біреуіңіз қонаққа шақырылса, барсын.                                                                                                                                                                                   | Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма.                                                                                                                  |
| Жақсы мен жаман жолдас әтірші мен от жағушыға ұқсайды. Әтіршінің қасында болсаң жақсы иісті иіскейсің немесе жақсы иіс үстіңе жұғады, от жағушының жанына барсаң не көйлегің жанады, иә болмаса жаман иісті жұтып қайтасың. | Жақсымен жолдас болсаң нәсібі жұғар, жаманмен жолдас болсаң кесірі жұғар. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.     |
| Кім Аллаға және ақырет күніне сенсе, көршісіне жақсылық жасасын                                                                                                                                                             | Көрші жақысы – Тәңір ақысы.                                                                                                                                     |
| Үстіңгі қол (яғни, берген қол) төменгі қолдан (яғни, алған қолдан) жақсы.                                                                                                                                                   | Сұрағаннан берген артық.                                                                                                                                        |
| Сіздердің ең қайырлыларыңыз қарызын төлеген адам.                                                                                                                                                                           | Қарыз, қарызды беру – парыз.                                                                                                                                    |
| Саған бір нәрсені аманат еткенде аманатын (өз                                                                                                                                                                               | Аманатқа қиянат жасама. Біреуден алған аманат,                                                                                                                  |

## 5 – кестенің жалғасы

|                                                                                                                                                                                                                               |                                                            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| күйінде) кері қайтар.                                                                                                                                                                                                         | берсең жақсы, саламат.                                     |
| Кім де кім ғұмыр жасы ұзақ, рызығының мол және берекетті болуын қаласа ата-анасына жақсылық жасасын, туған-туыстарының да қамын ойласын». «Белі бүгілген қарттарың болмағанда бәле-бәтерлер бастарыңа селдей ағып келер еді». | Қарты бар үйдің қазынасы бар.                              |
| Алланың әмір еткендерін орындап, тыйым салғандарынан сақтансаң, Алла да сені сақтайды. Алланың заңдарына бағынсаң, Алла әрдайым жаныңда болады.                                                                               | Сақтансаң, сақтаймын деген. Сақтанғанды Құдай да сақтайды. |
| Туралықтан айырылмандар. Туралық сізді жақсылыққа, ал жақсылық сізді жәннатқа жетелейді. Адам әрдайым шыншыл болып, туралықты іздесе Аллаһтың жанында сыддықтардың (турашылдардың) тізіміне жазылады.                         | Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.                |

«Құран» мен хадистер бір-біріне қайшы келмейтіндіктен, бірқатар мақал-мәтелдер «Құран Кәрімдегі» аяттармен де, хадистермен де үндеседі [151]. Ондай мақал-мәтелдерге «Ақылмен алтын табылар, алтынмен ақыл табылмас»; «Ақыл – адам көрігі, сабыр – ақыл серігі»; «Ақыл азбайды, әділдік тозбайды»; «Ақыл айнымас, алтын шірімес»; «Ақылдының сөзі – дарияның өзі»; «Ақыл – алтын сандық, адамына қарай ашылар»; «Ақыл көпке жеткізеді, өнер көкке жеткізеді»; «Адалдық – ардың ісі», «Ала сөйлеп, ұлыққа жаққанша, Адал сөйлеп, жұртқа жақ», «Арамнан алған түйеден Адалдан алған ешкі артық», «Адал еңбек елге жеткізер, Арам қулық елден кеткізер», «Адал адамның аты арып, Тоны тозбас», «Ана сүтін адал емген» т.с.с. атауға болады.

Қазақ тілінде діни наным-сенімге қатысты қалыптасқан фразеологизмдер өте көп. Әрбір тілде дінге негізделген ұлттық фразеологизмдер бар. Бұл тұрақты тіркестер діни болмысқа, діни аңыз-әпсаналарға, діни мәтіндердегі тұлғаларға қатысты қалыптасқан. Бұл тұлғалар тарихи кейіпкерлер болып келеді.

Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай,  
Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай,  
Патшадай Әмір-Темір дін түзетіп,  
Болсаң да әйдік батыр Арыстандай.  
Болсаң да, Жиреншедей сөзге шешен,  
Ақырда жатар орның тар лақат жай.

Бұл бейнелер ұлттық дүниетаным ерекшеліктерімен астаса отырып, символдық мазмұнмен қаныққан фразеологизмдер арқылы көрініс табады. Бұл тіркестердің астарында құндылықтық жүйе, этикалық нормалар мен философиялық пайымдар жинақталған. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерде ислам

дінінің, Құран аяттарының, түркілік сенімдердің іздері қатар байқалады. Аруақ, кие, жын-шайтан, Тәңір ұғымдары исламдық және мифологиялық элементтердің синтезін көрсетеді.

Дін мен тілдің байланысын зерттеген В.Н. Телия орыс дүниетанымының қалыптасуына христиан дінінің ықпалы күшті болғанын айтады [30, с. 244]. Христиан дінінің әсері жеке сөздерден де, фразеологиялық тіркес, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден анық көрінеді. «Библияның» ықпалымен пайда болған тұрақты тіркестерге Каинова печать, Фома неверующий, Соломоново решение, Вавилонское столпотворение, бесплотная смоковница, гроб повапленный, злоба дня, волк в овечьей шкуре, от лукавого т.с.с. жатқызуға болады. Сонымен қатар «Библиядағы» оқиғаларға негізделген «По словам царь Давид, а по делам Авессалом ядовит» сияқты мақал-мәтелдер де қалыптасқан [152].

Кез келген тілдің қалыптасуына әлеуметтік-тарихи факторлармен қатар, діни-рухани факторлардың да ықпалы күшті болады. Н.Б. Мечковская адамның сөйлеу әрекетінде туа біткен (генетикалық) және кейін пайда болған (әлеуметтік) құрылымдар болатынын айта келіп: «Бала қай тілді меңгеретіні генетикаға емес, әлеуметтік жағдайларға байланысты... Адам мен қоғамның өлшемдік жүйесінде ерекше орын алатын үш белгі бар: тіл, ұлты, діні. Бұл өлшемдер – халықтың мәдениеті мен менталитетінің ерекшелігін айқындайтын басты факторлар», – дейді [153, с. 8-10]. Бұл үш белгі (тіл, ұлты, діни сенімі) әсіресе фразеологизмдерде айқын көрінеді. Фразеологизмдер ұлттың вербалды-мәдени аксиологиялық коды ретінде қызмет етеді. Л.В. Щерба фразеологизмдерде адамзаттың қоршаған ортаны танып-білуге бағытталған алғашқы тәжірибесі бейнеленетінін әрі ол сол қалпында ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетінін айтады [154, с. 98]. Бұл бастапқы, іргелі түсініктер кейін алынған білімге қайшы келмей, дүниені әрі қарай танып, интерпретациялаудың когнитивтік негізін қалайды. Н.Б. Мечковская дін бірнеше құрамдас бөліктерден тұратынын айтады:

1. Сенім – адамның белгілі бір ақпаратты қабылдауға және соған сай әрекет етуге психологиялық тұрғыдан бейімділігі;
2. Мифтік-поэтикалық (бейнелі-нақтылы) мазмұн;
3. Теориялық (дерексіз-логикалық) компонент;
4. Интуитивті-мистикалық мазмұн.

Ғалым дін қоғамдық сананың барлық түріне – тұрмыстық санаға, өнерге, этикаға, құқық пен философияға ықпал ететінін айтады [154, с. 26].

«Ар-ождан», «адамгершілік» сияқты мәдени концептілерді арнайы зерттеген Ю.С. Степанов олардың рухани-аксиологиялық әлеуеті зор екенін атап өтеді [155, с. 75]. Ғалым христиан мәдениетінде бұл концептілер «Библиядағы «Он өсиет» деп аталатын ережелерге (ағылш. commandment, фр. commandement, исп. mandamiento; орыс дәстүрінде – десятословие, ал протестанттық және католиктік дәстүрлерде – декалог) негізделетінін айтады. «Библия» бойынша бұл өсиеттер Мұса пайғамбарға Синай тауында екі тас тақтаға жазылып берілген екен. Бұл

жөнінде Библияда төмендегідей айтылады: алты күн бойы өз ісіңмен айналысып жұмыс істейсің, ал жетінші күн – Жаратушыға бағышталған демалыс күн; әкең мен анаңды құрметте, сонда өмірің ұзақ болады; өлтірме; зина жасама; ұрлама; жақыныңа қарсы жалған куәлік етпе; жақыныңның үйін, әйелін, нөкерін, күнін, өгізін де, есегін де, ешнәрсесін тілеме.

#### Кесте 6 – «Библияның» ықпалымен қалыптасқан фразеологизмдер

| «Библиядағы» өсиеттер:              | Мақал-мәтел мен фразеологизмдер:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Возлюби Господа твоего всем сердцем | Жить – Богу служить; С Бога начинай и господом кончай!; Кто любит Бога, добра получит много; Тот не унывает, кто на Бога уповает; Жив Бог – жива душа моя; Не торопись, сперва Богу помолись; Без Бога и червяк сгложет; Удаляющиеся от Бога погибают                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Не убивай                           | На убийце кровь. Кровь пути кажет; Напоить крепким чаем; подсыпать белого перцу; Послать со дна рыбу ловить; Только пузыри кверху пустил. Пошел на дно раков ловить; Унянчили дитятку, что не пискнуло;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Не убивай                           | Упестовали на вечный покой; Убаюкали, что до дня Страшного суда не встанет; Сгубить легко, да душе каково? обагрять руки в крови; повергать в прах (кого); переступить через труп (кого, чей); отправить на тот свет (кого), отправить к праотцам (кого)                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Не прелюбодействуй                  | Муж того не знает, что жена гуляет; Вольно дурить, чужих жен любить; В чужую жену черт ложку меду кладет; На чужих жен не заглядывайся, а за своею приглядывай; Чужого мужа полюбить – себя погубить; Дальше кума – меньше греха; Чужая жена – лебедушка, а своя – полынь горькая; Седина в бороду, а бес в ребро; Блудливой чушке полено на шею                                                                                                                                                                                        |
| Не кради                            | Воровство – последнее ремесло; Украсть – в беду попасть; Легко воровать, да тяжело отвечать; Один в грехе, а все в ответе; Лучше жить бедняком, чем разбогатеть со грехом; Лучше по миру собирать, чем чужое брать, нечист на руку; залезать в карман (чей, к кому); запускать руку (лапу) (во что, куда)                                                                                                                                                                                                                               |
| Не лжесвидетельствуй                | Врет, людей не стыдится и бога не боится; Вранье не ведет в добро; Вранье, что дранье (драный тес): того и гляди руку занозишь; Что лживо, то и гнило; Вранье не споро, попутает скоро; Надул в уши баклуши, да и был таков; Поддеть на фуфу. Брать, выезжать на фуфу; Взять на шаромыгу. Обаял да обошел, на кривых объехал; Надул что козий мех; поиграл, что на волыночке (обманул), врет (брешет) как сивый мерин; вешать собак на шею (кому), вешать собак (на кого); обводить вокруг пальца (кого); метать петли; для отвода глаз |
| Не обижай                           | Обидающим Бог судия. Обидчика Бог судит; Суди Бог того, кто обидит кого; Кто завидлив, тот обидлив; Обиженного обижать двойной грех; Лучше в обиде быть, нежели в обидчиках; Кто кого обидит, того Бог ненавидит.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |

«Библиядан» алынған орыс тіліндегі фразеологизмдердің қатарында Вавилонское столпотворение, Валаамова ослица, Знамение времен, Каинова печать, Козёл отпущения, Манна небесная, Не хлебом единым, От Иордана до Ефрата, Содом и Гоморра, Стреляный воробей, Терновый венец т.б. атауға болады. Келтірілген фразеологизмдер әу баста «Библияда» еркін тіркес ретінде

қолданылған. Мысалы, Каинова печать тіркесі «бауырын (Әбілді) өлтіргені үшін Құдайдың Каинға салған таңбасы» дегенді білдірген. Уақыт өте келе ол тұрақты тіркеске айналып, «қарғыс таңбасы» деген мәнді білдірген. «Орыс фразеологизмдерінің академиялық сөздігінде» бұл тіркес: «Каинова печать книжн. Множественное число неупотребительно. 1. Что-либо, рассматриваемое как знак общественно осуждаемого поступка (предательства, убийства и т.п.) и осмысляемое как знак проклятья братоубийце в христианской религиозной традиции» түрінде сипатталған [152, с. 474]. Бұл тіркестен Каинова печать лежит (на ком-л./на чем-л.); Нести Каинову печать; Каиновой печатью метить / клеймить (кого-л.); Каинову печать поставить (на кого-л./на что-л.) сияқты тұрақты тіркестер өрбіген.

«Вавилонское столпотворение» тіркесі Вавилон мұнарасын салған кезде тілдер шатасып, адамдар бір-бірін түсіне алмайтын деңгейге жетуіне байланысты пайда болған. Кейін ол тіркес фразеологизмге айналып, «түсініксіздік, шу, ретсіздік» деген мәнге ие болған. «Козёл отпущения» тіркесінің бастапқы мағынасы Израиль халқының күнәларын алып, шөлге жіберілген текеге қатысты болса, кейін ол фразеологизмге айналып, «бейкүнә болса да, басқалардың кінәсін арқалаған адам» деген мәнді білдірген. Сөздікте бұл тіркестің мағынасы «Человек, на которого возлагается вся вина за какие-либо неблагоприятные поступки, совершенные другими лицами, осмысляемый как жертвенное животное, на которое возлагалась вина за грехи», – деп берілген [156, с. 284]. «Манна небесная» тіркесі «Құдайдың шөл далаға жіберілген ғажайып тағамы» деген мәнде жұмсалса, кейін «аспаннан түскендей, кенет пайда болған олжа, көмек» деген мән жамаған. Сөздікте бұл тіркестің мәні «Нечто (обычно какой-либо недостающий ресурс, чаще всего не денежный) очень желанное, получение чего обычно неожиданно и не зависит от усилий получателя, осмысляемое как пища, которая, согласно библейскому преданию, однажды упала с неба в пустыне и насытила голодавший народ» деп берілген [156, с. 354]. От Иордана до Ефрата, Содом и Гоморра, Вавилонское столпотворение, Валаамова ослица, Каинова печать сияқты тіркестер алғашында жалқы есімдерге (нақты бір мекенге, адамға) қатысты қолданылса, кейін жалпылық сипат алған. «От Иордана до Ефрата» тіркесі әу баста нақты бір аймаққа қатысты қолданылса, кейін өте үлкен аумаққа қатысты қолданылған. «Содом и Гоморра» тіркесі азғындық жайлағаны үшін Құдайдың өртеп жіберген қалаларының атауы болса, кейін жалпылық сипат алып, «әдепсіздік, азғындық, тәртіпсіздік» деген мәнді білдірген. «Валаамова ослица» тіркесі Валаамның күтпеген жерден сөйлеп кеткен есегіне қатысты болса, кейін күтпеген жерден шындықты айтқан адамға қатысты қолданылған [157, с. 96].

«Құраннан» не «Библиядан» алынған фразеологизмдер – қатып қалған, өзгермейтін цитаталар емес. Қазіргі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде олардың баламалары пайда болып, мағыналық тұрғыдан жаңғырған. Мысалы, қазақ тілінде: әр нәрсенің өз уақыты бар, еш нәрседе шектен аспау керек, орыс тілінде:

превращение Савла в Павла (түбегейлі өзгеру), до кровавого пота (бар күшін салу), строить на песке (негізсіз іс істеу, бос әуре болу), посылать от Понтия к Пилату (бір-біріне сілтеу), жить мафусаилов век (ұзақ өмір сүру) [35, с. 23]; ағылшын тілінде: to cast (throw) one's lot with someone (біреумен тағдырды байланыстыру); to proclaim (cry, shout) from the housetops (жариялау, бүкіл жұртқа айту); т.б. [158].

А.В. Кунин де «Библияның» ықпалымен пайда болған фразеологизмдер бастапқы қалпынан, яғни «Киелі кітаптағы» прототиптерінен ерекшелетінін айтады. Ғалым ондай ерекшеліктерді өз ішінен жіктейді:

1. «Библиядағы» түпнұсқа тура мағынасында қолданылады. Мысалы, a millstone about smb's neck (ауыр жүк, зор жауапкершілік). Бұл тіркес көбінесе hang, have етістіктерімен қолданылады, сондай-ақ about сөзінің орнына around сөзі қолданылады.

2. «Библиядағы» прототиптің бір нұсқасы фразеологизмге айналады. Мысалы, live on the fat of the land (молшылықта өмір сүру) фразеологизмінің бастапқы нұсқасы eat the fat of the land (жердің берекесін көру) түрінде болған. Алайда ол кейін өзгерген.

3. Бейнелі құрылым өзгеріске түседі. Мысалы, gall and wormwood (жеккөрінішті, жиіркенішті нәрсе) фразеологизмі «Библиядағы» бастапқы нұсқасында the wormwood and the gall түрінде қолданылған. Кейін өзгертіліп, артикльдер түсірілген. Сондай-ақ кейбір тіркестерде мағына ауысып, бағалауыштық реңкі өзгерген: not to let one's left hand know what one's right hand does (оң қолым бергенді, сол қолым білмесін), «Библияда» бұл тіркес жағымды мәнде, яғни «жақсылықты жасырын істеу» мәнінде қолданылған. Ал қазіргі кезде орыс, ағылшын тілдерінде ол жағымсыз мәнде қолданылып, екіжүзділікті әрекетті білдіреді.

4. Фразеологиялық бірліктің компоненттері «Библияда» тура мағынада қолданылған, бірақ тұрақты тіркес ретінде қалыптаспаған. Мысалы, loaves and fishes (дүниелік игіліктер, материалдық байлық) фразеологизмі «Библиядағыдай» fishes сөзімен байланысты болғанымен, бастапқы мәтінде loaves and fishes тіркесі тұрақты тіркес ретінде қалыптаспаған.

5. Кейбір фразеологизмдер «Библиядағы» сюжеттен туындағанмен, бір компоненті қана аталады. Мысалы, forbidden fruit (тыйым салынған жеміс) және оның негізінде қалыптасқан forbidden fruit is sweet (sweetest) (тыйым салынған жеміс тәтті) деген мәтел. Бұл тіркестер Адам ата мен Хауа ананың тыйым салынған жемісті жеуі туралы сюжетке қатысты.

6. Кейбір фразеологизмдер сөз ойнатудан пайда болған. Мысалы, the land of Nod («ұйқы патшалығы» немесе «қалжырау елі» деген мағынада) фразеологизмі ағылшын тіліндегі nod («қалғып-мүлгу», «бас изеу») және Nod (Нод елі – Алланың бұйрығымен Әбілді өлтіргеннен кейін Қабыл сол жерге көшірілген) сөздерінің дыбыстық ұқсастығына байланысты сөз ойнатудан түзілген [3, с. 57].

Осылайша, «Библияның» ықпалымен түзілген фразеологизмдер бастапқы мәтіннен алшақтай отырып, жаңа семантикалық, мәдени реңктерге ие болған. Сол арқылы тілдің мәдени-аксиологиялық жүйесінде жаңа мағыналық деңгейлер қалыптастырған.

Ағылшынның бірқатар фразеологизмдері антикалық мифологиямен, ежелгі грек және рим әдебиеттерімен байланысты. Көптеген осындай фразеологизмдер қазір бейімделген: to blow hot and cold (тұрақсыз, құбылмалы болу, көзқарасын жиі өзгерту) [158, p. 47]. Бұл тіркес Эзоптың мысалындағы саяхатшы кейіпкердің бір уақытта қолын жылыту үшін үрлеуі мен ыстық сорпаны салқындату үшін үрлеуінен алынған. Caesar's wife must [should] be above suspicion (Цезарьдың әйелі күмәннен биік тұруы тиіс) деген тіркес Юлий Цезарьдың әйелі Помпеямен не себепті ажырасқанын түсіндіретін сөзіне негізделген. Осы фразаның негізінде Caesar's wife – «Цезарьдың әйелі» кез келген күмәннен таза болуға тиіс адамды білдіретін тұрақты тіркес қалыптасқан. Ағылшын тіліндегі When in Rome, do as the Romans do немесе One can do in Rome as the Romans do («Римде жүргенде римдіктерше өмір сүр») тіркесі [159] латын тіліндегі Si fueris Romae, Romano vivito more формасына ұқсас, «Басқа елдің ережесіне бағын» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде бұл «Әр елдің салты басқа» тәрізді мағынада берілуі мүмкін.

Қазақ тілінде араб-парсы тілдерінен енген тұрақты тіркестер көп: аузында кәлімасы бар; пайғамбар жасы, иман келтіру; иманы кәміл, тәубесіне келді, нәпсісін тыйды, шүкір қылды, жаны Жаннатта болсын, топырағы торқа болсын; дүние – базар, адам – қонақ; сабыр түбі – сары алтын; адамның басы – Алланың добы; базарың тарқамасын; бағың ашылсын; бағы жанды; бақ құсы қону; т.с.с. Тұрақты тіркестердің құрамындағы араб-парсы сөздері, негізінен ислам дініне қатысты болуы бұл тіркестердің кірме екенін білдіреді. Қазақ фразеологиясында парсы аңыздарының кейіпкерлері де (аждаһа, дию), араб-ислам мәдениетіне тән кейіпкерлер де кездеседі (жын, шайтан). Мысалы: жын түртті ме, жыны келді, жыны ұстады, жындының ісі, үмітсіз шайтан, жер астына жік шықты, қос құлағы тік шықты, пәледен машайық қашып құтылыпты, қарғайын десем, жалғызым, қарғамайын десем, жалмауызым, аждаһадай ақырды, аждаһадай боп отыр, аждаһаның аузындай, диюдай болып көрінді, диюдай жынданып кетті, т.б. Бұл мысалдардан фразеологизмдердің халықтың еңбек тәжірибесі, этикалық нормалары мен көркемдік болмысының көрінісі екенін көруге болады. Олар өмірдегі қайшылықтар мен қиындықтарды философиялық тұрғыдан түсіндіріп, күнделікті өмірге бағыт-бағдар береді.

Фразеологизмдердің ұқсастықтарымен қатар, семантикалық айырмашылықтары да болады. Осы тұрғыда ағылшын тіліндегі жазушы, ғалым, хан, патшалардың есімдерімен байланысты фразеологизмдер ерекше назар аударарлық. Ондай ФБ-ларды үш топқа бөлуге болады: а) фамилиядан ғана тұратын ФБ: according to Cocker – Коккер сияқты дәл, өте дұрыс (Эдвард Коккер –

XVII ғасырда өмір сүрген ғалым, арифметика оқулығының авторы); the Admirable Crichton – ғалым, білімді адам (Джеймс Крайтон – XVI ғасырдағы ғалым); ә) есімнен ғана тұратын ФБ: King Chrales’ head – бір нәрсеге қатты құмарлық (Ч. Диккенстің «Дэвид Копперфилд» романынан); Queen Anne is dead (ирон.) – «Анна патшайым баяғыда өлген» (ескірген жаңалық); б) есім мен фамилиядан тұратын ФБ: a Sally Lunn– тәтті тоқаш (XVIII ғасыр соңындағы әйгілі наубайшы әйелдің құрметіне); a Florence Nightingale – медбике (Флоренс Найтингейл – Қырым соғысында санитарлар тобын басқарған атақты медбике) [158, p. 379].

Қазақ тілінде де аңыз кейіпкерлерінің сөздері халық қолданыстарында тұрақты тіркеске айналған:

#### Кесте 7 – Аңыз кейіпкерлері сөзінің тұрақты тіркеске айналуы

| Фразеологизм / қанатты сөз                                                          | Авторы (аңыз кейіпкері) |
|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| «Әләуләйім таусылса, хәләуләйім тағы бар»                                           | Қожанасыр               |
| «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл»                                            | Жиренше шешен           |
| «Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра»                                         | Жиренше                 |
| «Ақымақтың сөзі – ащы, ақымақтың ісі – бос»                                         | Қожанасыр               |
| «Ашу – дұшпан, ақыл – дос»                                                          | Жиренше                 |
| «Ханнан қулық кеткенше, халқынан тыныштық кетеді»                                   | Жиренше                 |
| «Бір жол бар: алыс, алыс та болса, жақын; бір жол бар: жақын, жақын да болса, алыс» | Қарашаш                 |
| «Жол қысқартайық»                                                                   | Жиренше                 |
| «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді»                                       | Жиренше                 |

Орыс тіліндегі аңыз кейіпкерлерінің сөздері де халық санасында бір тұлғада қалыптасып, өзгермеуіне, компоненттерінің тұтастығы сақталуына байланысты, әрі қосымша мәндерге ие болуына байланысты тұрақты тіркестерге айналған.

#### Кесте 8 – Орыс тіліндегі аңыз кейіпкер сөздерінің тұрақты тіркеске айналуы

| Фразеологизмдер                           | Авторы (ертегі-аңыз кейіпкері) | Қазіргі мағынасы                                                   |
|-------------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| «По щучьему велению»                      | Емеля («По щучьему велению»)   | Еш қиналмастан, дайынға ие болу                                    |
| «Я от бабушки ушёл, я от дедушки ушёл...» | Колобок                        | Өз-өзіне сенімді, даңғаза, жағдайды дұрыс бағаламайтын адам туралы |
| «Фу-фу-фу, русским духом пахнет!»         | Баба-Яга                       | Жиіркену, жақтырмау, жатсыну                                       |
| «Кощеево царство» / «кошечьи цепи»        | Кашей Бессмертный              | Еркіндіктен айырылу, тұтқын болу                                   |
| «Соловей-разбойник»                       | Соловей-Разбойник              | Айғайшыл, шу шығаратын адам                                        |

Тілде жалқы есімдер де ұлттық коннотацияға ие болуы мүмкін. Мысалы, ағылшын тіліндегі «a Sally Lunn» – тәтті тоқаш, XVIII ғасырдың соңындағы кондитердің есімімен аталған; «the Admirable Crichton» – білімді, ғалым адам,

XVI ғасырдағы шотланд ғалымы Джеймс Крайтонның атымен байланысты. Ағылшын тіліндегі көптеген фразеологизмдер әдеби шығармалар арқылы қалыптасқан. Олардың басым көпшілігі күнделікті ауызекі тілде жиі қолданылады. Мәселен, Льюис Кэрролдың «Таңғажайыптар әлеміндегі Алиса» атты кітаптағы to smile like a Cheshire cat («екі езуі екі құлағына жету»), mad as a hatter («есі ауысқан») сияқты тұрақты тіркестерді балалар да қолданады [158, p. 87]. Сол сияқты Шекспирдің шығармаларынан алынған тұрақты тіркестер де кең таралған:

Кесте 9 – Шекспир шығармаларындағы кейіпкерлердің фразеологизмдерді қолдануы

| Фразеологизм                                                  | Алғашқы қолданылған шығарма, кейіпкер |
|---------------------------------------------------------------|---------------------------------------|
| Break the ice (әңгіме басында бірінші қадам жасау)            | The Taming of the Shrew               |
| In a pickle (қиын жағдайда)                                   | The Tempest                           |
| Wild-geese chase (бос әурешілік)                              | Romeo and Juliet                      |
| Green-eyed monster (қызғаныш)                                 | Othello                               |
| Wear one's heart on one's sleeve (сезімін білдіру)            | Othello                               |
| It's Greek to me (түсініксіз)                                 | Julius Caesar                         |
| The world's mine oyster (барлық мүмкіндік қолжетімді)         | The Merry Wives of Windsor            |
| Too much of a good thing (канағат қарын тойғызар)             | As You Like It                        |
| To be or not to be (таңдау қиындығы)                          | Hamlet                                |
| Seen better days (тозған)                                     | As You Like It                        |
| A heart of gold (жүрегі кең)                                  | Henry V                               |
| All that glitters is not gold (жалтырағынның бәрі алтын емес) | The Merchant of Venice                |

Үш тілдің бейнелі ғаламның фразеологиялық бейнесін салғастыра зерттеу адамның әлемді танудағы ерекшелігін терең түсінуге мүмкіндік береді, номинация теориясын байытып, фразеологиялық бірліктердің функционалдық маңызын көрсетеді.

Лексикалық қабаттар кейде әлеуметтік факторларға тәуелді болады. Фразеологизмнің ұлттық-мәдени мазмұны оның ядросы болса, жалқы есімдердегі бұл мазмұн коннотациялық сипатта болады. Мазмұны жағынан мағынасы ұқсас болғанымен, бейнелі құрамы әртүрлі немесе ішкі формалары ұқсас болғанмен, актуалды мағынасы сәйкес келмейтін фразеологизмдер ұлттық-мәдени ерекшелікті айқындайды. Бұл фразеологиялық бірліктердің образдылықпен уәждеделуінің тіл иесінің ғалам бейнесімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Эмоциялық жүгі бар концептілер тіл иесінің санасында эмоциялық қана емес, сонымен бірге мәдени мазмұнмен толыққан мағыналық кешен ретінде көрінеді. Мысал ретінде қазақ тіліндегі «бауыр» сөзін алуға болады. Ортақ түркілік кезеңде бауыр сөзі көп мағыналы сөз болған, яғни ол «бауыр», «жүрек», «ішкі ағза», «орталық», «жан» деген мағыналарды білдірген.

«Қазақ сөздігінде» «бауыр» сөзінің дефинициясы «БАУЫР<sup>1</sup> зат. <лат. гепар> 1. анат. Омыртқасыз жануарларда ас қорыту және қоректі сіңіру процестеріне қатысатын, адам мен жан-жануарлардың ең үлкен ас қорыту безі, ағза мүшесі. 2. мед. Адамның ағзасындағы ас қорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биологиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі. 3. Жан-жануардың дене тұрқының бауыр орналасқан ішкі жағы, қолтық тұсы. 4. Адамның құшағы. 5. ауыс. Таулы, жоталы, дөңді жерлердің сырт жағына қарама-қарсы ой жағы, баурайы, етегі. 6. ауыс. Көлдің, өзеннің шұрайлы жағалауы, жағасы. 7. тамақ. Малдың тамаққа пайдаланылатын ішкі мүшесі. 8. ауыс. Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы. 9. ауыс. Машина, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы, жерге тиер жағы» түрінде берілген [19, б. 208].

«Бауыр» ұғымының мифологиялық, этнолингвистикалық және әлеуметтік сипаттарын сөз еткен мақаласында Амантай Шәріп қазақ ең жақын туыстықты «бауыр» сөзімен білдіретінін, тілімізде «Бала – адамның бауыр еті» деген тұрақты сөз орамы барын ескерте келіп: «Әсіресе көркем шығармаларда «бауыр» сөзі кездесетін фразеологиялық тіркестерді, сондай-ақ бұл ұғым «жүрек» мағынасын беретін тұстарды басқа тілдерге аудару кезінде қиыншылықтар туындайтыны рас... Сайып келгенде, «бауыр» ұғымының сан сипатты астары түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың дүниетанымдық даралығын айқындауға мол септігін тигізетіні сөзсіз», – деп тұжырымдайды [160].

«Қазақ сөздігінде» бауыр сөзінің дефинициясын беруде бірнеше қателік орын алған: а) «1. анат. Омыртқасыз жануарларда ас қорыту және қоректі сіңіру процестеріне қатысатын, адам мен жан-жануарлардың ең үлкен ас қорыту безі, ағза мүшесі. 2. мед. Адамның ағзасындағы ас қорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биологиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі. 3. Жан-жануардың дене тұрқының бауыр орналасқан ішкі жағы, қолтық тұсы. 4. Адамның құшағы» сияқты мәндері мен «1. Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар. 2. Бір әкеден туған ағайынды адамдар. 3. Әйел адамның кіші інісі. 4. Жамағайын, жақын адам, туысқан» деген мәнді білдіретінін көрсетіп, омоним ретінде белгілеген [19, б.209]. Дұрысында, бауыр сөзі омоним бола алмайды. Бұлар – көп мағыналы сөздер.

ә) «Бауыр» сөзінің екінші омонимдік қолданысынан тарайтын бірде-бір фразеологизм көрсетілмеген. Тікелей осы мәнге қатысты фразеологизмдердің бәрі 1-омонимдік мағынаға қатысты етіп берілген. «Бауыр» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдерден-ақ олардың омоним емес, полисемия екені аңғарылып тұр:

Бауыр басты. а) Жақын тартты, туысындай көрді, жүрегі елжіреді. ә) Үйренді, көңілі байланды. б) Үйір болды, дағдыланды.

Бауыр басысты. Жақын туыстай болып кетті, қатты үйренісіп, жақын болып кетті.

Бауырға алды. а) Қамқорлығына алды, мейірімділік танытты. ә) Мал төлін емізді.

Бауырға алу. Өзіне үйір етіп тартып, баулу.

Бауырға ел тарттырмады. Елге жақын болмады, көпшілікті ұнатпады, жатжұрттанды.

Бауырға [бауырына] тартты. Өзіне жақын тартты, туыс көрді.

Бауыр ет. а) сөйл. Көкет (көкірек қуысындағы бауыр орналасқан аймақтағы ет). ә) Тым аяулы, өте жақын, қымбатты.

Бауыр етін ездi. Мейірлендiрдi, жүрегiн елжіреттi.

Бауыры балқыды. Елжіреді, мейірленді.

Бауыры бүтін [басы есен]. Бірге туғандары аман-сау, өзінің басы аман, сау-саламат.

Бауыры бітті. жерг. Жүрегі елжіреді, езілді, жаны ашыды.

Бауыры елжіреді [езілді]. Ет жүрегі елжіреп, жақсы көрді.

Бауыры қатты. Қатал, қатыгез, мейірімсіз,

Бауыры құт. Ен байлыққа толы, ырыс, береке.

Бауыры құтсыз. а) Жұртқа жақсылығы жоқ, берекесі мен ынтымағы жоқ. ә) Бала тұрмайтын; бала тумаған, пұшпағы қанамаған.

Бауырына басты. а) Жақсы көріп, мейірленгендіктің нышанын білдіретін, аймалап төсіне қысу, құшу, құшақтау қимыл-ишараты. ә) Асырап алды, бала қылып алды, тәрбиеледі. б) Меншіктенді, иемденді. в) Алқымдады, қуып жетті. г) Қанатының астына алды (құс туралы).

Бауырына кірді (тығылды). а) Іш жағынан алды. ә) Қорғалады, паналады. б) Өзіне баурап алды, тартып, елітіп әкетті.

Бауырына қысты. Жақсы көргенді, мейірленгенді білдіретін, өзіне тарту, төсіне басу, құшақтау қимыл-ишараты.

Бауырына тартты. а) Өзіне жақындатты, құшақтады. ә) Іш тартты, өзіне жақындатып өзімсінді.

Бауырында болды [өсті]. Біреудің асырауында болды, тәрбиесін алды.

Бауырын елжіретті. Ет-жүрегін елжіретті, көңілін, жүйкесін босатты.

Бауырын жарып шыққан. Туған бала, іштен шыққан перзент [19, б.208-209].

Сөздікте осы ұяға тән «тас бауыр», «жат бауыр», «ку бауыр», «құдандалы бауыр», «таптас бауыр», «тете бауыр» т.с.с. сияқты тіркестер мен «бауыр» сөзінің қатысуымен жасалған «бауырыңмен жер сызғыр», «бауырың езілсін», «бауырың тілінсін», «бауырыңа құрт түссін», «қазаны бауырына төгілгір» сияқты қарғыс мәнді тіркестер қамтылмай қалған. Қазақ этнографиясын арнайы зерттеген ғалым Б.Бопайұлы «апекең арсыз болсын, ағаң жарсыз болсын, бауырың әлсіз болсын»; «бауырың екі жерден тесілсін, қол-аяғың төрт жерден кесілсін» сияқты құрамында «бауыр» сөзі бар бірнеше қарғыс мәнді сөздерді атайды [161, б. 108].

Бұлар да сөздікте қамтылмаған. «Бауыр» лексемасының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер адам табиғатын бағамдаған көне түсініктерге жетелейді. Бұл – тіл мен мәдениеттің тұтастығын дәлелдейтін маңызды дәйек.

Фразеологизмдердің тура аудармасы ғана емес, олардың бейнелі мазмұнын ашатын, ішкі семантикалық құрылымын көрсететін аспектісі де өте құнды. Мысалы, қазақ тіліндегі «үндемегеннен үйдей пәле шығады», орыс тіліндегі «в тихом омуте черти водятся» және ағылшын тіліндегі «still waters run deep» («тыныш судың түбі терең») мәтелдері өзара ұқсас. Сол сияқты қазақ тіліндегі «ақылсыз бастың азабын аяқ көреді»; «бас жұмыс жасамаса, екі аяққа аяққа күш түседі»; «ақылсыз бас аяққа тыным бермейді», орыс тіліндегі «от дурной головы ногам покоя нет», ағылшын тіліндегі «a foolish head makes weary feet», «a fool's mind gives his feet no rest» мәтелдерінің мағынасы да, құрамы да өзара ұқсайды. Ал ағылшын тіліндегі «there is no smoke without fire» («түтін отсыз шықпайды») тіркесі мен орыс тіліндегі «Без дыма огня не бывает» мәтелі өзара ұқсас: екеуі де от пен түтінге қатысты. Ал қазақ тіліндегі нұсқасында («жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды») от туралы да, түтін туралы да сөз болмайды. Қазақ тіліндегі мәтелде жел мен шөптің басы нысанға алынған, алайда үш тілдегі мәтелдің мәндері ұқсас.

Фразеологияда халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының күрделілігі мен қайшылықтары көрініс табады. қазақ тіліндегі «кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың, кісіменен несі бар?», «жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады», «асықпаған арбамен қоян аулар» құрылымдарының орыс, ағылшын тілдерінде дәлме-дәл баламасы жоқ. Мысалға алынған мақал-мәтелдер адамгершілік, мораль, этикалық құндылықтар жүйесін көрсетеді.

Әр тілде ұлттық рух көрініс табады. Тіл халықтың ұлттық мәдениетін бейнелейді. Ұлттық тіл ұлттық психологиямен, халықтың менталдық болмысымен тығыз байланыста болып, ұлттық дәстүрлерді, таптаурындар мен дағдыларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Тілді меңгеру арқылы адам өзге тілдің кодын, сол тілді қолданушы қауымның ғалам бейнесін де меңгереді. Салғастырылған тілдердің ұлттық тілдік бейнесін тану сол халықтың дүниетанымын ұғынуға, тілдік санасына бойлауға, сол тіл жасаушы халықтың көзқарас, ұстанымын түсінуге мүмкіндік береді.

Ғаламның тілдік бейнесі – адам санасында өзінің рухани тәжірибесі мен танымына негізделіп қалыптасқан ғаламның көрінісі. Ол тіл арқылы көрінеді. Ғаламның тілдік бейнесі белгілі бір кезеңге, оның мәдени, рухани, ұлттық құндылықтарына тән сөйлеу-ойлау әрекетінің формасын бейнелейді. Ұлттық тілдік сана мен ғаламның тілдік бейнесі бір-біріне толық сәйкес келе бермейді, өйткені ұлттық тілдік санада құрылымданған, вербалданған білім ғана емес, бейсанада жатқан танымдық құрылымдар да қамтылады. Ғаламның тілдік бейнесі, бір жағынан, тілдік универсалийлерді бейнелейтін тілдік құралдар арқылы, екінші

жағынан, халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін орнықтыратын тілдік бірліктер арқылы қалыптасады. Біртұтас әмбебап ғалам бейнесі болмайды. Себебі әрбір ұлттың өзіндік ғалам бейнелері бар. Олардың өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігі түрлі халықтардың дүниетанымын салғастырмалы түрде зерттеу арқылы ғана айқындалады.

### Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Фразеологиялық жүйе – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын бейнелейтін ерекше когнитивтік кеңістік. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер адам мен қоғам, рух пен сана, табиғат пен мораль арасындағы қатынастарды бейнелей отырып, әр халықтың дүниетанымдық және этикалық кодын танытады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйе әр халықтың дүниетанымын, рухани өмірі мен мәдени құндылықтарын тереңінен бейнелейді. Олар ұлттық тілдің рухани кодын, моральдық тұғырын және адамның ішкі әлемін танудың тілдік жолын көрсететін мәңгілік мәдени мұра болып табылады. Фразеологиялық бірліктер тілдің құрылымдық жүйесіне ғана емес, сонымен қатар халықтың когнитивтік санасына, дүниетанымына, рухани құндылықтар жүйесіне де қатысты. Бірінші бөлімде фразеологиялық бірліктердің мәдени-когнитивтік табиғатының теориялық негіздері қарастырылып, фразеологизмдерді талдау арқылы тіл мен мәдениеттің байланысы дәйектелді.

Тіл мен мәдениет – адамзаттың біртұтас когнитивтік кеңістігі. Осы кеңістіктегі тарихи жад, рухани мұра, мәдени сабақтастық фразеологизмдер арқылы көрінеді. Фразеологизмдерде ұлттың сан ғасырлық тәжірибесі, дүниетанымы, болмысы көрініс тауып, сақталады. Бұл – тілдің кумулятивтік қызметінің айқын дәлелі. Мұндай фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, наным-сенімін, эстетикалық және моральдық ұстанымдарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, «ит арқасы қиянда», «аттың жалында, түйенің қомында», «to bring home the bacon» сияқты тіркестер әр халықтың тұрмыс-салтын, шаруашылығын, ғалам бейнесін танытады. Фразеологиялық бірліктерде этномәдени құндылықтар екі деңгейде бейнеленеді: 1) фразеологизмнің бейнелі формасы мәдени символдар жүйесіне енеді; 2) ол форма тілдік ұжым мүшелерінің мәдени құзыретіне сәйкес интерпретацияланады. Фразеологиялық бірліктер – номинативтік қана емес, когнитивтік таңбалар жүйесі, этностың әлемді танып, түсіндіру тәсілінің тілдік моделі.

Фразеологизмдердің мәдени семантикасын талдау арқылы олардың аксиологиялық (құндылықтық) сипаты да айқындалады. Көптеген фразеологизмдер адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық, сабырлылық, ұят, намыс сияқты құндылықтарды бейнелейді. Соның нәтижесінде фразеологизмдер халықтың моральдық кодексі іспетті қызмет атқарады. Фразеологияны зерттеудің мәдени және когнитивтік бағыттарын біріктіру қазіргі тіл білімінің антропоэлекті парадигмасына сай келеді. Бұл тұрғыда фразеологиялық жүйе тілдік қана емес,

сонымен бірге аксиологиялық, әлеуметтік және танымдық жүйе ретінде де көрінеді. Фразеологиялық бірліктердің этномәдени-когнитивтік табиғаты бірнеше қабаттан тұрады: семантикалық қабат (фразеологизмнің тура және бейнелі мағыналары); мәдени қабат (тарихи, этнографиялық, діни немесе әлеуметтік ассоциациялар жүйесі); когнитивтік қабат (ұжымдық санада орныққан концептуалдық бейне мен ментальді модель). Осы үш қабаттың өзара байланысы фразеологизмдердің когнитивтік өрісі мен этномәдени құндылығын көрсетеді. Сондықтан фразеологиялық бірліктерді зерттеу ұлттық дүниетанымды түсінудің негізі болып табылады. Сол арқылы тіл иесінің ойлау жүйесі, этномәдени құндылықтар әлемі, мәдени болмысы айқындалады. Фразеологизмдер ұжымдық сананың когнитивтік код ретінде қызмет етеді. Бұл код адамның әлемді қабылдау, салыстыру, түсіндіру тәсілін көрсетеді.

Фразеологизм – халықтың рухани және мәдени кодының тілдегі көрінісі болғандықтан, оны мәдениет, таным, құндылық жүйесінің бірлігінде қарастыру бүгінгі таңдағы антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің басты қағидасы болып отыр. Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан сипаттауда фразеологизмдер ұлттық мәдениет пен дүниетанымның айнасы ретінде көрінеді. Фразеологизмдер арқылы халықтың рухани құндылықтары, салт-дәстүрі, ұлттық болмысы көрінеді. Когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастырғанда, фразеологизмдер адамның ойлау жүйесін, танымдық сипатын бейнелейтін бірлік ретінде көрінеді. Соның негізінде фразеологиялық мағынаға негіз болған когнитивтік механизмдер айқындалады. Этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттау барысында фразеологизмдердің этнос өмірімен, наным-сенім, тұрмыс, әдет-ғұрпымен байланысы көрінеді. Соның негізінде халықтың тарихы, мәдени тәжірибесі, ұлттық болмысы танылады. Фразеологизмдерді лингвоаксиологиялық тұрғыдан талдағанда фразеологизмдердің құрамындағы құндылықтар, субъектінің бағасы негізге алынады. Тілдік бірліктер арқылы жақсылық пен жамандық, ар мен намыс, ізгілік пен зұлымдық сияқты моральдық ұстанымдар айқындалады. Соның негізінде фразеологиялық жүйе ұлттың дүниетанымын, мәдени жадын, құндылықтық ерекшелігін бейнелейтін күрделі когнитивтік-мәдени феномен ретінде көрінеді.

## **2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

### **2.1 Қазақ тілі фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың сипаты**

Ғалам бейнесі – индивид пен этностың объективті болмысқа қатысты жинақтаған білімдерінің жиынтығы. Бұл ғылым үшін тілдегі халық мәдениеті, психологиясы мен мифологиялық түсініктердің бейнеленуі ғана емес, тілдің сол мәдениетті қалыптастыру мен оның қызмет етуіне тигізетін ықпалы ерекше маңызды. Ғалам бейнесі – шындықтың айнадағы көрінісі емес, оның белгілі бір интерпретациясы. Бұл бейне, бір жағынан, әлемнің тұтас келбетін береді, екінші жағынан, оны жасаушының ерекшеліктерін, адамның қабылдау ерекшелігін бейнелейді. Ғалам бейнесінде «адам» концептісі негізгі ұғым ретінде көрінеді. Осы үлгіге негізделген теориялық сызба нақты бір этностың өкілі ретінде тілдік қауымдастық мүшесінің өмірлік тәжірибесі тұрғысынан басымдықтарды айқындай отырып, шындықты антропоэзектік концептуалдық құрылымдауға мүмкіндік береді. Мысалы, «әлем» концепті антропоэзектік проекцияда барлық болмыс түрлерінің жиынтығы немесе бар нәрсенің тұтастығы сияқты философиялық немесе функционал-семантикалық категориялар емес, ең алдымен адамның тіршілік кеңістігі ретінде көрініс табады. Осыған байланысты О. Жұбай: «Когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам көрінісін сақтайды. Мысал ретінде қабырға сөзінің семантикалық дамуын алуға болады. Қабырға сөзінің әу бастағы мағынасы – «адамның, жануарлардың омыртқа жүйесіне бекіген сүйектер». Яғни, өкпе-бауыр, жүрек, бүйрек т.с.с. ағзамыздың жұмсақ мүшелерін қоршап тұратын сүйектер. Халықтың ұғымындағы қабырға сөзінің «қоршау» мағынасы үйдің қабырғасы деген қолданыста да сақталған. Сол сияқты геометрия термині ретінде («геометриялық фигуралардың қыры») қалыптасуына да осы мағына негіз болған. Семантикалық даму барысында қабырға сөзі «қорғаныш» мағынасына негіз болған: «қабырғаммен кеңесейін» деген қолданыста адам өзіне жаны ашитын, өзінің тілеуін тілейтін адаммен ғана кеңеседі. Оны жақтырмайтын, ұнатпайтын, жаны ашымайтын адаммен ақылдаспайды. Ендеше, бұл жерде де қабырға сөзінің «қорғаныш» мағынасы сақталған», – дейді [162, б. 289]. Осы негізде қазақ тілінде қабырға сөзінің тіркесуімен ұлттың құндылық мәні бар біраз тұрақты сөз тіркестері қалыптасқан: Қабырғадан қан аққан, толарсақтан мұз қатқан – қырғын ұрыс, қиын қыстау кезеңдегі кезеңдегі қиыншылықтар туралы айтылады; Қабырғадан қан кешті – қырғын соғысқа тап болып, басына қиыншылық туу; Қабырғадағы қанат – қолдаушысы, сүйеніші; Қабырғалы би – беделді, ықпалы күшті, аты шулы би [6, б. 389].

Профессор Н. Уәли қазақ танымында әдемі көздің эталоны – бота көз; бұраң бел – әдемі белдің эталоны; әдемі беттің эталоны – алма бет, әдемі, сүйкімді ауыздың эталоны – оймақ ауыз, әдемі шаштың эталоны – қолаң шаш екенін ескерте келіп, қолаң сөзін «ағаш сабы бар, аттың қылынан тығыз түптеліп жасалған маса, шыбын қорығыш, масадан қорғанатын құрал» ретінде сипаттайды да қолаңның тығыз болып, есіліп тұратын сапасы қалың әрі жібектей сусып тұратын шаштың бейнесіне негіз болғанын айтады [14, б. 42]. М. Ержанов «Адамның сыртқы бейнесін сипаттайтын сөздердің лексика-семантикалық топтары» атты кандидаттық диссертациясында көздің 123 түрін сипаттайтын соматикалық тіркестерді көрсеткен: үлкен көз, бадырақ көз, алақан көз, шатынаған көз, аялы көз, шақша көз, жұмық көз, жыпсық көз, бота көз, қой көз, құралай көз, шаян көз, сығыр көз, қысық көз және т.б. [163, б.13].

Соматикалық фразеологизмдер тілдік тұлғаның ішкі рухани әлемі мен мәдени таптаурындарды тілде бейнелі түрде қалыптастыруда айрықша орын алады және ұлттық дүниетанымның айнасы ретінде бағаланады. Соматикалық атаулар моральдық-этикалық құндылықтарға («жүрек» – мейірім, адалдық, ізгіліктің нышаны; «қол» – көмек, қамқорлық, еңбек; «бас» – ақыл, жауапкершілік, билік) негіз болып, адамгершілік, ар-ождан, ізгілік құндылықтарын білдіреді. «Жан», «жүрек», «көңіл» сияқты атаулар рухани болмысты, адамның ішкі әлемін бейнелеп, рух, жан тазалығы, имандылық сияқты құндылықтарды білдіреді. Сонымен қатар соматизмдердің символдық мәні де бар. Мысалы, «жүрек» – батылдық, сүйіспеншіліктің символы; «көз» – сұлулықтың символы, қызғаныш белгісі; «қан» – тектілік, туыстықтың символы. Соған сәйкес соматизмдер қатысқан фразеологизмдер де құндылықтық мәнге ие. Мысалы, «жүрегі таза» (адал адам), «ақ жүрек» (мейірімді, пәк адам), «көңілі дархан» (кең пейілді, жомарт), «бетінен оты шықты» (ұялды) т.б. фразеологизмдер моральдық-этикалық құндылықтарды білдіреді.

«Көңіл көзі ашылды» (рухани тұрғыдан жетілді), «жаны жайсаң» (адамгершілігі мол, рухы биік), «жанын қиды» (өмірін құрбан етті) т.с.с. фразеологизмдер рухани құндылықтарды репрезентациялайды. «Қол ұшын берді», «қол ұшын созды» (жәрдемдесті, көмектесті), «басын иді» (құрмет көрсетті, тағзым етті), «аяғын тартты» (райынан қайтты, қашықтады) т.б. фразеологизмдер әлеуметтік құндылықтарды білдіреді. «Қаны бір» (туыс, қандас), «жүрек жұтқан» (батыр, ержүрек), «көз тимесін» (қорғаныш, ырым) сияқты фразеологизмдер символдық-мәдени құндылықтарды білдіреді.

Қазақ дүниетанымда жүрек батылдық, ерлікпен де байланысты. Сол себепті тілімізде «Батырлық жүректен, күш білектен»; «Ерлік келбетте емес, жүректе», т.с.с. фразеологизмдер қалыптасқан. «Жүрек» лексемасынан туындаған сөздер де осы сипаттарды көрсетеді: жүректі (батыр), ер жүрек; жау жүрек, жүрексіз (қорқақ); жүрексіну, т.б. Ағылшын тілінде де жүрек пен батылдық арасында

байланыс бар: lose heart (батылдығынан айырылу); to give heart (жігерлендіру); hearten (рухтандыру), т.б.

Қазақ танымында жүректің орны ерекше. Оны Әл-Фарабидің тұжырымдарынан да байқауға болады: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді... Жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады, ал мұның өзі – туа біткен жануарлық рухтың арқасы, бұл рух күретамыр арқылы барлық мүшелерге тарап отырады. Осы мүшелерді қоректендіруші нақ осы жылылық арқасында олардың бойында сол ішкі табиғи жылылық сақталып қалады... Қиялдағыш күштің түйгені жүректің жылылығы белгілі дәрежеде жеткен кезде ғана жүзеге асады. Ойлаушы күштің әрекеті де жүректің жылылығы өз әсері жағынан белгілі дәрежеге жеткен кезде ғана жүзеге асады» [164, б. 196].

Жануар атауларына байланысты фразеологизмдер тіл иесінің қоршаған әлемге деген көзқарасын, адам мінезін жануарлар бейнесі арқылы бағалауын, сонымен қатар мифтік, мәдени және әлеуметтік танымдарды білдіреді. Зооморфтық фразеологияларда жануарлар адамның бойындағы белгілі бір қасиеттің метафорасы ретінде қолданылады. Қазақ тілінде жануарлар дүниесіне қатысты фразеологизмдер көбіне мінез-құлық, әлеуметтік қатынас, бағалау және ұлттық салт-дәстүрмен сабақтасады. Мысалы, «ит көрген ешкідей» (таңданған адам), «түймедейді түйедей ету» (асыра сілтеу), «қой аузынан шөп алмас» (момын адам), «қасқыр мінез» (батыл, қайсар), «атқа теріс мінгізу» (қарғыс, жаза), «ажалды киік адырға» (бәле түртіп, жаманшылыққа бастау), «ақбөкеннің таңындай» (күн шалмаған аппақ, ақ күмістей), «Байлаулы бұзаудай» (өте кіріптар, тәуелді, лажсыз), «есекке үкі таққандай» (жарасымсыз қылық, орынсыз мақтауға байланысты) «кекіреге тойған текедей бақылдайды» (қоразданып, «маза» бермеген, өкірендеген еркек кісі туралы), «көк есекпен сауда жоқ» (ештеңемен шаруасы жоқ) сияқты тіркестер адамның моральдық, психологиялық бейнесін аңғартуда кең қолданылады. Бұл фразеологияларда мал шаруашылығы мен көшпелі өмір салты әсері айқын сезіледі.

Зооним қатысқан фразеологизмдер – тілдің ежелгі және бейнелі қабатының бірі. Бұл фразеологиялық бірліктер халықтың жануарлар дүниесін ұзақ бақылауының, оларға мінездеме беруінің, адам мінез-құлқын бейнелеудің нәтижесі ретінде қалыптасқан. Тіл – белгілі бір мәдени кодты қамтитын жүйе болғандықтан, зоонимдер негізінде жасалған тұрақты тіркестер әр халықтың дүниетанымын, наным-сенімін, эстетикалық талғамын танытады. Қазақ тілі де бұл заңдылықтан тыс емес. Мысалы, қасқыр, түлкі, қой, жылқы, ит, мысық сынды жануар атаулары фразеологиялық жүйеде адамның мінезін, жағдайын, әлеуметтік рөлін бейнелейтін тұрақты тіркестердің негізіне айналған.

Мысалы:

– түлкі – ку, айлакер: түлкі бұлаң, түлкідей бұлтандау, түлкі жортпас түлей (қалың ну орман), түлкі құйрықтандырды (бұлаң құйрыққа салу);

– қасқыр – ашкөз, қауіпті: қасқыр көрсе көзге қан толады, қасқырдай жалаңдау, қасқыр тиді, қасқыр жүректі, қасқыр тартты;

– жылқы – сабырлы, тектілік: жылқы мінезді адам, жылқыдай жусатып, қойдай өргізді (айтқанымен жүргізу);

– қой – жуас: қой аузынан шөп алмас, қойдай жуас, қой мінез;

– мысық – екіжүзді, сезімтал: мысықтабандап басу; мысық тілеу, мысық боп тыңдау (қорқып, үрейленіп тыңдау, құлақ түру), мысық көмбе қылық (бықсытып, пыш-пыш әңгіме айту);

– ит – адал немесе жаман ниетті: итжеккен, иттей құтырылу, итжемеде қырылу (азаптану, қорлықта өлу), ит жүрек (қызығы жоқ, құлазуға көнген жүрек), ит өлім (қадірсіз өлім).

Метафора ретінде зоонимдердің бейнелі мағынада қолданылуы – халық санасындағы ассоциативтік байламдардың нәтижесі. Бір тілде белгілі бір жануар жағымсыз бейнеде көрінсе, екінші тілде ол жағымды реңкке ие болуы мүмкін.

Н.Уәли мәдени-тілдік семантиканың ерекше көрінетін тұсы белгілі бір өлшемнің, мөлшердің ақиқаттағы образымен берілетінін ескерте келіп, «ақ түйенің қарны жарылды» «мол қуанышқа кенелді» дегенде эталондық (өлшем, мөлшерлік) ақпарат бар екенін, «сүтке тойған қозыдай, ешкінің лағындай, құлын мүшелі» дегендер сүйкімділіктің эталоны болатынын, бұлар дүниенің көркем образды түрде тілдік санада орныққан сипаттары болып саналатынын айтады [14, б. 55].

Фразеологиялық бірліктер тілдік емес, сонымен қатар мәдени кодтарды, тарихи тәжірибе мен дүниетанымды бейнелейді. Әсіресе, мұң сияқты ұғымдар этностың эстетикалық әрі когнитивтік бейнесін қалыптастырушы негізгі концепт ретінде танылады. Мәдени ақпарат тілдің номинативтік бірліктерінде мәдени семалар, мәдени ая, мәдени концептілер, мәдени коннотациялар арқылы көрініс табуы мүмкін. Көптеген фразеологизмдерде халықтың ұлттық мәдениеті мен тарихи жадының «іздері» сақталған. Мұндай тұрақты тіркестерді талдау үшін олардың ішкі формасы мен ұлттық-мәдени коннотациясын қарастыру қажет. Р. Авакова қазақтың итке деген танымдық көзқарасы, ит психологиясын бүтешүгесіне дейін білетіндігін және оны ақиқат бағалай алатындығын дәлелдейтінін айта келіп: «Қазақ тілінде «алыс, ұзақ жер» мағынасында «ит арқасы қиянда, ит өлген жер» және т.б. фразеологиялармен береді. Жалпы халық танымында «ит» семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» мақаланың астарында да алыс ұғымының архетипі жатқан болу керек», – дейді [17, б. 274].

Қазақ тілінде жануарлар әлеміне қатысты фразеологизмдер өте көп. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, табиғатпен етене өмір сүруіне байланысты. Жануарлар әлеміне қатысты фразеологизмдер қазақ халқының дүниетанымын, құндылықтық ұстанымдарын білдіреді. Қазақтар адам бойындағы жағымды, жағымсыз мінезді жануарлардың болмысымен байланыстырады. Мысалы: «қой аузынан шөп алмайтын» (момын, жуас), «қойдай қоңыр» (сабырлы,

жайдары), «қаңтардағы бурадай» (ашулы, қаһарлы), «қоян жүрек» (қорқақ), «жылқы мінезді» (еркін; шыдамды, төзімді), «қасқыр мінезді» (қатал, мейірімсіз) «сиыр мінез» (сүйкімсіз), «түйе үстінен ит қапты» (икемсіз адам), «құралайды көзге атқан (мерген)» т.с.с. фразеологизмдер моральдық-этикалық құндылықтарды білдірсе, «жүк көтерген нардай» (көп еңбекті көтеретін, төзімді адам), «ат жалын тартып мінді» (ер жетті), «абжыландай толғанды» (айбат шекті, буырқанды), «иттей жұмыс істеді» (көп еңбек етті) т.б. фразеологизмдер әлеуметтік құндылықтарды білдіреді. «Қырандай қомданды» (жігерленді, рухтанды), «қыран құстай самғады» (биікке ұмтылды), «түлкідей айлакер» (қу, айла-шарғысы мол) сияқты фразеологизмдер рухани құндылықтарды білдіреді.

Жануарлар әлеміне қатысты фразеологизмдер символдық мәнде жұмсалып, символдық-мәдени құндылықтарды да білдіреді. Мысалы: «киіктің лағындай» // «киіктің асығындай» (сүйкімді), «кер маралдай» (кербез, сұлу), «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» (бейбіт, берекелі дәурен),

Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер әр халықтың табиғатпен қарым-қатынасын, еңбек мәдениетін, дүниетанымын және эстетикалық бағалауын танытатын маңызды лингвомәдени құрал болып табылады. Қазақ тілінде өсімдік атаулары арқылы жасалған тұрақты тіркестерде ұлттық символика, салыстырмалы таным мен рухани бағдарлар көрініс табады. Қазақ тілінде өсімдіктерге қатысты фразеологиялар көбіне этикалық-эстетикалық мағынаға ие. Мысалы, «шөп басын сындырмау» (ештеңе істемеу), «сары ізіне шөп салды» (жамандық істеді), «бәйшешектей құлпыру» (әсемдену), «гүлдей солды» (жан азабын шекті, сары уайымға салынды) сияқты тіркестер сұлулық, мінез, әрекет арқылы ұлттық дүниетанымды білдіреді.

Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер көбінесе адамға қатысты қолданылып, моральдық-этикалық құндылықтарды білдіреді. Мысалы: «жапырағы солды» (мұңайды, қайғырды), «қарағайдай бойы бар, қамыстай ойы жоқ» (бойы ұзын, бірақ ақылы аз), «шөп басын сындырмайды» (түк бітірмейді; момын, зиянсыз), өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер адамның қоғамдағы орнын көрсетіп, әлеуметтік құндылықтарды білдіреді. Мысалы: «жапырақ жайды» // «тамыр жайды» (үбірлі-шүбірлі болды; кең тарады; орнықты), «тамыры терең» // «тамыр жайған» (әулеті, тегі мықты), «жеті атасынан түбі бір» (туыстық байланысы мықты), «түп-тамырымен құрыды» (тып-типыл болды, тұтасымен жойылды). Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер адамның рухани әлемін көрсетіп, рухани құндылықтарды білдіреді. Мысалы: «гүлдей жайнады» // «гүл-гүл жайнады» (құлпырды, жадырады), бәйшешек бетті (балғын жүзді), «қураған ағаштай» (өмірден түңілген, қажыған, рухы әлсіреген), «жауқазындай нәзік» (сезімтал, жан дүниесі нәзік).

Қазақ дүниетанымында өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер символ ретінде де қолданылып, символдық-мәдени құндылықтарды білдіреді. Мәселен, бәйтерек бейнесінің мифологиялық қана емес, символдық-мәдени мәні бар.

Бәйтерек – өмір ағашы, жер мен көкті байланыстырушы ортаңғы әлем, халықтың тұтастығы мен биіктігінің символы. Фразеологизмдерде де бұл символ жиі қолданылады. Этикалық бағалау тұрғысынан алғанда, «бәйтерек» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер адамның мінез-құлқына, моральдық бейнесіне қатысты қолданылады: «бәйтеректей (бәйтерек сынды) тұлға» (елдің тірегі, қоғамға арқау болған қайраткер); құндылықтық мәні – әділдік, даналық, адалдық; «халықтың бәйтерегі» (елді біріктіретін, халыққа рухани тірек болатын тұлға); құндылықтық мәні – бірлік, ынтымақ, ізгілік; «бәйтерекке қарап бой түзеу» (үлкенді сыйлау, өнегеге еру); құндылықтық мәні – ар-ұят, дәстүрге құрмет, тәрбиелілік.

Эстетикалық бағалау тұрғысынан алғанда, «бәйтерек» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер сұлулыққа, көркемдік, әсемдікке қатысты қолданылады: «бәйтеректей жайқалды» (әулеті өсіп, ұрпақтары көбейді); құндылықтық мәні – өмірдің гүлденуі, сұлулық пен әсемдік; «бәйтерекке айналды» (елдің тірегіне, сүйенішіне айналды); құндылықтық мәні – асқақтық пен әсемдіктің символы.

Функционалдық бағалау тұрғысынан алғанда, «бәйтерек» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер кәдеге асу, мақсатқа сәйкестік, жарамдылық мәнінде қолданылады: «бәйтеректей тамыр жайды», «бәйтеректей тамырлы» (тарихы терең, іргесі берік, мықты құрылым); құндылықтық мәні – тұрақтылық, сенімділік, күш-қуат; «бәйтерекке сүйенгендей» (сенімді тірегі бар, арқа сүйер күші бар), құндылықтық мәні – қорғаныш, сенімділік; «бәйтерекке балта шапты» (елдің бірлігін, тұрақтылығын бұзды); құндылықтық мәні – деструктивті әрекет, халықты әлсірету; «қу бәйтерек» (қуатсыз, әлсіз, кәрі адам не құндылықсыз қоғам); құндылықтық мәні – жарамсыздық, әлсіздік, құлдырау. Қазақ танымында «бәйтерек» – өсімдіктің атауы ғана емес, әлем ағашы (мифологиялық өлшем); ұрпақ жалғастығы (әлеуметтік өлшем); асқақтық пен әсемдік (мәдени-рухани өлшем). «Бәйтерек» – өмірдің, тұрақтылықтың символы болса, «бәйтеректей тамыр жайды» фразеологизмі «әулеті өркендеді, ұрпақ жалғасты» дегенді, «бәйтеректей асқақ» фразеологизмі «ел тірегі, іргелі» дегенді білдіреді. «Бәйтерек» лексемасымен жасалған тұрақты тіркестердің жағымды бағалауыштық мәні де (өсім, ұрпақ жалғастығы, халықтың тірегі, даналықтың белгісі), жағымсыз бағалауыштық мәні де («қу бәйтерек» – әлсіздік, қуаттан айырылу) бар.

«Жусан» лексемасы туған жердің символы, ол сөздің қатысуымен жасалған «жусан иісі мұрынға келді» фразеологизмі «туған жерді сағынды», «жусансыз дала жетім», «жусанды дала» фразеологизмі – қазақтың ұлттық болмысының символы. «Жауқазын», «гүл» лексемалары – жастық шақтың, нәзіктіктің символы, соған сәйкес «жауқазындай жайнады» // «жауқазындай құлпырды» фразеологизмдері жастықты, әсемдікті білдіреді. «Гүлдей құлпырды» фразеологизмі сұлулықты, жастық шақты білдіреді. «Шынар», «қарағай» сөздері – биіктіктің, тектіліктің, ұзақ өмірдің символы, ол сөздердің қатысуымен жасалған

«жүз жасаған шынар», «қарағайдай қарт» фразеологизмдері «ұзақ жасаған дана», «елдің ақсақалды қариясы» деген мәнде жұмсалады. Сонымен қатар қазақ дүниетанымында «жапырақ лексемасы өмірдің өткіншілігін, нәзіктігін білдіреді, соған сәйкес «жапырақтай қалтырады» фразеологизмі қорқынышты, әлсіздікті білдірсе, «жапырағы солды» фразеологизмі «қайғыға түсті, қуаты кетті» дегенді білдіреді. Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер халықтың табиғатқа қатысын, өзіндік дүниетанымын білдіреді. Ондай фразеологизмдер өсімдік әлемінің ерекшелігін білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар құндылықтық мәні бар символдар болып табылады.

Түр-түс, сындық сипаттағы фразеологизмдер адамның дүниені танудағы ассоциативтік қабылдау жүйесін, эстетикалық және бағалау категорияларын бейнелейтін лингвомәдени бірліктер қатарына жатады. Түске байланысты фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, эстетикалық және моральдық бағалауын бейнелейді. Әрбір түс физикалық белгіні білдірумен қатар аксиологиялық (құндылықтық), символдық мәнге ие. Профессор Н. Уәли қазақ тіліндегі «ақ ниет» (адал тілек), «қара бет болу» (ұятқа қалу), «қызыл кеңірдек» (қатты ұрсысу), «сары уайым» (күйзеліс), «ала көзімен қарау» (жек көру) сияқты фразеологизмдерде түр мен түс моральдық және эмоциялық реңк беретін негізгі бейне ретінде көрінетінін ескерте келіп, бұл ұлттық дүниетанымда түстердің киелілік, бейнелілік және бағалаушылық қызметін танытатынын айтады [14, б. 243].

Ақ түс тазалықтың, адалдық, жақсылықтың белгісі ретінде қолданылады. Соған сәйкес ақ сөзі қатысқан фразеологизмдер «ақ жол», «ақ босаға», «ақ жүрек», «ақ тілек», «ақ отау», «ақ арулап жөнелтті», «ақ сөйледі» фразеологизмдерінде де осы мән сақталған. Қара түс жамандықтың, ауырлық, қайғы мәнін білдірумен қатар («жүрегі қара», «қара ниетті», «қара күн», «қара қағаз») «үлкен», «қасиетті», «киелі», сүйкімді» деген мәнде де жұмсалады («қара шаңырақ», «қара жер», «қара қазан», «қара домалақ», «қара өткел», «қара көз», «қара нардай», т.с.с.). Р. Лауланбекова қара түске байланысты атаулар мағынасына қарай 1) жамандық 2) жауыздық, 3) бастапқылық, 4) қайғы-мұң, 5) қасиеттілік, 6) қарапайымдылық деп 6 топқа топтастырды [165, б. 121]. Ақ, қара түстері ұлттық мәдени жадта жақсылық-жамандық, тазалық-ластық, қуаныш-қайғы сияқты бинарлы оппозициялармен байланысты. Осыған байланысты Ж. Жампейісова: «Мәдени концептіге жататын «ақ» - «қара» тілдік бірліктерінің кумулятивтік қызметі зор. Олар халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі негізінде қалыптасқан аялық білімді өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиетке ие», – дейді [166, б. 5]. Түс атауларының концептуалдану ерекшеліктері, когнитивті сипаты туралы Н. Аитова [167], Ш. Жарқынбекова [168] еңбектерінде де жан-жақты сөз болған.

Қазақ тілінде түс атаулары мәдени-символдық код ретінде қолданылады. Г. Смағұлова ақ түсіне қатысты фразеологизмдерді былайша жіктейді [169]:

## Кесте 10 – Ақ түсі негізінде қалыптасқан фразеологизмдер

| Фразеологизмдер                                                      | Мәндері                          |
|----------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
| Аққа құдай жақ; судан тұнық, сүттен ақ; сүттей ақ, судай таза        | адал                             |
| Аузынан ақ май ағу; ақ түйенің қарны жарылу                          | байлық, молшылық                 |
| Ақ құба; ақ торғын; ақша бет; қызылы қызыл, ағы ақ                   | бет (ажар)                       |
| Томағасын алдырған ақ сұңқардай                                      | қимыл-қылық сұлулығы             |
| Ақ саусақ (әйелге қатысты); ақ алақан (әйелге де ерлерге де қатысты) | түр, келбетке қатысты            |
| Аузы аққа жарымау; кедейдің аузы аққа тисе, мұрны қанайды            | кедейлік                         |
| Аузынан ақ ит кіріп, кара /көк/ ит шығу                              | ұрыс, ұрсу                       |
| Ақ боран; ақ түтек боран; ақ түтек үскірік; ақ қар, көк мұз          | боран, аяз, суық                 |
| Құдайға ақ сарбасын айту                                             | садақа                           |
| Ақ пен қызыл арасында                                                | кешкі уақыт, ымырт               |
| Ағы ақ, қызылы қызыл                                                 | денсаулық                        |
| Ақ қас! Ақ пұш! Ақ сиырдың сүтін іш!                                 | кісі түшкіргенде айтылатын тілек |
| Ақ ауыз қылу                                                         | алдау                            |
| Ақ кебінге орану                                                     | өлім-жітім туралы                |
| Ақ жұмыртқа сары ауыз                                                | жас мөлшері /бала, бозбала шағы/ |
| Ақ сақал; ақ сақалды, сары тісті; ақ сөңке                           | жас мөлшері /кәрілік/            |

Көріп отырғанымыздай, ақ түсі арқылы жасалған фразеологизмдер негізінен, адалдықтың, тазалықтың, берекеліктің, өмірдің символы. Сонымен бірге әлеуметтік жағдайға да қатысты (аузы аққа жарымау), жас мөлшеріне (ақ жұмыртқа сары ауыз, ақ сақал) және наным-сенімге (құдайға ақ сарбасын айту, ақ қас! Ақ пұш! Ақ сиырдың сүтін іш!, аққа құдай жақ) де қатысты фразеологизмдер де кездеседі.

Қазақ тілінде кара түстің символдық мәні терең әрі жан-жақты. Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінде» кара сөзімен келген фразеологизмдер былайша жіктелген [169, б. 125-128]:

## Кесте 11 – Қара түсі негізінде қалыптасқан фразеологизмдер

| Фразеологизмдер                                                 | Мәндері                                   |
|-----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
| 1                                                               | 2                                         |
| Қара аспан тақау; қара аспан төңкеріліп түскендей; қара күн туу | қиындық көру / қиын кез/                  |
| Қара басу                                                       | жолы болмау                               |
| Қарасын батыру; қарасынан адасу                                 | жоғалту / көзін күрту                     |
| Қара аспанды төндіру                                            | ұру, соғу, төбелес /әрекетке негізделген/ |
| Аузынан ақ ит кіріп, кара /көк/ ит шығу /                       | ұрыс, ұрсу /сөзбен/                       |
| Қара күшке салу                                                 | озбырлық, өктемдік көрсету, зорлық көру   |
| Қара суды теріс ағызу                                           | болдырмасты болдыру                       |
| Қайғысыз қара суға семіру                                       | күн көру/ешкімнің көмегінсіз/             |
| Қара қазан, қара қазанның қайғысы //қамы                        | күн көріс                                 |
| Араларынан қара мысық өту                                       | араздасу                                  |
| Қара болу                                                       | қамқор, жанашыр болу /біреуге/            |
| Айтсам аузыма қара қан құйылсын!                                | үндемеу /ешкімге ештеңе айтпау/           |

# 11 – кестенің жалғасы

| 1                                                                                    | 2                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
| Жүзі қара /болу/; қара бет болу; қара жерге отырғызу<br>//қарату, өлмегенге қара жер | ұят, ұялу, алдап кету                     |
| Жаны қара бақайына кету                                                              | қорқу                                     |
| Тиісерге //ұрынарға// қара таппау                                                    | ашулану /ашуланған кездегі адамның кейпі/ |
| Өкпесі қара қазандай болу                                                            | өкпелеу                                   |
| Қара жер алу; қара жер төсек болу                                                    | өлім-жітім туралы                         |
| Қара суға //түсу// түскендей; қара сорпа болу; қара сүмек болу; қара тер болу        | терлеу                                    |
| Қара сорпа болу                                                                      | Шаршау /терлеу /                          |
| Қара аспанды төндіру //жаудыру// суға алдыру                                         | сөзді өсіріп айту                         |
| Қара сөзді қамшы қылу                                                                | шешен, тапқыр сөйлеу                      |
| Он қолы он кісі, қара басы бір кісі                                                  | шебер                                     |
| Қара ниет //көңіл//                                                                  | қаныпезер адам                            |
| Қара жаяу емес                                                                       | жалпы интеллект туралы                    |
| Ақ сақал, қара сақал                                                                 | жасы үлкен адамдар                        |
| Ел қарасын көрмеу /көрсетпеу                                                         | сыртқа тебу                               |
| Қара қасқа кедей; қара сирақ кедей; қара табан                                       | кедейлік туралы                           |
| Қара сирақ //қара борбай// бала                                                      | жас мөлшері /бала, бозбала шағы/          |
| Қара құйындай /өте шығу/                                                             | тез, шапшаңдық                            |
| Ертеден қара кешке дейін                                                             | күні бойы                                 |

«Қара» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің мәндері алуан түрлі. Ол қара сөзінің мағынасына байланысты. «Қазақ сөздігінде» қара сөзінің зат есім, сын есім, күрделі сөздердің құрамдас бөлігі, етістік ретінде сипатталған. Қара сөзінің негізгі мәні зат есім, сын есім ретінде жіктелген:

ҚАРА<sup>1</sup> зат. 1. Дәл не екені айқын емес, қарайып көрінген нәрсе; қарайған. 2. Аумақ, көлем, сан, мөлшер, шама. 3. Жобасы, нобайы, пошымы, түрі. 4. Жеке басы, өз басы. 5. Қарапайым, халық арасынан шыққан адам, қараша, халық, бұқара. 6. Ірі мал: жылқы, түйе, сиыр. 7. Ес, серік, тірек, сүйеу. 8. ауыс. миф. Жын, әбілет [19, б. 755].

ҚАРА<sup>2</sup> сын. 1. Күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу). // этн. Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім. 2. ауыс. Арам, қараниет, зұлым. 3. ауыс. Теріс, қисық [19, б. 755-758].

Біздің ойымызша, қара сөзі сын есімдік мәнге ие, ал зат есім есімдік мәні сын есімнің субстантивтенуі арқылы туындаған. Бұл сөздің қатысуымен жасалған фразеологизмдерде қара сөзінің екі мәні де (зат есім, сын есім ретіндегі мәндері) қамтылған. Мысалы, қара сөзінің «алыстан анық емес, қарайып көрінген нәрсе» деген мағынасы «қарасын батыру; қарасы өшу; қарасы батты; қарасынан адасу; қарасы жоғалды; қарасынан үрікті; қарасын көрді; қарасы үзілді; қара көрсетті» сияқты фразеологизмдерге негіз болса, «жын, әбілет» мағынасы «қара басу» фразеологизміне өзек болған. «Ес, серік, тірек, сүйеу» мәні «қара болу; қара көрді;

қара тұтты»; «жеке басы, өз басы» мәні қара басы; «қара бастың қамы; қара бастың қамын жеді; қара басының қамын ойлады; қара басын күйттеді; қара басына көрінгір»; «өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім» деген мағынасы қара жамылды; қара киді; қара жамылдырды; қара желек жамылды т.б. өзек болған. Алайда сөздікте «қара күшке салу» фразеологизміне негіз болған «жойқын» алапат» сияқты мәні, «қара шаңырақ, қара қазан» фразеологизмдеріне негіз болған «киелі, қасиетті» сияқты мәні, «қара таныды» тіркесіне негіз болған «әріп, оқу-жазу» деген мәні, «қара кесек ет; қара сорпа» тіркестеріне негіз болған «майсыз» сияқты мәндері т.б. сөздікте ескерілмей қалған. Сөз мағынасын айқындап, түгендеу үшін фразеологизмдердің мәнін нақтылаудың маңызы зор.

Қазақ танымында қызыл түс өмір, қуат, жастық, от, махаббатты білдіреді. Соған сәйкес қызыл сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер сұлулық, жастықты білдіреді: «қызыл гүлдей құлпырды», «қырмызы қызыл гүлдей», «қызыл шырайлы», т.с.с. Қызыл лексемасы сөз, тіл лексемаларымен тіркескенде өзгеше мәнге ие болады. Мысалы: қызыл тіл – шешен, орамды, жүйрік тіл, қызыл сөз – құр, бос сөз; тиянағы, байлауы жоқ сөз; ойсыз жылтыр сөз, қызыл тілін безеді – тілі мен жағына сүйене, суырыла, сүйреңдеп сөйледі, қызыл сөзден бал жақты – әсіреледі, асыра мақтады. Сонымен қатар жағымсыз мәнде қолданылатын қызыл көз пәле, жалаң аяқ жар кешті, қызыл аяқ қар кешті, қызыл май болды, қызыл шеке болды, қызыл танау болды, қызыл кеңірдек //өңеш болды, қызыл сирақ кедей т.б. фразеологизмдер де бар [19, б. 860-861].

Қызыл сөзінің тіркесуімен жасаған фразеологизмдерді жинақтай отырып, қызыл сөзі қазақ халқы танымына қатысты фразеологизмдердің пайда болуына негіз болып отырған негізгі түстердің бірі деп айтуға болады. Олардың символдық, мәдени құндылықтарына талдаулар жасай отырып, төмендегідей жіктеуге болады: 1. жастықтың, күштіліктің, әдеміліктің, қанның символы: «қызыл шырайлы» (бетінен қаны тамған, өңді), «қызылың қырдай болсын» (астыққа береке құтайсын), «қызыл гүлдей құлпыру» (жайнау), «қызыл арай», күн шапағы, «қызыл көрмеді» (ұзақ уақыт ет жемеу); 2. Әлеуметтік статусты білдіреді: «қызыл қарын» (ес біліп, етек жаппаған, буыны қатпаған, ер жетпеген бала), «қызыл сирақ» (кедей). 3. Негативті мәнде қолданылады: «қызыл [көбік] ауыз» (көп сөйлейтін, мылжың), «қызыл сөз» (құр, бос сөз), «қызыл табан болды» (табанынан таусылу, көп жүріс), «қызыл танау болу» (желігу, еліру) [6, б. 488-489].

Қазақ дүниетанымында көк түс көне әрі қасиетті түс саналады. Ол аспан мен жерді білдірумен қатар Тәңірінің, рухтың символы ретінде қолданылады, биіктікті, руханиятты білдіреді. «Көк» сөзімен қатысуымен «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сияқты түркі халықтары үшін қасиетті атаулар қалыптасқан. Мысалы, «көк бөрі» тіркесі батырлық, ерлік, еркіндіктің символы саналады. Түркілердің мифологиялық тотемдік белгісі ретінде жағымды мәнде қолданылады. Көк түс мәңгілік, шексіздік, биіктік пен рухани еркіндікті білдіреді. «Көңілі көкке жетті» фразеологизмі «мақсат-мұратына жетті, арман-мақсаты орындалды, рухы

көтерілді» деген мәнде қолданылады. «Көкке қол созу» фразеологизмі «арманға ұмтылу» дегенді білдіреді. «Көкке көтерілді» фразеологизмі «даңққа бөленді, мәртебесі өсті» деген мағынада жұмсалады.

Сонымен қатар көк түс жағымсыз мәнде де жұмсалып, суықтық, қаталдық, долылықты да білдіреді. Мысалы, «көк боран», «көк аяз» тіркестері «күшті, ызғарлы боран, аяз» дегенді білдіреді. Көк түс табиғаттың қаталдығын білдіре алатындықтан, бұл сөздің қатысуымен «ақ қар, көк мұз», «көк мұз», «көк аяз», «көк боран» тіркестері қалыптасқан. Осы сөздің қатысуымен жасалған «көк долы», «көк дауыл», «көзіне көк шыбын үймелетті» тіркестері ашуы қатты, ашушаң адамға қатысты қолданылады, «көк» сөзі долы, дауыл сөздерімен тіркесіп, қаталдық пен ызаның күшейгенін, шектен асып кеткенін білдіреді. «Көк» сөзі ретсіздікті, тоқтаусыз, құр әурешілікті де білдіріп, жағымсыз мәнде жұмсалады. Мысалы, «көк терге түсті» (шаршады, күш-қуаты сарқылды), «ақ тер, көк тер болды» (әуре болды, бекерге шапқылады), «көк мылжың» (бос сөзді көп айтатын, орынсыз көп сөйлеп, жалықтыратын адам), «көк езу болды» (ұзақ дәлелдеу), «аузына ақ ит кіріп, көк ит шықты» (ретсіз сөйлеп, аузына келгенін айтты, балағаттады) т.с.с. «Көк» сөзі кемдікті, жасықтықты да білдіреді: «көк айран», «көк азық (шынықпаған, кемеліне жетпеген); «көк етті, көн терілі» (азып-тозған, арық), «көк жалқау» (еріншек, жұмысқа мойны жар бермейтін), «көк жамбас» (беркесі кеткен, тым жүдеу), «көк жасық» (жілігі татымаған, арық, жасық ет), «көк желке болды» (әбден шаршады, қалжырады), «көк жұлын» (артық еті жоқ, тарамыстанған), «көк жұлын болды» (азып-тозды, сүлдері қалды), «көк иық болды» (әдбен титықтады), «көк қарын» (бойына май бітпеген, арық, жүдеу), «көк малта» (қатып-семген малта), «көк малтасын езді» (көп сөйледі, мылжыңдады), т.с.с. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты Е. Алкан, Ж. Пансат, Н. Халиковтың мақалаларында жан-жақты көрсетілген [170, б. 34-45].

Қазақ дүниетанымында сары түс ұзақ уақытты, тұрақтылықты, даналықты білдірумен қатар өткінші уақытты, тұрақсыздықты да білдіреді. Сары лексемасының қатысуымен «сары уайым», «сары ауыз балапан», «сары үрпек бала», «сары бас жылан», «сары бүйе», «сары ала жолбарыс», «сары жамбас болды» т.с.с. тіркестер қалыптасқан. Қазақ тіліндегі түс атаулары символдық-мәдени құндылықтарды білдірумен қатар рухани құндылықтарды (көңілі көкке жетті, сары уайым), моральдық-этикалық құндылықтарды (ақ жүрек, ақ ниет; қара ниет, қара жүрек), әлеуметтік құндылықтарды (қара шаңырақ, қара қазан, сары бала) да білдіреді.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер «Ұлттық болмыс пен мәдениет көрінісі: сан есімді фразеологизмдер контексінде» тақырыбындағы мақалада талданып, дүниені тану мәселесіне байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері, әсіресе, сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездесетіндігі анықталды [171, б.184-207].

Сан есімдер қазақ халқының тілдік санасында сандық ұғымды ғана емес, сонымен қатар символдық, мәдени, мифологиялық және дүниетанымдық мәндерді де білдіреді. Қазақ фразеологизмдерінде сандар – уақыт, кеңістік, адам өмірі, дәстүр мен наным-сенімдерге қатысты концептуалды таңбалар ретінде қолданылады. Мысалы, «жеті» – киелі сан, «қырық» – көптіктің, «екі» – қарама-қарсылықтың, «бір» – тұтастық пен бірліктің белгісі.

## Кесте 12 – Нумеративтік фразеологизмдер көрінісі

| Сан есімдер | Фразеологизмдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Символдық мәні                                                                                                                                                                        |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1           | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 3                                                                                                                                                                                     |
| 1           | Бір Құдайдың өзі білсін; бір ауыз сөз айту; бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару; бір аяғы көрде, бір аяғы жерде; күні бір уыс болу; бірді бірге соғу; бір тарының қауызына сыйдыру; бір уыс қылу; екі аяғын бір етікке тығу; бір шыбықпен айдау; ноқталы басқа бір өлім; бір түйір; бір уыс; бір шайнам; бір үзім; түтіні бір жерден шығу; екі елі ауызға бір елі қақпак; бір жасап қалу; әр нәрсенің басын бір шалу; бір көйлек бұрын тоздырған; қаны бір; бір түндік астында түтін түтету бірге от жағып, түтін түтету т.с.с.                                                                         | бірлік, аздық, тұтастық, адамгершілік, сенім т.б.                                                                                                                                     |
| 2           | екі езуі құлағына жету; екі көзі төрт болу; екі аяғын бір етікке тығу; екі оттың ортасында қалу; екі ойлы болу; екі жүзді адам; екі туып, бір қалғаны; екі қолды мұрынға тығу; екі үйге бір қазан астыру; екі өкпесін қолына алып (жүгіріп) жету; көңілі екі болу; екі жеп биге шығу; айтқаны екі болмау; екі иығы салбырау; екі қолы алдына сыймау; төбесі көкке екі елі жетпеу; екі көзі атыздай болу; екі ортада шыбын өлу; енеден екі туғандай; сөзі екі ұшты; екі беті алмадай; екі иығы қақпақтай; екі кештің арасында; екі бетінен қаны тамған; екі иығына екі кісі мінгендей т.с.с. атауға болады. | Екі сан есімі арқылы түзілген фразеологизмдер дуалистік жүйені (жақсылық-жамандық, ақ-қара, өмір-өлім) білдіреді, қарама-қарсылық, күмән, қақтығыс, жақындық т.б. мәндерде жұмсалады. |
| 3           | үш жұрт; үш ұйықтаса ойында жоқ; үш тоғыз; үш қайнаса сорпасы қосылмайды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | толықтық, үйлесім, тұрақтылық, байланыс                                                                                                                                               |
| 4           | төрт құбыласы тең болды; төрт құбыласы түгел; төрт көзі түгел; түн ұйқысын төрт бөлу; екі көзі төрт болу; төрт түлігі сай; дүниенің төрт бұрышы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | кеңістік, толықтық, үйлесім, молшылық                                                                                                                                                 |
| 5           | бес саусағындай білу; бесаспап адам; бес күндік дүние; бес күн жалған; маңдайының бес елі бағы бар; бетінің суы бес төгілу; бес тиынға тұрмау//танымау; қазанының қаспағы бес елі; маңдайының соры бес елі; маңдайының бағы бес елі; бес биенің сабасындай                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | адам болмысының тұтастығы (бес сезім мүшесі, бес саусақ), тұрмыстық, әлеуметтік тепе-теңдік, өткіншілік                                                                               |
| 6           | азуы алты қарыс, алтау араз болу, алты аласы, бес бересі жоқ, алты басты айдаһар, алты қабат аспан асты, алты малта ас болмай                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | айбатты, зор тұлғалы адам                                                                                                                                                             |
| 7           | жеті ата, жеті нан, жеті ғалам, жеті қараңғы түн, жеті дарияның ар жағы; жеті қат жер асты; жеті рет өлшеп, бір рет кесу; жерден жеті қоян тапқандай; жеті атасын мал өлтірген; кедейдің жеті қаңтаруы бар; кедейге келер жеті қырсық бар; жеті дарияның ар жағы; жеті қабат жер үсті; жеті қырдың асты; жеті қараңғы түн                                                                                                                                                                                                                                                                                  | кемелдік, толықтық, сақтық, руханилық                                                                                                                                                 |

## 12 – кестенің жалғасы

| 1                                      | 2                                                                                                                                                                                                                | 3                            |
|----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
| 8                                      | сегіз қиыр шартарап                                                                                                                                                                                              | толықтық, шексіздік          |
| 9                                      | үйірімен үш тоғыз; тоғыз қабат торқадан гөрі тоқтышақтың терісі артық; тоғыз жолдың торабы; тоғыз айып тарту, тоғыз қырлы, тоқман сырлы, тоғыз қатынның толғағы қатар келу                                       | молшылық, береке             |
| 10, 12, 14, 62, 90, 100, 1000, 18 000, | он саусағынан өнер тамған; он екі мүшең сау болсын; он төртінде туған айдай; он сегіз мың ғалам; мың ойланып, жүз толғану; мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар; алпыс екі тамыры ию, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні | Толықтық, кемелдік, тұтастық |

Құрамында сан есімдері бар фразеологизмдер – ұлттық дүниетанымның когнитивтік-аксиологиялық жүйесін айқындайтын ерекше қабат. Түр-түс, сан атаулары қатысқан фразеологизмдер әр тілде эмоциялық бағалау, моральдық бағалау, әлеуметтік статус пен эстетикалық қабылдауды білдіретін мәдени-танымдық символдар ретінде қолданылады. Олар ұлттық дүниетанымдағы түс пен санға қатысты ұғымдарды когнитивтік таным арқылы бейнелей отырып, тіл иесінің мәдени коды мен құндылықтар жүйесін көрсетеді. Осыған байланысты профессор Г. Смағұлова: «Мәдениет тілі семиотикалық жүйелерде сақталады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады», – дейді [45, б.149].

Қазақ тілінде қуанышты хабар кезінде айтылатын «ақ түйенің қарны жарылды» деген фразеологиялық тіркес кездеседі. Қазақ халқының бар өмір-тіршілгі малмен байланысты болғаны белгілі, оның ішінде түйе қасиетті жануар болып есептелген. Ал түске келетін болсақ, ақ түсі қазақ халқының танымында жақсылықпен, тазалықпен байланысты. Сондықтан халық қуанышты, сүйінші хабарларды естірткенде осы тіркесті қолданған. Қазақ тілінде сәттілікке байланысты: «асығы алшысынан түсті», жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан, жұлдызы оңынан туу; сыйластыққа қатысты: алдынан қия өтпеу, сақалын сыйлау, асты-үстіне түсу; ауызбіршілікке қатысты: бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару, айрандай ұйып отыру; қашықтыққа қатысты: ит арқасы қиянда, ит өлген жер; біреуге жағымпаздану, жалбақтау мағынасында мағынасында: жыртысын жыртты, сойылын соқты. Аяқ асты, жоқ жерден дау шығаруға байланысты: буынсыз жерден пышақ ұру, бүйректен сирақ шығару сияқты көптеген фразеологизмдер бар. Жоғарыда көрсетілген квазисинонимдес фразеологизмдер қазақ халқының мәдениетіне байланысты тілдік бірліктер арқылы жасалып, сол халықтың танымымен байланысты болып тұр. Мысалы, «асықтың алшысынан түсуі» фразеологиялық бірлігіне төмендегідей түсіндірме береді: асықтың немесе сақаның иірілген кезде қошқармүйіздене ойық біткен жағымен (тәйкесінің қарсы жағымен) түскен позициясының атауы. Асық, сақа

ойындарының қатысып ойнайтын түрлерінде асықтың алшы түскені басымдылыққа ие болады... асықты иіріп, бал ашуда алшысынан түссе, ол жақсылықтың нышанына баланады. Асығы алшысынан түсу – ісінің аяқ астынан оңға басуы, мәселенің кедергісіз шешілуін білдіреді [6, б.34]. Көріп отырғанымыздай, бұл тіркес алғашқыда ұлттық ойынмен (асыққа қатысты) пайда болып, кейін тілде «сәттілік» ұғымымен тұрақталып, тіркеске айналған. Сол сияқты алыс ұғымымен байланысты «ит өлген жер», «ит арқасы қиянда» тұрақты сөз тіркестері қазақ халқындағы «жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген ұғыммен байланысты туындаған. «Жыртысын жырты» тіркесінде де қазақ халқына тән мәдени компонентің қатысуымен мәдени ұғымды беріп тұр: «жыртыс – тойларда, садақаларда матадай берілетін сыйлық, кәде». Бұл тіркес те алғашқыда ғұрыптық дәстүрмен байланысты болса, кейін ауыспалы мағынада тұрақты сөз тіркесіне айналып кеткен. Сол сияқты қазақ тілінде «аға өлсе, жеңге мұра, іні өлсе, келін мұра» тұрақты тіркесі бар, мұны «Көшпенділер» тарихи романыныңда кездестіруге болады: «Дәл осындай мезгілде бір күні Шағай Созақтан келген керуеншіден Дайыр қожаның баласы сүзектен қайтыс болып, жесір қалған Күнсананы «аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген қазақтың көне дәстүрі бойынша, қожаның үлкен баласына бергелі жатыр деген хабарды естіді [172, б. 38]. Бұл фразеологизм қазақ халқының салт-дәстүріне (әмеңгерлік) қатысты, оның астарында отбасылық тұтастықты сақтау, ру абыройын жоғалтпау, өз ұрпақтарын жетімсіретпеу, қандас бауырынан қол үзбеу сияқты құндылықтар жатыр. Бұл сол елдің марқұмның алдындағы, рудың алдындағы, жетім қалған бауырларының алдындағы жауапкершілігі.

Алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер – сөйлеушінің бағалауыш көзқарасын, эмоционалды күйін және мәдени ұстанымын білдіретін тілдік бірліктер. Мұндай фразеологиялар адамның тіл арқылы жақсылық тілеу, реніш білдіру, жазалау немесе ізгі ниет таныту мақсатында қолданылады және олар ұлттық мәдениеттің менталды-тілдік көрінісінің бір бөлігі болып саналады. Қазақ тілінде алғыс пен қарғыстың фразеологиялық формалары кең таралған, әрі көп жағдайда бата-тілек, қарғыс-қарғыбау формаларында кездеседі. Мысалы, «құдай тілеуінді берсін», «аузынан ақ маржан төгілсін», «жер жастандырсын», «қара тасқа айналғыр», «көзің құрғыр» тәрізді тіркестер – жақсылық пен жамандық тілеудің бейнелі формалары. Мұнда алғыс та, қарғыс та – дуалы сөз, магиялық әсерге сену мен қауымдық тәрбие құралы ретінде көрінеді. Әдеби мәтіндерде бұл фразеологиялар кейіпкердің дүниетанымын, сөйлеу мәнерін және эмоционалды күйін жеткізуде маңызды құрал ретінде көрінеді. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер – тіл мен мәдениеттің эмоционалды-бағалауыш ресурстары, олар арқылы сөйлеуші өз қарым-қатынасын, ниетін немесе қарсылығын білдіреді.

Фразеологизмдердің бір тобы белгілі бір тарихи оқиғаларға, кезеңдерге немесе тарихи тұлғалардың есіміне байланысты туындап, халық жадында қалыптасқан бейнелі тіркестер ретінде қолданылады. Мұндай фразеологиялар

ұлттық мәдениеттің тарихи жады мен идеологиялық бағдарларын бейнелейтін символдық бірліктер санатына жатады. Қазақ тіліндегі тарихи-мәдени фразеологияларда батырлар, билер, хандар және олардың дәуірлері жиі бейнеленеді. Мысалы, «Абылай ханның заманындай» (бейбіт, әділ, өркендеген кезең), «Төле бидей әділ» (әділ төрелік айту), әділдікке қатысты «тура биде туған жоқ», «қара қылды қақ жару», «Асан қайғыға түсу» (терең ойға шому, уайымға берілу), «шық бермес Шығайбай» (саран), «Қозы менен Баяндай» (ессіз ғашық болу), «батырдың жолын берсін» (ерлік тілеу) сияқты тіркестер тарихи тұлғалар арқылы ұлттық идеал мен моральдық өлшемдерді білдіреді. Бұл фразеологияларда тұлға – дәуірдің рухани символы ретінде көрінеді. Тарихи жағдайларға байланысты «ақ кигізге көтеру», «боз биенің сүтіне шомылдыру», «қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» сияқты тұрақты сөз тіркестері де кездеседі. Мысалы, «Дұрыс еткенсің: қардың басын қар алар, ханның басын хан алар, қарашаның төре тұқымына сойыл соғуы лайықты емес [172, б. 152] және «Атамыз Абылайды үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге орап, хан ғып көтерген күнінің түнінде ол бір ғажайып түс көріп шығыпты [173, б. 230]. Бұл фразеологизмдер көне салт-дәстүрмен, билікпен, дүниетаныммен тығыз байланысты. Қазақ дәстүрінде ханды сайлау кезінде оны ақ киізге отырғызып, елдің сыйлы адамдары көтерген. Бұл дәстүр ханды қадірлеу, мойындау деген ұғымды білдірген, мәні елдің біртұтастығы, ауызбіршілігіне қатысты (хан сайлау барлық елдің, рудың шешімімен болады), ақ киіз адалдықтың символы, еліне адал қызмет жасасын деген ұғым жатыр. Сонымен бірге ауызбіршілікті нақты бейнелейтін «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару» фразеологизмі де кездеседі. Ал «боз биенің сүтіне шомылу» фразеологизмі де халықтық дәстүрмен тікелей байланысты қалыптасқан. Бұл – елін қорғап, жеңіспен келген батырды тазарту дәстүрі. Батырды боз биенің сүтіне шомылдыру барысында ол бойындағы зұлым күштерден арылады және рухани тұрғыда және тәні тазарады деген сенім қалыптасқан. Бұл жерде боз бие болуының өзінде үлкен мән жатыр, боз түсі аспан әлемімен байланысты, ал сүт киеліліктің символы. Сол сияқты «қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» тұрақты сөз тіркесі әділдік пен теңдік ұғымы жатыр, яғни тек дәрежесі тең болған жағдайда ғана қарсы шығып, жеңіске жетеді деген философиялық ұғым жатыр деп ойлаймыз.

Отбасы – туыстық, неке, экономикалық және шаруашылық қатынастар арқылы біріктірілген күрделі құрылым. Отбасы толыққанды тіршілік етудің, шаруашылықты жүргізудің және қартайғанда қамсыз өмір сүрудің бірден бір мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Отбасылық өмір салты қазақ халқында әрдайым жоғары бағаланды. Үйлену – табиғи қажеттілік қана емес, сонымен қатар діни борыш, мұсылманның қасиетті міндеті ретінде қабылданған. Бір үйде тұру – отбасы мүшелерін анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Сондықтан қазақ тілдік санасы үшін жігіттің үйленуі, ең алдымен, өз алдына «үй болу» дегенді білдіреді. Бұл мағына қазақ тіліндегі үйлену сөзінің ішкі формасынан да көрінеді,

яғни «үйлі болу», «үйлендіру» – «баланы үйлі ету», «отау тігу». Сонымен қатар шаңырақ көтеруге байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер де көп: Отан отбасынан басталады; үйлену оңай, үй болу қиын; жақсы әйел – жарты бақыт; қатын жақсы болса, үйің ұжмақ; ер – үйдің егесі, әйел – үйдің шегесі; құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық; келін ененің топырағынан; ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер; үйленбей қартайған адамнан ақыл сұрама; үйленбеген адамның тамыры қурайды; т.б.

Қазақ тілінде қыз балаға қатысты «тұрмыс құрды», «тұрмысқа шықты» сияқты тіркестер қолданылса, жігітке қатысты «үйленді», «шаңырақ көтерді», т.с.с. тіркестер түзілген. А.Смайыловтың «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты» атты зерттеу жұмысында әйел бейнесінің лингвомәдени мазмұны мен символдық мәні сипатталған [174]. «Жақсы әйел – жаман әйел» тақырыбы әмбебап сипатқа ие. Барлық халықта сұлулық басты өлшем емес деген түсінік бар. Әйелдің имандылығы, еңбекқорлығы, денсаулық, мойынсұнғыштық, Құдайдан қорқу сияқты қасиеттері жоғары бағаланады. Бұл белгілер көбінесе қарама-қарсы сипаттамалар арқылы концептуалданады: жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс; жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді; бір қатын тамағымен тойғызар, бір қатын қабағымен тойғызар; салақ қатынның етін құрт жейді, терісін ит жейді; қапияда қатын ақыл табады.

Фразеологиялық кеңістікте әйел бейнесі теріс реңкті бірліктер арқылы басым сипатталады, ал «күйеу» концептісі көбінесе идеалды күйеу бейнесінде көрініс табады. Осылайша, отбасы ошағының тұтастығын сақтау жауапкершілігі әйел иығына жүктеледі. Бұл қазақ тіліндегі бірқатар фразеологизмдерде айқын көрініс тапқан: үйді де ұстайтын, үйді де құртатын – әйел; сараң қатын майын тығумен құртар, жаман қатын кірін сығумен жыртар; үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады.

XX ғасырдың басына дейін қазақ халқы негізінен ауылда өмір сүрген. Осыған байланысты ауылдық өмір салты отбасы тұрмысының барлық саласына өз әсерін тигізді. Ертеректе қазақтар «отбасы» деген атаудың орнына «түтін», «шаңырақ сөздерін де қолданған (Ауылда неше түтін бар? Түтін саны нешеу екен?). Жаңа отбасының құрылуы метонимиялық тәсілмен «шаңырақ көтерді» тіркесімен де берілген. Сол сияқты метонимия ретінде қолданылған «есік» лексемасының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер көп: қайта кірер есігіңді қатты жаппа; қаққан есік ашылады; әр есіктің өз кілті бар; есіктен қуып шықсаң, тесіктен кіреді, есік ашпау, есігінен сығалатпау, т.с.с.

### Кесте 13 – Есікке қатысты фразеологизмдер

| Фразеологизм | Мағынасы                                   |
|--------------|--------------------------------------------|
| 1            | 2                                          |
| Есік ашу     | Қош келдің айту, қарсы алу, мүмкіндік беру |

### 13 – кестенің жалғасы

| 1                                   | 2                                                                         |
|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| Есіктен кіргізіп, төрге шығармау    | Сырттай сыпайылық танытып, шын мәнінде шеттету                            |
| Есігін жауып алу / есігін тарс жабу | Өзге адаммен қарым-қатынас үзу, оқшаулану                                 |
| Есігі ашық үй                       | Қонақжай отбасы                                                           |
| Есіктен қағылу                      | Қуылу, мойындалмау, қабылданбау                                           |
| Есіктен кіріп, төр менікі деу       | Жағымпаздану, орынсыз иемдену                                             |
| Төрге шығармай, есікте ұстау        | Мойындамау, менсінбеу, төмен санау                                        |
| Есік пен төрдей                     | Барлық жағдайы жасалған кең орын, жайлы өмір                              |
| Есік алдындағы бала                 | Төменгі әлеуметтік мәртебеге ие, қызметші бала                            |
| Есіктен төрге дейінгі аралық        | Қазақ қоғамындағы иерархиялық құрылым, мәртебеге байланысты отыру тәртібі |
| Есік көрсету                        | а) Біреуді шығарып салу, қуып шығу, ә) үйіне шақырып, қонақ ету           |
| Есік көрген                         | Бұрын тұрмыста болып, ажырасқан әйел                                      |

«Есік» лексемасы қоғамдағы қатынастың, мәртебенің, қабылдау мен шеттетудің символы ретінде кейде «табалдырық», «босаға» сөздерімен мәндес болады:

### Кесте 14 – Табалдырыққа қатысты қазақ тіліндегі фразеологизмдер көрінісі

| Фразеологизм                       | Мағынасы                                                                        |
|------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| Табалдырық / босаға аттау          | жаңа кеңістікке ену, жаңа өмір кезеңіне қадам басу                              |
| Табалдырықтан / босағадан аттатпау | біреуді қабылдамау, қарым-қатынас орнатудан бас тарту                           |
| Табалдырықта / босағада тұру       | өтпелі күй, шешім қабылдамау, екіұшты жағдай                                    |
| Босаға мен табалдырық              | қазақ үйінің киелі шекарасы; әйелдің отбасына енуімен байланысты киелі кеңістік |
| Босағаға бару / келу               | біреудің үйіне көмек сұрап бару                                                 |
| Ақ босаға                          | шаңырақтың құт-берекесі, жаңа түскен келіннің отбасылық өмірге қадамы           |
| Босаға берік болсын                | отбасының ынтымағы мықты болсын деген мағынада                                  |
| Табалдырықты басып өту             | өмір кезеңін ауыстыруды білдіретін әрекет                                       |
| Босаға күзету                      | қыздың ұзатылу тойында орындалатын әдет-ғұрып                                   |
| Босағаға отыру                     | жас келіннің жаңа үйге бейімделуі; кейде шеттеу, төмен орын алу мағынасында     |
| Босағасын аттамау                  | қарым-қатынасты үзуді, үйге келмеу                                              |
| Босағасын қиыс қылу                | ұзақ уақыт бір шаңырақтың табалдырығын аттамау, туыстық байланыстан алыстау     |

Бұл ретте «босаға», «табалдырық» лексемалары «шекара, өтпелі күй, тыйым мен рұқсаттың, әлеуметтік ауысудың рәмізі» ретінде көрінеді. Сырым Датұлының «табалдырықтан биік тау жоқ» деген тұжырымы да табалдырықтың осы семасына байланысты.

Адамның бойындағы локализацияланған рухани құрылымдардың ішінде ерекше маңызды үш концепт – ар-ождан, жан, рух. Ежелгі нанымдарда жан тыныс

алумен байланысты ұғым ретінде қалыптасқан. Себебі тірі жанның тынысы бар, ал өлгенде ол жойылады. Антикалық философтар жанды материалдық емес, ерекше субстанция ретінде түсінген. Демокриттің пайымдауынша, жан – ерекше атомдардың жиынтығы. Философиялық сөздік жанды былайша анықтайды: жан – күнделікті қолданыста сананың қозғаушы күші, яғни тірі жанның (әсіресе адамның) негізі; дене мен материя ұғымдарына қарсы қойылатын антитеза.

«Жан» сөзі қатысқан фразеологизмдер этикалық бағалау тұрғысынан алғанда, адамгершілік, моральдық құндылықтарды білдіреді: «жаны жомарт» (кең пейілді, мейірімді, ізгі ниетті адам); «жаны ашыды» (аяушылық білдірді, мүсіркеді); «жаны таза» (адал, кіршіксіз, арам ойдан аулақ); «жаны жайсаң» (ізгі, адамгершілігі мол жан). Эстетикалық бағалау тұрғысынан, «жан» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер көңіл күйді, сезім, әсерді білдіреді. Мысалы: «жаны жай тапты» (рахаттанды, тынышталды); «жаны күйді» (қатты өкінді, ішінен өртенді); «жаны ауырды» (қатты қиналды, көңілі жараланды); «жаны тыншымады (мазасызданды, беймаза күйде болды); «жаны шықты» (қорықты, шошынды). Функционалдық бағалау тұрғысынан, «жан» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер мақсатқа сәйкес болу, әрекет етуді білдіреді. Мысалы: «жан сақтау» (аман қалу); «жан қию» (мақсат жолында құрбан болу, аянбау); «жан тапсыру» (өмірден өту, қайтыс болу); «жаны мұрнының ұшына келді» (қатты қорықты); «жаны шығып кете жаздады» (қатты шошынды, қорықты) т.с.с. Этикалық тұрғыдан алғанда, «жан» – адамгершілік пен моральдық құндылықтың өлшемі болса, эстетикалық тұрғыдан алғанда, эмоция, сезім, ішкі рухани әсердің бейнесі, ал функционалдық тұрғыдан, тіршіліктің, өмірдің символы, өмір үшін күрес пен мақсатқа сәйкестік.

«Көңіл» лексемасы адамның көңіл күйін тікелей сипаттайды. Мысалы, көтеріңкі көңіл күй. Қазақ тілінде көңіл сөзіне шығыс септік жалғану арқылы жасалған көңілден деген сөз орыс, ағылшын тілдеріндегі «шын көңілмен, таза жүректен» деген сөздеріне ұқсайды. «Көңіл» лексемасының өзіндік ерекшелігі мол әрі көпқырлы. Адамның ішкі күйін сипаттайтын бірліктер арасында ол ерекше орын алады: адамның ішкі жан дүниесіндегі эмоциялық, рационалды деңгейлерді біріктіріп, саналы және бейсаналы аймақтарды ұштастырады.

Қазақ тілінде «көңіл» концептісі адам физиологиясын сипаттауда қолданылады: көңілі күпті болды, көңілі былғанды, көңілі бұзылды, т.с.с. Бұл – қарапайым дүниетанымдағы ажыратылмаған синкреттік сипаттың көрінісі.

«Көңіл» лексемасына реніш, ашу сияқты мағынадағы сөздер де жақын. Ол – адам бойында бар немесе жоқ болатын ерекше болмыс. Зерттеу нәтижелері көңіл, soul сөздері тек рухани емес, нақты материалдық параметрлермен де сипатталатынын көрсетті. Бір жағынан, көңіл – адамның ішкі кеңістігі ретінде сипатталады. Мысалы: көңілі босады, көңілінің бостығы, көңілі тоқ, көңіліне алды, көңіліне алмады, көңілінде болды, көңілінен кетпеді, көңілінен шықты. Ол кеңістікті бір нәрсемен толтыруға, оған сырттан бірдеңе енгізуге болады, онда сақтауға болады, одан бірдеңе алуға болады.

Сонымен қатар оның физикалық сипаты да бар. Қазақ тілінде көңілдің түрі көп: ақ көңіл, таза көңіл, қара, ақ, таза, лас, т.б.

«Қазақ сөздігінде» көңіл сөзінен түзілген фразеологизмдер өте көп:

Көңіл азды. Жадап-жүдеу мағынасында.

Көңіл айтты [айтысты]. этн. Адам қайтыс болғанда, оның ағайын-туғанына жұбаныш біл- дірді, қайырлы болсын айтты.

Көңіл айту. а) этн. Қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша, жалпы ру, ауыл-ел, жеке үй немесе кісі басына түскен қайғы-қасірет, күйзеліс-шығын, өлім-жітімге байланысты көңілін білдіру салты. ә) әдеб. Дәстүрлі халық поэзиясының тұрмыс- салт жырлары тобындағы мұң-шер өлеңдерінің бір түрі.

Көңіл аударды. Назар, зер салды.

Көңіл ашты. а) Қуантты, сергітті, сүйсіндірді. ә) Сана-сезімді оятты.

Көңіл бақшасы. поэт. Көңіл сарайы, ішкі сезім.

Көңіл бекіді. Ой орнықты, алаңдамады.

Көңіл берді. а) Берілді, бой ұрды, ден қойды. ә) Иланды, сенді.

Көңіл босатысты. Шер тарқатысты.

Көңіл бөлді. Назар аударды, зер салды.

Көңіл бөлу. Бір нәрсеге назар аударып, мән беру.

Көңіл бөліну. Назар аударылу.

Көңіл бұрды. Назар аударды, зейін қойды.

Көңіл білдірді. а) Сезімін білдіріп, ойындағысын айтты. ә) Басу айтты.

Көңіл біратым насыбайдан да қалады. Көңіл, адамдар арасындағы қарым-қатынас өте нәзік, тез бұзылғыш деген мағынада.

Көңілге әжім салды. Ренжітті, кейітті.

Көңілге алды. а) Өзіне мақсат етті, ниет етті. ә) Ескерді, еледі. б) Өкпелеп қалды ренжіп қалды [19, б. 679-681].

Мұң – қазақ халқының рухани мәдениеті мен дүниетанымын, болмыс пен өмір сүруді қабылдау ерекшелігін бейнелейтін лексема. Бұл – бөгде көзден жасырын, ішке сақталған, жарық, нәзік мұң. Ол адамның күнделікті күйбең тіршілігінде уақытша көлегейленуі мүмкін, алайда ешқашан жойылып кетпейді. Біздіңше, мұң – қазақ дүниетанымына терең тамыр жайған категория, ұлттық эстетикалық бейненің көрсеткіші әрі сол эстетиканың өлшемі. Адам мұңы – әлеммен диссонанс емес, керісінше, онымен үндестікке түскен ұлттық сипаттағы үйлесімділік.

Бұл лексеманың семантикалық өрісі қазақ тіліндегі фразеологизмдерде айқын көрінеді:

Мұң артты. Уайым-қайғы шеккізді.

Мұң атты. Қайғырды, мұңға берілді.

Мұң ашар. Мұңын айтар, сырын шертер (адам, дос).

Мұң ашты. Мұңын айтты, сырын шертті.

Мұң басты [толды, жайлады, торлады]. Қайғы-қасірет, уайым-шер шекті, күйзелді.

Мұң биледі. Мұңайды, мұңға батты.

Мұң болды. Қиын болды, зар болды.

Мұңға батты. а) Қайғы-қасірет, уайым-қайғы жеді, күйзелді, шерленді. ә) Қиыншылық көрді, азап шекті.

Мұңға батырды. Уайым-қайғы шектірді, мұңайтты.

Мұңға берілді. Уайым-қайғыға түсті, мұңайды.

Мұңға бөледі. Қапаландырды, торықтырды, мұңайтты.

Мұңға көмілді [шомылды, берілді]. Қайғы-қасірет шекті, уайым-қайғыдан бас көтере алмады, мұңға батты [19, б. 949].

Мұң сөзі қатысқан фразеологизмдер ерекше эмоционалды-эстетикалық реңкке ие. Мұндай фразеологизмдер діни-мифологиялық фразеологизмдер сияқты, халықтың рухани дүниетанымын, өмірді қабылдауын танытады.

Діни-мифологиялық фразеологизмдер – халықтық діни сенімдері мен танымының тілде сақталған тұрақты бейнелері. Діни-мифологиялық фразеологизмдер дүниенің үш құрылымдық саласына қатысты қалыптасады:

1. Жоғарғы әлем (қасиетті кеңістік) – Құдай, періштелер, жұмақ;
2. Ортаңғы әлем (адамзат әлемі) – өмір, күнә, сенім, тағдыр;
3. Төменгі әлем (зұлымдық, тозақ, шайтандық күштер) – әзәзіл, жын, зұлым рухтар.

Қазақ фразеологизмдерінде ұлттық дүниетаным мен этномәдени құндылықтар жан-жақты көрініс тапқан. Қазақ халқы тұрақты тіркестер арқылы бірнеше ғасырлық тәжірибесін, әлеуметтік қарым-қатынас нормаларын, рухани-этикалық ұстанымдарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Фразеологизмдердегі этномәдени құндылықтар халықтың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, моральдық бағдары мен дүниетанымымен тығыз байланысты.

Зерттеу барысында фразеологизмдер мазмұнына қарай бірнеше құндылықтар жүйесін қамтитыны анықталды. Қазақ тіліне қатысты 716 фразеологизмнің ішінде моральдық құндылықтарға – 214 бірлік (29,9%), отбасы құндылықтарына – 146 (20,4%), жалпыадамзаттық құндылықтарға – 128 (17,8%), жеке (тұлғалық) құндылықтарға – 112 бірлік (15,6%), рухани құндылықтарға – 78 бірлік (10,9%), материалдық құндылықтарға – 38 бірлік (5,4%) жатады. Сандық талдау нәтижесі қазақ халқының адамгершілік пен отбасылық құндылықтарға ерекше мән беретінін көрсетті. Аталған басымдықты тарихи, мәдени және әлеуметтік факторлармен түсіндіруге болады. Тарихи-мәдени тұрғыдан алғанда қазақ халқының көшпенді өмір сүру салты оларды ел, ру, тайпа, отбасы болып бірлесе өмір сүруге үйретті. Қазақтар үшін отбасы әлеуметтік қауіпсіздік, яғни бірлесіп шаруашылық жүргізу, қиын жағдайда бір-біріне көмектесу т.б., бала тәрбиесіне тек отбасы емес, бүкіл ру болып араласу, отбасы сүйіспеншілік, сенім, қорғаныс

көзі болып саналған. Қазақ халқында адамгершілік нормалар ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Жас ұрпақтың мінез-құлқын қалыптастыруда, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, салт-дәстүрді сақтауда адамгершілік нормалар ерекше орын алған. Зерттеу нәтижелеріндегі адамгершілік және отбасылық құндылықтардың басымдығын ислам дінімен байланыстыруға да болады, өйткені отбасын сақтау, ата-ананы құрметтеу, балаға және туған-туысқанға қамқорлық ислам дінінің негізі болып саналады.

## **2.2 Орыс тіліндегі фразеологизмдерде этномәдени құндылықтардың көрінісі**

Тіл әлемді қабылдап, концептуалдау тәсілін бейнелейді. Тілге тән концептуалдау ерекшелігі (әлемге көзқарас) ішінара әмбебап сипатқа ие болса, бір жағынан, ұлттық ерекшеліктермен де сипатталады. Осы себепті әрбір тіл тұтынушылар әлемді өз тілдік призмасы арқылы көреді. Кез келген ұлттық тілдің бірегейлігі, ең алдымен, ұжымдық тілдік сананың жалпыға ортақ эмоционалды бағалауларды түрлі концептілерге бөлуінен көрінеді. Бұл концептілердің эмоция мен бағалауға тікелей қатысы жоқ болуы да мүмкін. Тілдегі бейне – ақпаратты сақтап, жеткізудің ерекше тәсілі. Салғастырмалы лингвистика үшін бейненің маңызы белгілі бір ассоциациямен байланысында жатыр. Бұл ассоциациялар психикалық (эмоционалды-бағалаушылық) реакция тудырады. Осы реакциялар әртүрлі тілдік қауым өкілдерінің әлемді қабылдауындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын айқындайды. Фразеологиялық бейнелілік коннотацияның негізгі компоненті ретінде ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсетеді.

Белгілі бір мәдениетке тән негізгі концептілердің басты ерекшелігі – олардың тілде ғана емес, ең алдымен, этнос мәдениетінде терең орнығуы. Тіл мен мәдениет деңгейлерінің аралығында сөз мағыналарының жиынтығынан құралған концептуалдық кеңістік орын алады. Зерттеуші Е.С. Кубрякова концептуалдық ғалам бейнесі адамның психикасындағы немесе интеллектісіндегі менталдық деңгейдің функционалдық ерекшелігін, ойлау әрекетінің құрылымын бейнелейтінін айтады [175, с. 7]. Осы бейненің вербалданған бөлігі ғаламның тілдік бейнесі немесе ішкі лексикон деп аталады. Е.С. Кубрякованың анықтамасына сәйкес [175, с. 9], бұл – «тіл ішіндегі» және «тіл туралы» білім. Осы тұрғыдан алғанда, ғаламның тілдік бейнесі концептуалдық бейнеге бағынышты, өйткені тілде ой толық көрініс таппайды, оның ең маңызды қырлары ғана сөзбен өрнектеледі. Концептуалдық ғалам бейнесі ақпаратты ауқымды көлемде сақтайды, себебі оны қалыптастыруға ойлаудың барлық түрі қатысады. Ал осы мазмұнды жүйелі түрде өрістететін құрал – тіл. Тіл – білімді жинақтайтын, объективтендіретін, таратып, интерпретациялайтын құрал.

Орыс халқының дүниетанымы фразеологиялық жүйеде мәдени код ретінде көрініс тапқан. Орыс мәдениетінде «адам» («человек») биологиялық тұрғыдан

ғана сипатталмай, рухани және әлеуметтік категория ретінде көрінеді (человек с большой буквы; человек слова и дела; золотой человек; святая душа; маленький человек, белая кость). Адамға қатысты фразеологизмдерде орыс халқының ұлттық мінезі, адамгершілік, философиялық ұстанымдары көрінеді. Орыс тіліндегі тұрақты тіркестерде адам этикалық және рухани тұрғыдан бағаланады. Мұндай фразеологизмдерде адам

- ақыл-ойы, білімі тұрғысынан сипатталады (умная голова, светлая голова, дурак дураком, без царя в голове, мозгов как у воробья);
- мінез-құлқы, ерік-жігері тұрғысынан сипатталады (твердый характер, слаб на передок, мягкотелый человек, крут как орех);
- рухани, адамгершілік қасиеті көрінеді (чистая душа, совесть нечиста, золотой человек, каменное сердце);
- әдеп, этикалық норма тұрғысынан сипатталады (рука об руку, с открытым сердцем, с чистой совестью, в глаза не смотреть);
- әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан сипатталады (белая кость, серая масса, маленький человек, человек слова, человек дела).

Орыс тіліндегі соматикалық фразеологиялар адамның сыртқы және ішкі болмысын сипаттаумен қатар, эмоциялық, әлеуметтік және моральдық қатынастарды да білдіреді. Фразеологизмдердің бұл тобы бейнелілік пен астарлы мәнге ие бола отырып, тілдік санада адамның мінез-құлқын, әрекетін, қоғамдық рөлін танытуда жиі қолданылады. Әсіресе «голова», «глаза», «руки», «сердце» секілді анатомиялық атаулар жиі кездеседі. Мысалы, орыс тілінде руки опускаются фразеологизмі «үмітсіздік» мағынасында, сердце в пятки ушло фразеологизмі «қорку, шошу» мәнінде, как воды в рот набрал фразеологизмі «үндемеу, үнсіз қалу», глаз не отвести фразеологизмі «таңырқау, тандану», голова кругом идет фразеологизмі «шаршау, абыржу» мәнінде қолданылады. Соматикалық фразеологизмдерде дене мүшелері арқылы психикалық күйді, реакцияны және әрекетті білдіретін бейнелі құрылымдар жасалған.

Жүрек (сердце) сөзі адам өмірінің физикалық және рухани орталығы ретінде танылып, сезім мен эмоцияның мекені саналады. Жүрек сөзінің тура мағынасы – қанды айналдыратын орган. Бұл сөздің ауыспалы мағынасы адамның жан күйімен байланысты. Жүрек – адамның ішкі әлемі, жаны, жады. С.И. Ожегов сөздігінде «жүрек» сөзінің мағынасы: «1) адам сезімдері мен көңіл күйінің символы; 2) орталық ретінде сипатталатын маңызды орын», – деп берілген [176, с. 766].

«Орыс тілінің фразеологиялық сөздігінде» жүрек сөзі қатысқан фразеологизмдердің мәні былайша сипатталған:

**«ОТ ЧИСТОГО СЕРДЦА.** 1. Совершенно искренне, откровенно, простодушно. 2. Из самых добрых побуждений, искренне.

**СЕРДЦАХ В СЕРДЦАХ.** В порыве гнева, раздражения (делать что-либо).

**БОЛЬШОЕ СЕРДЦЕ** у кого, в ком. Кто-либо способен горячо и сильно чувствовать, быть отзывчивым, добрым.

СЕРДЦЕ КРОВЬЮ ОБЛИВАЕТСЯ чье, у кого. Кому-либо невыносимо тяжело от душевной боли, чувства сострадания, жалости, щемящей тоски и т.п.

СЕРДЦЕ ОБРОСЛО МОХОМ у кого. Кто-либо стал бездушным, бесчувственным, черствым.

СЕРДЦЕ ОТХОДИТ у кого. Кто-либо перестает волноваться, раздражаться, успокаивается.

СЕРДЦЕ ПАДАЕТ (отрывается, обрывается у кого. СЕРДЦЕ УПАЛО оторвалось, оборвалось у кого. Кто-либо испытывает страх, тревогу, приходит в отчаяние. О внезапном ощущении тревоги, испуга и т. п.

С ЛЕГКИМ СЕРДЦЕМ. Без всякой тревоги, без каких-либо опасений.

С СЕРДЦЕМ. Прост. В гневе, сердито (сказать или сделать что-либо).

С ТЯЖЕЛЫМ СЕРДЦЕМ. В подавленном состоянии, в беспокойстве, предчувствуя недоброе.

С УПАВШИМ СЕРДЦЕМ. Испугавшись, испытывая страх, ужас.

С ЧИСТЫМ СЕРДЦЕМ. Искренне, с полной откровенностью, доверчивостью» [177, 420-421].

Орыс тіліндегі «жүрек» (сердце) лексемасы фразеологизмдердің құрамында кездесіп, адамның эмоциялық күйін, адамгершілік қасиеттерін, батылдық пен жанашырлықты бейнелейді. Жүрек сөзінің фразеологиялық тіркестердегі көрінісін бірнеше мағыналық топқа жіктеуге болады:

Кесте 15 – Жүрекке қатысты орыс тіліндегі фразеологизмдердің мағыналық жіктелімі

| Мағыналық топ                          | Орысша                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Эмоциялық күй, сезімдік ахуал          | сердце замирает, сердце екнуло / ёкнуло, сердце разрывается, сердце не на месте, с болью в сердце, сердце болит, сердце горит, сердце надывается, сердце не лежит, сердце не на месте, сердце перевертывается, сердце разрывается (на части), ад крошечный на сердце, камень на сердце, кошки скребут на сердце, камень с сердца свалился, с замиранием сердца, сердце в пятки ушло |
| Жанашырлық, адамгершілік, мейірімділік | доброе сердце, сердце открытое для всех, сердце отдать кому-то, близко принимать к сердцу, большое сердце, сердце не камень, входит в сердце, покорять сердце, отдавать сердце, брать за сердце, найти доступ к сердцу, в глубине сердца, всем сердцем, пасть на сердце, как маслом по сердцу.                                                                                      |
| Ерлік, батылдық, ішкі күш              | смелое (храброе) сердце сильное сердце, с открытым сердцем, не лежит сердце (к чему-либо/кому-либо)                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Махаббат, сезім                        | сердце сердцу весть подает, завоевать сердце, разбить сердце                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Өкініш, қайғы, күйзеліс                | надирать сердце, нож в сердце, срывать сердце, писать кровью сердца, читать в сердце, закрадываться в сердце, заглядывать в сердце, скребет на сердце, сердцем болей, сердцем страдать                                                                                                                                                                                              |
| шынайылық, адалдық                     | положа руку на сердце, открывать сердце, держать сердце, принять близко к сердцу, скрепя сердце                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| сабыр, ішкі үйлесім                    | отдыхать сердцем, сердцу давать волю, по сердцу, не по сердцу, в глубине сердца, до глубины сердца.                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

Орыс тілінде «жүрек» лексемасы фразеологизмдердің құрамында келіп, адамның ішкі күйін (мазасыздық, қуаныш, қорқыныш), адамгершілігін (мейірім, жанашырлық), батылдығын, сезімін, махаббатын білдіреді. Мұндай фразеологизмдерде жүрек сөзі жан сөзімен синоним ретінде бірінің орнына бірі қолданылады: в глубине сердца – в глубине души, ад крошечный на сердце – ад крошечный на душе, брать за сердце – брать за душу, войти в сердце – войти в душу, заглядывать в сердце – заглядывать в душу, закрадываться в сердце – закрадываться в душу, камень на сердце – камень на душе, отдавать сердце – отдавать душу, открывать сердце – открывать душу, сердце болит – душа болит, сердце надывается – душа надывается, сердце не лежит – душа не лежит, сердце не на месте – душа не на месте, сердце переворачивается – душа переворачивается, сердцем болеть – душой болеть, всем сердцем – всей душой, не по сердцу – не по душе т.б.

Жан мен жүректің ауырсынуын сезіну барлық салғастырмалы лингвомәдениеттерге ортақ. Фразеологиялық қорда адамның рухани әлемін сипаттайтын концептілерде ұлттық реңк анық сақталған. Осыған байланысты академик А.В. Кунин: «Белгілі бір халықтың өмірі мен тұрмыс ерекшелігі фразеологияда айқын көрінеді, себебі фразеология сол халықтың мәдениеті мен психологиясының күрделі жиынтығын, бейнелі ойлаудың ерекше формасын шоғырландырады», – дейді [3, с. 83].

Орыс фразеологиясында «жан» концептісі рухани мәдениеттің өзегі ретінде адам болмысының ішкі кеңістігін, эмоциясын, адамгершілік қағидаларын, рухани тұрақтылықты білдіреді. Оған мысал ретінде жить душа в душу, с лёгкой душой, душа нараспашку, от всей души, душа не на месте, душа не лежит т.с.с. тұрақты тіркестерді келтіруге болады. Орыс мәдениетінде жан адамның Құдаймен байланысын, рухани тұтастықты білдіреді.

Фразеологизмдер – халықтың рухани әлемін білдіретін код. Орыс тілінің фразеологиялық қорында ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін дүниетанымдық, моральдық, діни ұстанымдар анық көрініс тапқан. Рухани әлем адамның жан дүниесімен, ар-ождан, сеніммен сондай-ақ жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, шындық пен өтірік сияқты оппозициялармен тығыз байланысты. Орыс тілінің фразеологиялық қорында рухани құндылықтар Бог, вера, грех, совесть, душа, добро, зло т.с.с. лексемалар қатысқан тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Мысалы: жить по совести и по Богу, Бог дал, Бог взял, дай Бог каждому, на Бога надейся, а сам не плошай, Бог не выдаст – свинья не съест, сильный духом не теряет духа, без зазрения совести, совесть замучила, совесть нечиста, честное слово, правда глаза колет, за правду пострадать, добро побеждает зло, светлая душа, тёмные силы, т.б. Халықтың рухани әлемін білдіретін фразеологизмдерде душа (жан) адамның жан дүниесі, сезімінің орталығы ретінде, совесть (ар) моральдық бақылау, әділдіктің негізі ретінде, вера (сенім) өмірдің мәні, рухани негіз ретінде көрінеді. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді талдау

барысында совесть, честь, долг ұғымдары ерекше мәнді екені байқалады. «Совесть не чиста», «честь дороже жизни», «держать слово» сияқты фразеологизмдер адамгершілік, ар-ұждан алдындағы жауапкершілік, уәдеге беріктікті білдіріп, моральдық-этикалық құндылықтарды көрсетеді.

Орыс тіліндегі мұндай фразеологизмдер «Библияның» қағидаларына, христиан этикасына негізделген: не хлебом единым жив человек; глас вопиющего в пустыне; камень преткновения; избранный народ; казнить, нельзя помиловать т.б. «Библияның» әсерімен пайда болған діни-мифологиялық бейнелер қамтылған фразеологизмдерге Адамово яблоко; сотворить мир за 7 дней; Божий человек, семь смертных грехов, Господь терпел и нам велел; ангел во плоти; искушение дьявола; судный день т.б. жатады. Онда күнә мен жаза, әділдік пен рақымшылық, азғыру мен құтқарылу концептілері басты орын алады. Мысалы, Господь терпел и нам велел фразеологизмі сабыр сақтауға, сабырлы болуға шақырып, діни-рухани құндылықты білдіреді. Бұл тіркестің этномәдени мәні православие дініндегі төзімділік пен сабырлық ұстанымын көрсету арқылы ерекшеленеді. Сол сияқты «В чужой монастырь со своим уставом не ходят» фразеологизмі Ресейде алғаш шіркеулердің пайда болуымен пайда болған, әр шіркеу өзіндік жарғылары мен ережелерін қалыптастырған және ол шіркеудегі адамдар мен келушілер де сол ережелерге бағынуға міндетті болған. Ал қазіргі таңда кез келген жерде, өз үйінен тыс жерлерде, сол жерге тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығы туралы, ережелерді бұзған жағдайда осы фразеологизм қолданылған.

Сонымен бірге орыс фразеологизмдеріне Еуропа мәдениетіндегі антикалық мифология фразеологиялық дүниетанымда ерекше із қалдырған. Мұнда ескі өсиет пен жаңа өсиет мазмұны, христиан моральдық кодексі, сондай-ақ грек-римдік мифологемалар әсер еткен. Себебі орыс фразеологизмдерінің біразы Еуропа мәдениетіне тән антикалық мифологиямен тығыз байланысты. Ежелгі грек-рим аңыздарының желісімен қалыптасқан сюжеттер халықтың дүниетанымына дендеп еніп, фразеологизмдерінде көрініс тапқан. Мысалы: Ахиллесова пята, Прометеев огонь, Ящик Пандоры, Геркулесов труд, Троянский конь, Авгиевы конюшни, Сизифов труд сияқты тіркестер ежелгі құдайлар мен кейіпкерлерге қатысты болса, Яблоко раздора, Нить Ариадны, Танталовы муки, Между Сциллой и Харибдой сияқты фразеологизмдер антикалық әдебиет пен эпостарға қатысты. Орыс тіліндегі алғыс пен қарғыс фразеологиялары көбіне діни және фольклорлық дүниетаныммен астасып жатады: дай Бог здоровья; царство ему небесное; чтоб тебе пусто было; иди к черту; будь ты неладен т.б. [157, с.29-524]. Мұндай тұрақты тіркестердің бағалауыштық мәні басым, эмоция айқын көрінеді. Сол сияқты орыс халқында Макар жалқы есімі «бақытсыз, өмірде жолы болмайтын, үнемі сәтсіздікке ұшырайтын ер адам» ретінде ұғым қалыптасқан, осы негізде «на бедного Макара все шишки валятся» фразеологизмі пайда болған, «бақытсыз, кедей» адамның басына қайта-қайта сәтсіздік туа берген кезеңде қолданылады.

Қазақ тілінде көрсетілген фразеологизмнің баламасы «жығылғанға жұдырық» фразеологизмін айтуға болады деп ойлаймыз.

Фразеологиялық қорда халықтың тұрмыс-салтын, дүниетанымын, рухани құндылықтарын бейнелейтін тілдік мәдени код жинақталады. Бұл орайда зоонимдер қатысқан фразеологизмдердің орны бөлек. Орыс тіліндегі мұндай тұрақты тіркестерде халықтың кәсібі, шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, табиғатпен қарым-қатынасы, моральдық құндылықтары көрініс тапқан. Орыс тіліндегі зоонимдер негізінде қалыптасқан фразеологизмдер де халықтың танымдық және мәдени тәжірибесін көрсетеді. Мұндай тұрақты тіркестер әр халықтың әлемді тануы мен қабылдауындағы бейнелі ойлау жүйесінің көрінісі болып табылады. Орыс тіліндегі зоонимдік фразеологизмдерде жануар атаулары символдық, бейнелі, аксиологиялық мәнде қолданылады. Орыс тіліндегі зооморфтық фразеологияларда жануарлар адамның жағымды да, жағымсыз да қасиеттерін сипаттайды: «как белка в колесе» (шаршау, тынымсыздық), «волк в овечьей шкуре» (екіжүзді адам), «петушиться» (көкіректену), «гусиная походка» (шалқайған жүріс). Орыс фразеологиясында жануарлар символы кейде юморлық, кейде әлеуметтік-сыни реңкпен астасады (корова, осёл, коза).

Зооморфтық фразеологизмдер – антропоэзектік танымның, ұлттық мәдени символиканың, қоғамдық мораль мен мінез-құлық бағалауының тілдік көрінісі болып табылады. Орыс тіліндегі зоонимдік фразеологизмдердегі жануар атаулары ежелгі тотемдік наным-сенімді де бейнелейді. Орыс тіліндегі зооморфтық фразеологизмдер адамның мінез-құлқын, әлеуметтік рөлін, этикалық бағасын білдіреді. Жануарлардың түрі, дағдысы, т.б. адамның мінезімен, өзіндік болмысымен салыстырылып, символға айналған. Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, олар үш топқа бөлінеді: жағымды мәнде (трудиться как лошадь, верный как собака, львиная доля, орлиный глаз), жағымсыз мәнде де (жить как свинья, как баран на новые ворота смотреть, хитер как лиса, волк в овечьей шкуре), бейтарап мәнде де (не всё коту масленица, каждая собака знает, у семи нянек дитя без глазу) қолданылады. Мұндай фразеологизмдерде жылқы, өгіз, ара еңбекқорлық пен төзімділіктің символы ретінде көрінеді (работать как лошадь, трудиться как пчела, пахать как волк). Зооморфтық фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, аксиологиялық жүйесін көрсететін құнды дерек болып табылады. Жануарлар бейнесінің символдық мәнін былайша жинақтап көрсетуге болады:

#### Кесте 16 – Жануарлар әлемінің символдық мәні

| Жануар атаулары | Символдық мәні                 | Тұрақты тіркестер                                                                                                                                |
|-----------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1               | 2                              | 3                                                                                                                                                |
| лиса            | ақыл мен айлакерліктің символы | хитрая лиса, плести лисьи хвосты; лисий хвост показал; хитрость лисья, да ума крысиная, лисой прикинуться, плутовка лиса, вылез как лиса из норы |
| собака          | адалдықтың символы             | собачья преданность, верный как собака т.б.                                                                                                      |

## 16 – кестенің жалғасы

| 1            | 2                                                       | 3                                                                           |
|--------------|---------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|
| свинья       | ластық, дөрекілік, мәдениетсіздік, жалқаулықтың символы | как свинья; подложить свинью; свинья везде грязь найдёт; отъелся как свинья |
| волк         | еркіндіктің, қаталдықтың символы                        | волк в овечьей шкуре, один как волк, старый волк, волки позорные            |
| овца, корова | көнбістіктің символы                                    | тихий как овца, тихая как корова, святая корова                             |
| медведь      | ебейсіздіктің символы                                   | медвежья услуга, сиволापый медведь                                          |
| осел         | қырсықтық, топастық                                     | упрямый как осёл, работает как осёл                                         |
| курица       | ақымақтық                                               | куриные мозги, умная голова — не курица                                     |

Орыс тілінде «мал» сөзінің баламасы ретінде «скот», «животное» сөздері қолданылады. Скот сөзі «үй жануарлары, мал (сиыр, қой, ешкі, жылқы) дегенді білдіреді. Алайда «скот», «животное» сөздерінің тұрмыстық мәнін сақтағанымен, құндылықтық жағынан бейтарап, көбінесе жағымсыз мәнде, кемсіту мәнінде қолданылады. Бұл сөздердің қатысуымен фразеологизмдер түзілгенде де теріс бағалауыш коннотация сақталады: он ведёт себя как скот, скотское поведение, скотина неблагодарная, скотское/животное поведение, жить как животное. Ауыл шаруашылық саласында бейтарап мәнде қолданылады: скотоводство – мал шаруашылығы. Қазақ тіліндегі мал сөзінің ауыспалы мәні орыс тілінде имущество, богатство, добро сөздерімен беріледі. Мысалы: «добро нажитое», «жить своим добром», «лишиться всего добра». Сонымен орыс тіліндегі зоонимдік фразеологизмдер антропоэзектік, моральдық тұрғыдан сипатталады. Мұндай фразеологизмдер адамның мінез-құлқын, темпераментін, ақыл-парасатын, әлеуметтік деңгейін, т.б. білдіреді.

Сол сияқты орыс тіліндегі өсімдік атаулары да символдық мәнде қолданылып, халықтың тұрмыс-салтын, дүниетанымы мен рухани құндылықтарын білдіреді. Орыс тіліндегі өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер көбінесе дуб, берёза, ель, сосна, клен, трава, колос, хлеб, зерно, корень, дерево, яблоко, капуста, огурец, горох, репа, цветок, роза, лилия және т.б. сөздердің қатысуы арқылы жасалған. Мысалы: как берёзка стройная, дубовая голова, цветёт и пахнет, сорная трава, как зелёный лук всё растёт, пустить корни, как трава под ногами, срезать под корень, расти как на дрожжах, сгнить заживо, яблоко раздора, без сучка и задоринки, как горох об стену, зреет как колос, дерево познаётся по плодам, гнилой человек, плод его трудов, плоды любви, корень зла, распустился как роза, как цветок вянут, сорванный цветок т.б. Тұрақты тіркестерде өсімдік атаулары антропоморфтық мәнде жұмсалып, адамның мінезін, ақыл-парасатын, қоғамдағы орнын білдіреді (дуб, берёза, колос); символдық мәнде жұмсалады. Мысалы, сұлулықты (как берёзка стройная, распустилась как роза), рухани тазалықты (цвести душой, чист как лилия), кішіпейілдікті (прост как репа, скромный как трава), тұрақтылықты (стоять как дуб, корни пустить), молшылықты (корень добра, плоды любви, дерево

жизни) білдіреді. Сонымен қатар өсімдік символикасы христиандық ұстаным мен фольклорлық негіздің тоғысында пайда болған (дерево жизни, плод любви, корень зла). Сондай-ақ өсімдік әлемі дидактикалық сарында адамгершілік құндылықтарын да білдіреді (дерево познаётся по плодам). Сол сияқты «выжатый лимон» (шаршау), на обухе рож молотить – (баю мақсатында жасалатын шектен шыққан іс-әрекеттер), «шут горофовый» (күлкіге қалып жүретін, ақымақ адам), «лапух лапухом» (ақымақ адам). Орыс тіліндегі өсімдік атаулары қатысқан фразеологизмдер халықтың тұрмыс-салтын, кәсібін, шаруашылығын білдірумен қатар табиғатпен біте қайнасқан рухани болмысын, эстетикалық, адамгершілік құндылықтарын көрсетеді.

Орыс тіліндегі фразеологияларда да түс атаулары белгілі бір эмоция мен қоғамдық бағаны білдіреді: «белая ворона» (ерекше адам), «черная зависть» (қатты қызғаныш), «красная строка» (маңызды жерден бастау), «синий чулок» (интеллектуал әйел, жағымсыз реңкте). Түр-түстер адамның әлеуметтік бейнесі мен мінез-құлқын көрсетуге негіз болады. Орыс фразеологиясында түстердің қарама-қайшы оппозициясы кеңінен қолданылады. Орыс тіліндегі фразеологизмдерде түстер құндылықтық-мәдени символ ретінде қолданылады. Орыс тіліндегі түс атаулары халықтың дүниетанымына сәйкес жағымды, жағымсыз, бейтарап мәндерде қолданылады. Ақ түс тазалық, адалдық, қуаныш, үмітті білдіреді. Мысалы: белый как снег, белый свет, белая зависть. Ал қара түс жағымсыз мәнде қолданылып, қайғы, қасірет, зұлымдық, бақытсыздықты білдіреді. Мысалы: чёрный день, чёрная неблагодарность, чёрный рынок, чёрная зависть, чёрная душа.

«Красный» сөзі көне славян тілінде «әдемі» дегенді білдірген. Кейін қызыл түс жағымды мәнде де, жағымсыз не бейтарап мәнде де қолданылған. Мысалы, красная девица, красный угол, красная строка, красное словцо, красная площадь сияқты қолданыстарда «сұлу», «құрметті», «негізгі», «қасиетті» деген мәнде қолданылса, красный террор «қан көп төгілген», «қанішер» дегенді білдіріп, жағымсыз мәнде красный флаг дегенде бейтарап мәнде қолданылған.

Орыс тілінде көк түс (синий, голубой) жағымды мәнде де (синяя птица счастья, голубая кровь), жағымсыз мәнде де (синяя борода, синий человек) жұмсалады. Орыс тілінде жасыл символдық мәнге ие болып, жастықты, тәжірибесіздікті білдіреді. Ол фразеологизмдердің коннотациясында да сақталған. Мұндай фразеологизмдер жағымды мәнде де, жағымсыз мәнде де қолданылады. Мысалы: зелёный юнец, зелёный свет, зелёная тоска. Орыс фразеологизмдерінде сұр түс көбінесе сүреңсіздікті, сиықсыздықты білдіріп, жағымсыз мәнде қолданылады. Мысалы: серая масса, серая жизнь, серая мышь.

Сонымен орыс тіліндегі түс атауларына қатысты фразеологизмдер символдық мәнге ие, орыс дүниетанымының тілдегі көрінісі болып табылады. Түс атаулары халықтың көп жылдық тәжірибесін, құндылықтар жүйесін, мәдени архетиптерін

бейнелейді. Түс атаулары қатысқан фразеологизмдер арқылы ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық психология, аксиологиялық бағдар көрініс табады.

Сол сияқты орыс тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай фразеологизмдер адам санасындағы сандық, өлшемдік және символдық түсініктерді бейнелейді. Құрамында сан есімдер бар фразеологизмдер нақты мөлшерді білдірумен қатар метафоралық, бейнелі, мәдени мәндерді де білдіреді. Орыс тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдер халықтың дүниетанымдық, моральдық және әлеуметтік ұстанымын көрсетеді. Мысалы, семь пятниц на неделе, за семью замками, одним миром мазаны сияқты фразеологизмдер астарлы ойды жеткізеді.

#### Кесте 17 – Орыс тіліндегі сан есімді фразеологизмдер

| Сан есімдер | Фразеологизмдер                                                                                                                                                                           | Символдық мәндері                                              |
|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| 1           | в один миг / в одно мгновение; одним махом; одним словом; одним духом; одним миром мазаны                                                                                                 | даралық, тұтастық, толықтық                                    |
| 2           | между двух огней; за двумя зайцами погонишься – ни одного не поймаешь; два сапога пара; в две смены, ум хорошо, а два лучше, двух мнений быть не может, двое на одного, два сапога – пара | қарама-қарсылық, таңдау, салыстыру                             |
| 3           | ни в три, ни в пять; на три голоса; трижды прав; три копейки, трижды подумай, один раз скажи, свет в трёх окнах                                                                           | толықтық, тұтастық және қасиетті (сакралды) құрылымның символы |
| 4           | на все четыре стороны; в четыре глаза; держать ухо востро на все четыре                                                                                                                   | кеңістік, шексіздік                                            |
| 5           | ставить на пятую точку; пять пальцев на руке                                                                                                                                              | бүтіндік, үйлесім                                              |
| 6           | в шесть рук / ног                                                                                                                                                                         | қажыр-қайрат, күш-жігер                                        |
| 7           | семь раз отмерь, один раз отрежь; семь пятниц на неделе; за семью замками; семь потов сошло, на седьмом небе                                                                              | толықтық, кемелдік, шексіздік                                  |
| 9           | на девятом небе; девятый вал                                                                                                                                                              | көптік, кемелдік                                               |
| 40          | сорок сороков; сорок лет – не срок                                                                                                                                                        | шексіздік                                                      |
| 100         | не имей сто рублей, а имей сто друзей                                                                                                                                                     | ұжымшылдық                                                     |

«Орыс тілінің фразеологиялық сөздігінде» нумеративтік фразеологияларда мәдени дәстүрлер мен халықтық сенімдер көрініс табатыны туралы сөз болады: «семь пятниц на неделе» (тұрақсыздық), «третий лишний» (артық адам), «один в поле не воин» (жалғызбастының әлсіздігі), «сто пудов» (өте нақты, сенімді). Бұл сандар тарихи, діни және фольклорлық танымға негізделген. Орыс мәдениетінде 3, 7, 40, 100 сандары ерекше жиілікпен кездесіп, фразеологизмдерде бейтарап мәнде де, жағымды, жағымсыз мәнде де қолданылады [177].

Орыс мәдениетінде үш, жеті сандары символдық мәнде қолданылады. Мысалы: («Бог любит троицу», («семь чудес света», «семь раз отмерь – один отрежь». Сонымен қатар сан есімдер этикалық-дидактикалық құндылық ретінде,

ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие беру үшін қолданылады. Мысалы: «за двумя зайцами погонишься – ни одного не поймаешь», «семь раз отмерь – один отрежь», «седьмая вода на киселе». Орыс тіліндегі сан есімдер аксиологиялық-символдық құндылық ретінде қолданылып, орыс халқының дүниетанымын, сенімін білдіреді. Мысалы, қырық, жүз сандары шексіздікті, көптікті білдіреді. Бұл жағынан келгенде, орыс тілі мен қазақ тіліндегі сан есімдердің қолданысы ұқсайды. «Қазіргі орыс әдеби тілінің фразеологиялық сөздігінде» сан есімдердің эмоциялық бағалауыш мәнінде де қолданылатыны туралы сөз болып, «семь пятниц на неделе», «у него семь пядей во лбу», «сто лет не виделись», «восьмое чудо света», «книга за семью печатями», «семь футов под килем», «в два счета», «за тридевять земель», «драть три шкуры» сияқты фразеологизмдер келтірілген [178, с. 96].

Орыс тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдер сандық ұғымды ғана білдірмейді, ондай тұрақты тіркестердің сапалық, символдық, аксиологиялық мәні бар. Ондай фразеологизмдер когнитивтік символ, мәдени код, эмоция мен экспрессияны жеткізетін құрал ретінде қолданылады. Орыс тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдерде халықтың дүниетанымы, мінез-құлқы, наным-сенімі, бағалау жүйесі көрінеді. Олар этномәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде ұлттық дүниетанымның құрамдас бөлігі болып табылады. Орыс тіліндегі сан есімдер халықтың дүниетанымын, этикалық ұстанымдарын, әлеуметтік қатынастарын, өмірге деген көзқарасын, сенімін білдіріп, мәдени код ретінде де қолданылады.

Тілдік семантикаға енген ақпарат тұрақты болады. Бұл тұрақтылық тілдегі ақпараттың нақты мәтіндік көріністерге қарағанда іргелі, тірек мәнге ие болуымен байланысты. Мысалы, «дом – жилище» лингвомәдени өрісі, бір жағынан, нақты болмыстың белгілі бір сегментіне сәйкес келетін денотаттық бірліктер жүйесін білдірсе, екінші жағынан, осы номинативтік бірліктер жинақтала отырып, номенклатура ғана емес, сонымен қатар белгілі бір халықтың мәдени-тарихи тәжірибесінің схемалық моделі ретінде көрінеді.

«Үй» ұғымының белгілері оның негізгі функцияларымен байланысты. Ең бастысы – адам үшін қауіпсіз кеңістік шекарасын белгілеп, шектеу, яғни микрокосмос құру: бұл кеңістік адамның өмір сүруіне барынша бейімделген орта: дом – полная чаша; дома и стены помогают; в гостях хорошо, а дома лучше; своя рубашка ближе к телу; т.б. Мұндай фразеологизмдерде үй отбасы берекесінің символы ретінде көрінеді. Үйдің сыртқы шекарасын шектеу-қоршау өте маңызды. Дегенмен үйдің сыртқы әлеммен қатынасы болуы тиіс. Сол себепті терезе, есік, қақпалар байланыс жолдары ретінде өте маңызды. Толықтай оқшауланған, сыртқы әлемге жабық үй болмайды. Терезе (окно) мен есік (дверь) – үй қабырғасындағы ойықтар, бірақ олар ашылғанда ғана «ашық кеңістік» бола алады. Окно (терезе) – сыртқы әлеммен визуалды байланыс құралы. Бұл орыс тіліндегі окно ~ око (көз) сөздерінің ішкі формасынан да көрінеді. Орыс тілінде окно лексемасымен қалыптасқан фразеологизмдер: поймать окно (дер уақытында тап болу), закрылось окно (мүмкіндіктен айырылып қалу, кешігу), рабочее окно (жұмыс арасындағы бос

уақыт), смотреть в окно (армандау, сыртқы дүниеге көз тастау, үміттену), жить под окном (төмен әлеуметтік мәртебе, біреудің назарында болу), выставлять напоказ в окне (көзге түсіру, жария ету), выброситься из окна (суицид), лезть в окно (рұқсатсыз кіру, орынсыз тығыла кету), стук в окно судьбы (тағдыр ұсынған тосын мүмкіндік, символдық бейне), окно в мир (білім көзі, ақпараттық кеңістік), окно души (жан әлемінің ашықтығы), окно сознания (ақыл-ойға немесе танымға ашылған кеңістік), т.с.с.

Есік лексемасына негізделген екінші реттік номинациялар метафоралық мәнде жұмсалады: открыть дверь (кому-либо / чему-либо) – жол ашу, мүмкіндік беру, дверь открыта – қолжетімділік, кедергі жоқ, закрыть дверь (перед кем-то) – мүмкіндіктен айыру, қабылдамау, постучаться в дверь – сыпайы түрде кіру, рұқсат сұрау, мүмкіндіктен үміттену, стоять на пороге (чего-либо) – сыртта қалу, қатыспау, шеттетілу, оказаться за дверью – қандай да бір жағдайдың алдында тұру, держать дверь открытой – байланысты үзбеу, қатынасты сақтау, выставить за дверь – қуып шығу, біреуден бас тарту, хлопнуть дверью – ренжіп кетіп қалу, қарым-қатынасты үзу, стук в дверь судьбы – тағдырдың шақыруы, ерекше мүмкіндік, за закрытой дверью – жабық кеңістікте, құпия жағдайда, не впускать за порог – шектеу, сенімсіздік білдіру, остаться за дверью – бір нәрседен тыс қалу, т.с.с.

Қазақ тіліндегі босаға орыс тіліндегі порог сөзі – есіктің алдындағы немесе астындағы шекаралық элемент. Орыс тілінде «босаға», «табалдырық» лексемаларының баламасы ретінде «порог» сөзі қолданылады. Бұл сөз тура мағынасында да (не пускать за порог, своего порога не переступать, порог родного дома, ступить за порог, с порога нагрубить / встретить, с порога видно, кто в доме хозяин), ауыспалы мағынасында да (стоять на пороге (чего-либо), на пороге жизни / смерти, черта, которую нельзя переступать, порог как черта между мирами, порог переступить) да қолданылады.

Әлемді фразеологиялық бейнелер арқылы көру – ұлттық дүниетанымның терең көрінісі, тіл жүйесінің айрықша сипаты. Фразеологиялық бейнелілік нақты не қиялдағы ұқсастыққа, жақындыққа негізделген ассоциация арқылы жүзеге асады. Фразеологизмдер күрделі семантикалық үдерістерге ұшырайды. Фразеологиялық бірлік мазмұнының негізі болатын ішкі форма, фразеологиялық бейне екі денотатты: фразеологиялық бірліктің денотатын және осы ФБ-нің прототипі болып табылатын сөз тіркесінің денотатын салыстыру нәтижесінде құрылады. Ол ұлттық тілдік сананың өнімі ретінде фразеологизм құрамында бекітіліп тұрады.

Орыс тілінде «мир» сөзі дүние/әлем; кеңістік (мир тесен, скатертью дорожка на весь мир, открыть новый мир, как в другой мир ушёл, с конца в конец мира); қоғам (на весь мир прославиться, весь мир в дыму, смеху миру, выставить на весь мир, не в своем мире); философиялық мәнде (уйти в иной мир, не от мира сего, мир духовный, мир грёз, выйти из мира сего); бейбітшілік мәнінде (мир да лад, миром править, хочешь мира – готовься к войне, жить в мире и согласии, заключить мир)

қолданылады. Салғастырылып отырған тілдерде бұл сөз жиі қолданылады, жұмсалым өрісі ауқымды әрі контекске қарай құбылып отырады.

Орыс тілінде «дүние» сөзінің баламасы ретінде «мир» сөзімен қатар «свет» сөзі де қолданылады. Дүние есігін ашу, дүниеге келу тіркестерінің баламасы «свет» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдермен берілсе (появиться на свет), дүние салу, дүниеден өту тіркестерінің баламасы «мир» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизмдермен беріледі (отойти в мир иной, покинуть этот мир). Ал о дүние, бұ дүние тіркестерінің баламасын беруде «мир» сөзі де, «свет» сөзі де қолданылады (тот свет, иной мир, загробный мир; этот свет, земная жизнь, мир живых).

Туыстық атаулар тілдің ең көне қабатына жатады және шектеулі лексика-семантикалық топ құрайды. Бұл – халықтың ең көне дәстүрлерімен байланысқан, құрылымы жағынан тұрақты, сыртқы ықпалға аса берілмейтін атаулар жүйесі болып табылады [179, с. 68]. Сол себепті отбасындағы әрбір мүшенің қызметін, олардың арасындағы байланыстарды, ішкі қарым-қатынастың сипатын анықтау қажет.

Орыс фразеологизмдерінде әйел – үйдің ұйытқысы, ана (жена – хранительница очага, дом держится на женщине, без жены и дом – не дом, хранить семейный очаг, жена – шея, муж – голова, мать – святое слово), ақылымен де, айласымен де ықпал ететін жан (слово жены – последний довод; она и швец, и жнец, и на дуде игрец; она вертит им как хочет; она заправляет всем в доме; в тихом омуте черти водятся; пилит мужа; жена – командир в юбке; семейный генерал) ретінде көрінеді. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін фразеологизмдер қазіргі заманда да өзекті. Баланы тәрбиелеудегі отбасылық институттың ең маңызды қызметтерінің бірі – этномәдени құндылықтарды жеткізу және этникалық өзіндік сананы қалыптастыру болып қала береді. Дәл осы отбасында бала ұлттық салт-дәстүрмен, халықтық ауыз әдебиетімен, алғашқы діни түсініктермен танысады.

Орыс мәдениетінде ана бейнесі – мейірімнің, қамқорлықтың, рухани күштің, туған жердің символы. Оған дәйек ретінде Родина-мать зовёт, мать сыра земля, материнская любовь, без матери и солнце не греет т.б. фразеологизмдерді атауға болады. Ал әке бейнесі тәртіп пен жауапкершіліктің, даналықтың символы, эталоны ретінде көрінеді. Мысалы: отцовский дом, отцовское благословение, слово отца – закон; отец родной т.б. Ал бала – өмірдің жалғасы, рухани байлықтың өлшемі, нәтижесі ретінде сипатталады. Мысалы: яблоко от яблони недалеко падает; дети не в тягость, а в радость; всё для детей; растить как зеницу ока; дети – цветы жизни т.с.с.

Орыс тілінде сваты ездят (ескі салт-дәстүрлерге негізделген некелік байланыс бастамасы), поссватать невесту (әдетте, күйеу жақ атынан орта жастағы әйелдер (свахи) атқаратын рәсім), быть сватами (бұл фраза көбінесе туыстықтан тыс, әлеуметтік мағынада да қолданыла береді: Мы с ним сваты (общие интересы)),

родственники по сватовству (туыстықтан бөлек, келісім арқылы орнаған қатынас). Орыс тілінде құдаласу фольклорда сақталғанмен, қазіргі кезде бұрынғы мәнінен ажырап, әлеуметтік тактика мен әзілге айналған. Туыстық атауларды халықтың тарихымен, мәдениетімен, дәстүр-салтымен, әлеуметтік-мәдени даму деңгейімен тығыз байланыста кешенді түрде зерттеу қажет. Экстралингвистикалық факторлар мен олардың өзгерісі туыстық атаулардың семантикасына, санына, сапалық және сандық құрылымына тікелей әсер етеді. Тілде дәл осы ұлттық-мәдени эталондар, таптаурындар мен концептілерге байланысты көркем бейнелі тіркестер фразеологизмдер ретінде орнығады. Олар сөйлеу кезінде белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа тән менталитетті жаңғыртады.

Орыс мәдениетінде достық, туыстық қатынасты нығайтуға бағытталған тұрақты тіркестер де көп: старый друг лучше новых двух; кровь не водица; братская любовь; жить душа в душу; сестринское сердце; не имей сто рублей, а имей сто друзей, яблоко от яблони недалеко падает, старый друг лучше новых двух, друг познаётся в беде, жить душа в душу, закадычный друг, друзья не разлей вода, как братья т.с.с. Мұндай тұрақты тіркестері арқылы отбасы құндылығы, достық материалдық байлықтан жоғары қойылып, әлеуметтік құндылықтардың маңызы көрсетіледі.

Орыс тіліндегі фразеологизмдерде еңбек ерекше дәріптеледі. Мысалы: без труда не вытащишь и рыбку из пруда, дело мастера боится, терпенье и труд всё перетрут, пожинать плоды своего труда, рубить сук, на котором сидишь, с грехом пополам, землю рыть носом т. б. Орыс фразеологизмдерінде еңбекқор адам мен жалқау адам, епті адам мен олақ адам өзара қарсы қойылады: труд человека кормит, а лень портит, работать засучив рукава, работать не покладая рук, работать спустя рукава, дело мастера боится, золотые руки, человек труда, руки не из того места растут, деловой человек, человек дела, сделать на совесть, хочешь есть калачи – не сиди на печи, кто не работает, тот не ест, работа не волк – в лес не убежит, руки не из того места растут, бить баклуши, плевать в потолок, даром хлеб есть, жить чужим трудом т.с.с. Сол арқылы еңбекқорлықты құндылық ретінде дәріптеп, жалқау болмауға үндейді.

Фразеологизмдердегі этномәдени құндылықтарды талдауда тілдік деректерді жүйелей отырып, ғаламның тілдік бейнесіне тән ерекше белгілерді ескеру қажет. Бұл белгілерге тілдің нақты қызмет ету үдерісінде ұғымдық, семантикалық және ассоциативтік аспектілердің өзара әрекеттестігі жатады. Мысалы, вешать лапшу на ушу, гонять собак, в палец рот не клади, сматывать удочки, филькина грамота, висеть на волоске, ворона в павлиньих перьях, мастер на все руки, не зная броду, не суйся в воду, трудиться в поте лица сияқты фразеологизмдер орыс халқына ғана тән. «Орыс фразеологизмдерінің академиялық сөздігінде» Филькина грамота тұрақты сөз тіркесінің пайда болуы орыс халқының тарихымен байланыстырылады. Иван Грозный кезеңінде пайда болған. Тарихтан белгілі болғандай, Иван Грозный кезеңінде тәртіп өте қатаң болған, сол кезеңде өмір

сүрген Филипп II тәртіпті жеңілдету мақсатында патшаға хат жаза берген, ал патшаға оның бұл ісі, өзінің бағытына қайшы келетін болғандықтан ұнамаған, сондықтан хатты оқымай «Филькина грамота» деп жыртып, лақтыра берген, қазір ол сауатсыздық мағынасында қолдасықа ие [152, с. 149].

Сол сияқты қазіргі кезде орыс тілінде күтпеген, аяқ астынан келген адамға байланысты «явился – не запылится» тіркесі қолданылады. Аталған тіркестің пайда болу тарихына көз жүгіртсек, ертеректе қожайындар қол астында жұмыс жасайтын құлдарына тапсырма береді, ал ол тапсырманы орындау барысында тез әрі киімі (аяқ киімі) таза күйінде келген жағдайда, сондай шалғай жолдардан оның үсті-басының шаң болмай таза келуін «тапсырмасын адал орындамаған» деп есептеген және аталған тіркесті еріксіз қолданған. Ал қазіргі таңда ол «жақтырмайтын, күтпеген адамның келуіне» қатысты қолданысқа айналған.

Орыс тіліндегі фразеологияларда да белгілі тарихи кезеңдер мен тұлғалармен байланысты тіркестер кездеседі. Мысалы, «жить при Сталине» (қатаң тәртіп, саяси қысым кезеңі), «времена Петра Первого» (реформалар кезеңі, тәртіп, даму), «не лыком шит» (ескірген болса да осал емес – орта ғасырлық киімге байланысты), «Москва не сразу строилась» (нәтижеге уақыт өте қол жеткізу, қазақ тілінде «көш уақыт өте түзеледі»), «Москва от копеечной свечки сгорела» (үлкен сәтсіздіктің кішкентай жағдайдан басталуы), «язык до Киева доведет» (бірнеше мәрте сұрау арқылы керекті ақпарат алу), «в Тулу со своим самоваром не ездят» (керексіз жерде ақыл айту, көмек беру) тәрізді фразеологиялар тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты мәдени бағалауды білдіреді. Мұндай тіркестер көбіне идеологиялық, саяси және әлеуметтік реңкке ие.

Орыс тіліндегі фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, құндылықтар жүйесін танытады. Орыс фразеологизмдерінде этномәдени құндылықтар түрліше көрініс тауып, халықтың тұрмыс-салтынан, рухани болмысынан хабар береді. Орыс тіліндегі фразеологизмдер халықтың этномәдени құндылықтарын айқын көрсетеді. Фразеологизмдер ойды әсерлі жеткізетін құрал ғана емес, ұлттың мәдени кодын сақтап, этномәдени құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, мінез-құлықты реттеуші қызметін атқарады. Орыс тілінің фразеологиялық қоры үш түрлі мәдени қабаттың негізінде қалыптасқан:

1) дін арқылы қалыптасқан тұрақты тіркестер. Мұндай тіркестер тағдырға мойынсұну, көну, шыдау, күнә жасамауға шақырады: Слава Богу! Чистая душа, совесть нечиста

2) аграрлық мәдениетке негізделген тұрақты тіркестер. Мұндай тіркестерде адал еңбек етуге шақырып, жалқауланбауға үндейді: Без труда не вытащишь и рыбку из пруда.

3) халықтың тұрмыс-салты, әлеуметтік орны сипатталған тұрақты тіркестер. Мұндай тіркестерде отбасы құндылықтары, адалдық дәріптеледі: своя

рубашка ближе к телу, в тесноте, да не в обиде, мал золотник, да дорог, кашу маслу не испортишь, не красна изба углами, а коасна пирогами.

Орыс тіліндегі фразеологизмдердегі құндылықтар жүйесі иерархиялық сипаттағы рухани → моральдық → әлеуметтік → материалдық ұстанымға негізделген. Алайда бұл сатыда бірқатар қайшылықтар да орын алған. Рухани құндылықтар жоғары бағаланғанмен, көптеген фразеологизмдерде тағдырға мойынсұну, көну дәріптеледі: На всё воля Божья, бог терпел и нам велел; смирение украшает человека; терпение и труд всё перетрут, на безрыбье и рак рыб, на всякое хотенье есть терпение т.б. Әлеуметтік құндылықтар, отбасы құндылықтары ынтымақ пен мейірімге негізделгенмен, гендерлік таптаурындарда ер адамдардың үстемдігі сақталған: муж – голова, жена – шея; баба с возу – кобыле легче, отцовский дом, отцовское благословение, слово отца – закон. Материалдық құндылықтарда адал еңбек дәріптелгенмен, еңбектің өзі әрдайым байлыққа жеткізе бермейді, кедейлік пен еңбек тығыз байланысты: труд человека кормит, а лень портит, хочешь есть калачи – не сиди на печи, кто не работает, тот не ест. Әлеуметтік теңсіздік фразеологиялық жүйеде тұрақталған: богатому и черт детей качает, у бедного и куры не несутся. Кедей болу, бай болу тағдырдың жазуы ретінде (фатализм) қабылданады. Орыс тілінің фразеологиялық жүйесі діни дискурс пен тарихи-әлеуметтік контекстке негізделгендіктен, ондағы құндылықтар абсолют түрде қабылданбайды.

Орыс тіліндегі фразеологизмдерде этномәдени құндылықтардың диахрондық және аксиологиялық қабаттары сақталған. Фразеологиялық қорда адамның рухани кемелдігі, еңбекқорлық, адалдық, әділдік, сабырлық, бірлік сияқты құндылықтар дәріптеледі. Сонымен қатар фразеологиялық жүйеде діни, консервативтік идеалдар да сақталған.

Тіл – халықтың мәдениеті мен дүниетанымының айнасы. Әр ұлттың рухани өмірі, этикалық және эстетикалық ұстанымдары, тұрмыс салты мен мінез-құлық нормалары тілде, әсіресе фразеологиялық жүйеде сақталады. Фразеологизмдер – ұлттың мәдени кодын, тарихи жады мен өмірлік философиясын бейнелейтін тұрақты тілдік бірліктер. Орыс тіліндегі фразеологиялық қор – орыс халқының этномәдени болмысын, ұлттық мінезін және аксиологиялық құндылықтарын сипаттайтын ерекше жүйе. Этномәдени құндылықтар ұлттың өмірлік тәжірибесінде, дінінде, салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде жинақталып, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сондықтан фразеологизмдерді зерттеу – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясын түсінудің тиімді жолы.

Орыс тілі бойынша 596 фразеологизм талданып, оның ішінде моральдық құндылыққа 146 бірлік (24,5%), жеке (тұлғалық) құндылыққа – 121 бірлік (20,3%), отбасы құндылығына қатысты – 112 бірлік (18,8%), рухани құндылыққа қатысты – 104 бірлік (17,4%), жалпыадамзаттық құндылыққа қатысты – 67 бірлік (11,2%), материалдық құндылыққа қатысты – 46 бірлік (7,8%) айқындалды. Сандық талдау

нәтижелері бойынша орыс тіліндегі фразеологиялық қорда моральдық, отбасы және жеке (тұлғалық) құндылықтардың қалыптасуына православ дінінің, халықтық дәстүр мен фольклордың ықпалы зор болды. Православ діні адалдыққа, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, кешірімді болуға тәрбиелейді. Халықтық фольклор жақсы мен жаманды айыруға үйретеді. Орыс халқында отбасылық құндылықтың алға шығу себебін табиғи жағдай мен әлеуметтік ортамен байланысты түсіндіруге болады. Өзен, көл, дала, суық климат адамдарды бірлесе өмір сүруге үйретті. Табиғи қолайсыз жағдай ұжымдық қоғамдық қатынастарды қалыптастырды, оның ішінде отбасы мүшелерінің шаруашылықты бірлесе жүргізуіне негіз болды. Орыс қоғамында жеке тұлғалық өсу мен өзін-өзі дамытуға ерекше мән беріледі. Жеке (тұлғалық) құндылық отбасында, мектепте, шіркеу мен қоғамдық институттарда қалыптасып, адамды жауапкершілік пен өзіндік шешім қабылдауға үйретеді.

### **2.3 Ағылшын фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың репрезентациясы**

Ғаламның тілдік бейнесі адамның сана-сезіміндегі логикалық ғалам бейнесімен сәйкес келгенімен, онда қабылдаудың әртүрлі жанама формаларына тәуелді құрылымдар да болады. Әр тілдің фразеологиясы өзіндік ерекшеліктерге ие: ол тілді тұтынушылардың аялық білімімен, дәстүрлі еңбек түрлерімен, тұрмыс-салтымен тығыз байланысты. Тілдік бірліктердің мазмұндық жағында этномәдениеттің негізін құрайтын базалық таптаурындар, тіл тұтынушылардың тілден тыс болмысқа бейімделу ерекшеліктерін айқындайтын когнитивтік құрылымдар көрініс табады.

Қазіргі заманғы тілдік сана үшін көптеген сөздер ішкі формасынан айырылған, яғни уәжділігі ұмытылған, көмескіленген. Ал лингвистикалық санада лексикалық бірліктің ішкі формасы өте маңызды. Себебі этимологиялық талдау сөздің бастапқы уәжділігін ашады, бұл – халықтың дүниетанымын тануда аса маңызды қадам. Академик В.В. Виноградов ішкі форманы: «Сөздің ішкі формасы, яғни оның мағынасының немесе қолданылуының негізінде жатқан бейне – сөз немесе сөз тіркесі пайда болған не трансформацияланған мәдени-рухани кеңістікпен, тілдік жүйемен тікелей байланысты» деп сипаттайды [180, с. 19]. Сөздің ішкі формасы әлеуметтік-тарихи және мәдени факторларға байланысты болады. Ішкі форма тілде екінші дәрежелі номинация құбылыстарын белгілеуге, тұтас бір байланыстар жүйесін (күрделі жағдаятты) беруге бағытталған. Ол тіл тұтынушылардың санасында ассоциативтік байланыстар қатарын қалыптастырады.

Г.П. Выжлецовтың мәдениетті құндылықтық тұрғыдан тануға негізделген тұжырымдамасын [181] негізге ала отырып, ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерді төмендегідей жіктеуге болады:

1) Құндылықтық қатынастардың басты ерекшелігі – олар адамның ерікті, ішкі жан қалауымен байланысты болуы. Мысалы: *he will take the heart, but the soul will not permit* (жан қалауымен таңдау);

2) құндылықтар адамды өзгелерден, табиғаттан немесе өз болмысынан бөлмейді, керісінше, біріктіреді, бірігіп өмір сүруге жетелейді. Олар кез келген деңгейдегі қауымдастықты құрайды: отбасы, ұжым, ұлт, қоғам, мемлекет – бүкіл адамзатты біріктіруші негіз. Мысалдар: *a twin soul* (рухтас жан); *all the family is at home, the soul is at home* (отбасың аман болса, жаның да тыныш болады);

3) құндылықтар адамның сыртқы мәжбүрлеуінен туындамайды, олар адамның ішкі жан-дүниесінен бастау алады. Мәселен: *be a good soul* (жақсы жан болу, дос болу). Бұл мысалдардан ұлттық мәдениеттің бейнелі мазмұны мен рухани ерекшелігін көрсететін интерпретациялық қабат айқындалады. Адамзат өміріндегі және мәдениеттегі ең басты құндылықтар: сенім (Құдайға), махаббат, батырлық. Мысалдар: *sell one's soul to the devil* (сайтан арбауына түсу). Фразеологизмдерде жанның адам денесін мекен ететіні, қайтыс болған кезде көкке көтерілетіні туралы айтылады.

Фразеологизмдер болмысты бейнелі түрде жеткізеді. Фразеологизмдердегі ғалам бейнесі ғылыми танымнан ерекшеленеді, ол қарапайым дүниетанымға жақын. Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерде ой бейнелі түрде жеткізіліп қана қоймай, этномәдени құндылықтар да айқын көрініс тапқан. Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді талдау арқылы ағылшын мәдениетінде еңбек, адалдық, достық, отбасы, еркіндік, прагматизм, адалдық, білім, әділет, уақыт, қанағат және т.б. ерекше мәнді екенін байқауға болады. Ағылшындар үшін дербестік, еркіндік басты құндылықтардың бірі болып табылады. Ол фразеологиялық бірліктерінде де анық көрініс тапқан: *to mind one's own business* (өз ісінді біл), *every man is the architect of his fortune* (әр адам – өз бақытының ұстасы), *stand on one's own feet* (аяғында нық тұру, тәуелсіз болу), *every dog has his day* (әркімнің жұлдызды сәті болады), *a bird in the hand is worth two in the bush* (барға қанағат, жоққа сабыр), *a stitch in time saves nine* (дер кезінде дертке ем ізде), *pull yourself together* (өз-өзіңе ие бол), *every man for himself* (әркім өз қамын ойлайды), *to paddle one's own canoe* (өзіне сену, тәуелсіз болу), *to go one's own way* (өз жолымен жүру), *to call the shots* (басқару, шешім қабылдау) т.б. [182]. Мұндай фразеологизмдер адамның өзіне ерекше көңіл бөлетінін, еркін болғанды қалайтынын көрсетеді.

Ағылшын мәдениетінде қашықтықты сақтай білуге ерекше мән беріледі: *know one's distance* (өз орнын білу), *hold (keep) smb. at arm's length* (жақындатпау, арақашықтық сақтау), *draw the line* (шек қою), *to be one's own pit / to be one's own master* (тәуелсіз болу, өз еркі өзінде болу), *to be one's own mistress* (өз тағдырының қожайыны болу), *to be a law into oneself* (ешкімге бағынбау, ешкімге тәуелді болмай), *to be the captain of one's soul* (өз тағдырын өзі басқару, еркін болу), *to have an independent streak* (өзіне тән дербес қасиеті бар болу), *to be fond of one's own*

way (өз дегенінен қайтпау, істі өз білгенінше істеу), go about one's business (өз ісімен айналысу), mind one's own affairs (өз шаруасын жасау), mind one's own business (өзгенің ісіне араласпау), keep one's nose out of something (біреудің ісіне араласпау), reserve judgment (пікірін іште ұстау; сыр бермеу). Бұл мақал-мәтелдерінде де сақталған: love your neighbour, yet pull not down your fence (көршінді қалай жақсы көрсең де, қақпаны қалдыр); a hedge between keeps friendship green (арақашықтық достықты нығайтады); good fences make good neighbours (арақашықтықты сақтай білген көрші жақсы); come seldom – come welcome (сирек келсең, қадірің болады); keep (save) your breath to cool your porridge (өзгенің тірлігіне араласпа) т.б. [183].

Ағылшын фразеологизмдерінде сырын шашпауға, құпия сақтауға қатысты тіркестер көп: keep a stiff upper lip (сабыр сақта), keep (leave) smb. in the dark (сыр бермеу, білдірмеу); keep oneself to oneself (томаға-тұйық болу); keep smth to oneself (іште сақтау, құпия ұстау); keep one's (own) counsel (өз ойын жасыру, құпия ұстау), keep your head (салқынқандылық таныт), a privileged communication (сыр, құпия), on the cuff (өз арамызда), not breathe a word about smth (сыр бермеу, сырын білдірмеу), keep quiet about smth (үндемеу, жасыру), keep smth to oneself (ешкімге айтпау), keep the lid on (құпия айту), for smb's private ear (құпия түрде), between ourselves (өз арамызда), keep a secret (сырды сақтау; құпияны ашпау), one's lips are sealed (тіс жармау; аузын ашпау) т.с.с.

Ал дөрекілік, дарақылыққа қатысты to be cold in manner (қатал), an exhibition of bad manners (әдепсіз), the black sheep (of the family) (бетке шіркеу болған адам отбасы мүшесі), an Aunt Sally (мазақ нысаны) сияқты тіркестер қалыптасқан. Сабыр сақтау, әдептен озбауға байланысты keep a civil tongue (әдеп сақтау, сыпайы сөйлеу), keep on the rails (әдептен озбау), mind one's p's and q's (сыпайылық сақтау), in common decency (сыпайылық үшін), stiff upper lip (сабыр сақтау), in one's sober senses (өзін ұстай білу), have one's brain on ice (сабыр сақтау), not to bat an eye (эмоциясын білдірмеу), pull oneself together (өз-өзіне келу), play it cool (сабырмен қарау), (as) cool as a cucumber (өте сабырлы), keep oneself in check (өз-өзін тежей білу; өзін ұстай білу), not to turn a hair / never turned a hair (сыр білдірмеу) сияқты фразеологиялық бірліктер, manners make the man (адам әдебімен сыйлы болады), politeness costs little but yields much (сыпайы болу қиын емес, бірақ сыпайылықтың пайдасы көп) мақал-мәтел қалыптасқан.

Бұл топтағы фразеологизмдер негізінен «to keep» етістігі арқылы жасалады: keep (in) one's feelings (сезімін тежей білу), keep one's countenance (сыр білдірмеу), keep one's temper (сабыр сақтау), keep a cool head (сабырынан айырылмай), keep a straight face (сыр бермеу, эмоциясын тежеу), keep one's shirt on (сабыр сақтау), keep oneself in check (өзін ұстай білу), keep a grip on oneself (өзіне ие болу), keep one's cool (сабыр сақтау), keep one's hair on (сабырға келу), keep one's head (өз-өзін ұстай білу), keep control (over oneself/feelings) (сабырлы болу), keep (or observe) measure

(шектен шықпау), keep smth. within bounds (шамасын білу, шектен шықпау), keep one's balance (сабыр сақтау), т.б.

Уақытты бағалай білуге, сабырлық сақтап, қанағат етуге қатысты ағылшын тілінде фразеологизмдер көп. Мысал ретінде time is money (уақыт құнды), a bird in the hand is worth two in the bush (барға қанағат), better late than never (ештен кеш жақсы) т.б. келтіруге болады. Сондай-ақ фразеологизмдерде әлеуметтік құндылықтар, мәртебе, мүмкіндікті пайдалану, әділетке ерекше мән беріледі. Дәйек ретінде blue blood (ақсүйек текті адам), a blue-stocking (ғылым-білімге құмар әйел), born with a silver spoon in one's mouth (дәулетті отбасында дүниеге келген), like Caesar's wife (мінсіз абырой иесі), an admirable Crichton (кемел адам), golden opportunity (алтын мүмкіндік), every dog has his day (әркімнің бір жолы болады) т.с.с. фразеологизмдерді атауға болады [148, p. 45-227].

Ағылшын мәдениетінде еңбекті құндылық ретінде көрсететін фразеологизмдер көп. Мысалы: no pains, no gains (еңбексіз зейнет жоқ), the early bird catches the worm (ерте тұрғанның ырысы артық), business before pleasure (қызықтан бұрын жұмыс), to burn the midnight oil (түн ортасына дейін жұмыс жасау), work like a horse (тынымсыз еңбек ету), to keep the wolf from the door (күнкөріс үшін еңбектену), to earn one's bread and butter (нан табу), God helps those who help themselves (Құдай сақтансаң – сақтайды) сияқты фразеологизмдер [183, p.8-152] еңбекқор болуға, шыдамды, табанды болуға үндейді, әрі ағылшындардың рационалды-прагматикалық дүниетанымы анық көрінеді.

Ағылшын фразеологизмдерінде әділдік, шындық, сенімділік дәріптеледі. Оған honesty is the best policy (адалдық – ардың ісі), to have a heart of gold (кең пейіл), to play straight (әділ болу, адалдық), play fair (әділ ойнау), the devil is not so black as he is painted (қорқатын түгі жоқ), straight from the horse's mouth (шынайы дерек), come clean (шындықты айту), white lie (зиянсыз өтірік), the straight and narrow (түзу жолмен жүру), to keep one's word (уәдеде тұру), a man of his word (уәдеге берік адам), a gentleman's agreement (ер азамат сертке берік болады), to wash one's hands of something (жауапкершіліктен қашу) т.б. фразеологизмдер дәйек бола алады.

Ағылшын фразеологизмдерінде білімге құштарлық, даналық, тәжірибе, бәсекелестік ерекше дәріптеледі. Оған мысал ретінде knowledge is power (күш білімде), learn the ropes (тәжірибені меңгеру), old fox (тәжірибелі адам), better the devil you know than the devil you don't (үйреніскен жау атыспаққа жақсы), to keep up with the joneses (біреуден қалып қоймау, бәсекелестік), т.с.с. фразеологизмдерді атауға болады [148, p. 38-327]. Ұрпақ тәрбиелеуде осы құндылықтарға мән беріп, соның нәтижесінде дара тұлға қалыптастыру көзделеді.

Ғаламның тілдік бейнесінде адам – тіршілік иелерінің ішінде ерекше, дара орны бар жаратылыс, сондықтан оның ішкі сапалары – рухани болмысы – тілде көрнекті орын алады. Адамның рухани әлеміне қатысты концептілерді зерделеу – ғылыми қызығушылық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар әдістемелік

тұрғыдан да аса маңызды. Бұл зерттеу белгілі бір тілдің антропоэзектік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берумен қатар, адамның әртүрлі танымдық аспектілерін тілде бейнелеудің универсалды заңдылықтарын анықтауға жол ашады, сондай-ақ тілді оқытуда жаңа тәсілдерге негіз болады.

«Жан» лексемасы әртүрлі тілдерде бағалау мәніндегі жағдаяттарды сипаттау үшін де қолданылады. Мәселен, *a twin soul* – рухтас жан, жақын адам; *a penny soul never came to twopence* – ұсақ пиғылды адам ешқашан жетістікке жетпейді. «Жан» сөзі «жан иесі» деген тіркес сияқты тіршілік иесін не адамды білдіреді: Үйде менен басқа тірі жан жоқ. Тірі жанды ренжіткен емес. Орыс тілінде «душа» лексемасы көбіне адам деген мағынада қолданылады: *душа моя, ни одна душа не узнает, на душу населения, ни души вокруг*. Ағылшын тілінде де: *a simple soul* – аңқау адам; *not a living soul* – тірі жан жоқ; *don't tell a soul* – ешкімге айтпа. Бұл ұқсастықтар – қазақ, орыс, ағылшын мәдениеттеріне тән бейнелі-ассоциативтік ойлаудың ортақтығын көрсетеді.

Зерттеу барысында «жан» концептісі эмоция әлемімен тығыз байланысты екені анықталды. Қазақ тілінде жаны ауыру, жаны сыздау, жаны ашу, жан рахаты, жаны рахаттану, жан беру, жан бітірді, жан қалауы, жанын ауырту, жанын қинау; жаны жабырқаулы, жаны жадырады. Сондай-ақ тұрақты тіркестер де қалыптасқан: Жаның сау болса – «аурумын» деме, тәнің сау булса – «жарлымын» деме. Тәні саудың жаны сау. Ағылшын тілінде: *my soul is crying* (жаным жылап тұр).

Жан адамның физиологиясымен емес, ойы, сезімі, уайымы, арманы сияқты ішкі үдерістерімен байланысты. Ағылшын тілінде: *possess one's soul in patience* (жанын сабырмен қаруландыру). «Жан» сөзінің жиі қолданылуы, лексика-семантикалық вариациялары бұл концептінің әр тілдің ғалам бейнесіндегі ерекше рөлін көрсетеді.

Жүрекке қатысты фразеологизмдер де әртүрлі мағынада кездеседі. Мысалы, *to be heartless* (жүрексіз болу); *bring one's heart into one's mouth* (қорқыныштан жүрегі аузынан шығу). Кейде жүрек өліп қалуы да мүмкін: жүрегі өлген, тас жүрек, т.б. Ағылшын тілінде: *a hard heart* (қатігездік); *harden one's heart* (қатыгездікке бару). Фразеологизмдерде жүректің бірнеше сипаты бар: *a big heart* (үлкен жүрек); *a heart of gold* (алтын жүрек), *one's young heart* (жас жүрек). Кейде жүрек қорқыныштан не қуаныштан жарыла жаздайды: *wear one's heart upon one's sleeve* (жан сырын ашу). Жүрек жаралануы мүмкін: *be sick at heart* (жүрегі ауыру); *break one's heart* (жүректі жаралау); *wring one's heart* (жүрегі қысылу). Ағылшын тілінде де жүрек пен батылдық арасында байланыс бар: *lose heart* (батылдығынан айырылу); *to give heart* (жігерлендіру); *hearten* (рухтандыру), т.б.

Жүрек – жылудың ошағы: *lose one's heart* (ғашық болу); *one's heart goes out to* (біреуге жылы сезім білдіру). Жүрек – адамның жасырын ойлары мен тілектерінің мекені: *at heart* (жүректе); *from the heart* (шын көңілден); *from the bottom of one's heart* (шын жүректен). Жүрек махаббат сезімімен тікелей байланысты: *have a soft*

corner in one's heart for smb. (біреуге жылы сезіммен қарау; win smb's heart (біреудің жүрегін жаулап алу).

Ағылшын тіліне ғана тән төмендегідей фразеологизмдерді кездестіруге болады: bite off more than one can chew – әлін білмеген әлек, in for penny, in for a pound – тәуекелге бел байлау, pay though the nose – еселеп ақша төлеу. Кейбір фразалық тіркестер ағылшын сенім-нанымына байланысты қалыптасқан, мысалы a blacksheep – жүзі қара, отбасының масқарасы болу, ескі наным бойынша қара қой жамандықтың, сәтсіздіктің символы ретінде саналған, сол себепті отбасындағы немесе белгілі бір топ ішінде басқаларымен сәйкес келмейтін адамдарға қолданылған. Blue stocking (тікелей аудармасы көк шұлық) фразеологизмінің шығу тарихы Англияда адмирал Босковеннің XVIII ғасырдың ортасында әдеби топтардың біріндегі жиналысқа ғалым Б. Спеллингфлиттің «көк шұлықта» келуімен байланысты. Қазірде бұл фразеологизм оқу мен ғылымды беріле зерттейтін білімді әйел образына қолданылатын термин.

Cut somebody off with a shilling – қазақ тілінде бір тиынсыз қалды деп аударуға болады, адамның ешқандай мұрасыз қалғанын білдіретін фразеологизм XVIII ғасырда қолданылған, қалдырылған мұраның жалпы сомасы маңызды емес, бірақ көлемі аз ғана болуы тиіс. Бұрынырақ «бір шиллингпен қалдырды» деген мағынада қолданылып, мұрасыз қалғандығының себебі қателіктің белгісі болмасын деп әдейі 1 шиллинг деп көрсетілген. Шиллинг сөзінің орнына әр елдің өзіндік валютасымен де қолданылған түрлері бар. Қазақ тіліндегі «көк тиынсыз қалды» мағыналас тіркес көбіне ақшасының бәрін жұмсап немесе қарызға батып, ақшасынан айрылған адамды сипаттайды.

Sit above the salt – қоғамда жоғары статуста болуды білдірсе, sit below the salt – қарапайым қоғамдық жағдай статусын көрсетуге қолданылады, ескі ағылшын салтына сәйкес ол дәуірдің қымбат дәмдеуіші боп есептелген тұз салынған сауытты үстелдің ортасына қоятын болған, үстелдің жоғары жағына беделді қонақтарды отырғызса, төмен жағында кедей туыстары мен қызметшілерін жайғастырған [3, с.111].

Be born within the sound of Bow bells фразеологиялық тіркесі Кокни диалектісіне дәстүрлі анықтама болып табылады. Bow bells дегеніміз Әулие Мэрил'-Бау шіркеуінің қоңыраулары. Кокни термині өзіндік ерекше акценті мен диалектісі бар Лондондық жұмысшы класына жататын тұрғындарды атауда қолданылады. Боу қоңырауларының даусы кокнилік ерекшелігімен байланыстырылып, осы шіркеуге жақын жерде дүниеге келген адам ғана нағыз кокнилік болып есептелген. Бұл ерекше критерий кокни мен Боу қоңырауларын тығыз байланыста көрсетіп, Лондон мәдениетінің маңызды бөлігіне айналдырды. Чарльз Диккенстің кейіпкерлері де кокниді көрсетіп, олардың өзгеше диалекті мен Боу қоңырауларының маңыздылығын сипаттап берген.

Have kissed the Blarney stone – Ирландиядағы Бларни тасын сүйген адам сөзшендік пен басқаларды өз сөзіне сендіре алу қасиетіне ие болады деп саналып,

бірнеше ғасырлардан бері келе жатқан дәстүр. Бұл атақты тасты 1446 жылы Мюнстердің королі Дермот Маккарти Бларни сарайына орнатқан деседі. Оның шығу тарихы туралы біраз аңыздар бар, бірінде оны крест жорықтары кезеңінде әкелінген десе, басқалары Стоунхенждегі тастардан жасалған деп есептейді. «Бларни» сөзі шешендік немесе мағынасыздық дегенді білдіруі Маккарти мен Елизавета I арасында болған жағдайға сай, сарайды басып алмақ болған уақытта көп сөйлегіш Маккартидің графты алаңдатуының кесірінен, графтың істі бітіре алмағанына патшайымның айтқан сөзі болып табылады.

Мәдени-танымдық ақпарат тарихи оқиғаларға байланысты фразеологизмдерде де көрініс табады. Мәселен, ағылшын тіліндегі *as well be hanged (hung) for a sheep as for a lamb* – қой ұрлағаның үшін дарға асылатын болсаң, қозыны да қоса ұрла деген мағына береді. Бұл тіркес Англияда қой ұрлығы үшін өлім жазасы қолданылған көне заңның жаңғырығы ретінде қалыптасқан. Сол сияқты *the curse of Scotland* – «Шотландияның қарғысы», яғни бубна тоғыздығы (карта), ол граф Далримпл Стейрдің гербіне ұқсастығына байланысты аталған. Ол граф Шотландияда англияшыл саясаты үшін жеккөрінішті болған.

Ағылшын тілінде тарихи кезеңдер мен тұлғалармен байланысты фразеологиялар көбінесе тарихи таным, сатиралық немесе мәдени-әлеуметтік мағынада қолданылады. Мысалы, *Napoleonic complex* (комплекттік сезім – Наполеонның бойы мен амбициясына байланысты), *victorian morals* (қатаң әдептілік – Виктория дәуірінің құндылықтары), *Rome wasn't built in a day* (үлкен істің бірден бітпейтінін білдіру – Рим империясы туралы), *Watergate scandal* (саяси жанжал) сияқты фразеологиялар тарихи оқиғаларды, дәуірді немесе тұлғаларды мәдени кодқа айналдырған.

Ағылшын тілінде – «world», «universe» сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер аз: *as old as the hills (the world)* (әлемдей көне); *the wide world* (бүкіл әлем). Ағылшын тілінде *a better world* (жақсырақ әлем); *out of this world* (керемет, ғажап әлем); *dream world* (қиял әлемі), *it's a small world* (әлем қапырық), *two in distress make sorrow less* (елдің көзінше өлім де қорқынышты емес), *not of this world* (бұл әлемдік емес), *all the world knows* (бүкіл әлемге аян), т.с.с. қолданылады. «Дүние» сөзі бар фразеологизмдерде болмыстың схемасы беріледі. Онда адамның дүниеге келуі мен дүниеден өтуі толық қамтылады: *bring into the world* (өмірге әкелу); *come into the world* (жарық дүниеге келу); *not to be long for this world* (бұл дүниеде көп тұрақтамайтын, жақында қайтыс болатын адам).

Ағылшын тілінде Библия аудармаларының ықпалы зор болды. Ғасырлар бойы ең жиі оқылып, дәйек ретінде келтірілген мәтін Библия болған. Сол сияқты түркі тілдерінде де Құран аяттарына негізделген фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бұл библиизмдер мен коранизмдерде халықтың рухани тәжірибесі шоғырланған. Мысалы, ағылшын тілінде: *God helps them that help themselves* – Құдай өзіне көмектескенге көмектеседі. *See a mote in smb's eye and not see a beam in one's own* –

Басқаның көзіндегі шөпті көріп, өз көзіндегі бөренені көрмей. The olive branch – татуласудың белгісі (зәйтүн бұтағы). Wash one's hands of something – Қолын жуу, яғни өзінің кінәсіздігін білдіру сияқты фразеологизмдер діни кітаптардың желісімен қалыптасқан.

«Тағдыр», «дін» концептілері ағылшын фразеологиясында терең семантикалық, аксиологиялық және лингвомәдени мазмұнға ие. Бұл концептілер әр тілде ұлттық менталитетті, дүниетанымды және рухани-мәдени құндылықтарды көрсететін фразеологиялық бейнелер арқылы репрезентацияланады.

Кейде Библияның заманауи аудармалары канондық мәтіндерден өзгеше болады. Бұл фразеологиялық тіркестердің мағынасына да әсер етеді. Мысалы, «око за око, зуб за зуб» тіркесінің баламасы ағылшын тіліндегі an eye for an eye, a tooth for a tooth тіркесіне сәйкес келсе де: If an eye is injured, injure the eye of the person who did it..., – деп аударылған. Соның салдарынан фразеологизмнің бейнелілігі әлсіреген.

А.В. Кунин «Библиядағы» фразеологизмдер түпнұсқадан алшақтап кеткенін ескерте келіп, бірнеше мысал келтіреді:

1) Библиядағы прототип тура мағынада қолданылғанмен, аударған кезде фразеологизм түзілген. Мысалы: a milstone about smb's neck – мойынға асылған диірмен тасы – ауыр жүк, жауапкершілік. Қазіргі қолданыста hang немесе have етістіктерімен бірге қолданылып, about сөзінің орнына around сөзін алуға болар еді.

2) Фразеологизм өзгертіліп қолданылған. Мысалы: live on the fat of the land (сән-салтанатпен өмір сүру) Библиядағы eat the fat of the land тіркесінен шыққан.

3) Бейненің құрылымы өзгерген. Мысалы: gall and wormwood (өшпенділік, жек көру) Библиядағы the wormwood and the gall нұсқасынан алынған. Библиядағы сөздер тура мағынада қолданылған, сондықтан фразеологизм түзілмеген. Алайда аудармашы тұрақты тіркеске айналдырған. Мысалы: loaves and fishes – жердегі игіліктер; fishes сөзі Библияда бар, бірақ ол тұрақты тіркес емес.

4) Фразеологизм бір компонентке негізделіп, бейнелі мағына қалыптастырған. Мысалы: forbidden fruit (тыйым салынған нәрсе); forbidden fruit is sweet (тыйым салынған нәрсе – тәтті).

5) Фразеологизмдер сөз ойнату арқылы қалыптасқан. Мысалы: the land of Nod – ұйқы патшалығы; бұл nod – «бас изеу, қалғып кету» және Nod – Құран мен Библиядағы Қайн айдалған жер атауының дыбыстық ұқсастығына негізделген [3].

Ағылшын тіліндегі фразеологияда христиандық (протестанттық, католиктік) дәстүрлерге негізделген библиялық фразеологизмдер кең тараған. Мысалы: by the skin of one's teeth – әзер аман қалу; the powers that be – билік басындағылар; to cast the first stone – басқаны айыптау; a throne in the flesh – мазасыздық тудыратын нәрсе; to wash one's hands of (something) – жауапкершіліктен бас тарту; the writing on the wal – апаттың жақындағанын білдіретін белгі, т.б. ағылшын тілінде символдық мәні бар фразеологизмдер де бар: a soul-searching moment – терең ішкі

рефлексия; god-given right – тумысынан берілген құқық; heaven-sent – көктен келгендей, аса пайдалы; a cross to bear – өмірлік ауыртпалық; to go through hel and back – өте қиын жағдайларды бастан кешіру, т.б. [183, с. 27-309].

Сонымен қатар ағылшын мәдениетіне антикалық грек-рим мифологиясы мен кельт наным-сенімдерінен енген бейнелер де тұрақты тіркестер жүйесіне сіңісіп кеткен. Мысалы: Achilles' heel – әлсіз тұс; Herculean task – аса ауыр, қажырлы еңбек; pandora's box – қауіпті әрі болжауға келмейтін салдары бар бастама; sword of damocles – төніп тұрған қауіп; tantalizing prospect – қол жеткізе алмайтын үміт, т.б. [183, с. 25-312].

Ағылшын тіліндегі діни-мифологиялық фразеологизмдер протестанттық этика, библиялық сюжеттер мен антикалық дәстүрдің синтезін көрсетеді. Тіркестерде адам тағдыры, моральдық жауапкершілік, азап пен үміт, сенім мен сатқындық секілді ұғымдар символдық және эмоционалдық сипатта беріледі. Ағылшын фразеологиясы да библиялық және антикалық мифологияға сүйенеді. By the skin of one's teeth, «to cast the first stone, Pandora's box, Achilles' heel тіркестері діни мәтіндер мен мифтердің идиомаланған тілдік формасына айналған.

Ағылшын тілінде табиғат құбылыстарының атауларының қатысуымен жасалған фразеологизмдер көптеп саналады. Мысалы, make hay while the sun shines (темірді қызған кезде соқ), to weather the storm (қиындыққа шыдай), still waters run deep (тұнық судың түбі терең), to nip in the bud (түбімен эою), to bark up the wrong tree (жөнсіз килігу), to beat around the bush (айналсоқтау) т.б. Бұл фразеологизмдерде табиғаттың апаттарына қарсы тұрып, төзімділікке, уақытты кадірлей білуге тәрбиелейді.

Ағылшын тіліндегі зооним қатысқан фразеологизмдер халықтың ойлау жүйесінен, дүниетанымынан хабар береді. Фразеологизмдердегі жануарлар әлемі көбінесе адамның мінезін (адалдық, еңбекқорлық, айлакерлік, қорқақтық, аңғалдық және т.б.) бейнелейді. Ағылшын тілінде жануарлар бейнесінің символдық мәні бар:

– ағылшын тілінде жылқы (horse) күш, еңбекқорлық, сенімділік, мәртебенің символы болып табылады. Соған сәйкес жылқы (horse) лексемасымен келген фразеологизмдерде осы реңк сақталған. Мысалы: work like a horse (аянбай еңбектену), straight from the horse's mouth (шындық, сенімді дерек), dark horse (күтпеген жерден алға шыққан адам), to hold one's horses (асықпау; сабыр сақтау), don't look a gift horse in the mouth (сыйлықты сынамай), flogging a dead horse (бос әурешілік). Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы адал еңбек, шындыққа ұмтылу, талантты бағалау мәнімен байланысты.

– Қой (sheep) лексемасы «момындық, бейқамдық, әлсіздік» мәнін білдіреді. Қой (sheep) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде black sheep (қоғамға жат адам), to cast / make sheep's eyes at smb (сүйсініп қарау), to follow like sheep (күр еліктеу) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің

этномәдени құндылығы «қоғамдағы тәртіпті сақтау, даралықты бағалау» мәндерімен байланысты.

– Мысық (cat) лексемасы «жалқаулық», «тәуелсіздік», «айлакерлік, сақтық» мәндерін білдіреді. Мысық (cat) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде *curiosity killed the cat* // *curiosity killed the cat* (әсіреқызығушылық зиян), *cat nap* (қысқа ұйқы, құс ұйқы), *cat in gloves catches no mice* (тәуекел етпеген табысқа жетпейді), *look like the cat that got the cream* (мәз болу), *a sorycat* (біреуді қайталайтын адам) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «сақтық, сабырлылық, қанағат» мәндерімен байланысты. Ағылшын мәдениетінде ашушаң, мазасыз адамды мысыққа ұқсатады: *as nervous as a cat* (беймаза, жүйкесі жұқарған адам).

– Ит (dog) лексемасы «адалдық, дос» мәнімен қатар «ауыр тұрмыс, қорлық» мәнін де білдіреді. Ит (dog) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде *every dog has his day* (әділет орнайды), *lucky dog* (жолы болған адам), *it's a dog's life* (ауыр, қиын өмір, ит тірлік), *like a dog with a bone* (табанды, қайсар адам), *let sleeping dogs lie* (тыныш жатқан нәрсені қозғамау), *dog's chance* (титтей мүмкіндік), *dog's breakfast* (берекесіздік), *rain cats and dogs* (шелектеп жаңбыр жауу) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «адалдық, әділет, төзімділік, тағдырға көну» мәндерімен байланысты. Сонымен қатар *to work like a dog* (итше еңбектену; тынымсыз еңбек ету), *to make a dog's dinner of something* (істі быт-шыт қылу; жұмысты берекесіз ету), *to be like a dog with two tails* (төбесі көкке жету; қуанышы қойнына сыймау), *you can't teach an old dog new tricks* (қартайған адамға жаңа өнер үйрету қиын) сияқты құрамында ит (dog) сөзі бар фразеологизмдер көбіне еңбек, сәтсіздік, қуаныш, тәжірибе т.с.с. мәндерді береді.

– Түлкі (fox) лексемасы «айлакерлік, тапқырлық, тәжірибе» мәнін білдіреді. Түлкі (fox) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде *sly as a fox* (өте қу, айлакер), *old fox* (тәжірибелі адам) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «даналық, тәжірибе» мәндерімен байланысты. Сондай-ақ қулық, айлакерлік сыналады. Ағылшын тіліндегі *the fox is not taken twice from the same snare* деген мәтел де (түлкі бір қақпанға екі рет түспейді) түлкінің айлакерлігіне сәйкес қалыптасқан.

– Құс (bird) лексемасы «еркіндік, мүмкіндік, сәттілік» мәнін білдіреді. Құс (bird) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде *the early bird catches the worm* (еңбектенген адам мұратына жетеді), *a bird in the hand is worth two in the bush* (барға қанағат ету), *the early bird catches the worm* (ерте тұрған адамның ырысы артық) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «еңбекқорлық, уақытты бағалау, қанағат» мәндерімен байланысты. Ағылшын тіліндегі *hawks will not pick hawk's eyes* фразеологизмінің мағынасы қазақ тіліндегі «қарға қарғаның көзін шұқымайды» тіркесімен мәндес.

– Қораз / Тауыс (cock, rooster, peacock) лексемалары «тәкаппарлық, өз-өзіне сенімділік» мәнін білдіреді. Қораз / Тауыс (cock, rooster, peacock) лексемалары арқылы ағылшын тілінде cock of the walk (паңдық, өзін жоғары қою, басқаны менсінбеу), as proud as a peacock (тәкаппар) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «абыройлы болуға ұмтылу» мәнімен байланысты, алайда тәкаппарлық сыналады.

– Қоян (hare) ағылшын тіліндегі фразеологизмдерде қорқақтық, тез арада қашып кету, ұялшақтыққа қатысты қолданылады. Мысалы: (as) fast as a hare (қоянша қашу; зу етіп қашып кету), (as) timid as a hare (қоян жүрек; ұялшақ, қорқақ адам).

– Піл (elephant) лексемасы «күш, салмақтылық, даналық» мәнімен қатар ебедейсіздікті білдіреді. Піл (elephant) лексемасының қолданылуы арқылы ағылшын тілінде elephant in the room (бәрі байқағанмен, айтылмайтын мәселе), a memory like an elephant (есте сақтау қабілеті өте мықты), a white elephant (пайдасы жоқ, басы артық нәрсе), to see / to get a look at the elephant (өмірді көру; тәжірибе жинақтау) сияқты фразеологизмдер қалыптасқан. Фразеологизмдердің этномәдени құндылығы «адалдық, шындықты мойындау, еңбекті бағалау» мәндерімен байланысты.

Ағылшын тілінде түздегі аң-құс, жәндік атаулары қатысқан фразеологизмдер көптеп саналады. Мысалы: the leopard can not change his spots (леопардқа қатысты: қанға біткен қасиет өзгермейді), to beard the lion in his den (арыстанға қатысты: батыл әрекет ету), wild goose chase (жабайы қазға қатысты: бос әурешілік), a sitting duck (үйрекке қатысты: оңай олжа), throw the cat among the pigeons (көгершінге қатысты: тыныштықты бұзу; жанжал шығару), ants in your pants (құмырсқаға қатысты: тынымсыз адам), as blind as a bat (жарқанатқа қатысты: ештеңені байқамайтын), т.с.с.

Ағылшын тілінде еңбекқорлық, төзімділікті білдіру үшін ит (to work like a dog), жылқы (to work like a horse), ара (to be busy as a bee) лексемалары қатысады. Қатыгездік қасқыр (throw someone to the wolves), аю (to play the bear), жыртқыш аңдардың (the law of the jungle) бейнелері арқылы беріледі. Ақымақтық, аңғалдық қаз (as silly as a goose), қой (silly as sheep), көмбіс қой (to follow like sheep), қозы (as meek as a lamb), жалқаулық, берекетсіздік мысық (cat in gloves catches no mice), қаз (to chase the wild goose), кесіртке (to be as a lizard), айлакерлік, қулық түлкі (as sly as a fox), ит (sky dog), лас, былғаныштық доңыз (such a pig), бейкамдық, жеңілтектік ешкі (to play the giddy goat), маймыл (monkey business), ит (a dog's life), сақтық жылқы (to hold one's horses), мысық (the scalded cat fears cold water), ұстамдылық жылқы (a dark horse), ит (you can't teach an old dog new trick) лексемалары қатысқан фразеологизмдер арқылы беріледі.

Ағылшын тіліндегі зооморфтық фразеологизмдерде халықтың мәдени-әлеуметтік көзқарасы, ұстанымы, құндылықтары бейнеленген. Ағылшын тілінде зооморфтық фразеологиялар адамның әрекеті мен ішкі күйін жануарлар арқылы

сипаттайды. Мысалы, to smell a rat (қулықты сезу), as sly as a fox (айлакер), a black sheep (отбасындағы ұят адам), the lion's share (үлкен үлес), to cry wolf (өтірік дабыл қағу), busy as a bee (тынымсыз еңбек ету). Ағылшын фразеологиясында жануар образы көбінесе психологиялық күй, әлеуметтік рөл және прагматикалық бағалау арқылы берілген.

Түс атаулары барлық халықтың тілінде символдық мәнге ие. Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерде де түс атаулары халықтың дүниетанымын, ұлттық мәдениетті, құндылықтарды білдіреді. Ағылшын тілінде де ақ түс тазалық, пәктік, адалдық, қуанышты білдіреді. Соған сәйкес ағылшын тілінде whiter than white (өте таза, адал), white lie (зиянсыз өтірік); white knight (қорғаушы) сияқты тұрақты тіркестер қалыптасқан. Қара түс қайғы, қасірет, зұлымдық, ауырлықты білдіреді. Бұл жағынан алғанда да, қазақ, орыс тілдеріндегі мәніне ұқсас. Ағылшын тілінде бұл түстің қатысуымен black sheep (қоғамға жат адам); black day (қайғылы күн), black list (тыйым салынған, жаман адамдар немесе ұйымдар тізімі) сияқты тіркестер түзілген. Қызыл түстің репрезентациясында да көп айырмашылық жоқ. Ағылшын тілінде де қызыл түс «қуат, махаббат, мереке» мәндерімен қатар «қан, қауіп» дегенді де білдіреді. Ағылшын тілінде қызыл түстің қатысуымен red-letter day (қуанышты күн), red tape (бюрократия), catch someone red-handed (қылмыс үстінде ұстау) сияқты тіркестер жасалған.

Байқап отырғанымыздай, ақ, қара, қызыл түстердің мәнінде қазақ, орыс тілдерінен көп айырмашылық жоқ. Алайда жасыл, сары, көк түстердің мәнінде елеулі айырмашылық бар. Ағылшын тілінде жасыл түстің мәнінде өзгешелік бар. Ол «табиғат, өмір, үміт» сияқты мәндермен қатар «қызғаныш» мәнінде де жұмсалады: green light (рұқсат), green fingers (бағбандық қабілет), green with envy (қызғаныш). Сол сияқты көк түстің репрезентациясында да ерекшеліктер байқалады. Ағылшын тілінде көк түс «аспан, руханилық, адалдық» мәндерін білдірумен қатар «мұңды» да білдіреді. Көк түстің қатысуымен ағылшын тілінде blue blood (ақсүйек), out of the blue (тосын жағдай), feel blue (мұңая сезіну) фразеологизмдері түзілген. Ағылшын тілінде сары түс байлық, жылылық, күн нұрын бейнелеумен қатар қызғаныш, сатқындықты да білдіреді. Ағылшын тілінде бұл түстің қатысуымен yellow card (ескерту), yellow-bellied (қорқақ), yellow press (сапасыз, өсекке толы баспасөз), golden opportunity (ерекше мүмкіндік) сияқты тұрақты тіркестер қалыптасқан.

Ағылшын тілінде түр-түс пен сындық сипаттағы фразеологизмдер бейнелі және кең мағынада қолданылады. Мысалы: green with envy (қызғаныштан жасылдану), black sheep (ұят әкелетін адам), white lie (зиянсыз өтірік), red flag (қауіп белгісі), blue-collar worker (жұмысшы табы) сияқты тіркестерде түстер әлеуметтік рөлдер мен эмоциялық реакциялардың символына айналған. Ағылшын мәдениетінде түстер идиомалық мағынада жиі қолданылады және прагматикалық, әлеуметтік баға берудің құралы ретінде қызмет етеді. Әдеби шығармаларда да түр-

түске қатысты фразеологизмдер адам бейнесін эмоционалды және эстетикалық тұрғыда сипаттауда жиі кездеседі.

Ағылшын тілінде сандық фразеологиялар нақты прагматикалық, идиомалық немесе эвфемистік қолданысқа бейімделген. Мысалы: *at sixes and sevens* (тәртіпсіздік), *once in a blue moon* (өте сирек), *third time lucky* (үшінші ретте сәттілік), *a baker's dozen* (он үш), *thirteen at table* (үстелде он үш адам отыру – жаман ырым), *catch-22* (шешілмейтін қайшылықты жағдай). Ағылшын тіліндегі мұндай фразеологияларда сандар ирония, гипербола және шартты символика қызметін атқарады. Сандар мәдени тұрғыдан салыстырмалы түрде рационалдық интерпретацияға бейім. Сандық фразеологизмдер – ұлттық танымдағы киелі ұғымдар жүйесі, әлеуметтік қатынастар мен дәстүрдің тілдік репрезентациясы. Бұл тіркестер арқылы әр ұлттың уақыт, кеңістік, құрылым мен тәртіпке қатысты көзқарасы, мәдени коды мен символдық түсінігі көрініс табады. Ағылшын тіліндегі фразеологизмдер қоры кең ауқымда зерттелгенімен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдердің тілдегі көрінісін, ортақ тұстарын, дара белгілерін, тұрақты тіркес ретінде тілде қалыптасуының себеп-салдарын салғастыра зерттеу - отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Сонымен қатар ағылшын тілінде де сан сыңарлы фразеологизмдердің зерттелу ауқымы өзге ұйытқы сөздерге қарағанда тар екендігі байқалады. Фразеологиялық комбинациядағы санды қайта түсіндіру семантикалық модификацияға әсер етеді, сандық мәннің жоғалуына және фразеологиялық бірліктің сапалық бағалау өрісіне өтуіне ықпал етеді, мысалы: ағылш. - *to put two and two together* – қорытынды жасау, *as clear as two and two makes four* – ақ күн сияқты анық, *no two ways about it* – екінші жол жоқ, *to drink like seven lords* - шошқа сияқты мас болу [171, б. 184-207].

Ағылшын тіліндегі сан есімді фразеологизмдер сандық ұғымды білдірумен қатар халықтың дүниетанымын, моральдық құндылықтарын да бейнелейді. Олар көбіне символдық мәнге ие болып, тәрбиелік, аксиологиялық құндылықтарды білдіреді. және символдық мәнге ие. Бір саны даралықты, бірегейлікті білдіреді. Ағылшын тілінде бір саны қатысқан фразеологизмдердің коннотациясында осы мәндер сақталған. Мысалы: *one in a milion* (ерекше, бірегей жан), *one man's meat is another man's poison* (әркімнің талғамы әртүрлі), *at one with* (келісімде болу). Мұндай фразеологизмдер үйлесімде болуға, татулыққа, төзімділікке үндейді.

Ағылшын тілінде екі саны «таңдау» мәнін білдіреді. Осы сан есімнің қатысуымен *two heads are better than one* (ақылдасқан жөн), *to kill two birds with one stone* (бір әрекетпен екі істі бітіру), *it takes two to tango* (әрбір қақтығыста екі жақтың да үлесі бар) сияқты фразеологизмдер түзілген. Мұндай тіркестер бірлікке, ынтымақтастыққа, әділ болуға шақырады.

Үш саны толықтықты, кемелдікті білдіреді. Үш саны қатысқан фразеологизмдерге *third time lucky* (үшінші рет сәттілікке жету), *three's a crowd* (артықшылық, үшінші адамның қажетсіздігі), *three sheets to the wind* (мас адам),

т.б. жатады. Мұндай фразеологизмдер төзімділікке, теріс мінезден аулақ болуға шақырады.

Ағылшын тілінде фразеологизмдердің қалыптасуына жеті саны да жиі қолданылған. Ондай фразеологизмдердің қатарында *seven wonders of the world* (әлемнің жеті кереметі), *seven-league boots* (ұзақ жолды тез еңсеру, алға жылжу), *at sixes and sevens* (ретсіз, бейберекет), т.б. атауға болады.

Ағылшын тілінде молдықты, көптікті білдіру үшін *hundred, thousand* сөздері қолданылады. Бұл сөздердің қатысуымен жасалған фразеологизмдерге *hundred to one* (өте ықтимал нәрсе), *to feel like a million dollars* (өзіңді керемет сезіну), *not in a thousand years* (ешқашан) т.б. жатады.

Тұтастай алғанда, сан есім қатысқан фразеологизмдер ағылшын халқының дүниетанымын көрсетумен қатар бірлік, жауапкершілік, еңбекқорлық, үміт пен шыдамдылық сияқты құндылықтарын танытады.

Бір объект әртүрлі өркениеттерде әртүрлі семантикалық сипаттамаға ие болуы мүмкін. Мысалы, екі түрлі тілде бір затты білдіретін сөздер ұқсас мағынаға ие болғанымен, олардың мәдени контексті әртүрлі болуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі *sakes and ale* фразеологизмі қуанышты, өмірдің ләззатын білдіреді. Басқа тілдерде бұл тіркестің баламасы жоқ, бірақ құрылымы *sakes and sweets* моделіне ұқсас. Ағылшын тіліндегі метонимиялық ауыстырулар әртүрлі жақындық түрлеріне негізделген. Мысалы, «*Downing Street*» – Ұлыбритания үкіметін білдіреді, себебі премьер-министрдің резиденциясы осы көшеде орналасқан; «*Harley Street*» – медицина саласын білдіреді, өйткені бұл көшеде көптеген танымал дәрігерлердің кеңселері орналасқан.

Ағылшын тілінде есікке қатысты фразеологизмдер жағымды және жағымсыз мағынада қолданылады. Есік сөзі қатысқан фразеологизмдер:

– *darken smb.'s door(s)* – біреудің есігін аттау (көбінесе теріс мәнде, «аяқ баспау» мағынасында қолданылады);

– *lock the stable door after the horse is stolen* – «жылқы ұрланған соң қораны құлыптау», яғни тым кеш сақтану, алдын ала шара қолданбау;

– *throw open the door to smb.* – біреуді шын ықыласпен қарсы алу, қонақжайлық таныту;

– *when one door closes, another opens* – бір есік жабылса, екіншісі ашылады, яғни үмітсіз жағдай болмайды.

Салғастырылып отырған тілдерде бұл бірліктердің мағыналық ұқсастығымен қатар, семантикалық ерекшеліктері де байқалады. Ағылшын тілінде «*door*» концепті ар-ожданмен де байланыстырылады: *lie at smb.'s door* – біреудің мойнына ілу, күнәсін немесе жауапкершілікті біреудің есебіне жазу. Сонымен қатар «*door*» лексемасы ағылшын тілінде «жол», «мүмкіндік» дегенді білдіреді: *to open a door to smth.* – жол ашу, мүмкіндік беру; *a door to success* – табысқа бастар жол.

Босаға мен табалдырық – ішкі мен сыртқы әлем арасындағы өтпелі сызық. Босаға – құрылымдық бөлік қана емес, сонымен қатар символдық мәнге ие

кеңістік. Табалдырық сөзінен жасалған фразеологизмдер біреуге жалбарынып барудың, көбінесе адамды кемсітетін, қолайсыз жағдайдың белгісі ретінде бейнеленеді: *camp on someone's doorstep* – біреудің табалдырығын тоздыру.

«Табалдырық» сөзі белгілі бір оқиға алдындағы кезенді, шегараны да білдіреді. Мысалы, *at the war rapids* – соғыс қарсаңында. *On one's (the) doorstep* – «табалдырықта, дәл жанында» мағынасында қолданылады (көбінесе *to be etістігімен* бірге).

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің тақырып аясында достық, бірлік, ынтымақтастыққа қатысты тұрақты тіркестер де қамтылған. Мысалы: *a friend in need is a friend indeed* (нағыз дос қиналғанда көмегін аямайды), *two heads are better than one* (ақылдасқан жөн), *shoulder to shoulder* (ынтымағы жарасу), *to rub shoulders with smb* (беделді адаммен араласу), *the salt of the earth* (ұлық болса да, кішік адамдар) т.б. [183, с. 22-307]. Ағылшын мәдениетінде жеке бастың еркіндігі дәріптеледі. Сондықтан достыққа да шектеу қойылады. Мысалы: *friends are like fiddle strings and they must not to be screwed too tightly* (достық – скрипканың ішегі сияқты, қатты қатты керуге болмайды); *two is a company, but three is a crowd* (екі адам – компания, үшеу – көпшілік).

Ағылшын мәдениетінде отбасы, туыстық қатынасқа, әлеуметтік тәртіпке ерекше мән беріледі. Ағылшын мәдениетінде отбасы негізгі құндылықтардың қатарында. Себебі ағылшындар үшін отбасы – тұрақтылық пен сүйеніш ордасы. Бұл құндылық тұрақты тіркестерінде де көрініс тапқан: *east or west, home is best* (өз үйім – өлең төсегім), *charity begins at home* (игілік отбасынан басталады), *a chip off the old block* (әкесіне тартқан бала), *blood is thicker than water* (қан судан қою // қан – су емес // қандық туыстық бәрінен мықты), *like father, like son* (әкеге тартып ұл өсер), *home, sweet home* (үйдің қадірі), *an Englishman's home is his castle* (отбасы – берік қамал), *the early bird catches the worm* (ерте тұрған еркектің ырысы артық), *black sheep of the family* (отбасының соры) т.с.с. [183, с. 23-305]. Ағылшын мәдениетінде отбасы, дәстүр жалғастығына ерекше мән беріледі.

Ағылшын тілінде «үйлену», «отбасын құру», «тұрмысқа шығу» мағыналары сараланбай, жігітке де, қызға да қатысты *married* сөзі қолданылады. Бұл сөздің құрамында «үй» компоненті жоқ. *Be married* – үйлену/тұрмысқа шығу дегенді білдірсе де, ол кеңістіктік «үй» ұғымымен байланыспайды. Ағылшын тілінде «құда» мен «құдағи» атауларының баламалары жоқ. Күйеу жақтың не қалыңдық жақтың ата-аналарына қатысты «*in-laws*», «*future in-laws*», «*matchmaker*» сияқты құрылымдар қолданылады. Соның негізінде *To marry into a family* (неке арқылы жаңа туыстық байланыс орнату), *in-laws relations* (күлкі-әжуа түріндегі қатынас), *match made in heaven* (құда түсу емес, бірақ екі жақтың үйлесімділігін көрсету), *my mother-in-law is a dragon* («құдағи» бейнесінің көрінісі қаталдық, килігу, дау шығару, т.б. түрінде қалыптасқан). Ағылшын мәдениетінде құдаласу ресми сипат алмаған, фразеологизмдерінде көбінесе ирония байқалады. Бұл некенің

институционалдық сипатта емес, жеке романтикалық сипатта қарастырылатынын көрсетеді.

Күйеу мен қалыңдық бейнесі ғаламның фразеологиялық бейнесінде тым аз объективтелген. Қалыңдық туралы фразеологиялық бірліктерде көбіне «қандай болу керек» деген кеңестер кездеседі. Ағылшын тіліндегі мұндай бірліктер ирониялық-теріс сипатқа ие, қалыңдықты тұрмыс құруды ғана мақсат тұтқан жеңілтек бейне ретінде көрсетеді. Сол топқа қалыңдықтың жасауына байланысты бірліктер де кіреді. Халық танымында күйеудің экономикалық дербестігіне басымдық беріледі, ал әйел жағынан келген жасау – маңызды емес немесе жағымсыз: *a great dowry is a bed full of brambles* (ағыл.) (үлкен жасау – тікенекке толы төсек).

Ағылшын тілінде де *fatherland* (атажұрт) сөзімен қатар, «Отан» ұғымын білдіретін *motherland* («Отан ана») лексемасы белсенді түрде қолданылады, мұндағы *mother* компоненті ұлттың анасына теңестірілген символдық мәнге ие. Мұндай қолданыс орыс тіліне де тән: Родина-мать, Земля-мать, Мать-природа. Анаға қатысты фразеологизмдерде әйел бейнесі ең жоғары позитивті коннотацияға ие болады, өйткені аналық қызмет қоғамдағы билік иерархиясына тәуелді емес.

«Mother / ана / апа» концептілері әр тілде әртүрлі мағыналық доминанттар арқылы қалыптасады. Ағылшын тілінің фразеологиясында ата-аналар тең дәрежеде маңызды саналады. Қазақтың фразеологиялық бірліктерінде ананың рөлі ерекше мәнге ие. Ол әкеден де жоғары қойылып, ана орнына ешкімнің тең келмейтіндігі, оның қайталанбас тұлға екендігі көрсетіледі. Ана архетипінің қасиеттері кейбір абстрактылы ұғымдарға экстраполяцияланады (мысалы, мораль, отан, мейірім), бұл оның ғаламның тілдік бейнесіндегі орнының жоғары екенін дәлелдейді. Мұндай жағдайда «ана» концептісі отбасылық шеңберден шығып, кең әлеуметтік-мәдени өріске енеді. Сондықтан мұндай фразеологизмдер «ана» концептісінің перифериясына жатады.

Ағылшын фразеологиясындағы ана образы және символдық ұғымдар көбінесе екі зат есімнің тіркесінен құралады. Сонымен қатар, мифологиялық және діни ұғымдар кең қолданылады. Мысалдар: *Mother Bunch* – бал ашатын кемпір, сиқыршы (XVI ғасырдағы әйгілі балгер әйелдің атына байланысты).

*One of the old Mother Bunches is in the servants' hall... insists upon being brought before the quality...* – Қызметшілер бөлмесінде кәрі «Mother Bunch» отыр... өзін ақсүйектерге алып баруды талап етіп отыр (*Bronte Jane Eyre*).

*The Mother of Parliaments* – парламенттер анасы (Англияның бейресми атауы).

*The Mother of Parliaments was hardly setting the best of example to her children all over the world* – Парламенттер анасы саналатын Ұлыбритания бұл жолы бсақаларға (дүниежүзіндегі балаларына) үлгі бола қоймас (*Sinclair*).

*The Mother of Presidents* – президенттер анасы (Вирджиния және Огайо штаттарының бейресми атауы).

*Mother Superior* – монах әйелдердің бастығы.

If that little runt was a doctor, I'm a Mother Superior – ана қортық жігіт дәрігер болса, мен монах әйелдердің бастығымын ғой! (Knebel).

Ағылшын тілінде ана мен бала арасындағы ұқсастықты бейнелейтін ФБ: like mother, like child (or daughter) (ана қандай болса, бала да сондай) (қазақша баламасы: «алма ағашынан алыс түспейді»). Дәл осы мағынада орыс тілінде де яблоко от яблони недалеко падает фразеологизмі кездеседі.

Сонымен ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктер – халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымының, құндылықтық бағдарлары мен мәдени кодтарының көрінісі. Фразеологизмдер ұлттық тілдің ерекше бейнелілігін таныта отырып, адамның табиғатын, мінез-құлқын, әлеуметтік қарым-қатынастарын, тұрмыс-тіршілігін сипаттауда маңызды қызмет атқарады. Олар тіл иесінің әлемді қабылдау ерекшелігін, ойлау жүйесін, рухани-мәдени ұстанымдарын бейнелейтін құнды дерек көзі болып табылады.

Ағылшын фразеологизмдерінің мазмұнын талдау нәтижесінде олардың көбіне прагматикалық-рационалды сипатымен ерекшеленетіні анықталды. Ағылшын фразеологизмдерінде жеке адамның жауапкершілігі, дербестігі, өзін өзі жетілдіруге деген ұмтылысы айқын аңғарылады. Сонымен бірге, еңбек пен табысқа жетудің, уақытты тиімді пайдаланудың, мақсатқа ұмтылудың құндылығы ерекше дәріптеледі. Бұл – ағылшын мәдениетіне тән еңбек этикасы мен прагматизмнің тілдік көрінісі. Фразеологиялық бірліктер – ұлттың мәдени коды, дүниетанымының тілдегі көрінісі. Олар халықтың әлеуметтік тәжірибесін, құндылық бағдарын, мінез-құлық нормаларын, дүниетанымын бейнелейді. Ағылшын фразеологизмдерінде этикалық, әлеуметтік, тұрмыстық және символдық мағыналар тоғысып, ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, мұндай тұрақты тіркестер ағылшын мәдени кеңістігінің концептілік жүйесін, ұжымдық тілдік сананың бейнелі категорияларын көрсетсе, этномәдени аспектіден алғанда, ұлттың құндылықтардың иерархиясын көрсетеді. Ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктер әмбебап адамзаттық құндылықтарды (еңбекқорлық, адалдық, мейірімділік, ұстамдылық, төзімділік) да, ағылшын этномәдени кеңістігінің өзіндік ерекшеліктерін де бейнелейді. Ағылшын фразеологиялық қоры адамның жеке даралығын, тәуелсіздігін, прагматикалық ойлау мен әрекет етудің үлгілерін көбірек айқындайды. Осылайша, ағылшын фразеологизмдері ұлттық-мәдени дүниетанымның ерекше тілдік көрінісі ретінде жалпыадамзаттық құндылықтар мен этникалық ерекшеліктердің өзара сабақтастығын анықтауға жол ашады.

Ағылшын тілі фразеологизмдерінің саны 443, оның ішінде жеке (тұлғалық) құндылыққа қатысты – 156 бірлік (35,2%), моральдық құндылыққа – 102 бірлік (23,0%), жалпыадамзаттық құндылыққа – 74 бірлік (16,7%), отбасы құндылықтарына – 51 бірлік (11,5%), материалдық құндылыққа – 41 бірлік (9,3%), рухани құндылыққа – 19 бірлік (4,3%) жататыны нақтыланды. Зерттеу нәтижелері бойынша ағылшындардың жеке (тұлғалық) құндылықты бірінші орынға қоятыны

анықталды. Моральдық және жалпыадамзаттық құндылықтар ағылшындар үшін маңызды екенін сандық талдаулар көрсетті. Аталған құндылықтардың басым болуын тарихи, мәдени, әлеуметтік және діни дәстүрлермен байланысты түсіндіруге болады. Ұлыбритания ежелден құқықтық мемлекет ретінде өзін көрсете білген ел, сондықтан адамның жеке тұлғасы ең басты құндылық саналады. Орта ғасырдан бастап ағылшын қоғамы заң аясында адамның жеке басын қорғау, әділдікті ұстау, басқа адамдарды құрметтеу нормаларын біртіндеп қалыптастырған. Индивидуализм капиталистік қоғам мен қалалық өмір салтының нәтижесі ретінде қалыптасып, адамдарды өз ісіне, еңбегіне, мансабына жауапты болуға үйретеді. Ағылшындарда адамгершілік құндылықтар христиандық дәстүр, оқу-ағарту ісі негізінде қалыптасқан. Ағылшын халқы қоғамдағы бейбітшілік пен үйлесімділікті қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық нормалар мен ережелерді сақтауға ұмтылады.

#### **2.4 Қазақ, орыс, ағылшын тілдері фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтардың ортақ және ерекше белгілері**

Тілде адамның шығармашылық, танымдық әрекетінің әртүрлілігі ғана емес, сонымен бірге адам білімінің қалыптасқан жағдайлары табиғи орта ерекшеліктері, әлеуметтік құрылым, тарихи тағдырлар, тұрмыстың өзгешелігі мен өмірлік тәжірибелердің сан алуандығы да бейнеленеді. Адам игерген дүниетаным мен таным нәтижелері тілде орнығып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің символдық жүйесіне айналады. Мысалы, дала мен шөлейт аймақтарда өмір сүретін халықтарда жер бедері, климат, табиғат құбылыстары жөнінде тундра мен орманды тундра аймақтарында өмір сүретін халықтарға мүлде ұқсамайтын білім жүйесі қалыптасады. Олардың танымы да, мәдениеті де, сөзқолданысы да бөлек болады. Отырықшы диқан әлемді бір қырынан қабылдаса, көшпелі малшы үшін үй жануарлары тек байлық емес, қашықтық өлшемі, өмір кепілі ретінде де қарастырылады.

Көркем-бейнелі семантикалық өрістер (ортақ мағыналық компоненттері бар бейнелі лексикалық бірліктер) – ұлттық реңкі бар ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөліктері. Мысал үшін «ағаш» бейнелі-семантикалық өрісін алуға болады. «Қазақ сөздігінде» «ағаш» лексемасының дефиницасы «АҒАШ зат: 1. Әртүрлі тұрмыстық бұйымдар, жиһаз жасау мен құрылыста және отын ретінде қолданылатын діңі қатты жуан өсімдік. 2. бот. Бұтақты, жапырақты, дінді, биік өсетін көпжылдық өсімдіктердің жалпы атауы. 3. Кең тараған құрылыс материалы. // Ағаштан жасалған» түрінде берілген [19, б. 26].

Сөздіктегі мәдени коннотациясы, астарлы мәні бар тіркестердің қатарына «Ағаш белсенді. Жұмыстың жөнін жете, толық білмейтін, дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін, сырттай пысық кісі.

Ағаш қазан қайнатты. Аз уақытқа құмар тарқатты.

Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең. Атақ-дәрежесі, беделі асқан сайын биязы, жұмсақ мінез көрсетіп, кішіпейіл болды.

Ағаш мінез. Тоңмойын, морт, бірбеткей.

Ағаш оқ. а) Ағаштан жасалған садақ оғы. ә) бейн. Ауыр жаза, кінә, айып.

Ағаштан ат мінді. сөйл. О дүниелік болды, көз жұмды.

Ағаштан бал, шөптен сүт ағылды. Көл-көсір, ағыл-тегіл молшылық болды» сияқты қолданыстарды жатқызуға болады [19, б. 26-27].

Бұл өрісті бірнеше микроөріс арқылы сипаттауға болады. Орыс тілінде бейнелі бірліктердің бәрі де тура мағынасында «ағаш» семантикасымен байланысты болғанмен, ауыспалы мағынасында адамның түрлі қырларын сипаттайды.

Орыс тілінде дубина, дуб, бревно сөздері зекіру, балағаттау мәнінде қолданылады. Мысалы: Он был человек прямой и грубоватый, дуб дубом, но справедливый [184]. Народ у нас – дубина стоеросовая: что скажут, то и делает [185]. Перед ним стояло интеллигентное бревно – человек, в котором от образования осталась только форма, а мысли и чувств – ни на грош [186].

Дуб сөзі ақымақ, топас адамға қатысты қолданылса, дубина сөзі дөрекі, оғаш мінезді адамға, бревно сөзі икемсіз, орашалақ кісі қатысты қолданылған. Ал дуба дал тіркесі «қайтыс болды» деген мағынада жұмсалған. Қазақ тілінде емен, бөрене, тоқпақ сөздері адамға қатысты мұндай мәнде қолданылмайды. Орыс тілінде дуб сөзі ақымақ, топас мағынасын бергенмен, сөздіктерден аталған сөз тіркескен фразеологиялық бірліктерді кездестірмедік. Салғастырылып отырған тілдердегі ұлттық санада көбінесе өзге адамдарды сөгіп, жағымсыз мәнде қолданады. Бейнелілік көбінесе жағымсыз сипаттарға (ақымақтық, салақтық, жалқаулық, селқостық) қатысты болады. Сыртқы тұрпатын сипаттағанда бойдың ұзындығы нормадан ауытқу ретінде жағымсыз мәнде қабылданады. Ұлттық ерекшеліктер әртүрлі тілдік материалдар негізінде құрылған көркем семантикалық өрістерді салғастыру арқылы айқын көрінеді. Лингвомәдениеттанымдық талдау түрлі тілдердің бейнелі сөз тіркестері мен идиомаларын жүйелі түрде сипаттауға негізделеді. Бұл бағыттағы зерттеулер лексикалық деңгейге бағытталған. Мәдени коннотациялар тұтас мәтін, бүтін шығарманың құрылымында да болады. Ондай жағдайда лингвомәдениеттанымдық ұстанымдарды жаңа қырынан ұғыну қажет.

Фразеологизмдердің семантикасында табиғат элементтері мен адам бейнесі арасындағы үйлесім ерекше мәнге ие. Орыс тіліндегі фразеологизмдерде өсімдік атаулары адамның қоғамдағы орнын, мінез-құлқын, әлеуметпен қатынасын сипаттайды. Мысалы, «сорняк на огороде» (артық, зиян адам), «как в теплице растет» (ерке, бейімделмеген адам), «цветущий вид» (жақсы көріну) тіркестері адамның бейнесін бағалауға бағытталған. Орыс тіліндегі флоралық фразеологияларда бағалаушылық және әлеуметтік-сыни реңк басым. Ағылшын тілінде өсімдікке қатысты идиомалар жиі метафоралық сипатта кездеседі. Мысалы, «to nip in the bud» (бастамай жатып тоқтату), «a late bloomer» (кеш

жетілген адам), «shrinking violet» (ұялшақ адам) сияқты тіркестер адамның дамуы мен мінезін бейнелеуде қолданылады. Ағылшын тілінде өсімдіктер әлемі адамның жеке ерекшелігін сипаттайтын символдық кеңістік ретінде танылады. Өсімдіктерге қатысты фразеологизмдер тілдік ұжымның табиғатқа көзқарасын, дүниетаным ерекшеліктерін, мәдени бағалауын айқындай отырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі «көңілде жоқты көз көрмейді» деген ФБ қазақ ғаламның тілдік бейнесінде көңіл рационалды және сезімдік танымға қарсы қойылатын иррационалды, интуитивті таным құралы бола алады. Орыс тіліндегі: да не узрит очами, и не услышит ушами, и не уразумеет сердце деген ФБ орыс тілдік бейнесінде жүрек – әрі таным, әрі сезім мүшесі болса, қазақ тілінде бұл қызметті көңіл сөзі, ағылшын тілінде soul (жан) сөзі атқарады. Мұндай ерекшеліктер ұлттық ғаламның тілдік бейнесінде этномәдени сөздіктерде көрініс табуы қажет, өйткені таным үдерісіндегі рационалды, сезімдік және интуитивтік компоненттердің арақатынасы – әр этностың мәдениетіне тән маңызды сипаттардың бірі болып табылады. Бұл қатынастар тікелей немесе жанама түрде ғаламның тілдік бейнесінде көрініс табады.

Ұлттық-мәдени ерекшеліктері бар фразеологизмдерге халықтың мәдени болмысын білдіретін немесе сол туралы ақпарат беретін тұрақты тіркестер жатады. Мұндай фразеологиялық бірліктер сол ұлттың тілі арқылы мәдени таным дереккөзіне айналады. Мысалы, адамның материалдық дүниеге тәуелділігі туралы үш тілдегі фразеологизмдерді кесте түрінде көрсетуге болады:

Кесте 18 – Үш тілдегі материалдық дүниеге қатысты фразеологизмдердің көрінісі

| Қазақ тіліндегі фразеологизмдер                                                                                                     | Орыс тіліндегі фразеологизмдер                                                                                                          | Ағылшын тіліндегі фразеологизмдер                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дүние қоңыз<br>Ақша десе, жанын береді<br>Қалтасына қарап қимылдау<br>Байлыққа бас ұру<br>Қарызға белшесінен бату<br>Теңгеге табыну | Деньги не пахнут<br>Зарабатывать на хлеб насущный<br>Проглотить наживку<br>Быть на мели<br>Раб золотого тельца<br>Всё измерять деньгами | Money talks<br>Sell one's soul (for money)<br>Be money-minded<br>Be in the lap of luxury<br>Live from hand to mouth<br>Worship the almighty dollar |

Лексемалар сөзжасамдық, фразеологиялық ұялар құрып, тілдің лексикалық, фразеологиялық деңгейлерінде ұлттық мәдениеттің символ-бейнелеріне, ұлттық ғалам бейнесінің маңызды элементтеріне айналады. Олардың маңызы фольклор мен көркем әдебиетте одан да арта түседі. Бұл деңгейде сөздер тұрақты жаңа ассоциациялармен семантикалық тұрғыда байытылады. «Ит» (собака) лексемасы орыс мәдениетінде адалдық, берілгендік, қарапайымдылық (сонымен қатар жағымсыз мәнде де) қолданылады. Мысалы, орыс тілінде: собака на сене, жить

как собака, собачья жизнь, собачий холод, собачья старость, голодный как собака, собачий язык, тявкать как собака; ағылшын тілінде: a clever dog – пысық адам; a sly dog – қу адам; a gay dog – жеңілтек мәнінде қолданылады. Ағылшын тілінде: when doors are open, dogs enter («есігі ашық үйге ит кіреді», яғни шамадан тыс сенім, ұқыпсыздық – қауіп көзі) сияқты тұрақты тіркестер бар. қазақ тілінде «итпен жатқан бүргемен тұрады»; «ит үреді, керуен көшеді»; «ит өмір», «ит болды», «итше ырылдасты», «ит тірлік», «бұралқы иттей» сияқты тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер қалыптасқан.

В.Н. Телия мәдени коннотацияны тіл мен мәдениетті байланыстыратын басты құрал ретінде сипаттайды [11, с. 37]. Сөздегі ассоциативтік белгілер мен мағыналардың орнығуы – мәдени-ұлттық үдеріс, ол әрдайым қисын заңдарына бағына бермейді. Бұл – ұлттың мәдени тәжірибесіне тән бейнелі ассоциациялар.

Зерттеліп отырған тілдерде (орыс, ағылшын, қазақ) зоонимдердің денотативтік мәні ұқсас болғанымен, семантикалық-когнитивтік өрісі мен мәдени жүктемесі әртүрлі болуы мүмкін. Үш тілдегі фразеологизмдер сол жануардың мінез-құлқымен тікелей байланысты болады. Зерттеу барысында байқағанымыз, зоофразеологизмдер төмендегідей ерекшеліктер негізінде қалыптасқан:

- Субъектінің (жануар) физикалық ерекшеліктері;
- Түр-келбеті, тұлғасы;
- Психикалық ерекшеліктері;
- Субъектінің интеллектуалдық қабілеті [187, б.399].

Түлкі барлық тілде айла мен зұлымдықтың тұрақты бейнесі ретінде көрініс табады:

Кесте 19 – Құрамында түлкі зоонимі бар үш тілдегі фразеологизмдер көрінісі

| Тілдер  | Фразеологизмдер                          | Мағынасы             |
|---------|------------------------------------------|----------------------|
| Қазақ   | түлкі бұлаң, түлкідей бұлтаңдау          | Айлакер, екіжүзді    |
| Орыс    | хитрый как лиса, лиса Патрикеевна        | Зымиян, қу, жағымпаз |
| Ағылшын | as sly as a fox, a sly fox, play the fox | Әккі, қу, айлакер    |

Қазақ тілінде бұл бейне эмоционалды реңкке ие болса, орыс тілінде тарихи жүктемемен толықтырылады. Ағылшын тілінде де бұл бейне – мінез-құлық сипаттамасының метафорасы.

Кесте 20 – Құрамында жылқы зоонимі бар үш тілдегі фразеологизмдер көрінісі


| Тілдер | Фразеологизмдер                                                                                                                         |
|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1      | 2                                                                                                                                       |
| Қазақ  | аттай желді (ерінбей еңбек етті; тоқтаусыз шешен сөйледі), жылқы мінезді (еркін; шыдамды, төзімді), аттай тулады (шамырқанды, шамданды) |

| 1       | 2                                                                                                                                                                                                                                              |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Орыс    | есть как лошадь, работать как лошадь (аянбай еңбек ету), конь не валялся (әлі бастала қоймаған жұмыс), сферический конь (негізгі мәселелер ескерілместен жасалған тұжырымдар)                                                                  |
| Ағылшын | work like a horse (атша жегілу), straight from the horse's mouth (шындық, сенімді дерек), dark horse (күтпеген жерден алға шыққан адам), to hold one's horses (асықпау; сабыр сақтау), don't look a gift horse in the mouth (сыйлықты сынамау) |


Қазақ тілінде жылқы ұлттық-мәдени дүниетанымда асыл қасиеттердің иесі ретінде бейнеленсе, орыс және ағылшын тілдерінде физиологиялық тектілік, күш, табандылық, еңбекқорлық тұрғысынан сипатталады.

Қазақ тілінде табиғат құбылыстары көбінесе адам мінезін, әрекетін астарлап бейнелеуге негіз болады. Мысалы, «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» (ешбір нәрсе себепсіз болмайды), «күндей күркіреді» (ашуланды), «қара дауылдай соқты» (қатты ашуланды, шабуылдады), «бұлттай төну» (қатер төндіру) сияқты тіркестер адамның психоэмоционалды күйін табиғи құбылыстар арқылы суреттейді. Бұл – қазақ халқының табиғатты тіршілікпен және адам болмысымен тығыз байланыстыра танитынын көрсетеді. Орыс тіліндегі «как снег на голову» (кенеттен, күтпеген жерден), «буря в стакане» (негізсіз дау), «грозовые тучи собираются» (дауыл алдындағы тыныштық, шиеленіс) фразеологизмдері арқылы әлеуметтік жағдай немесе ішкі эмоциялық ахуал бейнеленеді. Табиғат құбылыстары метафора ретінде адамның өміріндегі тосын, күрделі сәттерді бейнелеуде кеңінен қолданылады. Орыс мәдениетінде ауа райы элементтері көбіне эмоциялық күйлерді немесе әлеуметтік шиеленістерді бейнелеу үшін пайдаланылады. Ағылшын тілінде табиғат құбылыстары адамның ішкі күйін, әлеуметтік әрекетін немесе оқиғалардың сипатын жеткізетін метафоралық тіркестерге айналған. Мысалы, «to be under the weather» (ауырсыну), «to steal someone's thunder» (біреудің идеясын иелену), «storm in a teacup» (болмашы нәрсеге бола дау шығару), «rain on someone's parade» (біреудің қуанышын бұзу) секілді фразеологияларда табиғи элементтер адамның көңіл-күйін немесе қоғамдық әрекетті білдіруге қызмет етеді. Мұнда табиғат құбылыстары эмоционалды ауысым мен әлеуметтік тұрғыдан бағалаудың көркемдік құралы ретінде танылады. Осылайша, табиғат құбылыстарына қатысты фразеологизмдер бейнелі, эмоционалды, бағалауыш мазмұнға ие болып, ұлттық мәдениеттердің дүниетанымдық сипатын, қоршаған ортамен байланысын және адамның ішкі болмысын тілдік формада көрсетеді.

Ақ, қара түстеріне байланысты тұжырымдар «Құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы мақалада баяндалды [188, б.243]. Оның нәтижелерін төмендегідей диаграмма арқылы көрсетуге болады:



Сурет 2 – Ақ түске байланысты фразеологизмдердің көрінісі



Сурет 3 – Қара түске байланысты фразеологизмдердің көрінісі

Түске қатысты фразеологизмдер әр тілдің ұлттық дүниетанымын бейнелейтін мәдени код болып табылады. Қазақ тіліндегі түс атауларына қатысты фразеологизмдер көбіне табиғат, рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделсе, орыс тілінде түстердің эмоционалды-экспрессивтік реңкі басым болып келеді. Ағылшын тілінде түстер психологиялық, әлеуметтік болмыстың, мінез-құлықтың көрсеткіші ретінде қолданылады. Түс атаулары қатысқан фразеологизмдер үш тілді де адамның ішкі күйін, болмысын, қоғамдағы орнын, моральдық бағдарын

бейнелейді. Фразеологизмдердегі түс атауларын салғастыра талдау негізінде аксиологиялық универсалийлермен қатар әр ұлттың өзіндік ерекшелігі айқындалып, әр мәдениеттің ғаламды тану сипаты көрінеді.

Әр ұлттың дүниетанымындағы ерекшеліктер сан есім қатысқан фразеологиялық бірліктерде де айқын көрініс табады. Сандық мағынадағы фразеологизмдер әр халықтың дүниетанымындағы киелі сандарды, әлеуметтік шектеулер мен символикалық межелерді көрсететін бейнелі тілдік құрылымдар болып табылады. Олар ұлттық мәдениеттің когнитивтік жүйесінде ерекше мәнге ие, себебі сандар тек математикалық өлшем емес, мәдени код ретінде қызмет етеді. Қазақ тілінде сан атауларына негізделген фразеологизмдер жиі кездеседі және көбіне киелі мәнге ие болады. Мысалы, «жеті атасын білу» (тектілікті сақтау), «қырық пышақ болу» (қатты ұрсысу), «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» (негізгі қорытынды). Бұл тіркестердегі «жеті», «қырық», «тоқсан» сияқты сандар тарихи-мәдени жадта қалыптасқан символдық рөлге ие. Қазақ фразеологиясында сандар көбінесе дәстүр, наным-сенім, моральдық бағалау мәнімен байланыстырылған.

Өлшем бірліктеріне және метеорологиялық ұғымдарға қатысты фразеологизмдер тіл иелерінің күнделікті өмір салты, еңбек тәжірибесі, ұлттық таным жүйесі мен бағалау өлшемдері туралы мағлұмат береді. Мұндай тұрақты тіркестерде сандық, көлемдік, салмақтық өлшемдермен қатар, уақыт пен ауа райына байланысты ұлттық бейнелі ойлау жүйесі көрініс табады. Қазақ тілінде өлшем бірліктері мен табиғи құбылыстарға негізделген фразеологизмдер көбінесе нақты тұрмыстық өлшемдермен, ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты. Мысалы: «бір мысқал артық» (өте аз айырмашылық), «түйедей көтеру» (шамадан тыс жүктеме), «қас пен көздің арасында» (өте қысқа уақыт ішінде), «қар жаумаған қара суық» (аязды, суық мезгіл). Қазақ халқының фразеологиялық санасында табиғат пен өлшем бейнелері нақты тәжірибелік негізге сүйенеді және бағалау, салыстыру, шамалау функциясын атқарады.

Орыс тілінде де көлем мен уақытты сипаттайтын фразеологиялар жиі кездеседі. Мысалы, «мерить одной меркой» (бәріне бір өлшеммен қарау), «на вес золота» (өте қымбат), «на час раньше» (дәлдік), «деньги куры не клюют» (аса байлық). Сонымен қатар метеорологиялық құбылыстарды сипаттайтын: «семь пятниц на неделе» (тұрақсыздық), «в одну калитку» (еш қарсылықсыз жеңу), «дождь льет как из ведра» (қатты жаңбыр) секілді тіркестер тілдік санада бейнелі салыстырулар арқылы қалыптасқан. Бұл тіркестер орыс мәдениетінде нақты өлшемнің абстрактылық ұғымға ауысуын көрсетеді. Ағылшын тілінде өлшем мен ауа райына байланысты фразеологиялар көбіне бейнелі метафора арқылы беріледі. Мысалы, «give an inch and they'll take a mile» (кішкене рұқсаттың өзін асыра пайдалану), «in a split second» (лезде), «a mile wide and an inch deep» (беткі, таяз білім), «raining cats and dogs» (қатты жаңбыр), «once in a blue moon» (өте сирек болатын нәрсе). Ағылшын мәдениетінде өлшем бірліктері (inch, mile, pound,

second) тікелей когнитивтік бағалаудың бірлігіне айналған және идиомалық мағынада қолданылады.

Үш тілдегі уақытқа қатысты фразеологизмдерді төмендегідей кесте арқылы беруге болады [189, б. 227]:

Кесте 21 – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер

| Қазақ тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер                                                                                                                                                                                    | Орыс тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер                                                                                                                                                                                                                                                                  | Ағылшын тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бие сауымдай уақыт, сүт пісірім уақыт, көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында, көзден ғайып болды, аласапыран заман, табан астында, көз ілеспеу, ауыз жиғанша, аяқ астынан, қабақ қаққанша, қас қаққанша және т.б. және т.б. | В свое время, рано или поздно, не за горами, к шапочному разбору, испокон веков, время от времени, много воды утекло с тех пор, в мгновение ока, одним махом, не по дням, а по часам, как одна минута, как ошпаренный, одна нога здесь, другая там, на носу, сей момент, руки не доходят, ни минуты покоя и др. | To eat someone's hands, hand over first, to get it in the neck, neck and crop, as far as legs can, in the twinkling of an eye, like sixty, at the eleventh hour, time flies, actual time on a clock, a particular time point, a period of time, this time of year, question time, a long period of time, time after time, time on your hands and etc. |

Фразеологизмдердің бір тобы белгілі бір тарихи оқиғаларға, кезеңдерге немесе тарихи тұлғалардың есіміне байланысты туындап, халық жадында қалыптасқан бейнелі тіркестер ретінде қолданылады. Мұндай фразеологиялар ұлттық мәдениеттің тарихи жады мен идеологиялық бағдарларын бейнелейтін символдық бірліктер санатына жатады. Қазақ тіліндегі тарихи-мәдени фразеологияларда батырлар, билер, хандар және олардың дәуірлері жиі бейнеленеді. Мысалы: Өз Тәуке заманындай (бірлік пен тыныштық орнаған заман), Өз Жәнібектей әділ (әділдік бейнесі), Қасым ханның қасқа жолындай (әділ, дұрыс заң, тәртіп қатаң сақталған), Есім ханның ескі жолы (дәстүрлі құқық нормалары), Абылайдың ақ туы (елді ұйыстырған хандық дәуірдің символы), Абылайдың асқақ рухындай (рухы биік, намысы жоғары), Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би (билік, төреліктің, шешендіктің бастауы), Қаз дауысты Қазыбекше шешу (әділ төрелік ету, дұрысын айту), Өз Тәукенің «Жеті жарғысы» (Тәуке хан тұсында жасалған дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы), Төле бидей төбе би (ұйытқы, бас болатын әділ төреші).

Орыс тіліндегі фразеологияларда да белгілі тарихи кезеңдер мен тұлғалармен байланысты тіркестер кездеседі. Мысалы, «жить при Сталине» (қатаң тәртіп, саяси қысым кезеңі), «времена Петра Первого» (реформалар кезеңі, тәртіп, даму), «не лыком шит» (ескірген болса да осал емес – орта ғасырлық киімге байланысты) тәрізді фразеологиялар тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты мәдени бағалауды білдіреді. Мұндай тіркестер көбіне идеологиялық, саяси және әлеуметтік реңкке ие.

Ағылшын тілінде тарихи кезеңдер мен тұлғалармен байланысты фразеологиялар көбінесе тарихи таным, сатиралық немесе мәдени-әлеуметтік мағынада қолданылады. Мысалы, «Napoleonic complex» (комплекстік сезім – Наполеонның бойы мен амбициясына байланысты), «Victorian morals» (қатаң әдептілік – Виктория дәуірінің құндылықтары), «Rome wasn't built in a day» (үлкен істің бірден бітпейтінін білдіру – Рим империясы туралы), «Watergate scandal» (саяси жанжал) сияқты фразеологиялар тарихи оқиғаларды, дәуірді немесе тұлғаларды мәдени кодқа айналдырған. Осылайша, тарихи кезеңдер мен тұлғаларға қатысты фразеологизмдер үш тілде де ұлттық тарихи жадының, идеологиялық-мәдени бағдардың, қоғамдық сананың көрінісі ретінде көрінеді. Олар халықтың тарихи тәжірибесін тілдік формада сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәдени-танымдық тетік ретінде қызмет етеді.

Үш тілдегі фразеологизмдер де нақты кезеңдерге, нақты тарихи оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты қалыптасқан. Әр тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) фразеологизмдер ұлттық-мәдени ерекшелігіне сәйкес ерекшеленгенмен, бәрі де халықтың қоғамдық санасын, құндылықтарын көрсетіп, ұрпақтар арасын байланыстырады.

Сонымен қатар отбасына қатысты фразеологизмдерде де мазмұн межесі ортақ болғанмен, тұрпат межесі әртүрлі болып келеді. Отбасы (жанұя) /семья /family лексемалары салғастырылып отырған тілдердің бәрінде «бір шаңырақ астында тұратын адамдар – күйеуі, әйелі, балалары мен туыстары» деген негізгі мағынада қолданылады. Қазақ тілінде: отбасын құру, шаңырақ көтеру; қара шаңырақ; Ағылшын тілінде: a happy family (бақытты отбасы, тату отбасы). Орыс тілінде: связать себя узами брака. Салғастырылып отырған тілдердегі негізгі ұқсастық отбасы туралы фразеологиялық бірліктер мен лексемаларда андрологиялық (еркектік) ұстанымның басым болуынан көрінеді, яғни неке, отбасы мәселелері көбінесе ер адамның тұрғысынан сипатталады. Айырмашылықтар бір құбылысқа берілетін бағалауда, бейнелі қабылдауында және лексикалық бірліктердің саны мен қолдану деңгейінде көрініс табады.

Халық даналығы отбасын патриархалды дәуірде қалай ұйымдастырғанын көрсетеді; бұл құрылым шаруашылық жүргізетін ортада қалыптасқан фразеологиялық қорда бейнеленген. Діни-этикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, неке барлық үш лингвомәдени қауымдастықта да ерекше маңызды. «Библиядағы» отбасы концептісінің негізінде «неке қасиетті» деген тұжырым жатыр: marriage is honorable. Қазақ қоғамында неке – мұсылманның қасиетті міндеті ретінде сипатталады. Ғаламның фразеологиялық бейнесінде этностардың некеге деген көзқарастары түрліше сипатталған. Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктерде отбасы құру адам өміріндегі игілік ретінде қарастырылады: отбасы – бақыттың кілті; Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Ағылшын, орыс лингвомәдениеттерінде неке отбасы мүшелерін біріктіретін, қиындықтарға қарсы тұруға көмектесетін институт ретінде бейнеленеді: wedlock is a padlock (неке –

кұлып) (біріктіруші, бірақ шектеуші де болуы мүмкін); дом — полная чаша; жена — шея, муж — голова; муж и жена — одна сатана; очаг семейного счастья; хранить семейный очаг; жить душа в душу; крепкая семья; семейные узы; жить как кошка с собакой. Сонымен қатар некенің кемшіліктері, бойдақтықтың артықшылықтары жайлы жағымсыз реңкті фразеологизмдер де кездеседі (любовь прошла — завяли помидоры, быть под каблуком, держать под каблуком, пилить мужа / жену).

Үш тілдегі фразеологизмдерде ер адамның үстемдігі байқалады, әйел береке келтіруші ретінде сипатталады. Мысалы: астыңда атың болса, арғымақ не керек? жақсы қатының болса, ұжмақ не керек! ер жігіттің аты жақсы болса — бір бақыт, алған жары жақсы болса — мың бақыт; елдің иесі — ер, үйдің көркі — әйел; муж — глава семьи; как муж скажет — так и будет; настоящий хозяин в доме; слово мужа — закон, он держит всё в своих руках, он держит семью в ежовых рукавицах, без его слова и муха не пролетит, он хозяин в доме; the man is the head of the family, the woman is the neck that turns the head (ер — бас, әйел — мойын); a man's home is his castle (ер адам үйінде қожайын); behind every great man there is a great woman (мықты еркектің сүйеніші мықты әйел); the husband is the provider, the wife is the keeper (ер адам — табушы, әйел сақтаушы), т.с.с. Ағылшын тілі неғұрлым андроцентрлік бағытта көрініс табады, онда неке негізінен ер адам тұрғысынан сипатталады.

Үш тілдегі фразеологизмдерде отбасының берекесі үшін екі жақ та үлес қосуы керек: әйел — үйдің көркі, еркек — түздің көркі; мал таппайтын еркек жоқ, құрарын айт, бала таппайтын қатын жоқ, тұрарын айт; жаман қатын алғанның жауы үйінде, екі қатын алғанның дауы үйінде; қатын көп болса, шөмішті ит жалар; бір үйде екі әйел болса — ойран, бір үйде екі сиыр болса — айран; екі қатын алғаның — өзіңді отқа салғаның; муж и жена — одна сатана; с милым рай и в шалаше, в доме лад — и клад не надобен; любовь да совет — вот и весь ответ; two hearts that beat as one (екі адамның жүрегі бір соғады); made for each other (бір-біріне сай, лайық); joined at the hip (әрдайым бірге жүретін ерлі-зайыпты); to tie the knot (отбасын құру, некелік байланысқа түсу); to walk down the aisle (үйлену, отбасын құру); till death do us part (өмір бойы бір-біріне адал болу); to play the field (бір уақытта бірнеше адаммен кездесу) т.с.с.

Фразеологиялық бірліктердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер жұбай таңдауға қатысты кеңес береді: қатының жақсы болса — шырағың, атың жақсы болса — пырағың; жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді; еріншек қатынның етегі жырттық; ерке қатынның еріні тырттық; жақсы әйел — ырыс, жаман әйел — ұрыс; төркіні жақын қатынның төсегі жиылмайды; олақ қатын оймақшыл, салақ қатын сауықшыл; хорошая жена — мужу венец, а плохая — конец; жена умна — дом крепок; с доброй женой горе — полгоря, а с худой — и радость не в радость; где родилась, там и пригодилась; a good wife makes a good husband (жақсы әйел — ердің бағы); a good wife and health are a man's best wealth (жақсы әйел мен денсаулық — ер адамның ең жақсы байлығы); a

virtuous wife is a man's crown (әдепті әйел – ер адамның тәжі); a good wife is the key to a happy life (жақсы әйел - бақытты өмірдің кілті); a wife of noble character is her husband's crown (көркем мінезді әйел – күйеуінің бағы). Барлық тілде жұбайды таңдауда әулетіне, туыстық ортасына қарап таңдау қажеттігі көрсетіледі. Дегенмен бұл тұрғыда да айырмашылықтар бар. Қазақтарда он үште отау иесі десе, ағылшын, орыс тілдерінде ерте үйленуге қарсы кең таралған скепсис бар: he that marries ere he be wise, will die ere he thrives (ақыл кірмей үйленген адам бақыт көрмей өледі). Ағылшын тілінде махаббатпен үйлену сәтсіздікке ұрындырады: it's unlucky to marry for love; молод жених, да не умен.

Қазақ тілінде құдаласуға қатысты фразеологизмдер көп: құда түсу қазақтың дәстүрлі некелік институтының негізгі компоненті болып табылады. Мұнда туыстық қатынас дәстүрге сәйкес, заңды жолмен орнайды. «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» құдалықтың ұзақ болуын қалаудан туған, әлеуметтік маңызы зор тіркес. «Құдасын Құдайындай сыйлау» қазақ мәдениетінде өзара құрмет пен салтанатты тіл табысуға негізделген құда-құдағи қатынасы. «Құдаң құрдасындай, құдағиың сырлассындай болсын!» – екі жақтағы құда мен құдағидың арасындағы сыйластықты білдіретін тіркес. Қазақ тілінде үйлену тойына байланысты фразеологизмдердің көптігі мұсылман халықтарындағы той-думандардың кең ауқымда тойлануы, қазақтың қонақжайлылық дәстүріне байланысты. Ал ағылшын фразеологиясында мұндай тіркестер жоқ. Қазақ отбасында жас отбасы күйеуінің не оның ата-анасының үйінде тұрады. Бір шаңырақ астында бірнеше ұрпақтың бірге тұруы шығыс халықтарына тән құбылыс болса, ағылшындар үшін бұл жеке кеңістік пен жекелік өмірге жасалған қол сұғу ретінде қабылданады: no roof covers two families (екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды, бір шатырдың астында екі отбасы тұра алмайды).

Қазақ, орыс, ағылшын лингвомәдени қауымдастықтарын салғастырмалы талдау барысында ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындау үшін тіл деңгейінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар матрицасын қарастыру қажет. Отбасының бірлігі мен оның кеңістіктік локализациясы тілдік деңгейде анық көрінеді. Туыстық байланыс кеңістікпен тікелей сабақтасып жатады. Қазақ тілінде «үй» сөзі «отбасы, яғни бірге тұратын адамдар» деген мәнде ұғынылады. Сол сияқты ағылшын тілінде home сөзі «отбасы», «отбасылық орта» деген мағыналарды да білдіреді; household– отбасылық орта, үй ішіндегілер, отбасылық тіршілік. Отбасы (жанұя)/семья/family лексемалары салғастырылып отырған тілдердің бәрінде «бір шаңырақ астында тұратын адамдар – күйеуі, әйелі, балалары мен туыстары» деген негізгі мағынада қолданылады. Қазақ тілінде: отбасын құру, шаңырақ көтеру; кара шаңырақ,

Қазақ, орыс, ағылшын фразеологияларындағы «ана» концептісі – ерекше позитивті, символдық және мәдени тұрғыдан мәні зор бейне. Ана сүтіне қатысты фразеологизмдер балалық шақ, тәрбиенің күші, табиғи байланыс және мәдени мұра ұғымдарын сипаттайды. Бұл – этностың моральдық-мәдени коды мен ұлт

болмысының бейнелі тілдік көрінісі. Осыған байланысты профессор Г. Смағұлова: «Әйел» – мәңгілік тақырыптардың бірі. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, когнитивтік тұрғыдан жан-жақты зерделеу тіл мен ұлт мәдениеті үшін қашан да маңызды. Қазақ мәдениеті үшін бүгінгі таңда айтар болсақ, ана тілін меңгеруге қатысты (родная речь деген тек қазақ және қырғыз тілдерінде ғана ана тілі делінеді) берілетін тәрбие, «ел боламын десең, бесігінді түзе» (М. Әуезов), «анасын көріп, қызын ал» дейтін тағылымдар ұлт болашағы үшін бәрі де тек Әйел-Анаға байланысты. Сондықтан ұлттың болмыс-бітімін, оның дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғаты мен қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметін сабақтастыра қарастыру және ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған әйел концептісі арқылы дәлелелдеудің мәні зор», – дейді [52, б. 58].

Қазақ тілінде «Ана тілі» концептісі ұлттық код, рухани өзек ретінде сипатталады. Ана тілі таным мен мәдениеттің репрезентанты ретінде көрініс тауып, тіл арқылы дүниетаным қалыптасатыны және ұлттық құндылықтар ана тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сонымен, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйелерде ана, бала және отбасы концептілері символдық, мәдени және танымдық деңгейлерде әртүрлі реңкте бейнеленеді. Бұл тілдердегі «ана» мен «ана тілі» туралы тұрақты тіркестер ұлттың рухани болмысы мен дүниетанымын жеткізеді. Сонымен қатар бала мен ата-ана арасындағы байланыс, тәрбиеге қатысты ұстанымдар да фразеологиялық деңгейде мәдени код ретінде орныққан. Салғастырылып отырған тілдердегі фразеологиялық бірліктердің ішінен ата-анаға құрмет, парыз және қамқорлық тақырыбы ерекше орын алады. Ата-ананың баласына жасаған дұғасы қабыл болады; ананың тілегі теңіздің түбінен де шығарып алады, т.с.с. фразеологизмдер халық санасында ата-ана бейнесі қасиетті ұғым ретінде қалыптасқанын көреміз. Ананың мейірімі ғаламдық деңгейге көтеріліп, күннің жылуына теңестіріледі.

«Ана» концептісіне қатысты қосымша фразеологизмдер: «Шешесіне қарап қызын ал», «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар», «Ананың көзі – балада, баланың көзі – далада»; «Ананды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» «Анасын көріп, қызын ал»; «Ақ жаулық»; «Ел анасы». Қазақ тілінде «ана» лексемасы мифологиялық бейнелерге қатысты да қолданылады: Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ. Мұндай қолданыс орыс, ағылшын тілдерінде де кездеседі:

## Кесте 22 – Ана бейнесінің үш тілдегі фразеологизмдердегі қолданысы

| Мәні    | Қазақша:    | Орысша:         | Ағылшынша:    |
|---------|-------------|-----------------|---------------|
| 1       | 2           | 3               | 4             |
| Жер     | Жер-ана     | Мать-сыра земля | Mother Earth  |
| Табиғат | Табиғат-ана | Природа-мать    | Mother Nature |

| 1         | 2                 | 3                        | 4                 |
|-----------|-------------------|--------------------------|-------------------|
| Су        | Су анасы – бұлақ  | Вода – мать всего живого | – (implicit only) |
| От        | От анасы – ошақ   | – (Берегиня, обобщённо)  | –                 |
| Тіл / сөз | Сөз анасы – құлақ |                          | –                 |

Қазақ тілінде «ана» архетипі табиғат құбылыстарымен, рухани-мәдени негіздермен, қасиетті нысандармен байланысты. Орыс, ағылшын тілдерінде де ана бейнеленгенмен, қазақ тіліндегідей фразеологиялық жүйеге сіңіп кеткен көпқабатты символика аз кездеседі. Бұл ерекшелік қазақ фразеологиясының этномифологиялық, көшпелі дүниетанымға негізделген сипатын көрсетеді.

Қазақ, орыс, ағылшын фразеологиясындағы ортақ үлгілерге қазақ тілі бойынша анасынан екі елі ажырамаған, анасының қойнынан шықпаған, анасынан туған қалпында, анасын танымастай етті, анасының еркесі, ағылшын тілінен: the big daddy (of) (маңызды адам, үлкен бастық); sugar daddy (бай әрі егде жастағы қамқоршы) сияқты мысалдарды келтіруге болады.

Үш тілде де ана лексемасы қамқорлық пен мейірімнің белгісі, рухани моральдық негіз ретінде сипатталады. Ана сүті – әмбебап мәдени символ. Ана сүті тіркесі қазақ, орыс, ағылшын лингвомәдениеттерінде маңызды мәдени-символдық бірлік ретінде саналады. Бұл тіркес фольклор мен көркем әдебиетте жиі қолданылады. Мысалы: ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді; ана сүтімен бойға сіңген қасиет адаммен бірге кетеді; ауызында ана сүті кеуіп үлгермеген (өмірлік тәжірибесі аз, жас адам туралы); с молоком матери впитать (что-либо); не оправдал материнского молока; молоко матери — первая пища и первая любовь; Does your mother know you are out? – (қолданысы ирониялық) «ауызынан ана сүті кеппеген бала» мағынасында.

Балаға деген көзқарас әртүрлі болғанымен, балалар жоғары құндылық ретінде қарастырылады. Мысалы: бала тілі – бал; балалы үй – базар, баласыз үй – мазар; бұл дүниеде бала тәтті; children are the sweetest things of all to own (балалар – адам өміріндегі ең тәтті де қымбат нәрсе); дети – цветы жизни; без детей и дом пуст; ребёнок в доме — радость на сердце; где дети, там и счастье т.с.с.

Ата-ана мен бала арасындағы ұқсастықты сипаттайтын бірқатар фразеологизмдер «Құран» мен «Библияға» сілтеме жасайтын прецеденттік құрылым ретінде көрінеді. Бұл топтағы тұрақты тіркестердің көпшілігі зоонимдер мен фитонимдерге негізделген астарлы мағынамен сипатталады. Мысалы, алма ағашынан алыс түспейді деген фраза латын тілінен бастау алып, ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде параллель қолданылады.

Қазақ тілінде, өзге де түркі тілдеріндегідей, «әке» ұғымы ата сөзімен де беріледі. Ата-ана қос сөзінің қалыптасуы да бекер емес. Ағылшын тілінде – father және оның эмоциялық-экспрессивті нұсқалары: daddy, dad. Орыс тілінде – отец, папа, батя, родитель. Қоғамда ер адам отбасының басшысы ретінде негізгі

шешімдерді қабылдайтын тұлға, отбасындағы ең жоғары бедел иесі ретінде танылған. Ол отбасын басқарып, бақылайды. Осы сипат фразеологизмдерде де көрініс тапқан: like a father (әкелік мейіріммен, қатал да ізгі ниетпен): If she won't listen to reason, I will talk to her like a father; Founding father (негіз қалаушы, іргетасын қалаған тұлға): He had been one of the founding fathers of molecular biology.

## Кесте 23 – Әкеге қатысты үш тілдегі фразеологизмдер

| Қазақша:                                    | Орысша:                 | Ағылшынша:                                   |
|---------------------------------------------|-------------------------|----------------------------------------------|
| Әке көрген оқ жонар                         | Каков отец, таков и сын | Like father, like son                        |
| Әке жолын қуу                               | Пойти по стопам отца    | to follow in one's father's footsteps        |
| Әке аманаты                                 | Завет отца              | a father's legacy/<br>a father's last will   |
| Әке батасы – құт                            | Отцовское благословение | A father's blessing brings fortune           |
| Әкендей бола алмасаң да,<br>әруағынан айнал | Почитай отца своего     | Honor the father's spirit                    |
| Әке орны – биік                             | Отец – глава семьи      | The father is the head of the family         |
| Әке – асқар тау                             | Отец – опора и защита   | A father is a mountain/<br>tower of strength |

Мысалдардан салғастырылып отырған тілдерде «әке» ұғымының жинақталған бейнесінде ортақтық көп екені көрінеді. Үш тілде де әке лексемасы асқар тау, тірек, қорған, рухани ұстаз, батагөй ретінде көрінеді.

Фразеологизмдерде бала ата-анасына тартатыны туралы айтылады. Мысалы: әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер; балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі; тұлпардан тұлпар туады; әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер; яблоко от яблони недалеко падает; умел отец – умел и сын; родители – корни, дети – плоды, от хорошего дерева и плод хорош; like father, like son (әкесі қандай болса, бала сондай), like mother, like daughter (анаға қарап қыз өсер), the apple doesn't fall far from the tree (алма ағашынан алыс түспейді), blood will tell (қанына тартады).

Салғастырылып отырған халықтарда баланың ата-анаға деген құрметі, ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы негізгі рухани құндылықтардың бірі ретінде көрінеді: сені тапқан анаңа рахмет! әкеңе рахмет болсын! аштан өлсең де, ата-анаңды тастама; алты күн аш жүрсең де, әкеңе құрмет көрсет; алтын-күмістің ескісі болмайды, ата-ананың құны болмайды; детей рожать – не лапти вязать; дитя не плачет – мать не разумеет; маленькие детки — маленькие бедки, большие детки — большие бедки; a mother's love is never-ending (ананың махаббаты шексіз); a father's blessing builds the children's house (әкенің ақылы баланың жолын ашады); honor thy father and thy mother (ата-анаңды құрметте); don't forget parents (ата-ананы ұмытпа); like motherland (туған жердей). Қазақ, орыс, ағылшын фразеологиялық жүйелерінде ата-анаға құрмет, олардың орны мен рөлі, отбасылық қарым-қатынас, баланы ерте жастан еңбекке баулу –

мәдени-этикалық жүйенің басты тіректері ретінде көрініс табады. Бұл тілдерде ата мен ананың орны тең дәрежеде, олардың баланың тәрбиесіндегі рөлі бірдей бағаланады. Қазақ тілінде тіл бесік жырымен әлдилеп, ұрпақ тәрбиелейтін анамен байланыстырылса, салт-дәстүр, мекен, сөз атамен (әкемен) байланыстырылады: ата дәстүрі, ата-баба салты, аталы сөз, бабалар сөзі, атамекен, ата жұрт, т.с.с. Мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан бұл тілдер арасында изоморфизм (ұқсастық) басым. Салғастырылып отырған тілдердің барлығында «ата» термині белгілі бір істің негізін қалаушы, алғашқы тұлға, ізгі ниетті адам мағынасында кең қолданылады. Сонымен қатар ата лексемасы «тамырлы», «қас», «қулығы мен айласы мол адам» сияқты жағымды да, жағымсыз да коннотациялармен қолданылады: ата жау – бітіспес жау; father fox – қу адам (астарлы мағынада).

Сонымен бірге зерттеу барысында талданып отырған тілдерде мағыналары ортақ фразеологиялық бірліктер бар екені анықталды [190, р. 840]:

Кесте 24 – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ортақ фразеологиялық бірліктер

| қазақ тілі                                | орыс тілі                                                      | ағылшын тілі                                                                   |
|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
| Ағама жеңгем сай                          | Два сапога пара                                                | Mr. and Mrs. Right                                                             |
| Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер | Каков отец, таков и сын<br>Яблоко от яблони<br>недалеко падает | Like father, like son<br>The apple doesn't fall far from the tree              |
| Ананың ақ сүті                            | Материнское молоко                                             | Mother's milk                                                                  |
| Ұл қонғанша, қыз өлгенше                  | Сын до свадьбы, дочь до<br>горба                               | A son is son 'til he gets a wife, but a<br>daughter is a daughter all her life |
| Қанына тартпағаның қары сынсын            | Кровь не вода                                                  | Blood is thicker than water                                                    |

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі туыстық қатынастар фразеологиясы – лексикалық қана емес, мәдени-когнитивтік феномен. Зерттеу нәтижелері негізінде (әке, ана, бала, аға-іні, апа-сіңлі т.б.) туыстық атаулар барлық ұлтта фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған атаулар екені анықталды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі туыстық атаулары бар фразеологиялық бірліктердің ортақтығы – жалпыадамзаттық тәжірибе, отбасы құндылықтарының әмбебаптығы және адамның дүниені танудағы ортақ когнитивтік механизмдерінің нәтижесі болып табылады. Ал айырмашылықтардың болуы ұлттық мәдениет пен дүниетаным, туыстық жүйеге қатысты. Қазақ мәдениетінде туыстық жүйе өте кең, әрі иерархиялық сипатта (жеті ата, қайын жұрт, нағашы-жиен, құда-жекжат т.б.) сондықтан фразеологизмдерде туыстық атаулар мол. Орыс мәдениетінде отбасы институты маңызды болғанымен, туыстық жүйе қазақ халқымен салыстырғанда ықшам. Осыған байланысты бұл тілдегі туыстық атауларға негізделген фразеологизмдер көбіне ең жақын туыстарды (әке, ана, аға, қыз) қамтып, эмоционалды-бағалауыш мәнде қолданылады. Ағылшын тілінде туыстық атауларға қатысты фразеологиялық бірліктердің салыстырмалы түрде аз болуы бұл халықтың жекелік дүниетанымымен және туыстық қатынастардың әлеуметтік

маңыздылығының шектеулі болуымен байланысты. Ағылшын мәдениетінде адамның қоғамдағы орны көбіне жеке жетістігі мен дербестігі арқылы айқындалатындықтан туыстық атаулар фразеологизмдерде кең көлемде бейнеленбейді. Ағылшын тілі фразеологизмдерінде, негізінен, (mother, father, brother, son) атаулары кездесіп, олар нақты туыстық атаулардан гөрі абстрактілі, символдық және концептуалдық мағыналарды қолданылады. Мұнда туыстық байланыс формалды сипатқа ие болады. Зерттеу барысында «үй-жай», отбасылық құрылым, туыстық мәртебе ұғымдарының тілдік санада орныққан ассоциациялармен өзара тығыз байланыста екені анықталды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдері генетикалық қана емес, когнитивтік ғалам бейнесі тұрғысынан да әртүрлі жүйелерді бейнелейді.

Жұмыста үш тілдегі фразеологиялық түсініктердің ұлттық құндылықтармен байланыстылығын анықтайтын эксперименттік сауалнамалар жүргізілді, оның нәтижелері мақала түрінде жарық көрді [191, p.184].


Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарын төмендегідей кестелер бойынша ашып көрсетуге болады:

Кесте 25 – Респонденттердің сандық көрсеткіші

| Респонденттер саны |       | Статусы                               |      | Мемлекет  |     | Тіл/жауаптар саны |       |
|--------------------|-------|---------------------------------------|------|-----------|-----|-------------------|-------|
| Жас ерекшелігі     |       |                                       |      |           |     |                   |       |
| 15-25              | 52,2% | студенттер                            | 39,1 | Қазақстан | 96% | қазақ тілі        | 55,1% |
| 25-35              | 4,3%  | мұғалімдер                            | 34,8 | Өзбекстан | 1 % | орыс тілі         | 27,5% |
| 35-45              | 18,8% | магистранттар                         | 14,5 | АҚШ       | 3%  | ағылшын тілі      | 17,4% |
| 45-55              | 18,8% | докторанттар                          | 5,9  |           |     |                   |       |
| 55-65              | 5,9%  | мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер | 2,8  |           |     |                   |       |
|                    |       | өзге сала                             | 2,9  |           |     |                   |       |

Кестеде көрсетілген жауаптардың ішінде жауаптың негізгі бөлігі қазақ тілінде, жас ерекшелігіне байланысты 15-25 аралығындағы студенттер болып табылады. Ал респонденттер мен жауаптар санының айырмашылығын бірнеше рет қайталанған фразеологизмдерді бір фразеологизм ретінде есептелгенімен түсіндіреміз.


Ұлттың мәдениеті мен дүниетанымы, құндылығы фразеологизм арқылы көрініс табады деген сұраққа төмендегідей жауап болды:



Сурет 4 – Ұлттық ерекшеліктің фразеологизмдегі көрінісі

Үш тілге тән 15 фразеологизм берілген, оның ішінде тек қазақ-орыс тіліндегі фразеологизмдер – 8 болса, үш тілде баламаларымен берілген фразеологизмдер – 7. Ал бұл сауалнама жауабында №1 сұраққа қарағанда 10 фразеологизмге кеміп тұрғанымен, фразеологизмдерді үш тілде баламаларымен берілгені көңіл қуантарлық.

Талданып отырған тілдерге ортақ фразеологизмдердің болуын қандай негіздермен түсіндіресіз сұрағына респонденттердің жауабы төмендегідей болды:



Сурет 5 – Ортақ фразеологизмдердің шығу негізі

Әр ұлттың танымына сәйкес төл фразеологизмдердің қалыптасуына әсер ететін факторлар сұрағына респонденттердің жауабын төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады:

Кесте 26 – Фразеологизмдердің қалыптасуына әсер етуші факторлар

| Фактор                       | Саны |
|------------------------------|------|
| Дүниетаным                   | 22   |
| Мәдениет                     | 30   |
| Салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік | 33   |
| Географиялық орны            | 15   |

«Үй-баспана» сегментінің концептуализациясы тіл иелері өмір сүретін нақты жағдайлар мен дәстүрлі үй салу тәжірибелерінің ерекшеліктеріне негізделеді. Салғастырылып отырған тілдердің барлығында «үй» лексемасы адам баласының бақуатты өмірінің негізі ретінде фразеологияда кең қолданыс табады: үй салған бақытқа жетеді, үйсіз қалған тоңады; үй салмай байлық болмайды; үйі бар күледі, үйі жоқ күйінеді; үй салмас бұрын іргетасын нығайт; туған үйге тоғыз рет орал, жаңа үй салмай тұрып ескі үйді бұзба. Келтірілген фразеологизмдерде «үй» ұғымы физикалық және рухани жылылықпен, қауіпсіздікпен, өмірлік қажеттілікпен байланыстырылған. Бұл ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологияда да ортақ сипатқа ие.

Қазақ тілінде «есік» – кеңістіктің белгісі ғана емес, ол – әлеуметтік қатынас, мәртебе мен ниеттің көрсеткіші. Фразеологизмдер арқылы жоғары мен төмен, қошемет пен қорлау, жақындық пен алыстату қатынастары көрінеді. Орыс тілінде «дверь» – қарым-қатынасты басқару механизмі, қабылдау, тыйым салу немесе шығарып салу рәмізі. Ағылшын тілінде «door» – іс-әрекетке өту, жаңа мүмкіндік алу немесе жоғалту символы, көбіне мотивациялық немесе әлеуметтік мағынада қолданылады. Ағылшын тілінде «door» сөзі «үй», «тұрғын кеңістік», «бөлме» мағынасында да қолданылады. Бұл есіктің үйдің бір бөлшегі бола тұра, метонимиялық жолмен бүтін үйді білдіруімен байланысты: out of doors – далада, ашық аспан астында; indoors – үй ішінде; to stay indoors – үйде отыру, сыртқа шықпау; next door – көршінің үйі; within doors – үй ішінде.

Адамның рухани әлемін сипаттайтын маңызды концепттердің бірі – рух. Алайда мұнда жекелік айырмашылықтар азаяды, себебі эмоциялар әлемінен адамгершілік императивтер мен жоғары тұлғалық-идеалдық бағдарлар әлеміне көшеді. Қазақ тілінде – рух, орыс тілінде – дух, ағылшын тілінде – spirit. Бұл лексемалардан тараған сөздер 1) рухани; 2) жан дүниелік, психологиялық; 3) адамгершілік, моральдық сияқты мәндерді білдіреді. Бұл сөздердің қатысуымен жасалған туынды сөздер, фразеологиялық бірліктер көп: рухани өмір; рухты, рухсыз, рухтандыру, рух берді, рухани жүдеді, рухани азық алды, рухы мықты, рухани толысты, т.с.с. Ағылшын тілінде: in spirit (рухани, ойша); the moving spirit (шабыт беруші); put spirit into smb (рухтандыру); the spirit is willing, but the flesh is weak (тәні әлсіз болса да, рухы мықты). Орыс тілінде боевой дух (жауынгерлік рух, күрескерлік сезім), в духе времени (уақыт талабына сай, заман ағымымен), упасть духом (кұлазу, үмітін үзу), поднять дух (жігерлендіру, мотивация беру), сила духа (ерік-жігер), т.б.

Қазақ тілінде дерексіз зат есімдерге көптік қосымшасы жалғанбағанмен, ағылшын тіліндегі spirit сөзі көпше түрде қолданылады: be out of spirits (көңілсіз болу); high spirits (көтеріңкі көңіл күй); keep one's spirits (рухыңды жоғалтпау); low spirits (тұнжырау, рухтың түсуі).

«Жан» концептісі қазақ тілінде «жан», орыс тілінде «душа», ағылшын тілінде «soul» деп аталады. Ағылшын тілінде «soul» метафизикалық мәнде, көңілді

білдіру үшін «mood, spirit, feeling, heart» сияқты сөздер жиі қолданылады. Ол материалдық емес, рухани бастауды, тіршілік нәрінің негізін білдіреді. Қарапайым тілдік бейнеде жан – мәңгілік және жойылмайтын нәрсе. Жанның болуы – тірі мен өлі арасындағы айырмашылықтың белгісі. Қазақ тілінде «жан» сөзінен түзілген фразеологизмдер: жан алу – өлтіру; жан беру /жан тапсыру – қайтыс болу; жан сақтау – тірі қалу, өмір сүру; жан қию – құрбан болу; жан алмасу – өмір мен өлім арасындағы күй, жан тәсілім ету – біреуге сеніп, өзін аманат ету; жан рахаты – өмір мен өлім мәселесі; жанын Аллаға тапсыру, шыбын жаны шырылдау, т.с.с. Ағылшын тілінде: pour out/unburden one's soul (жан сырын ақтару); a living soul (тірі жан, тіршілік иесі), to sell one's soul to the devil (сайтан арбауына түсу).

Қазақ тілінде «жан» сөзі ең жақын, сүйікті адамға қарата қолданылады: жан досым, жан жолдасы, жан серігі, жанымның бөлшегі; жан жүрегім, жан бауырым, жаным; т.с.с. Адам ақыл иесі ретінде сипатталғанда жанмен байланысты бейнелі ассоциациялар эмоция, ерік-жігер және зияткерлік күй негізінде құралады.

Жан – адамның ішкі болмысының, психикалық күйі мен эмоционалдық сезімдерінің басты символы. Жан ұғымының қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі бейнелі көріністері, фразеологиялық қолданыстары да алуан түрлі:

– қазақ тілінде: жаны жай таппады; жанын жеді; жаны тыным таппады; жаны күйзелді; жаны ауырды, жан азабы, жанын азапқа салды, жаны жадырады, жан жылуы; жан сыры; жаны қалады; жаны сүйсінді; жаны қысылды, жан беру; жанын шүберекке түю; жан алып, жан беру; жан жолдас; жанын салу; жан дүниесі; жан сырын айту; Жақсы сөз жанға дауа; жақсы сөз жанға жағады, жаман сөз жанды жаралайды; т.с.с.;

– орыс тілінде: душа нараспашку; от всей души; душа не на месте; душа в душу; заглянуть в душу; душа ушла в пятки; душа компании;

– ағылшын тілінде: bare one's soul (жан сырын ақтару, ішкі дүниесін ашу), lost soul (жолдан адасқан жан, күйзелген адам, рухани жалғыздыққа түскен жан), from the bottom of one's heart (шын жүректен, бар ықыласымен), heart and soul (жан-тәнімен, бар ықыласымен, бар ынтасымен), a kindred spirit/soul (жаны бір адам, рухтас жан, қабілеті/көзқарасы ұқсас адам), Upon my soul! (жаныммен ант етемін!); soulless (жансыз, қатыгез адам).

«Жан» сөзінің қазақ тіліндегі мағыналық өрісі рухани бастау, адамның ішкі дүниесі; мейірім, махаббат, адалдық, тіршілік; жақын адам, сүйікті сияқты мәндерді қамтыса, орыс тілінде рухани бастау, жүрек, ар-ождан; жекелік ерекшелік, эмоция, ішкі рухани әлем; адамгершілік, ізгілік, жанашырлық сияқты мәндерден тұрады. Ағылшын тіліндегі soul сөзі рухани мән, эмоционалдық тереңдікті білдіріп, философиялық-діни мәтіндерде қолданылса, heart сөзі сезім, махаббат, мейірімділік пен батылдықтың орталығы сияқты мәндерде жұмсалады, эмоциялық, мәдени-әлеуметтік жағдаятқа қатысты қолданылады.

Қазақ тіліндегі көңіл, орыс тіліндегі душа, ағылшын тіліндегі soul лексемалары – жаннан туындайтын, бірақ көбіне рухани, этикалық, эстетикалық

мәнге ие ұғымдар. Олар жүрек, сезім, ар-ождан, шабыт сынды жоғары категориялармен тығыз байланысты болады. Бұл лексемалардың қатысуымен түзілген фразеологизмдер өте көп. Мысалы, қазақ тілінде: көңіл хошы, көңілі толды, көңілі толмады, көңілі қалды, көңілі көтерілді, көңіл айтты, көңіл күйі болмады, көңілі су сепкендей басылды, көңілі орнына түсті, көңілін қалдырды, көңілі кірледі т.б.; орыс тілінде: на душе легко / тяжело, от всей души, с открытой душой, душа нараспашку, душа ушла в пятки, душа не на месте, душа поёт, на душе кошки скребут, чистая душа; ағылшын тілінде: bare one's soul (жан сырын ақтару), from the bottom of one's soul (жан-тәнімен), lost soul (жаны күйзелген), kindred soul / kindred spirit (туысқан / туыс рух), sell one's soul (to the devil) (сайтан арбауына түсу), bless your soul! (жаның жадырасын), a man of soul (жаны таза, рухы биік), soul mate (жан жар), body and soul (жан-тәнімен), heart and soul (жан-жүрегімен), т.с.с. Тілде көңілге қатысты тұрақты тіркестердің, эмоционалды сипаттамалардың мол болуы осы концептінің адамзат санасында маңызды орын алатынын көрсетеді. Тілдегі бейнелеу құралдары арқылы жан мен рух әлемі ұлттық дүниетанымның бірегей көрінісі ретінде қалыптасады. Бұл тіркестер тілдік бейнелеу емес, сонымен қатар мәдени код ретінде ұлттың рухани құндылықтарын, дүниеге көзқарасын танытады. Көңіл – адамның тіршілік иесі ретінде сипатталатын ішкі болмысының, психикалық күйі мен эмоционалдық сезімдерінің басты символы.

«Көңіл» лексемасы адамның шабытын, темпераментін білдіреді. Салғастырылып отырған тілдерде ол адамды тұтастай атамайды. Қазақ тілінде «көңіл» лексемасы көбінесе адамның сезімін, уайымын білдіру үшін жұмсалады. «Көңіл» концептісін білдіретін бірліктер фразеологияда жиі қолданылады. Көңіл, жан сөздері эмоция, уайым, сезімді білдіретіндіктен, бірінің орнына бірі жұмсала береді. Орыс тілінде көңіл, жан лексемаларының баламасы «душа» сөзімен ғана беріледі. Көңіл, жан лексемаларының біріктіріліп бергенде «душа» сөзінің эмоциялық және интеллектуалдық қыры тұтасып кетеді. Орыс тіліндегі «душа» – әрі онтологиялық, әрі эмоциялық, әрі мәдени ұғым болса, қазақ тіліндегі «көңіл» – жан мен сезім арасындағы эмоциялық-когнитивтік көпір. Ол көбіне көңіл күй, реніш, шаттықты білдіреді. Ағылшын тілінде «soul» метафизикалық мәнде, көңілді білдіру үшін «mood, spirit, feeling, heart» сияқты сөздер жиі қолданылады. Ол қарапайым дүниетанымның ықпалымен пайда болған, ал ғаламның ғылыми бейнесінде – психологияда ол екеуі жеке-жеке қарастырылады.

#### Кесте 27 – Көңіл күйге қатысты фразеологизмдердің үш тілде берілуі

| Мәні              | Қазақша («көңіл»)                                                                            | Орысша («душа»)                                           | Ағылшынша («soul»)      |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|-------------------------|
| 1                 | 2                                                                                            | 3                                                         | 4                       |
| Эмоция, көңіл күй | көңілі түсті, көңілі шат, көңілі көтерілді, көңілі су сепкендей басылды, көңілі орнына түсті | душа радуется / болит, на душе легко / тяжело, душа поёт, | my soul is joyful/heavy |

## 27 – кестенің жалғасы

| 1                     | 2                                                           | 3                                                            | 4                               |
|-----------------------|-------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| Ішкі тыныштық / уайым | көңілі орнықсыз, көңілі толды, көңілі толмады, көңілі қалды | душа ушла в пятки, на душе кошки скребут, душа не на месте   | troubled soul, lost soul        |
| Қамқорлық, сезім      | көңіл бөлу / көңіл айту                                     | душевная забота                                              | kind-hearted soul               |
| Рухани мән            | көңіл күйі / жан дүниесі, көңілі кірледі                    | душа как духовное начало                                     | deep soul, a man of soul        |
| Ашықтық, шынайылық    | ашық көңіл                                                  | от всей души, с открытой душой, душа нараспашку, чистая душа | bare one's soul, heart and soul |

«Жүрек» лексемасына қатысты ортақ құбылыстар салғастырылып отырған тілдерде көп кездеседі. Тілдік дүниетанымда жүрек эмоция ғана емес, физикалық күштің де қайнары ретінде танылады. Мысалы, қазақ тілінде: күш білекте емес, жүректе; жүрегінің түгі (жүні) бар; тас жүрек; жүрегі аузына тығылды; жүрегі зу ете түсті; жүрегі шайлығып қалды; жүрегі кең; жүрегі жібіді; жүрек қалауымен, т.б.; орыс тілінде: от всего сердца; с лёгким сердцем; с тяжёлым сердцем; сердце кровью обливается; отважное сердце; сердце не на месте; сердце замерло; доброе сердце; отдать сердце; золотое сердце; каменное сердце; без сердца; черствое сердце т.б. Ағылшын тілінде: to have heart to (батылдану, тәуекел ету); a heart of oak (жүрегі мықты, батыр адам); to take heart (жігерлену, батылдану); one's heart sank (көңілі түсіп кетті, қорықты); one's heart missed a beat (жүрегі тоқтап қалғандай болды); faint of heart (әлсіз, қорқақ); a kind heart (мейірімді жүрек); a big heart (кең пейілді, қайырымды); to soften one's heart (жүрегі жібіді); a heart of stone (тас жүрек); hard-hearted (мейірімсіз); from the bottom of one's heart (шын жүректен); with all one's heart (бар ықыласымен) т.б.

Байқап отырғанымыздай, үш тілде де жүрек – батылдық, қуат, өмірлік күштің негізі. Алайда әр тілдің өзіндік ерекшелігіне сәйкес репрезентациясында өзгешеліктер бар. Қазақ тілінде жүрек – батылдық пен рухани күштің көзі; орыс тілінде ішкі сезімнің, қайғы мен мейірімнің қайнар бұлағы; ағылшын тілінде жүрек – батылдықтың, мықтылықтың символы.

Салғастырылып отырған тілдердің бәрінде қолданылатын, мәндес фразеологиялық бірліктер де бар:

## Кесте 28 – Үш тілге ортақ фразеологизмдер

| № | Қазақ тілінде                   | Орыс тілінде                | Ағылшын тілінде                   |
|---|---------------------------------|-----------------------------|-----------------------------------|
| 1 | 2                               | 3                           | 4                                 |
| 1 | Қол қусырып отыру               | сидеть сложа руки           | twiddle one's thumbs              |
| 2 | Бір қуды бір қу тоғайдан табады | рыбак рыбака издалека видит | birds of a feather flock together |
| 3 | Мұрнын шүйіру                   | задирать нос                | have one's nose in the air        |
| 4 | Отқа май құю                    | подливать масло в огонь     | add fuel to the fire              |

| 1 | 2                  | 3                      | 4                                  |
|---|--------------------|------------------------|------------------------------------|
| 5 | Аяғында нық тұру   | прочно стоять на ногах | stand on one's own two feet        |
| 6 | Көктен түсті       | с неба свалился        | come out of blue sky               |
| 7 | Қара күш           | черная магия           | black art                          |
| 8 | Айтуға аузы бармау | Язык не поворачивается | not have the heart to do something |

Көріп отырғанымыздай, әр ұлттың дүниетанымына байланысты ерекше фразеологизмдермен бірге бірнеше тілде ортақ фразеологизмдер де кездеседі. Осындай ортақ фразеологизмдердің болу себебін зерттеу қажет деп ойлаймыз, себебі бұл ортақтықты бірнеше халықта ұғымның бірдей болуымен де байланыстыруға болады және аударманың нәтижесінде пайда болған фразеологиялық бірлік деп те есептеуге болады. Мысалы, «рыбак рыбака издалека видит» тіркесінің қазақ тілінде «бір қуды бір қу тоғайдан табады» баламасы да бар, сонымен бірге «балықшы балықшыны алыстан таниды» деген аудармасы да бар. Ал аталмыш мәселені толықтай зерттеу, ара-жігін ажырату алдағы уақыттың еншісінде. Жалпы тілде де, фразеологизмдерде де ұлттық және ұлтаралық тоғысулар үнемі орын алып отырады, өйткені басқа халықтармен әртүрлі байланыссыз қалыпты өмір сүру мүмкін емес, араласудың нәтижесінде фразеологизмдер басқа тілден көрініс тауып жатады, ал ол тек бір тілде ғана өмір сүрсе, уақыт келе жойылып кетуі де мүмкін. Сондықтан басқа тілдерден енген кез келген сөздер немесе сөз тіркестері басқа тілге еніп, сол тілге бейімделіп, соңында сол тілдің фразеологиялық бірлігі ретінде қолданысқа түсіп кетіп жатқан жайттар да бар. Әр тілдегі фразеологиялық бірліктерді салыстыру барысында байқағанымыз, әртүрлі формада баяндалса да, ортақ фразеологизмдер кездеседі. Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, адам баласына тән сезімдердің (қуану, ренжу, күлу т.с.с.) ортақ болуы, белгілі жайтқа (жағымды, жағымсыз) бірдей көзқарастың болуы, ортақ жағдаяттардың болуы т.с.с. көптеген факторларға байланысты.

Ұлттық мәдениеттер мінез-құлық үлгілері мен оларға қатысты ережелерді қалыптастыратын, дәстүрлерге жан бітіретін нормативтік сипаттағы символдарды түзген. Бұл символдар халықтық сананың тәрбие мен адамгершілік өлшемдерін бекітетін тұрақты формалары ретінде қызмет етеді. Қазақ мәдениетінде ар – ең жоғары рухани құндылық, ұят – қоғамдық мінез-құлықты реттеуші құрал саналады. Оған ардан безген, жер шұқылап кетті, жүзі күйді, ұятқа қалды, ұятқа қалдырды, ұят қылды, ұяттан безген сияқты фразеологизмдер мен білмеу – ұят емес, білгісі келмеу – ұят; қазан қарасы кетеді, ар қарасы кетпейді; малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы; ұялғаннан кірерге тесік таппады; ұят – иманның өлшемі, ұят болмаса, иман да жоқ; ұят кімде болса, иман сонда т.с.с. мақал-мәтелдер дәлел бола алады.

Орыс тіліндегі без зазрения совести, без стыда и совести, голос совести, иметь что-то на совести, наглость второе счастье, на чьей-либо совести, потерять

совесть, совесть заела / мучает, совесть нечиста, у кого-то совести нет, успокоить совесть, чистая совесть фразеологизмдері ар-ождан категориясына негізделген. Бұл тіркестер адамның мінез-құлқын реттейтін рухани өлшемді, ұят пен адалдықты мәдени код деңгейінде бекітеді.

Ағылшын фразеологизмдерінде де ар-ұят, ар-ождан (honour, conscience, shame) адамгершілік өлшемі ретінде көрінеді. Олар көбінесе conscience (ар-ождан), honour (ар, абырой), shame (ұят, намыс) сөздерімен байланысты. Мысалы: a man of honour (арлы, намысты адам), honour above all (ар бәрінен қымбат), to cover one's face in shame (қатты ұялу, жер шұқылау), to die of shame (ұяттан кірерге жер таппай), to do something in honour of someone (біреудің құрметіне істей), to have a clear conscience (ары таза, ар алдында адал болу), to have a guilty conscience (өзін кінәлі сезіну), to have no shame (ұятсыз болу), to have pangs/pricks of conscience (ар азабын тарту), to have something on one's conscience (күнәлі болу), to lose one's honour (арынан айырылу), to lose one's shame (ұятын жоғалту, ұятты болу), to swear on one's honour (арымен ант ету). Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастыру негізінде ар-ұят категориясының әмбебап (универсал) құндылық екенін көруге болады. Алайда ол категория әр халықта өзіндік ұлттық-мәдени бояумен көрінеді.

Адамзат қоғамының рухани-мәдени өмірінде діни-мифологиялық дүниетаным ерекше орын алады. Әлемнің жаратылысы, адам мен табиғат, тағдыр мен өлім, жақсылық пен жамандық, күнә мен кешірім сияқты іргелі ұғымдар ең алдымен діни-мифологиялық кеңістікте бейнеленеді. Осы таным тілі арқылы қалыптасқан бейнелер мен ұғымдар ғасырлар бойы сақталып, тілде тұрақты тіркестер түрінде орнықты. Фразеология – халықтың тарихи жады мен дүниетанымының көркем коды, ал мифологиялық және діни фразеологизмдер – сакралды концептосфераның тілдік көрінісі.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдері тарихи тұрғыдан әртүрлі діни-мәдени дәстүрлерде дамығанымен, олардың фразеологиялық жүйесінде Құран мен Інжіл негізінде қалыптасқан ұқсас және ерекше фразеологизмдер бар. Бұл бөлімде осы тілдердегі діни-мифологиялық фразеологизмдердің мазмұнын, символдық мәнін, когнитивтік құрылымын салғастырмалы-типологиялық тұрғыда сипаттау көзделеді.

Ғаламның діни-мифологиялық бейнесі – адамзаттың дүниені сакралды тану нәтижесінде қалыптасқан концептуалдық жүйе. Бұл бейне Құдай, Адам, жаратылыс, тағдыр, жақсылық пен жамандық, күнә мен жаза сияқты универсал ұғымдарға негізделеді. Әлемнің діни бейнесі көбіне Құран және Інжіл мәтіндерінде көрініс тапқан, осы діни кітаптардың мазмұны тілде фразеологиялық деңгейде репрезентацияланған.

Қазақ тілінде «Алла», «Құдай», «Тәңір», «Жаратушы», «Жасаған» лексемалары қатысқан фразеологиялық бірліктер көптеп кездеседі. Мысалы, Алланың сынағы, Алланың жазуы, Алла біледі, бірақ пенде де шамалайды; Алла

өз ісін біледі, Алла керегін жасайды; Алла бауырларды бауыр етіп жаратқанымен, қалталарын бөлек қылған, Аллаға шүкір, Аллаға сен, бірақ өзін де әрекет ет; Алла бермегенді молда да бере алмайды, т.б. Қазақ тілінде «құдай атсын», «тәңір жарылқасын», «қиямет қайым болады», «жын-шайтан айналды» деген тіркестер адамның қорқынышы, сенімі, үміті, құтқарылу үміті секілді ішкі психологиялық-когнитивтік процестерді білдіреді. Орыс тілінде «казнить, нельзя помиловать», «в поте лица своего», «не хлебом единым жив человек» тіркестері Інжіл мазмұнынан туған. Ағылшын тілінде «by the skin of one's teeth», «to cast the first stone», «the powers that be» сынды идиомалар библиялық негізге ие. Ағылшын тілінде: God is always on the side of big battalions – Құдай үнемі күштілердің жағында; God tempers the wind to the shorn lamb – Құдай әркімге көтеретін жүгін береді; household goods – отбасылық киелі дүниелер; whom the gods love die young – Құдай жақсы көрген адамды ерте алады; so help me God – Құдайым, көмектесе көр. Демек, діни-мифологиялық фразеологизмдер тек тілдік бірлік емес, олар – дүниетанымдық, этикалық, аксиологиялық мазмұнның коды.

«Тағдыр», «жазмыш»/ судьба, рок / fate, destiny сөздері адам руханиятының өзегіне айналып, сезім, көңіл, ой, ерік-жігер, діни сенімдердің тоғыстырды. Ол көркем әдебиетте ғана емес, халық фольклорында да кеңінен бейнеленеді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғалам бейнесінде «тағдыр» – адамнан тыс жоғары күштің белгісі ретінде де, саналы қажеттілік ретінде де сипатталады. Қазақ тілдерінде «тағдыр» ұғымы «жазмыш» сөзімен мәндес. Ағылшын тіліндегі көне атауы – weird. Бұл сөздің бастапқы мағынасы – әрі «тағдыр», әрі «оқиға», яғни тағдырдың концептуалдық өрісін оқиғалар жүйесі ретінде түсінуге негіз болды. Қазіргі ағылшын тілінде weird сөзі қолданылмайды, тек фольклорлық қолданыста қалып, мистикалық, сиқырлы бояу алған. Weird – болашаққа бағдарланған, болжамдық, алдын ала айтылған тағдыр ретінде ұғынылады.

Үш тілде де Жаратушыға мойынсұнған не әміріне бағынбағандар туралы фразеологизмдер бар. Мысалы: Алланың сүйіктісі, Алланың сүйген құлы, Алланың қалаулысы, Алланың нұры түскен адам, Алла разы болсын, Алла жар болсын, Алла адал құлын сүйеді, Құдай сүймеген адам; Құдай сүймеген қылық, әрекет; Божий избранник, угодник Божий, дитя Божие, ходить под Богом, Бог любит смиренных, благословлённый Богом, отступник от Бога, Бог отвернулся от него; God's chosen one / God's elect (Құдайдың қалаулысы), beloved of God (Құдайдың сүйіктісі), God-fearing man (Құдайдан қорқатын адам), blessed by God (Құдай жарылқаған адам), in God's grace / under God's mercy (Құдайдың рақымына бөленген), God be with you (Құдай жар болсын!), God's hand is upon him (Құдай қолдаған), man of God (Құдай жолындағы адам, діндар), т.с.с. Салғастырмалы талдау көрсеткендей, бұл концептінің репрезентациясы үш тілде де біршама ұқсас, бірақ әрқайсысы мәдени-когнитивтік негізі мен метафоралары арқылы ерекшеленеді.

Үш тілдегі діни-мифологиялық фразеологизмдер – түрлі тарихи-мәдени, діни және философиялық дәстүрлерде қалыптасқанымен, олардың негізінде жатқан рухани ұғымдар, концептосфералар мен құндылықтар жүйесі бірқатар ұқсастықтарға ие. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі діни сарынды фразеологизмдерді саралау нәтижесінде бірқатар ұқсастықтар анықталды:

Кесте 29 – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі діни сарынды фразеологизмдердің ұқсастығы

|                                 |                                                                                                        |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| сакралды кеңістік               | үш тілде Жоғарғы (құдайлық), Ортаңғы (адамзат), Төменгі (зұлымдық) әлемге қатысты фразеологизмдер бар; |
| күнә мен жаза                   | күнәні жасау, азғыруға түсу, жаза тарту мотивтері бар                                                  |
| ізгілік пен зұлымдық символдары | періште – жақсылық, шайтан/дьявол – зұлымдық символы ретінде тілдерде бірдей қызмет атқарады           |
| үміт пен күдік                  | діни фразеологизмдерде үміт, сенім, тәубе, Құдайдың көмегіне жүгіну идеясы көрініс табады              |

Сонымен қатар қазақ, орыс, ағылшындардың ұлттық ерекшелігіне, мәдени өзгешеліктеріне сәйкес фразеологизмдерінде де айырмашылықтар кездеседі:

Кесте 30 – Үш тілдегі фразеологизмдердің ұлттық ерекшеліктеріне қатысты айырмашылықтары

| Қазақ тілі                                                                                                                                                                                                                   | Орыс тілі                                                                                                                                                     | Ағылшын тілі                                                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ислам мен түркілік мифология элементтері қабаттасып қолданылған; аруақ, кие ұғымдары жиі кездеседі. Мысалы: «Құдай атты», «аруақ атты», «аруақ ұрды», «аруақ жебеді», «Құдай жарылқады», «кие ұрды», «жын қақты», «жын ұрды» | Православиелік христиан дініне негізделген; библиялық және грек-рим мифологиясы қатар жүреді. Мысалы: «не хлебом единым», «ангел во плоти», «Ахиллесова пята» | Протестанттық этика мен антикалық мәдениет синтезі; библиялық тіркестер идиомаланған. Мысалы: «The powers that be» (Билік етушілер) «Pandora's box» (Пандора жәшігі), «A cross to bear» (көтеретін жүк) |

Зерттеу нәтижелері фразеологизмдер жүйесінде діни-мифологиялық дүниетанымның терең тамыр жайғанын дәлелдейді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестер Құдай, күнә, жаза, тағдыр, періште, шайтан, жұмақ және тозақ сияқты әмбебап діни-мифологиялық концептілердің тілдік бейнеленуін қамтамасыз етеді. Бұл тіркестер сакралды мазмұнды бейнелеп қана қоймай, ұлттық мәдениеттің, дүниетанымның, тарихи жадының тілдік репрезентанттары болып табылады.

Этномәдени лексика сөздіктерінің маңызды бөлігін құндылықтық доминанттар мен менталитет ерекшеліктерін білдіретін өзек сөздер құрайды. Мұндай сөздердің эмоциялық реңкі күшті болады, ассоциативтік өрісі ауқымды болады. Қазақ лингвомәдениетіндегі құндылықтық доминанттарға ар-ождан,

тәрбие, мораль, отбасы, жан, адалдық сөздері; орыс мәдениетінде даңқ, шындық, әділет, жақсылық, жамандық, еркіндік сөздері; ағылшын мәдениетінде еркіндік, тәуелсіздік, жеке меншік, ақша сөздері жатады. Әрбір мәдениет жалпыхалықтық құндылықтарды өзіндік ерекшелігімен бейнелейді. Әмбебап құндылықтар әрқашан ұлттық мәдениет призмасы арқылы өтіп, трансформацияланады. Осыған байланысты В.А. Звегинцев: «Бір тілде бір ғана сөзбен аталатын ұғым басқа тілдерде ондаған атауға ие болуы мүмкін. Мағынасы жағынан сәйкес келетін сөздер, тіпті туыстас тілдерде де, жүйеде әртүрлі қызмет атқарып, әртүрлі орын алуы мүмкін. Сондықтан олардың дәлме-дәл баламасы болмайды», – дейді [192, с.189].

Мәдениет халықтың рухани шығармашылығының жемісі ретінде ұлттық-спецификалық және жалпыадамзаттық (интернационалдық) қасиеттердің бірлігін білдіреді. Ұлттық мәдениеттің болуы – халықтың бүгінгі және болашақтағы өмірінің кепілі, оны жалпыәлемдік мәдениетпен үйлесімде сақтаудың және интеграциялаудың негізі. Ғалам бейнесін зерттеу мәдениетті сол мәдениеттің өкілдері қандай категориялар арқылы сипаттайтынына ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл тәсіл әртүрлі мәдени жүйелердің дербестігі мен өзіндік құндылығын көрсетеді. Мәдениетке «ену», оны ішкі позициядан тану, мәдениетке интроспекция жасау тәсілі – мәдениеттің орталық және перифериялық элементтерін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Адамның материалдық және рухани әлеміне қатысты концептілердің фразеологиялық бірліктері салғастырмалы түрде зерттелгенде әртүрлі тілдерде олардың құрамдас бөліктерінің трансформациялану үрдістері ұқсас екені анықталады. Бұл – экстралингвистикалық факторларға байланысты. Ол тілдік дүниетанымдағы универсалийлерді анықтауға мүмкіндік береді. Ал концептілер аясындағы ұғымдық ерекшеліктердің сәйкес келмеуі қазақ, орыс, ағылшын халықтарының ұлттық мәдениетінің өзіндік ерекшелігін, дүниетанымын, моральдық құндылықтарын көрсетеді.

Қазақ, орыс, ағылшын лингвомәдени қауымдастықтарын салғастырмалы талдау барысында ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айқындау үшін тіл деңгейінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар матрицасын қарастыру қажет. Отбасының бірлігі мен оның кеңістіктік локализациясы тілдік деңгейде анық көрінеді. Туыстық байланыс кеңістікпен тікелей сабақтасып жатады. Қазақ тілінде «үй» сөзі «отбасы, яғни бірге тұратын адамдар» деген мәнде ұғынылады. Қазақ, орыс, ағылшын лингвомәдени қауымдарының фразеологиялық бірліктеріндегі бейнелілік олардың дүниетанымын бейнелейді. Салғастырылатын тілдік қауымдастықтардың әлемді бейнелі қабылдау ерекшелігін түсіну үшін алдымен тілдегі ғалам бейнесін концептуалдау тәсілдерін айқындап алу қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйеде діни негіздегі бейнелілік, тарихи-когнитивтік қайта семантикалану, әрі ұлттық мәдени-менталдық ерекшелік айқын көрініс табады. Фразеологиялық бірліктер – тілдік тіркес емес, халық санасындағы концептілердің бейнелі репрезентациясы,

рухани тәжірибенің тілі. Салғастырмалы талдау нәтижесінде, діни-мифологиялық фразеологизмдердің бірқатар әмбебап концептілерге (Құдай, күнә, тозақ, періште, зұлымдық) негізделетіні анықталды. Сонымен қатар, әр тілде бұл ұғымдардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері бар. Бұл фразеологизмдер тілдік санадағы діни-этикалық модельдердің репрезентанты бола отырып, ұлттың когнитивтік картасын бейнелейді. Фразеологизмдердегі діни-мифологиялық бейне – тіл мен мәдениеттің, дін мен ойлаудың, мәтін мен мағынаның қиылысқан тұсы. Сондықтан олардың когнитивтік және лингвомәдени зерттеулері қазіргі гуманитарлық ғылым үшін аса өзекті. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйе әр халықтың дүниетанымын, рухани өмірі мен мәдени құндылықтарын тереңінен бейнелейді. Олар ұлттық тілдің рухани кодын, моральдық тұғырын және адамның ішкі әлемін танудың тілдік жолын көрсететін мәңгілік мәдени мұра болып табылады.

### Екінші бөлім бойынша тұжырым

Әр тілдің фразеологиялық жүйесінде ұлттық мінездің, моральдық бағдардың және әлеуметтік құндылықтардың бейнесі сақталады, қалыптасады. Соматикалық фразеологизмдер адамның ішкі рухани болмысын бейнелеудің әмбебап тәсілі болып табылады. Қазақ дүниетанымында жүрек – мейірім, батылдық, тазалық символы; жан – рухани өмірдің өзегі; қол – еңбек пен көмектің нышаны. Бұл бірліктер адамның ішкі және сыртқы әлемін байланыстыратын мәдени код ретінде қызмет етеді. Орыс тіліндегі «сердце на месте», «руки не доходят», «глаза разбегаются» сияқты фразеологизмдер адамның эмоциялық күйін бейнелесе, ағылшын тіліндегі «to have a kind heart», «to keep one's head», «to lend a hand» тіркестері адамның әлеуметтік мінезін сипаттайды. Салғастырмалы талдау нәтижесінде үш тілдегі соматикалық бейнелердің жалпы когнитивтік моделі ұқсас болғанымен, әрқайсысының бағалаушылық, символдық мәні ұлттық мәдениетке сай ерекшеленетіні анықталды.

Зоонимдер негізінде жасалған фразеологизмдер халықтың табиғатқа қатысын білдіреді, адамның мінезі жануарлар бейнесі арқылы сипатталады. Қазақ тілінде «қасқыр мінез», «түлкі бұлаң», «қой аузынан шөп алмас» сияқты тіркестер – көшпелі өмір мен мал шаруашылығына негізделген дүниетанымның тілдік айғағы. Орыс мәдениетіндегі «волчий аппетит», «лисица хитрая», «овечья покорность» тіркестері моральдық сипаттағы бағалаушы қызмет атқарады. Ал ағылшын тіліндегі «a dark horse», «to work like a dog», «as sly as a fox» фразеологизмдері адамның мінезін, әлеуметтік орнын бейнелейді. Салғастырылып отырған тілдерде зоонимдер арқылы жасалған фразеологизмдерде әмбебап семантикалық өрістер (адалдық, айлакерлік, қорқақтық, ерлік, еңбекқорлық) ортақ болғанымен, бағалау реңкі, мәдени символикасы ұлттық дүниетанымға сай ерекшеленеді.

Өсімдік әлеміне қатысты фразеологизмдер адам мен табиғат арасындағы гармонияны бейнелейді. Қазақ тілінде «бәйтерек» – өмір мен тұрақтылықтың, ұрпақ жалғастығының символы; «жусан» – туған жердің иісі мен сағыныштың белгісі; «гүлдей жайнау» – жастық пен сұлулықтың нышаны. Орыс тілінде «цветы жизни», «расти как на дрожжах», «вянуть от горя» сияқты тіркестер табиғат пен адам өмірінің байланысын көрсетеді. Ағылшын тілінде де «to nip in the bud», «late bloomer», «bloom where you are planted» секілді фразеологизмдер адамның дамуы мен рухани өсуін сипаттайды. Бұл топтағы фразеологизмдерде эстетикалық және аксиологиялық құндылықтар қатар көрінеді.

Түс атаулары қатысқан фразеологизмдер этностың эстетикалық талғамы мен моральдық бағалау жүйесін көрсетеді. Қазақ дүниетанымында ақ түс – тазалық пен ізгілік, қара түс – қайғы мен қасиеттілік, қызыл түс – өмір мен махаббат, көк түс – аспан мен рух, сары түс – даналық пен уақыттың символы. Орыс тілінде де түстердің символикасы ұқсас: «белый свет», «черная зависть», «красная строка», «синяя птица». Ал ағылшын тілінде «white lie» (зиянсыз өтірік), «green with envy» (қызғаныштан көгеру), «feeling blue» (көңілі түсу) сияқты тіркестерде түстердің эмоционалды мәні басым. Түстердің семиотикалық жүйесі бір болғанмен, әр ұлттың өзіндік ерекшелігіне сәйкес олар тілде түрліше көрініс табады. Үш тілде де әке, ана, бала туыстық атаулары фразеологизмдердің пайда болуына негіз болып отыр. Қазақта туыстық жүйе өте күрделі әрі терең құрылымға ие, отбасы – біртұтас әлеуметтік институт, сондықтан туыстық атаулар негізінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері өте көп, ал орыс тілінде тек ең жақын туыс атаулары негізінде қалыптасқан, ал ағылшын тіліндегі жүйе индивидке бағытталған.

Діни-мифологиялық фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, моральдық құрылымын көрсетеді. Қазақ тіліндегі «Құдай сақтасын», «Алла жар болсын», «жаны Жаннатта болсын» сияқты тіркестер исламдық құндылықтарға негізделсе, ағылшын, орыс тілдерінде христиандық негіз басым: «God bless you», «thank heavens», «слава Богу», «Да благословит тебя Бог», «Спаси тебя Бог». Мұндай фразеологизмдерде сенім, тағдыр, рух, жан тазалығы сияқты концептілер этномәдени әмбебап категориялар ретінде көрінеді.

Қазақ, орыс және ағылшын фразеологизмдерін салғастыра зерттеу нәтижесінде ұлттық мәдениеттердің ортақ когнитивтік өзегі мен этномәдени қабаттары анықталды. Үш тілде де адам, еңбек, табиғат, рух, отбасы сияқты концептілер өрістің орталығында орналасқан. Қазақ фразеологиясы ұжымдық құндылықтарға, табиғатпен үндестікке бағытталған. Орыс фразеологиясында адамгершілік, тағдырға басымдық беріледі. Ағылшын фразеологиясында прагматизм, дербестік, жеке жауапкершілік негізгі орында. Бұл әр халықтың дүниетанымы мен ойлау жүйесінің ерекшелігін көрсетеді.

Қазақ, орыс, ағылшын фразеологизмдеріндегі этномәдени құндылықтар адам өмірінің барлық қырын моральдық, әлеуметтік, рухани, эстетикалық, символдық деңгейде бейнелейді. Осылайша, фразеологияда халықтың рухани болмысы,

дүниеге көзқарасы мен өзіндік философиясы көрініс табады. Фразеологизмдердің этномәдени мазмұнын зерттеу адам мен мәдениеттің өзара байланысын, тілдің рухани-аксиологиялық қызметін түсінуге жол ашады.

Діни мазмұндағы фразеологизмдер – сол ұлттың рухани дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін тілдік бірліктер. Олар адам болмысын қалыптастыруға, ізгілікке тәрбиелейді. Мұндай тіркестерді сенім, сабыр, үміт, мейірім сияқты ұғымдар терең философиялық мағынамен астасып жатады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл біліміндегі антропоэзектік бағытқа сәйкес фразеологизмдер халықтың рухани-мәдени болмысын, дүниетанымдық көзқарасын, әлеуметтік және моральдық құндылықтарын бейнелейтін маңызды тілдік бірліктер ретінде қарастырылады. Олар адамның әлемді тануы мен оны бағалау тәсілдерінің көрінісін білдіреді, сол арқылы ұлттық мәдениеттің мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық жүйелерді салғастыра зерттеу әр тілдің этномәдени кеңістігін, мәдени кодтарын және құндылықтық бағдарларын салыстыра сипаттауға жол ашады. Фразеологизмдер – халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесі мен даналығын бейнелейтін мәдени-тілдік бірліктер. Олар ұлттық руханияттың, тарихи жадтың, дүниетанымның, моральдық және эстетикалық идеалдардың көрінісі ретінде қызмет атқарады.

Фразеологизмдерде халықтың жадында сақталған рухани және этикалық бағдарлар көрініс табады. Онда адамдардың дүниені тану, бағалау, түсіну тәжірибесі бейнеленеді. Фразеологизмдердің этномәдени мәні құрылымындағы мәдени кодтардан көрінеді. Мысалы, қазақ тілінде ақ түс – пәктік пен адалдықтың символы болса, қара түс – қайғы мен тұрақтылықтың, қызыл түс – күш пен өмірдің, сары түс – мұң мен уайымның, көк түс – рух пен сенімнің көрінісі. Ал ағылшын тілінде бұл түстердің семантикасы көбіне эмоционалды күйге бағытталған: white lie (зиянсыз өтірік), feeling blue (мұңға берілу), green with envy (қызғаныштан көгеру) т.б. Осы салыстыру нәтижесінде әр ұлттың түстерді қабылдауындағы өзіндік ерекшеліктер көрінеді.

Фразеологизмдерде бейнеленген ұлттық болмыс адам мен әлем арасындағы рухани байланысты сақтайды. Қазақ халқының фразеологиялық ғалам бейнесінде табиғат, еңбек, отбасылық қатынас, діни сенім, этикалық өлшемдер сияқты ұғымдар тоғысады. Бұл бірліктер ұлттық танымның, дүниені қабылдау, бағалау жүйесінің көрінісі болып табылады. Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, фразеологизмдерде ұлттық мәдениеттің жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ерлік пен қорқақтық, тазалық пен күнә сияқты қарама-қарсы құндылықтар жүйесі көрініс табады. Мысалы, қазақ тілінде «ақ ниет», «жақсылық жасау», «жүрегі таза» тіркестері позитивті аксиологиялық мәнге ие болса, «жүзі қара», «жаман ниет», «жүрегі қату» тіркестері негативті бағалауды білдіреді. Орыс тіліндегі «чистая совесть», «доброе сердце», «черная душа», ағылшын тіліндегі pure heart, black-hearted, good-natured, evil-minded сияқты тіркестер де осы құндылықтық дихотомияны көрсетеді. Бұл – әлемнің этикалық бейнесін тіл арқылы танудың әмбебап тәсілі. Фразеологизмдердегі аксиологиялық мән сөздің тура мағынасына ғана емес, метафоралық мағынасына, мәдени контекстіне де тәуелді. Фразеологизмдер ұлттық тәжірибеде қалыптасқан дүниетанымдық архетипті бейнелейді.

Фразеологиялық қордағы дене мүшелерінің атаулары, жан-жануарлар мен өсімдік атаулары ұлттық мәдениеттің когнитивтік фреймдерін құрайды. Соматикалық фразеологизмдер арқылы адам болмысы мен мінезі көрінеді: жүрегі таза, жаны жайсаң, жүзі жылы, көңілі кең сияқты тіркестер моральдық, психологиялық сипаттарды бейнелейді; жүрегі тас, жүзі қара, жаны суық сияқты тіркестер негативті мінез-құлықты білдіреді. Бұл тіркестер этностың адам жөніндегі мәдени концептісін сипаттайды. Этномәдени құндылықтардың мәнін айқындауда зоонимдік фразеологизмдер де ерекше маңызды. Қазақ тіліндегі қасқыр мінезді, қой аузынан шөп алмас, түлкі бұлаң сияқты тіркестер ұлттық мінездің, әлеуметтік статус, моральдық бағаның көрсеткіші болып табылады. Орыс, ағылшын тілдеріндегі осыған ұқсас хитрый как лиса, gentle as a lamb, cunning fox, brave as a lion сияқты құрылымдар жалпыадамзаттық мәдени архетиптердің ортақтығын көрсетеді. Өсімдік атауларына байланысты фразеологизмдер табиғат пен адам арасындағы рухани байланысты көрсетеді. Жусан иісі аңқу, гүлдей құлпыру, rooted in tradition, grow like a tree т.б. тіркестер адам өмірінің табиғи циклдері мен рухани дамуын бейнелейді. Түр-түс атауларына қатысты фразеологизмдер тілдік санада ерекше символдық мәнге ие. Қазақ тіліндегі ақ жол, қара күн, көк аспан, қызыл қан, сары уайым сияқты тіркестер адамның эмоциясы мен моральдық күйін білдіреді. Ағылшын тіліндегі white lie, black sheep, feeling blue, green with envy сияқты тіркестер де түстердің эмоционалды ассоциациялары арқылы адам психикасын сипаттайды.

Салғастырмалы-аксиологиялық талдау арқылы үш тілдің фразеологиялық жүйелеріндегі ортақ және ерекше этномәдени белгілер айқындалды. Зерттеу барысында жинақталған 1755 фразеологизмдердің 8,2%-ы (144) толық сәйкестікке ие болса, жартылай сәйкестік 56%-ды (982) көрсетті, ал баламасыз ФБ үлесі 35,8% (629) болды. Ортақтық фразеологизмдердің барлық тілде адам мен ғаламның байланысын, этикалық, эстетикалық құндылықтарды бейнелеуінен көрінсе, айырмашылық бұл құндылықтардың әр ұлттың дүниетанымындағы символдық коды мен эмоционалды көрінісі өзгеше болуынан көрінеді. Бұған мысал ретінде қазақ тіліндегі «ақ тілек», «жақсы сөз – жарым ырыс»; орыс тіліндегі «доброе слово и кошке приятно»; ағылшын тіліндегі kind words cost nothing фразеологизмдерін келтіруге болады. Бір ой түрлі тілде әртүрлі мәдени бейнелер арқылы көрініс тапқан. Салғастырмалы-аксиологиялық әдістің көмегімен бұл айырмашылықтарды семантикалық деңгейде ғана емес, когнитивтік және мәдени тұрғыдан түсіндіруге болады. Қазақ фразеологизмдерінде туыстық қатынас, мал шаруашылығы, ар-намыс, рухани құндылықтарға басымдық берілсе, орыс фразеологизмдерінде ұжымшылдық, православиелік дүниетаным, жан, эмоция басты орынға шығады. Ағылшын фразеологизмдерінде даралық (индивидуализм), оңашалану, прагматизм, рационализмге көбірек мән беріледі.

Фразеологизмдер – этностың дүниетанымдық моделі мен мәдени санасының тілдегі көрінісі. Сол арқылы халықтың рухани болмысы, құндылық жүйесі мен

әлеуметтік болмысы анықталады. Зерттеу нәтижесінде үш тілдің фразеологиялық жүйесінде «адам», «жүрек», «жан» сияқты концептілердің аксиологиялық өзегі ортақ екені дәлелденді. Алайда мәдени тәжірибесіне сай әр халық бұл концептілерді өзінше бейнелейді: қазақ тілінде діни-рухани, тұрмыстық символика арқылы; орыс тілінде моральдық-этикалық, әлеуметтік реңктер арқылы; ағылшын тілінде индивидуалистік және психологиялық бейнелер арқылы көрініс табады. Фразеологизмдер этномәдени кодты сақтап, ұрпаққа жеткізеді, кейінгі ұрпаққа моральдық бағдар береді. Олар мәдени коммуникацияның когнитивтік моделі ретінде тіл мен мәдениеттің бірлігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық жүйесі адам санасында қалыптасқан когнитивтік модельдерге сүйенетіні анықталды. Бұл модельдер адамның табиғатпен, қоғаммен, рухани дүниемен қарым-қатынасын бейнелейді. Фразеологизмдер когнитивтік тұрғыда ақпарат жинақтаушы әрі тасымалдаушы ретінде қызмет атқарады. Олар ұлттық дүниетанымның тілдік формасын қалыптастырады. Фразеологизмдердің мәдени қызметі үш деңгейде: когнитивтік деңгейде (ұжымдық санадағы мәдени білімді сақтайды); аксиологиялық деңгейде (қоғамда моральдық бағдар орнатады); коммуникативтік деңгейде (мәдениетаралық қарым-қатынас құралы болады) көрінеді.

Сонымен фразеологизмдер – ұлттың мәдени коды мен рухани жадын бейнелейтін жүйе. Олар халықтың өмір тәжірибесін, моральдық нормаларын және рухани құндылықтарын сақтайды.

– Фразеологизмдер – этностың мәдени коды мен рухани жадын бейнелейтін тілдік-когнитивтік жүйе. Олар адам мен әлем арасындағы рухани байланысты, ұлттық болмысты және әлеуметтік құндылықтарды сақтайды.

– Қазақ, орыс және ағылшын фразеологиялық жүйелерінде ортақ адамзаттық құндылықтар бар, бірақ олардың көрінісі әр мәдениетте ұлттық символика мен тарихи тәжірибеге негізделеді.

– Салғастырмалы-аксиологиялық әдіс фразеологиялық семантикадағы құндылықтық ұстанымдарды анықтаудың тиімді тәсілі ретінде дәлелденді.

– Фразеологизмдердің когнитивтік құрылымы олардың мәдени білім мен тәжірибені кодтау қабілетінде көрінеді.

– Этномәдени өрістер (соматикалық, зоонимдік, түстік, нумеративтік, мифологиялық) ұлттық танымның негізгі концепттік бағыттарын бейнелейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Хайдеггер М. Время картины мира //Новая технократическая волна на Западе: сб. ст./АН СССР, Ин-т философии. – М.: Прогресс, 1986. – С.87 - 95.
- 2 Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: избранные труды. – М.: Наука, 1977. – 312 с.
- 3 Кунин А.В. Английская фразеология/А.В.Кунин. – М.: Высшая школа, 1970. – 334 с.
- 4 Шанский Н.М. Фразеологические обороты русского языка. – М.: Рус. язык, 1988. – 390 с.
- 5 Буслаев Ф.И. О преподавании отечественного языка. – Л.: Учпедгиз, 1941. – 248 с.
- 6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
- 7 Молотков А.И. Послесловие к переизданию «Фразеологического словаря русского языка» // Фразеологический словарь русского языка: свыше 4 000 словарных статей / сост. Л.А. Войнова, В.П. Жуков, А.И. Молотков, А.И. Федоров; под ред. А.И. Молоткова. Изд. 5 - е, стереотип. – СПб.: Вариант, 1994. – С. 537-541.
- 8 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- 9 Еременко О.И., Выблова Т.П. Культурно-историческое комментирование фразеологизмов в процессе словарно - семантической работы в начальной школе. – М.: Прогресс, 1993. – С.79-111.
- 10 Ахметжанова З. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира // Этнос және тіл. – Алматы, 2009. – Б.175-179.
- 11 Телия В.Н. Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки рус. культуры, 1999. – 336 с.
- 12 Сыздықова Р. Сөзді орнымен қолдана білсек // Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
- 13 Қайдар А. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай, 2004. – 560 б.
- 14 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02. филол. ғылым. док... дис.: – Алматы, 2007. – 329 б.
- 15 Жылқыбаева А. Лингвомәдениеттану негіздері. – Өскемен, 2017. – Б.23-69.
- 16 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- 17 Авакова Р. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері және тәуелсіздік тағылымы. Сақария университетінің басылымдары. - 2022. - №213. Тіл және әдебиет. Е - ISBN: 978 - 605 - 2238 - 34 - 9. Сертификат нөмірі: 50135. – Б.255-296.

- 18 Қазақша-орысша тілмаш. Құрастырушылар: Кемеңгер Қ., Бұралқай М., Байтас А., Байғасқын Е., Баймақан Д., Дәулетбек Ж., Темірбек А., Сәрсенбайұлы С. – М., 1925. – 224 б.
- 19 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құрастырушылар.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- 20 Кекілбаев Ә. Ханша дария хикаясы // <https://adiletgazeti.kz/%D1%85%D0%B0%D0%BD%D1%88%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%8F%D1%85%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%8F%D1%81%D1%8B> - 5/ Қаралған күні: 21.10.2024
- 21 Мағауин М. Тазының өлімі // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-magauin-tazynyn-olimi-xikaia\\_1863](https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-magauin-tazynyn-olimi-xikaia_1863). Қаралған күні: 21.10.2024
- 22 Мырзахметұлы М. Ұлттық отбасы тәрбиесін қалыптастыра алмадық // <https://qamshy.kz/kz/article/1150-mekentas-myrzakhmetuly-ulttyq-otbasy-tarbiesin-qalyptastyra-almadyq>. Қаралған күні: 21.10.2024
- 23 Әнес Ғ. Алғысөз // Фразеологиялық сөздік/ Кеңесбаев І. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 9-12.
- 24 Уорф Б. Отношение норм поведения и мышления к языку / Новое в лингвистике. – М., 1960. - Вып. 1. – С. 167-173.
- 25 Баранов А.Н. Предисловие редактора. Когнитивная теория метафоры почти 20 лет спустя // Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – С. 7-21.
- 26 Момынова Б. Көркем мәтін поэтикасы: лингвистикалық аспект (тілдік бірліктердің стилистикалық, эстетикалық қызметтері (1960 - 90) жж. көркем шығармалар бойынша). Монография. – Алматы: Қазақ тілі, 2023. – 192 б.
- 27 Корнилов О.А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1999. – 341 с.
- 28 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию/В.Гумбольдт. – М.: Прогресс, 1984. – 451 с.
- 29 Бенвенист Э. Общая лингвистика / Э.Бенвенист. – М., 1994. – С. 100-123.
- 30 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 284 с.
- 31 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / Э.Сепир. – М.: Прогресс, 1993. – 654 с.
- 32 Кравченко А.В. Язык и восприятие: Когнитивные аспекты языковой категоризации. – Иркутск: Изд-во Иркутск, ун-та, 2001. – 246 с.
- 33 Reinart S. Terminologie und Einzelsprache/S.Reinart. – Frankfurt am Main: Verlag Peter Lang, 1993. – 230 s.
- 34 Pinker S. Language learnability and language development. – Cambridge (Mass.); London. – 1984. – P.56.

- 35 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2004. – С. 9-49.
- 36 Кекілбаев Ә.Үркер. – Алматы: Жазушы, 2021. – 82 б.
- 37 Жұмаділов Қ. Дарабоз. – Алматы: Ан - арыс, 2022. – 195 б.
- 38 Поливанов Е.Д. Русский язык сегодняшнего дня. Книга четвертая. – Л.: Государственное издательство, 1928. – 36 с.
- 39 Жұбаева О. Қазақ тіл білімінің қалыптасып, даму жолдары. – Алматы: Дайк - Пресс, 2011. – 272 б.
- 40 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары // Халық мұғалімі. - 1946. – №3-4. – Б. 42-50.
- 41 Кеңесбаев І. О некоторых фразеологизмах в казахском языке // Известия АН Каз.ССР. - Серия филологии и искусствоведения. – Алма - Ата, 1954. - Вып. 1.- 2. - №135. – С. 6-27.
- 42 Қожахметова Х. Ғ.Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар. – Алматы, 1967. – 127 б.
- 43 Айтбаев Ә. М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары. – Алматы, 1971. – 132 б.
- 44 Сатенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997. – 97 б.
- 45 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 148 б.
- 46 Авакова Р. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы: филол. ғыл. докт. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 50 б.
- 47 Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. – Алматы, 1998. – 244 б.
- 48 Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003. – 213 б.
- 49 Қалыбаева Қ. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. – Алматы, 2009. – 136 б.
- 50 Байтелиев А. Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғаты мен контексте қолданысы. – Алматы, 2009. – 126 б.
- 51 Ақбердиева Б. Лексика - фразеологиялық жүйедегі мифтік - танымдық құрылымдар. – Алматы, 2000. – 137 б.
- 52 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы: Арыс, 2010. – 277 б.
- 53 Тымболова А. Тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер. – Алматы, 1999. – 168 б.
- 54 Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық - мәдени деректері. – Алматы, 2002. – 132 б.
- 55 Айтжанова Г. Қазақ тіліндегі фразеологиялық калькалар. – Алматы, 2004. – 138 б.

- 56 Дәркембаева Ж. Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар. – Алматы, 2006. – 204 б.
- 57 Сарышева К. Эмоцияны білдіретін фразеологизмдер. – Алматы, 2006. – 208 б.
- 58 Сырлыбаева Г. Қарсы мәнді білдіретін фразеологизмдердің парадигмалары. – Алматы, 2007. – 197 б.
- 59 Әбдірахманова Ж. Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. – Алматы, 2008. – 207 б.
- 60 Смаилов А. Тұрақты тіркестердегі «әйел» концептісінің лингвомәдени негізі. – Алматы, 2008. – 238 б.
- 61 Нағасбекова Б. Қазақ фразеологизмдерінің көпмағыналылығы. – Алматы, 2010. – 197 б.
- 62 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): 10.02.19. филол. ғылым. док... дис.: – Алматы, 2004. – 338 б.
- 63 Артыкбаева Ф.И., Шойманова М.Б., Мадилова Т.С. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің лингвомәдени аспектілерін айқындайтын фразеологизмдер топтамасына талдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019 . – №4 (80). – Б.223-226.
- 64 Сарбасова Қ.Б. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты: филол. ғылым. канд... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 1998. – 132 б.
- 65 Майзель С.С. К вопросу о фразеологической системе тюркских языков // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1955. – С. 83-94.
- 66 Долганов Л.Н. Сопоставительный анализ фразеологических единиц тюркских языков. – Казань: Изд-во Казанского ун-та, 1961. – 214 с.
- 67 Аганин Р.А. Фразеология в системе тюркских языков. – М.: Изд-во МГУ, 1970. – 198 с.
- 68 Полякова В. Е. Фразеологические единицы в тюркских языках: типология и семантика. – Ленинград: Наука, 1979. – 244 с.
- 69 Мамулия Э.В. Фразеологические особенности тюркских языков. – Тбилиси: Изд-во Тбилисского ун-та, 1982. – 190 с.
- 70 Марданова Д.М. Сопоставительный анализ фразеологических единиц турецкого и английского языков. – Казань: Изд-во Казанского государственного университета, 1995. – 215 с.
- 71 Алеева Г.Х. Семантические и структурные особенности турецких и английских фразеологизмов. – Казань: Изд-во Казанского гос. ун-та, 1997. – 189 с.
- 72 Нуриязнова З.Х. Семантико - грамматические аспекты турецких фразеологизмов (в сопоставлении с английским языком). – Казань: Изд-во КГУ, 2002. – 200 с.

- 73 Сафина Г.М. Лингвокультурные особенности турецких фразеологических единиц (в сопоставлении с английскими). – Казань: Изд-во КФУ, 2005. – 225 с.
- 74 Гарипова Р. Р. Сопоставительный анализ устойчивых выражений турецкого и русского языков. – Казань: Изд-во КФУ, 2010. – 210 с.
- 75 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 76 Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метафорические модели: тезаурус современного американского дискурса. – М.: Academia, 2004. – 250 с.
- 77 Bally Ch. *Traité de stylistique française*. - Heidelberg: Winter, 1909. - 426 p.
- 78 Cowie A. P. *English Phraseology: A Linguistic and Lexicographic Study*. – Oxford: Clarendon Press, 1998. – 310 p.
- 79 Hausmann F. J.; Reichmann O.; Wiegand H. E.; Zgusta L. *Wörterbücher: Ein internationales Handbuch zur Lexikographie*. - Bd. 5.1. - Berlin; New York: Walter de Gruyter, 1989. - 1016 S. - Bd. 5.2. - Berlin; New York: Walter de Gruyter, 1990. - 1180 S. - Bd. 5.3. – Berlin; New York: Walter de Gruyter, 1991. – 1250 s.
- 80 Moon R. *Fixed Expressions and Idioms in English: A Corpus - Based Approach*. – Oxford: Clarendon Press, 1998. – 347 p.
- 81 Fillmore C. J. *Frame Semantics and the Nature of Language* // *Annals of the New York Academy of Sciences*. – 1976. – Vol. 280. – P. 20-32.
- 82 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка: Учеб. для ин - тов и фак. иностр. яз. – 2 - е изд., перераб. – М., 1996 – 381 с.
- 83 Sinclair J. (ed.) *Collins COBUILD Idioms Dictionary*. – London: Harper Collins Publishers, 1995. – 488 p.
- 84 Grice S.T. *Studies in English Phraseology and Idiomaticity*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 292 p.
- 85 Fillmore C.J., Kay P., O'Connor M.C. *Regularity and Idiomaticity in Grammatical Constructions: The Case of Let Alone* // *Language*. – 1988. – Vol. 64, №3. – P. 501-538.
- 86 Peters P. *The Cambridge Guide to English Usage*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 603 p.
- 87 Вайсгербер Й. Л. Родной язык и формирование духа. – М.: Прогресс, 1993. – 287 с.
- 88 Whorf B. L. *Язык, мышление и реальность*. – М.: Прогресс, 1960. – 400 с.
- 89 Воробьев В.В. Лингвокультурологические принципы презентации учебного материала (проблемы концентризма)/В.В.Воробьев. – М.: Изд-во рос - сийск. ун-та дружбы народов, 1993. – 107 с.
- 90 Толстой Н.И. *Этнолингвистика в кругу гуманитарных дисциплин* // *Русская словесность: антология*. – М., 1997. – С. 167-315.
- 91 Красных В.В. *Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология*. – М.: Гнозис, 2002. – 280 с.
- 92 Исаев С. *Қазақ тіл білімінің мәселелері*. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.

- 93 Шаклеин В.М. Лингвокультурная ситуация и исследование текста. – М., 1997. – 183 с.
- 94 Замалетдинов Р.Р. Лингвокультурология и ее прикладное значение // Актуальные проблемы татарского языка и литературы: III регион, научно - практич. конф., посвященная 10 - летию татарского отделения Стерлитамак. гос. пед. ин - та, 26 - 28 ноября 2003 г.: сб. материалов: в 2 ч. / Стерлитамак. гос. пед. ин - т. – Стерлитамак, 2003. - №4.2. – С. 274 - 277.
- 95 Фрумкина Р.М. Концепт: попытка эпистемологического анализа термина // Язык и наука конца XX века: сб. ст. / Рос. гос. гуманитар. ун - т. – М., 1990. – С.80 - 117.
- 96 Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Алматы, 2009. – 298 б.
- 97 Кассирер Э. Философия символических форм. – М., 1998. – 127 с.
- 98 Гуревич П.С. Культуроведение: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 1998. – 286 с.
- 99 Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и мышление. – М.: Наука, 1988. – 247 с.
- 100 Буянова Л.Ю. Русский фразеологизм как ментально - когнитивное средство языковой концептуализации сферы моральных качеств личности – Краснодар: КубГУ, 1998. – С.3-14.
- 101 Хайруллина Р.Х. Фразеологическая картина мира: от мировидения к миро - пониманию. – Уфа: Изд-во Башкир, ун-та, 2000. – 285 с.
- 102 Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж, 2000. – С.31-245.
- 103 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедение и принцип коммуникативности // Лингвострановедческое описание лексики английского языка. – М., 1983. – С. 3 - 113.
- 104 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – 2-е изд., доп. – Москва: Эдиториал УРСС, 2002. – 280 с.
- 105 Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. - Ленинград: ЛГУ, 1963. - 208 с.
- 106 Мурясов Р.З. Аксиологическая семантика и ее отражение в языке: Монография. – Уфа: Изд-во Башкирского государственного университета, 2004. – 152 с.
- 107 Малевинский С.О. Параметрическая оценка и система оценочных категорий в современном русском языке // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Русская филология. – 2001. – № 4. – С. 45-52.
- 108 Разинкина Н.М. Лингвистическая природа оценки и способы её выражения в современном русском языке. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1980. – 184 с.

- 109 Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии и феноменологической философии. – М.: Академический проект, 2009. – 568 с.
- 110 Хайдеггер М. Бытие и время. – М.: Республика, 1997. – 451 с.
- 111 Сартр Ж.П. Бытие и ничто: Опыт феноменологической онтологии. – М.: Республика, 2000. – 639 с.
- 112 Камю А. Бунтующий человек. – М.: Политиздат, 1990. – 415 с.
- 113 Лотце Г. Микрокосм. – СПб.: Изд-во Императорской академии наук, 1881. – Т. 1. – 412 с.
- 114 Ницше Ф. К генеалогии морали. – М.: Мысль, 1990. – 223 с.
- 115 Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Бүркітбай Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 124 б.
- 116 Әбсаттар Ә. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде: философ.док. (PhD) ... дис.: 6D021300. – Алматы, 2024. – Б.48.
- 117 Бисенбаева М. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде). – Алматы, 2019. – 122 б.
- 118 Тразанова Н.Ю. Параметризация паремииологии как аксиологического кода лингвокультуры: дисс. ...канд. филол. наук. – Иркутск, 2012. – 256 с.
- 119 Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. - 3 - том. Аристотель философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 253 б.
- 120 Кадина Ж. «Ділімділік», «ділім» концептілерінің әлемнің тілдік кіндегі көрінісі: 10.02.19. филол. ғылым. канд... автореф.: – Көкшетау, 2010. – 28 б.
- 121 Boas F. Handbook of American Indian Languages. – Washington: Government Printing Office, 1911. – 862 p.
- 122 Общая и русская лингвоаксиология: Коллективная монография / М. С. Милованова (отв. ред.), К. Я. Сигал, В. И. Карасик, Г. Г. Слышкин, Б. И. Фоминых, Н. А. Боженкова, Л. М. Гончарова, А. Н. Матрусова, Р. Р. Шамсутдинова; ИЯз РАН, Гос. ИРЯ им. А. С. Пушкина. – М. - Ярославль: Издательство «Канцлер», 2022. – 390 с.
- 123 Тугаринов В.П. О ценностях жизни и культуры. – Л.: Изд-во Ленинградского ун-та, 1960. – 144 с.
- 124 Здравомыслов А. Г. Социология и ценности. – М.: Наука, 1986. – 287 с.
- 125 Лапин Н. И. Ценности и интересы. – М.: Наука, 1976. – 210 с.
- 126 Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей. – М.: Республика, 1994. – 512 с.
- 127 Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2013. – 6 б.
- 128 Худайберген Н. Қазіргі ғылымдағы жалпы адамзаттық құндылықтар жайлы түсінік //Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları Dergisi, Cilt 4, Sayı 10. – 2017. – Б. 80-89.

- 129 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - 7-е изд. – М.: ЛКИ, 2010. – 264 с.
- 130 Wierzbicka A. Understanding Cultures Through Their Key Words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. – Oxford: Oxford University Press, 1997. – 328 p.
- 131 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 132 Добровольский Д.О. Национально культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. – 1997. – № 6. – С.37-48.
- 133 Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Фразеология в контексте культуры. – М.: Наука, 1999. – С.34-39.
- 134 Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: философ.док. (PhD) ... дис.: 6D021300. – Алматы, 2020. – 180 б.
- 135 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
- 136 Қалиев Б. Танымдық тіл білімі және оның ұстанымдары // Концептосфера – ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің негізі. – Алматы, 2010. – Б. 106 - 113.
- 137 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 126 б.
- 138 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов / под ред. Е. С. Кубряковой. – М.: МГУ, 1996. – 245 с.
- 139 Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 2022. – Т.2. – 676 б.
- 140 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
- 141 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Интегральное описание языка и системная лексикография – М.: Школа Языка русской культуры, 1995. – Т.2. – 767 с.
- 142 Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 398 б.
- 143 Оспанова Г. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі: 6D021400. философ.док.(PhD)... дисс. – Алматы, 2024. – 64 б.
- 144 Алефrienко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно - смысловое пространство языка. – М.: Флинта: Наука, 2016. – 288 с.
- 145 Данилова Л.Н. Этнокультурные ценности как средство формирования этнокультурной компетентности у старшеклассников // Вестник ЧГАУ им. И.Я.Яковлева. – 2015. – №1 (85). – 16 с.

- 146 Балабекова К. Этникалық ментальділіктің тілдік репрезенттелуі (қазақтың тұрмыс - салт ертегілері негізінде). – Алматы, 2023. – 91 б.
- 147 Қайратұлы Б. Мылтықсыз майдан // Егемен Қазақстан, 2019. – 12 қыркүйек
- 148 Oxford Dictionary of Idioms. 3rd ed. - Oxford: Oxford University Press, 2020. - 416 p. - ISBN 978 - 0 - 19 - 884562 - 1.
- 149 Бадмаева Ц.А. Этнокультурные ценности калмыков: автореф. дисс. ...канд.философ.наук: 09.00.13. – Ставрополь, 2007. – 23 с.
- 150 Дін мен дәстүр. – Алматы: Ғибрат, 2013 – 192 б.
- 151 Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз – Алматы; «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 280 б.
- 152 Баранов А.Н., Вознесенская М.М., Добровольский Д.О., Киселева К.Л., Козеренко А.Д. Академический словарь русской фразеологии. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ЛЕКСРУС, 2020. – 896 с.
- 153 Мечковская Н. Б. Язык и религия: Учеб. пособие. – М., 1998. – С. 8 – 10.
- 154 Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – 274 с.
- 155 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 2001. – 751 с.
- 156 Фразеологический словарь русского языка: Свыше 4000 словарных статей / Сост. Л. А. Войнова, В. П. Жуков, А. И. Молотков, А. И. Федоров; Под ред. А. И. Молоткова. 3 - е стереотип. изд. – М.: Русский язык, 1978. – 543 с.
- 157 Субботина Л. А. Фразеологический словарь русского языка для школьников. – М.: Lingua, 2024. – 576 с. ISBN 978 - 5 - 17 - 161079 - 1
- 158 Collins Cobuild. Idioms Dictionary / The university of Birmingham, 2005. – 410 p.
- 159 Ammer C. The American Heritage Dictionary of Idioms. – Boston: Houghton Mifflin Harcourt, 2013. – 720 p. ISBN 978 - 0 - 544 - 33462 - 3.
- 160 Шәріп А. «Бауыр» ұғымының мифологиялық, этнолингвистикалық және әлеуметтік сипаттары // <https://adyrna.kz/post/6411>. Қаралған күні: 11.01.2025
- 161 Бопайұлы Б. Қазақтың алғыстары мен қарғыстары. – Алматы: Бастау, 2003. – 108 б.
- 162 Жұбай О. Абайдың сөз толғамы. – Астана, 2022. – 92 б.
- 163 Ержанов М. Лексико-семантическая группа слов, описывающих внешность человека: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.01. – Алматы, 1988. – 40 с.
- 164 Әбу Насыр әл-Фараби. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы. Құраст.: О. Жұбаева, С. Игілікова. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапхана, 2021. – 477 б.
- 165 Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты: филол. ғылым. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 129 б.

- 166 Жампейісова Ж. «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі: автореф.канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 24 б.
- 167 Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғылым. канд... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 26 б.
- 168 Жаркынбекова Ш. Языковая концептуализация мира цвета казахской и русской лингвокультурах: дис. ... док. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2004. – 287 с.
- 169 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 252 б.
- 170 Алкан Е., Пансат Ж., Халиков Н. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты // Bulletin of L N Gumilyov Eurasian National University FILOLOGY Series. – 2023. - №144(3). – Б. 34-45. DOI:10.32523/2616 - 678X - 2023 - 144 - 3 - 34 - 45. Қаралған күні: 10.12.2024.
- 171 Мүлкаманова А., Салихова А. Ұлттық болмыс пен мәдениет көрінісі: сан есімді фразеологиялық бірліктердің мәдени - танымдық сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалы негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. – 2025. – №2 (77) – Б. 184-207.
- 172 Ілияс Есенберлин. «Жанталас» (Көшпенділер – 2) © «І. Есенберлин атындағы қор», Әдеби KZ – 2004 – 336 б.
- 173 Ілияс Есенберлин. «Қаһар» (Көшпенділер – 3) © «І. Есенберлин атындағы қор», Әдеби KZ – 2004. – 432 б.
- 174 Смайылов З. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты: филол. ғылым. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 175 Кубрякова Е.С. Языковое сознание и языковая картина мира // Филология и культура: международ, конф.: сб. материалов. Ч.3. / Тамбов, гос. ун - т. – Тамбов, 1999. – С.6-13.
- 176 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка 80000 слов и фразеол. Выражений. Рос. акад. наук, ин - т рус. яз. им. В.Б. Виноградова. - 4 - е изд., доп. – М.: Азбуковник, 1997. – 939 с.
- 177 Фразеологический словарь русского языка. – М.; Русский язык, 1989. – 543 с.
- 178 Тихонов А.Н. Фразеологический словарь современного русского литературного языка. – М., 2004. – Т.1. – 96 с.
- 179 Рамазанова Д.Б. Термины родства и свойства в татарском языке. – Казань: Татар, кн. изд - во, 1991. – 190 с.
- 180 Виноградов В.В. Язык Пушкина: Пушкин и история русского литературного языка. - 2 - е изд., доп. – М., 2000. – 509 с.
- 181 Выжлецов Г.П. Аксиология культуры. - СПб.: Изд-во СПбГУ, 1996. - 55 с.
- 182 Керимзаде Неджат М.К. Фразеологическая деривация (английский язык): дис. ... канд. филол. наук: 10.02.04. – М., 1984. – 200 с.

- 183 Байрамова Л.К. Аксиологический фразеологический словарь английского языка. - Казань: Центр инновационных технологий, 2011. – 375 с.
- 184 Достоевский Ф. М.: Преступление и наказание // <https://ilibrary.ru/text/69/p.1/index.html>. Қаралған күні: 12.07.2024
- 185 Салтыков-Щедрин М. История одного города // <https://ilibrary.ru/text/1248/index.html>. Қаралған күні: 12.07.2024
- 186 Гоголь Н. Мертвые души // <https://ilibrary.ru/text/78/p.1/index.html>. Қаралған күні: 12.07.2024
- 187 Mulkamanova A.Zh., Karagulova B.S., Arebayev G.T. The Image of Kazakh Zoophraseologisms in Translation (on the basis of the novel «Nomads» by I.Esenberlin in Kazakh, Russian and English languages) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. - №3 (74). – Б.390-403. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.023>
- 188 Карагулова Б., Мүлкаманова А. Құрамында түр - түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық - мәдени ерекшеліктері // «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі конференция жинағының материалы, Ақтөбе, 1 қараша, 2024. – Б.241-244.
- 189 Карагулова Б.С., Мүлкаманова А.Ж. Уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдердің мәдени код ретіндегі сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалы негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3(137). – Б. 219–231. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.246>
- 190 Karagulova B., Mulkamanova A., Salikhova A., Vakhitova T., Kadyrova B. The Linguocultural feature of Phraseological Units of Kinship Terms (on the materials of Kazakh, Russian, and English Languages) // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – 7(3). – P.830-842. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8510>
- 191 Karagulova B., Mulkamanova A.Zh., Ilgin A. The linguocultural feature of phraseologisms // Торайғыров университетінің хабаршысы, Филология сериясы. – 2025. - № 1. – P. 180-192 <https://doi.org/10.48081/ZLYV5668>
- 192 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. - Издание 2 - е, стереотипное. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 312 с.